



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖАППАЙ ЗИЯРАТ ЕТУ ОРЫНДАРЫНЫҢ АЛЬБОМЫ

Астана, 2018

УДК 902/904(084)
ББК 63.4 (5Каз) я2
Қ18

Жоба авторы: Т. Бекбергенов.

Бас редакторы: А. Р. Хазбулатов – философия докторы (PhD),
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

Жауапты редактор: М. Э. Сұлтанова – өнертану кандидаты.

Редакциялық алқа: Т. Бекбергенов, Ж. Н. Шайгөзова, Б. Т. Қожахметов, Қ. М. Асылбеков,
Ә. Қ. Джанеева, А. Б. Барсай.

A56 Қазақстанның тарихи-мәдени нысандарының және жаппай зиярат ету еті орындарының
альбомы. – Астана: ҚазҒЗМИ, 2018. – 496 бет.

ISBN 978–9961–23–485–9

Бұл басылым Қазақстанның тарихи-мәдени нысандарын және жаппай зиярат ету орындарын локализациялау картасына иллюстрацияланған қосымша.

Оқуға ыңғайлы Альбом түрінде дайындалған қосымша «Барлық қажетті мәліметтер (тарихи деректер, аңыздар, мифтер) келтірілген Қазақстанның тарихи-мәдени нысандарын және жаппай зиярат ету орындарын локализациялау картасы» (№ 0117PK00061) атты кең ауқымды ғылыми-зерттеу жобасының негізгі нәтижелерінің бірі.

Жоба мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және оның басым бағыттары – «Туған жер» бағдарламасы және «Қазақстанның сакралды картасы» жобасында көрсетілген мақсаттарды орындау үшін іске асырылды.

Альбом-қосымшаның негізгі миссиясы – ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралары тізіміне, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімдеріне, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізбесіне, республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесіне енген Қазақстанның тарихи-мәдени нысандары мен ландшафтыларын насихаттау және дамыту.

Альбом-қосымша ақпараттық-анықтамалық форматта жасалған және елдің тарихи-мәдени, сонымен қатар табиғи байлығымен таныстыруды көздейді.

Басылым көпшілік оқырман қауымға, тарих, археология, этнография, туризм, мәдениеттану, философиялық антропология және мәдениеттану салаларының мамандарына, сонымен қатар Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қызығушылық танытатын тұлғаларға арналған.

УДК 902/904(084)
ББК 63.4 (5Каз) я2

Фотографтар: Е. Г. Волков, Л. Б. Қабдиева, В. В. Михеев, О. В. Михеев.
Қазақ тіліне аудармасы жасалған: Б. Әлиева, Б. Р. Төлепбергенова.
Дизайн-макет және беттеу: Н. Ю. Анисимова, А. Т. Абкеева.
Нысандардың компьютерлік дизайны: Т. М. Еңсебаев.

ISBN 978–9961–23–485–9

© Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты
© Т. Бекбергенов



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
МӘДЕНИЕТ ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАУЧНО-
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ИНСТИТУТ КУЛЬТУРЫ

MINISTRY OF CULTURE AND SPORTS
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
KAZAKH RESEARCH
INSTITUTE OF CULTURE

АЛҒЫС

Редакторлар алқасы кәсіпқойлығы мен күш салуының арқасында бұл жобаның үздік нәтижелерге жетуіне үлесін қосқан барлық адамдарға: ақпарат және білімдерімен бөліскені үшін өлкетанушыларға, орталық және аймақтық музей, кітапхана, мұрағаттардың қызметкерлеріне; экспедициялар жолданған аймақтардағы жергілікті әңгіме-аңыздарды жинап өңдеуге, нысандарға тиімді жолды табуға көмектескен тұрғындарға; ғылыми негізделген және сапалы визуалды материал (карталар, 3D сызбалар және т.б.) дайындаған география мен картография саласының мамандарына, дизайнерлерге; фотографтарға, туризм саласының кәсіпқойларына және бұл басылымды дайындауға ат салысқандардың барлығына шексіз алғысын білдіреді.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	10
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘКІМШІЛІК КАРТАСЫ	12
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЫСАНДАРЫН ЛОКАЛИЗАЦИЯЛАУ КАРТАСЫ.....	14

**АСТАНА
ҚАЛАСЫ**



16

**АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫ**



60

**ШЫМКЕНТ
ҚАЛАСЫ**



100

**АҚМОЛА
ОБЛЫСЫ**



122

**АЛМАТЫ
ОБЛЫСЫ**



148

**АҚТӨБЕ
ОБЛЫСЫ**



176

**АТЫРАУ
ОБЛЫСЫ**



198

**ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ**



218

**ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСЫ**



248

**БАТЫС
ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ**



276

**ҚАРАҒАНДЫ
ОБЛЫСЫ**



296

**ҚОСТАНАЙ
ОБЛЫСЫ**



328

**ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛЫСЫ**



352

**МАҢҒЫСТАУ
ОБЛЫСЫ**



388

**ПАВЛОДАР
ОБЛЫСЫ**



412

**СОЛТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ**



432

**ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ**



454

АЛЬБОМ-ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ 490
ҚОЛДАНЫЛҒАН АҚПАРАТ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ 490

КІРІСПЕ

Қазақстанның тарихи-мәдени нысандарын және жаппай зиярат ету орындарын локализациялау картасына қосымша Альбом «Барлық қажетті мәліметтер (тарихи деректер, аңыздар, мифтер) келтірілген Қазақстанның тарихи-мәдени нысандарын және жаппай зиярат ету орындарын локализациялау картасы» (№ 0117РК00061) атты кең ауқымды ғылыми-зерттеу жобасының негізгі нәтижелерінің бірі болып табылады.

Аталмыш жоба мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және оның басым бағыттары – «Туған жер» бағдарламасы және «Қазақстанның сакралды картасы» жобасы және де «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт жоспары, Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекіткен мақсаттарды орындау үшін іске асырылды.

Альбом-қосымшаның негізгі миссиясы ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралары тізіміне, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімдеріне, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізбесіне, республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесіне енген Қазақстанның тарихи-мәдени нысандары мен ландшафтыларын насихаттау және дамыту болып табылады.

Бұл басылымның мәліметтері Ұлы даланың ерекше материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұрасын, Оңтүстік Қазақстанның ежелгі қалашықтарында, Маңғыстаудың киелі мекендерінде және Алтай мен Сарыарқаның қорықты жерлерінде жазылып, өзіндік далалық жылнамаға енген көрнекті оқиғалары мен есімдерін, қалалары, ескерткіштері, бірегей табиғи нысандары бар еліміздің солтүстік аймағының кең-байтақтығын насихаттауға арналған.

Альбомға Қазақстанның төрт жүзден астам тарихи-мәдени нысандары және жаппай зиярат ету орындары кірді. Оқырмандарда елдің материалдық және рухани мәдениетінің біртіндеп дамуының логикалық тізбегін жасау үшін нысандардың кезегі тарих барысын объективті сипаттайтын уақыт кестесі бойынша жасалған. Ақпарат әкімшілік-территориалды принцип бойынша топталып, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың қысқаша сипаттамалары мен ерекшеліктерімен бірге берілген.

Әр нысан оның тарихи және көркемдік құндылығымен ғана емес, сонымен қатар оның айналасында қалыптасқан мифтық-фольклорлық аңыз-әңгімелермен таныстыратын кішігірім, бірақ ауқымды сипаттамасымен бірге берілген. Бұл әр нысан туралы терең түсінік қалыптастыруға және бүгінгі әлеуметтік-мәдени контекстке тигізетін ықпалын анықтауға көмектеседі.

Альбомда 2017-2018 жылдары осы жоба бойынша жүргізілген арнайы далалық экспедициялар кезінде жасалған фотоматериалдар қолданылған. Альбомда шартты белгілер, қысқартулар және мәтінді дайындауда қолданылған ақпарат көздері туралы библиографиялық мағлұмат бар.

Бұл басылымның негізгі ерекшелігі – нысандардың GPS құрылғысы арқылы алынған нақты координаттар жүйесіне негізделі отырып жасалған облыс пен республикалық маңызы бар қалалардың тарихи-мәдени нысандарын локализациялау картасында. Бұл туризм саласында жұмыс істейтін және туристік маршруттар жасаумен айналысатын ғалымдар мен мамандар үшін және өз бетімен саяхаттауды ұнататын әуесқойлар үшін үлкен ғылыми және практикалық құндылыққа ие. Осыны ескере отырып, альбом-қосымшаны қолдану мақсаты ақпараттық-анықтамалықтан жол көрсеткішке дейін кеңейеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



Қазақстан – көп бөлігі Азияда, аз бөлігі Еуропада орналасқан Еуразия орталығындағы мемлекет. Халық саны – 18 334 279 адам (2018 жылдың 1 қазанындағы ақпарат бойынша).

Мемлекеттің атауы түркі тілінде «қаз» («басы бос кезбе») сөзінен туындаған қазақ этносының атауынан шығады, бұл халықтың көшпенді өмір салтын көрсетеді. Атаудың «-стан» бөлігінің шығу тегі ирандық, «жер, орын, аймақ» деген мағына береді және шығыста өте жиі қолданылады. Сондықтан «Қазақстан» атауын тікелей «көшпенділер жері» деп аударуға болады.

Әкімшілік-аумақтық құрылымы бойынша ел 14 облыстан және республикалық маңызы бар 3 қаладан – Астана, Алматы, Шымкент тұрады. Сонымен қатар ерекше статусқа Байқоңыр қаласы ие. Экономика-географиялық тұрғыдан ел аумағы Орталық, Батыс, Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік аймақтарға бөлінеді.

Мемлекеттің жалпы ауданы – 2,72 миллион км². Солтүстігі мен батысында Қазақстан Ресеймен, оңтүстік шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстанмен шекаралас.

Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы. Жаңа елорда құру идеясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі.

Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру шешімі 1994 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен қабылданды. Астана ресми түрде 1997 жылы 10 желтоқсанда ауыстырылды. Еуразиялық континенттің орталығында ыңғайлы орналасуы Астананы экономикалық тұрғыда тиімді көлік, коммуникациялық және логистикалық орталық, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік транзиттік көпір етеді.

Қазақстан – әлемдік мұхитқа тікелей шыға алмайтын әлемдегі ең ірі ел. Ел аумағының ауқымды бөлігін – 44%-ын шөлдер және 14%-ын шөлейтті жерлер алып жатыр. Далалық жерлер Қазақстан аумағының 26%-ын, орман-тоғайлар 5,5%-ын құрайды. Қазақстанда 8,5 мың өзен бар. Каспий акваториясының солтүстік-шығыс бөлігі республика шегіне кіреді. Арал теңізі Қазақстан мен Өзбекстан арасында орналасқан. Қазақстанда үлкенді кішілі 48 мың көл бар. Оның ең ірілері – Арал теңізі, Балқаш, Зайсан және Алакөл. Мұхиттардан алыстығына байланысты елдің климаты шұғыл континентальды болып келеді.

Қазақстанның қазіргі фаунасы сүтқоректілердің 172, құстардың 490, бауырымен жорғалаушылардың 51, қосмекенділердің 12, балықтың 100-ге жуық түрінен тұрады. Омыртқасыздардың (жәндіктер, шаян тәрізділер, ұлулар, құрттар т.б.) 50 мыңнан астам түрлері бар. Тек жәндік түрлерінің өзі 30 мыңнан асады.

Қазақстанның батыс облыстары мұнай мен газдың айтарлықтай мол (анықталған мұнай қоры жөнінен әлемде 9-орында тұр) қорына ие. Республикамыз көмір қоры бойынша 8-орында және уран қоры бойынша 2-орында.

Қазақстан – қазба байлықтарына бай ел. Еліміздің қойынауында Менделеев кестесіндегі 99 элемент анықталған, олардың 70 түрі бойынша қорлар барланған, 60 элементтен астамы өндірілуде.

Қазіргі уақытта 1225 минералды шикізат түрі бар 493 кен орны белгілі. Республика әлемде мырыш, вольфрам және бариттің барланған қоры бойынша – бірінші орын, күміс, қорғасын және хромит қоры бойынша – екінші, мыс және флюорит бойынша – үшінші, молибденнен – төртінші, алтын қоры жөнінен алтыншы орын алады.

Қазақстан әлемдегі жетекші астық экспорттаушылар ондығына кіреді және ұн экспорттаудан да көш бастаушылардың бірі саналады. Егін шаруашылығы солтүстікте дамыған – егістіктің 70%-ы бидай, арпа, тары сияқты дәнді және техникалық дақылдарға тиесілі. Елдің оңтүстігінде күріш, мақта, темекі өсіріледі. Сонымен қатар, Қазақстан өзінің баулары, жүзімдіктері және бақша өнімдерімен де танымал. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы мал шаруашылығы болып саналады.

Қазақстанда туризмнің барлық түрі дамыған (танымдық, ойын-сауықтық, этнографиялық, экологиялық және т.б.). Туристтік нысандар табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, қажылық және т.б. Табиғи-рекреациялық түріне Бурабай, Баянауыл, Ерейментау, Алтынемел таулары, Үстірт, Қарқаралы, Қызыларай, Бектау-ата жатады.


Флора мен фаунаның байлықтарын сақтап қалу үшін Қазақстанда ұлттық табиғи қорықтардың жүйесі құрылған. Олардың ішіндегі ең танымалдары: «Ақсу-Жабағылы», мұнда мемлекет қорғауына қар барысы, ақтырнақ аю, сілеусін, ұзын құйрықты суыр, қасқырлар мекендейді; «Қорғалжын», бұл жерде әлемге әйгілі қызғылт қоқиқаздар ұя салады. Құлынжүн мемлекеттік табиғи қорығы көк тырна, бақалтақ қыран, аққұтан, зайсан домалақбасты кесірткелердің табиғи мекен орны. Марқакөлде (ұзындығы 38 км, ені 19 км) сібірлік леногінің бір түріі - майқан (ускуч) балығы мекендейді.

Туристтердің ерекше қызығушылығын сақ қорғандары, Оңтүстік Қазақстандағы Талхиз қалашығы, Батыс Қазақстандағы Сарайшық оятады. Қола дәуірінің ескерткіштері арасында Тамғалы петроглифтерін ерекше айта кету керек.

Қажылық (діни) туристтік нысандар Қазақстанда көптеп кездеседі. Оларға Түркістан, Қожа Ахмет Яссауидің кесене мешіті, Айша Бибі кесенесі және т.б. жатады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘКІМШІЛІК КАРТАСЫ





- 8) Қарағанды облысы
- 9) Қостанай облысы
- 10) Қызылорда облысы
- 11) Маңғыстау облысы
- 12) Павлодар облысы
- 13) Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО)
- 14) Түркістан облысы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЫСАНДАРЫ


масштаб 1:1 000 000



САНДАРЫН ЛОКАЛИЗАЦИЯЛАУ КАРТАСЫ

АСЫ

Астана, 2018



АСТАНА ҚАЛАСЫ



38

НЫСАН



Астана – егеменді Қазақстан Республикасының елордасы. Бұл мәртебеге қала 1994 жылы ие болды. 1994 жылдың 6 шілдесінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Ақмола қаласы жаңа астанаға айналды. Бас қаланы нақты ауыстыру 1997 жылдың 10 желтоқсаны күні іске асырылды. 1998 жылы қала атауы ресми түрде Ақмоладан Астанаға ауыстырылды. 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен Астана «Бейбітшілік қаласы» мәртебелі атауына ие болды. Ал 2000 жылдан бері Астана – астаналар мен ірі қалалардың Халықаралық Ассамблеясының толық мүшесі.

Астана айқын байқалатын далалы аймақта орналасқан. Қаланың климаты – бүкіл Солтүстік Қазақстанға тән шұғыл континенталды. Республикада да, Еуразия құрлығының ауқымында да өте қолайлы географиялық жағдайға ие Астана Еуропа мен Азияны біріктіретін маңызды экономикалық, логистикалық және көлік орталығы.

Жалпы алғанда қазіргі заманғы Астананың аумағында алғашқа адамдардың қоныстануы сонау қола дәуірінен басталады. Орта ғасырларда осы жерлер арқылы керуен жолдары өткен, қазір Бозоқ деп аталатын қыпшақ билеушілерінің тұрақтары пайда болды. Кейінірек ол қалаға айналып, Қазақ хандығы заманына дейін өмір сүрді.

Қазіргі Астананың тарихы 1830 жылы Қараөткел аймағында Ақмола бекінісі құрылған уақыттан бастау алады. Көп ұзамай, бекініс айналасында аймақтың маңызды саяси, экономикалық, мәдени орталығына және қазақ даласының батысы мен шығысын байланыстырған жолдардың тоғысына айналған қала бас көтерді.

Қаланың жаңа қарқынды даму кезеңі кеңес дәуірінде тың жерлерді игеруге байланысты басталды. 1960 жылы Ақмола тұрғындарының саны жүз мыңнан аспады. Соған қарамастан Целинаның орталығы болғандықтан Ақмола өңірдің басты қаласына айналып, 1961 жылы Целиноград деген атауға ие болды. 1992 жылы Целиноградқа Ақмола атауы қайтарылды.

Бүгінде Астана – республиканың саясат, бизнес, логистика, экономика және мәдениет орталығы. Қала аумағы 7989 км² құрайды, ал халық саны – 1 056 742 адам (2018 ж.). Қала аумағы төрт ауданнан тұрады – «Алматы», «Сарыарқа», «Байқоңыр» және «Есіл».


Астананың егемен мемлекеттің жаңа астанасы ретіндегі жоғары мәртебесіне оның Азия мен Еуропаның мәдени дәстүрлерін үйлестіретін ұзақ мерзімді сәулет жоспары мен бейнесі сай болуы керек. Елорданың сәулет жоспары ретінде жапондық архитектор Кисе Курокаваның тұжырымдамасы бірауыздан үздік деп танылды. Астананың айналасында бірегей «жасыл белдеу» жасалып, қала ұланғайыр қазақ даласының ортасындағы шұратқа айналғандай, бұл жерде туризм қарқынды дамып келеді.


Бас қала экономикасының негізі құрылыс, көлік, өнеркәсіптік өндіріс, сауда және коммуникация болып табылады. Республика көлемінде Астана құрылыс материалдарын, азық-түлік өнімдерін, әсіресе ет және сүт өнімдерін өндіруде, машина жасау салаларында жетекші орын алады. Елорда – құрылыс тұрғысынан елдің абсолютті көшбасшысы.

Сонымен қатар, Астана ұлттық білім берудің флагманы. Мұнда Назарбаев Университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы, Астана медициналық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, Қазақ ұлттық хореография академиясы және басқа да жоғары оқу орындары орналасқан.

Астананы бәрінен де айқын Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың келесі сөздері сипаттайды: «Осында ежелгі Сарыарқа жерінде тек астана емес, еліміздің болашақ бесігі өмірге келді. Астана тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Елорда біздің республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Астана барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай қадам басқан жарқын, қуатты, гүлденген қалаға айналды.»

Астана қ. шеткі аумақтарында орналасқан тарихи-мәдени нысандар







Бозоқ қалашығы

- Орналасқан жері:** 51°8'39.829"N, 71°16'13.868"E. Астананың оңтүстік батысында 5 км қашықтықта орналасқан, Бұзықты өзенінің шығыс жағалауы, Есіл өзенінің сол алқабы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** археология.
- Нысан мәртебесі:** X-XIV ғғ.
- Статус объекта:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер: Бозоқ қалашығы 40га ауданды алатын үш негізгі бөліктен тұрады. Қалашықтың орталық бөлігі төртбұрышты «кварталдардан» тұрады. Әрқайсысы дуалмен және ішкі шұңқырлармен қоршалған. Құрылым ішінде қалашықтың мәнажаттық орталығы орналасқан, ол жерде екі кірпіш кесене, мұнара, кірпішті күйдіру пеші және 11 жерлеу орындары бар. Қалашық тарихы үш кезеңге бөлінеді: бірінші (VIII-IX ғғ.) – қыпшақтардың алғашқы ордаларының бірі, екінші (X-XII ғғ.) – Қыпшақ хандығының күшейген тұсы, үшінші (XIII-XIV ғғ.) – Алтын Орда дәуірі. Бозоқ қалашығы туралы алғашқы жазба деректер патша әскерінің офицері, геодезист И.П.Шангиннің 1816 жылмен белгіленген жол жазбаларында кездеседі. Қазба жұмыстары кезінде шикі кірпіштен салынған тұрғын және өндірістік ғимараттар, кесене, мазар, жерлеу орындарының қоршаулары анықталған. XIII-XIV ғғ. Алтын Орда заманына жататын жерлеу орындары табылған. Соңғы жерлеу орындары шамамен XVII-XVIII ғғ. жатқызылады. Бозоқтың оңтүстік жағында XVIII-XIX ғғ. қазақ қыстауларының қалдықтары орналасқан.

Қалашықты 1998 жылы К. Ақышев анықтаған және одан кейінгі археологиялық жұмыстар сол кісінің басқаруымен жүргізілген. «Бозоқ» топонимінің шығуы туралы көптеген нұсқалар бар. Солардың біреуіне сәйкес, «Бозоқ» - бұл түркі-оғыздық термин, «бұзатын», «өтетін оқ» немесе «боз оқ» – «ақ оқ» деген мағынаға ие. «Боз» сөзінің өзі бірнеше ауыспалы мағына береді: тың жер, жыртылмаған жер, бетеге. Қалашық Қазақстанның далаларында отырықшы тайпалардың болғанына ғана дәлел емес, сонымен қатар қазіргі мемлекеттің елордасы – Астананың тарихы тереңде жатқанының да дәлелі. Қазіргі уақытта Бозоқ қалашығы «Археологиялық және сәулет ескерткіштері» категориясы бойынша Қазақстанның киелі жерлер картасына енген.





Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры қойылым цехының ғимараты

Орналасқан жері: 51°10'4.627"N, 71°25'44.998"E, Астана қ., Отырар көш., 1/3.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: XIX ғ. басы – XX ғ. соңы.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Нысан XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы ағаш сәулет өнерінің ерекше үлгісі болып табылады. Бұл – орыс ағаш үйлері үлгісінде шегендерден салынған бір қабатты тұрғын үй. Ағаштан ойып жасалған әшекейлі өрнектер терезелердің жақтауларын, жиіктерін, ернеулерін және орта бөліктегі үй шатырындағы кішкене терезесі бар маңдайшаларын үйлесімді безендіріп тұрады.

Ғимаратты ақмолалық саудагер С. Белов салдырған. XX ғасырдың басында ғимаратта әйелдерге арналған алғашқы мұсылман мектебі – Ақмола қаласының медресесі орналасқан. Қыздар әдебиет, география, арифметика, тарих, шет тілдерін оқып, музыка, би, және сурет салумен айналысқан. 1907 жылдан бастап медресе жанында 27 оқушысы бар қырғыз-татар мектебі жұмыс жасайды. Кейінірек мектеп 7 жылдық білім беруге көшкен.

1912-1916 жылдары мектепте орыс тілін қазақ жазушысы және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин оқытқан. Кеңестік кезеңде медресе жабылып, ғимарат әртүрлі ұйымдардың кеңсесі ретінде қолданылған.

Уақыт өте келе ғимарат Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының иелігіне өтті.



Республикалық маңызы бар ескерткіш болғандықтан нысанда кешенді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.



С. Сейфуллин атындағы мемлекеттік музей (саудагер үйі)

Орналасқан жері:	51°10'16.806"N, 71°25'25.428"E, Астана қ., Әуезов көш., 20.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1846 ж.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	<p>Ғимарат алғашында сауда үйі тұрғызылған бір қабатты ағаш құрылыс болған. Қабырғалары бөренеден құрастырылған, төбесі шатыр асты кеңістігі бар қаптал шатырмен жабылған. Ғимараттың қасбетінде төрт қырлы тіреулер бар, олардың арасында қосақталған және жұпталған терезе ойықтары орналасқан.</p> <p>XX ғасырдың басында ғимаратта «Зорька» балабақшасы, ал өткен ғасырдың 20-30 жылдарында Халық Комиссарлар Кеңесі орналасқан. Халық Комиссарлар Кеңесі 1988 жылдың 20 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің бұйрығымен ғимаратта Сәкен Сейфуллин музейі ашылады. 2008 жылы ғимаратта жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, оның барысында бөренелер ауыстырылды, жертөле жабдықталып, ойып жасалған ернеулер қалпына келтірілді. Ғимаратты қалпына келтіру жобасын «Казреставрация» сәулетшісі Сәния Ахметова әзірледі.</p> <p>2009 жылы әйгілі жазушының туғанына 115 жыл толуына орай, Сәкен Сейфуллиннің елордада музейдің ресми ашылу салтанаты өтті. Қазіргі уақытта музейде 5000-ға жуық тарихи заттар сақталған. Жыл сайын музей құнды жәдігерлермен толықтырылады. Музей экспозициясы алты бөлмеде қойылған, олардың әрқайсысы жазушының өміріндегі белгілі бір кезеңді көрсетеді. Ерекше қызығушылыққа Сәкен Сейфуллиннің жеке заттары ие.</p> <p>Бұл музей - ұлы жазушы, ақын, публицист, қоғам және мемлекет қайраткері туралы нағыз тарихи ескерткіш.</p>






Константин-Елена шіркеуі

Орналасқан жері:	51°9'40.385"N, 71°25'51.848"E, Астана қ., Республика даңғылы, 12-Б.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1854 ж., 1902 ж.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни зиярат орны.
Тарихи деректер:	Ескерткіш - XIX ғасырдан бері сақталған Астанадағы жалғыз православиелік діни ғимарат. Бес күмбезді шіркеу түзу крест түрінде салынған. Ғимараттың ұзындығы – 33 метр, ені – 8 метр. Храмының екі жағындағы 3,6 x 4 метр өлшемді екі кеңейтілім оны кірес тәрізді етеді.

Ғибадатхананың жоғарыға ұмтылған сәулет тұрғысынан қатаң және әсем сызықтар ғимарат сыртының ақ түсімен үйлесіп, жеңілдік сезімін сыйлайды. Текше тәріздес негіздің үстінде сегіз қырлы терезелері бар барабан салынған, үсті күмбезден аяқталатын жайпақ шатырмен жабылған. Кіреберістің үстінде төртбұрышты қоңыраухана бар. Сегізқырлы барабан және қоңырау ілетін мұнара жайпақ шатырмен жабылған және орталық күмбезден бітеді. Қоңыраухана ғимараттың батыс жақ кіреберісінің үстінде орналасқан.

Қазіргі уақытта шіркеудің сырт келбеті сыланған және тас секілді. Ағаш шіркеуді салудың жоспары мен шығындары 1850 жылы жасалған. Құрылыс жұмыстарын инженер-лейтенант Г. А. Воротников жүргізді. Ғибадатхана әулие патшалар Константин мен Еленаның құрметіне 1854 – 1856 жылдары Сібір казак әскері қазынасының есебінен салынған. Кейінірек шіркеу қазіргі тұрған орнына көшірілген. Көшіру 1902 жылдың басына таман аяқталған. 1938 жылы Константин-Елена шіркеуі жабылды. Кірестер мен қоңыраулар алынып, қоңыраухана бұзылған. 1940 жылы ғимарат тарихи өлкетану музейіне берілді. 1942 жылы шіркеу діни қауым мүшелеріне қайтарылып, діни мекеме ретінде бүгінгі күнге дейін қызмет істеп келеді.





М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры

- Орналасқан жері:** 51°9'54.968"N, 71°24'59.634"E, Астана қ., Желтоқсан көш., 13.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1899 ж., 1916 ж.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** ғимарат Ақмола қаласының драматургиялық өнер сүйер қауымының бастауымен қалалық әкімшіліктің қаражаты есебінен және саудагер К.Кубриннің демеушілігімен салынған.
- Театрдың алғашқы ғимараты ежелгі орыс сәулет өнері мен халық қолөнерін қолданып жалған-орыс стилінде тұрғызылған. Бірінші ғимарат жанында орналасқан екінші екі қабатты театр ғимараты 1916 жылы орыс классикасының стилінде тұрғызылған. Екі құрылыс та сәулет өнері ескерткіштеріне жатады. Барельефтер мен жапсырма безендіру ғимараттың келбетін ауырлатпай, керісінше оларға ерекше талғампаздық береді. Бірінші ғимарат өзінің алғашқы кейпін сақтаған, қазір ол жерде театр кассасы мен репетиция залы орналасқан.
- 1899 жылы алғашқы театр маусымы «Иван Сусанин» спектаклімен ашылды. Театрдың екінші ғимараты бірнеше рет қайта жаңартылып, салынған. Қазір бұл үш қабатты ғимарат және XX ғасырдың сәулет өнерінің ескерткіші. Ұлы Отан соғысынан кейін театр репертуары қазақ әдебиетінің туындылары – «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» және «Алдар Көсе» қойылымдарымен толықты. Театр Максим Горькийдің есімін 1959 жылы алды, ал 1961 жылы ол аймақтық мәртебеге ие болды.
- 2007 жылы М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры орыс театрлары қауымдастығына кірді. Қазір театр репертуарында әр түрлі жастағы көрермендерге қызықты болатын көптеген жанрлар мен эстетикалық бағыттағы отандық және шетелдік драматургияның өнер туындыралы негізінде қойылған 30-дан астам спектакльдер бар. Көпжылдық тарихында театр бірнеше рет дипломдар мен сыйлықтармен марапатталған.





«Астана» сауда орталығы (Матвей Кубрин саудагердің сауда үйі)

Орналасқан жері: 51°09'55.390"N, 71°25'21.430"E, г. Астана, ул. Кенесары, 37.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1905–1907 жж.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: ескерткіш - Ақмоладағы Кубрин әулетінің ең қызықты ғимараттарының бірі - «Матвей Кубрин ұлдарымен бірге және Ко» сауда үйі. Мұндай ғимараттар мамандардың айтуынша «модерн» стиліне жатқызылады. Ғимараттың екі қанаты екі көшенің бойында орналасқан, олардың қиылысқан бұрышында үсті төртжақты күмбезбен жабылған басты кіреберіс есігі бар. Терезелердің терезелері арасындағы терезелердің артқы жағында орналасып, пішінді бұрыш, парапет бағаналары сауда үйінің өзіндік бейнесін жасайды. Әулеттің негізін қалаушы саудагер Константин Кубрин, оның ұлдары Андриан және Матвей болды, кейіннен Степан мен Василийдің немерелері із қалдырып, Ақмоланың танымал саудагерлері мен филантроптарына айналды.

Садақша арка тәріздес терезе ойықтарының арасында қойылған консольды тіректер, пішінделген жақтаулар мен бағаналар сауда үйінің қайталанбас бейнесін құрайды. Әулеттің негізі салушы Константин Кубрин болған, оның ұлдары Адриан мен Матвей, кейінірек немерелері Степан мен Василий де ата ісін жалғастырып, атақты ақмолалық саудагерлер мен қайырымдылық жасаушылар ретінде танылған.

Тарихи деректерге сәйкес, 1913 жылы Матвей Кубрин компаниясы дәріханалық, мануфактуралық, галантереялық, зергерлік, кеңселік тауарлармен, сондай-ақ киім, аяқ киім, бас киім, сағат, шай және қант сияқты өнімдермен табысты сауда жүргізген. 1944 жылы болған өрт нәтижесінде ғимараттың ағаш құрылымдары өртеніп кетті. Қалпына келтіруден кейін ғимаратта «Радуга» атты аспазхана және азық-түлік дүкенін ашылды. Қазір ол жерде «Астана» сауда орталығы орналасқан.



Кубриндер әулетінен заманауи Астанаға бірнеше ерекше құрылымдар мұраға қалды: сауда үйі, алғашқы аурухана ғимараты, Василий Кубриннің бау-бақшалы үйі және меценат саудагер 100 рубль қаражат бөлген М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының ғимараты. Бұл ғимараттардың әрқайсысы біздің еліміздің елордасы Астанаға ерекше көрініс береді.



«Нұрсұлтан Назарбаев» Халықаралық әуежайы

- Орналасқан жері:** 51°01'36.670"N, 71°27'39.190"E, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 119.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1930 ж., 2005 ж. толық қалпына келтірілген 2017 ж. жаңа терминал қолданысқа берілді. Сәулетшісі Кисё Курокава.
- Нысан мәртебесі:** халықаралық, көлік кәсіпорны.
- Тарихи деректер:** Нұрсұлтан Назарбаев Халықаралық әуежайының тұрақты дамуы 1930 жылы басталған. Ол кезде әуежайдың аумағында ұшақтардың ұшуына және қонуына арналған шаршы тәріздес алаңы, саманнан жасалған вокзал, бензин сақтайтын жертөле, сондай-ақ саманнан жасалған май, су жылытатын шағын үйі болатын.

Бүгінгі күні Нұрсұлтан Назарбаев Халықаралық әуежайы IIIA – Азаматтық Авиацияның Халықаралық Ассоциациясы санатына ие, сондай-ақ ұшу салмағына шектеу қоюсыз әуе кемелерінің барлық түрлеріне қызмет көрсетеді.

Кисе Курокаваның мақсаты саяхатшылар есінде елорда мен елдің ассоциациясы ретінде қалатын жарқын, стильді және заманауи дизайн жасау болды. Нәтижесінде, бүгінгі жолаушылардың және әуе жүк тасымалдаудың ең өзекті талаптарына жауап беретін, алғаш келген қонақтарға Қазақстанның бейнесін, ал кетіп бара жатқан қонақтарға жылы үйдің бейнесін көрсететін ерекше архитектуралық кеңістік дүниеге келді. Әуежайдың негізгі халықаралық әуе айлағы ретіндегі қызу қызметіне қарамастан, бұл жерде тыныштық, жайлылық және қонақжайлылық атмосферасы бар.

К. Курава үшін тек батыс пен шығыстық қасиеттерді шығармашылық түрде үйлесімді ету емес, сонымен қатар оның негізінде ерекше, қайталанбас, қазақстандық ұлттық дизайн мен сәулет өнерінің даму жолын анықтайтын жеке стиль ойлап табу ең маңызды мақсат болды. Ол – елдің визит карточкасы болуға тиіс.





«Жастар» театры

- Орналасқан жері:** 51°11'27.668"N, 71°24'20.830"E, Астана қ., І. Есенберлин көш., 10.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезеңі және авторы:** 1954 ж., сәулетшісі В. Қалмықов.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** ғимарат социалистік реализмнің үздік дәстүрлеріне сай үш қабатты кірпіш құрылыс түрінде салынған. Ол 1954 жылы КСРО мәдени дамуының шарықтау шегінде салынған және бастапқыда Теміржолшылар мәдениет сарайы болған. Оның ашылуы 1956 жылы өтті. Көрермендер залы 800 орынға есептелген, ғимаратта 150 орындық шағын зал да бар. Сарайға В. И. Ленин есімі берілді. 1998-2000 жылдары сарай қайта қалпына келтірілді және мұнда К. Байсейітова атындағы Опера және балет театры ашылды. Бұл жерде театр сахнасын сыйдыру үшін орындардың саны 800-ден 360-қа дейін қысқартылды. 2014 жылы Үкіметтің қаулысымен К. Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры жойылды.
- Қазіргі кезде ғимарат Астана қаласының әкімдігі қолдауымен 2007 жылы ашылған «Жастар» театрына тиесілі. Театр өзінің алғашқы маусымын Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбаевтың «Шыңғыс хан» қойылымының премьерасымен ашты.
- Бүгінде театр репертуарында 40-тан астам спектакль бар және тәуелсіз Қазақстанның ең жас өнер орындарының бірі бола отырып, тек қазақстандық ғана емес, сондай-ақ әлемдік театр кеңістігінде құрметке ие болды.





«Астана» концерт залы

Орналасқан жері: 51°9'50.692"N, 71°25'19.668"E., Астана қ., Бейбітшілік көш., 1/1.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі және авторы: 1963 ж., архитекторлары П. Фогелс, О. Крауклис, Д. Даннеберг.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Ғимарат латвиялық сәулетшілер П. Фогелс, О. Крауклис және Д. Даннебергтің жобасы бойынша тұрғызылған. Алғашында 2500 орны бар тың игерушілер сарайы ретінде салынған. Сахна пердесі суретші С. А. Умановтың жетекшілігімен КСРО Үлкен театрының шеберханаларында жасалды. Сахна көтеру механизмі мен басқару панелімен жабдықталған. Сарай ішінде 1200 шам және 82 дауыс зорайтқыш орнатылған. Киноаппарат бөлмесінде он проектор бар, ал киноэкран өлшемі 34 м.х13,1 м. Сарайдың кіреберіс залы бүкіл Одақтан жіберілген әралуан экзотикалық өсімдіктері бар ботаникалық бақпен безендірілген. Ғимарат өзіндік архитектурасымен және функционалы кең залымен ерекшеленеді: өте жақсы акустика, ауаны баптау кондиционерлері, заманауи сахналық механизмдер, залдың қайталанбас безендірулері. Бұл ерекшеліктер оны тұрғындар арасында мәдени демалысқа арналған танымал орын етті. Мәнерлі, ерекше сыртқы көрінісі бұл ғимаратты Ақмола қаласының визит картасына айналдырды.

Ғимарат 1982 жылы республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізілді. 1998 жылы ғимарат қайта жөндеуден өтіп, 1609 орны бар «Конгресс-холл» деген жаңа атауға ие болды. «Конгресс Холл» республика Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қатысуымен өтетін қоғамдық және мемлекеттік іс-шараларды өткізу орны болды.

2017 жылы ғимарат атауы «Астана» концерт залы деп өзгертілді. Ол – халықаралық стандарттарға сай және қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті мәдени демалыс орны.





Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры

Орналасқан жері: 51°10'8.206"N, 71°25'4.217"E, Астана қ., Омаров көш., 476.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1991 ж.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының ғимараты сәулет өнеріндегі заманауи функционалдық бағыттың үлгісі болып табылады. Негізгі кіреберіс симметриялық қасбеті және витраждарды өңдеу ғимаратқа заманауи көрініс береді. Театрға қазақ кәсіби театр өнерінің негізін қалаушы - Қалыбек Қуанышбаевтың (1893-1968) есімі берілген. Театр 1991 жылдың 15 қарашасында ашылды. Көрсетілген алғашқы қойылым Ғабит Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясы. Театрдың негізін қалаушы және көркемдік жетекшісі – режиссер Ж. Омаров.

1992 жылы театр ұжымы С. Сейфуллиннің 100 жылдығына арналған Халықаралық фестивальдің лауреаты атанды. 1996 жылы театр Ш. Құсайыновтың «Алдар Көсе» музыкалық комедиясы үшін Уфа қаласында өткен «Туғанлық» II Халықаралық түркітілдес мемлекеттер фестивалінің лауреаты атанды. 2000 жылдан бастап театр гастрольдік саяхаттарды бастады. Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік музыкалық драма театрдың репертуарында дәстүрлі классикалық жұмыстармен қоса қазіргі қазақ драматургтерінің қойылымдары мен балаларға арналған спектакльдер орындалады.

2011 жылы театрға «Академиялық» мәртебесі берілді.





Матери Божией Неустанной Помощи рим-католик шіркеуі

- Орналасқан жері:** 51°9'13.997"N, 71°27'6.746"E, Астана қ., Ташенов көш, 26.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1994 ж.
- Нысан мәртебесі:** діни мекеме, діни зиярат орны.
- Тарихи деректер:** Шіркеу тарихы ХІХ ғасырдың 30-40 жылдарынан, неміс, поляк, Балтық халықтарын және басқа ұлттарды Қазақстанға күштеп қоныс аудару кезінен басталады. 1958 жылға дейін шіркеу құпия түрде жұмыс жасап келді.
- 1979 жылдың қыркүйегінде католиктік қауым тіркелуге ресми рұқсат алды. Қазан айында қаланың шетінде орналасқан ғибадатхана «Матери Божией Неустанной Помощи» деген атаумен жарыққа шықты.
- Католиктік қоғамдастығының шынайы жандануы тек Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан кейін ғана мүмкін болды . 1994 жылы мамырда «Ақбұлақ» бұлағының маңындағы жаңа шіркеудің құрылысына рұқсат алынды. Сол жылдың 11 қарашасында жаңа шіркеудің алғашқы шоқылары қойылды. Қазір бұл сәулет құрылысы астананың мәдени орындарының біріне айналып отыр.
- Қазақстандағы шіркеу үшін маңызды оқиға 2001 жылғы 22-25 қыркүйекте Рим Папасы Иоанн Павел ІІ-нің сапары болды. Ол Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевпен, діндарлар, дінбасылар, жастар, ғылым мен мәдениет қайраткерлерімен кездесті.





«Астана-Бәйтерек» монументі

Орналасқан жері:	51°7'42.622"N, 71°25'51.017"E, Астана қ., сол жағалау, 1.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі және авторы:	1996 ж., архитекторы А. Рүстембеков.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер, аңыздар:

«Бәйтерек» монументі - Астананың ең маңызды және танымал символы. Бұл – ежелгі көшпенділер әлемінің бірегей мифопоэтикалық бейнесін және егемен мемлекет астанасының жаңа кейпін синтездеудің көрінісі. Монументті салу идеясы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевқа тиесілі. Оның биіктігі 97 метр, тәуелсіз Қазақстанның астанасы - жаңа астананың құрылу жылын бейнелейді. Құрылыс шыны және бетоннан салынған: монументтің 500 қадалардан тұратын металл «діңгегі» 300 тонналық күн сәулесі түскенде түсін өзгертетін алып шыны шарды ұстап тұр.

Ежелгі көшпенділердің мифологиясындағы «Бәйтерек» Дүниежүзілік ағаш – Өмір ағашы мағынасында қабылданады, тәжі қасиетті көк аспанға созылған, ал ағаштың ортаңғы бөлігі адамдар әлемін бейнелейді және оның тамырлары жерге терең бойлайды. Әр таң сайын сол алып ағаштың басында сиқырлы Самұрық құсы жұмыртқа салады, ол – күн, ал кешке айдаһар оны жұтып жейді және түн болады. Бұл жаз бен қыстың, күн мен түннің, жақсылық пен жамандықтың, өмір мен өлімнің алма кезек ауысуын білдіреді. Автордың идеясына сәйкес, «Бәйтерек» жас, күшті, өсіп келе жатқан ағашты, яғни жас және егемен Қазақстанды – өзінің тарихи тамырын сақтап қалған, берік тірегі мен болашақта биікке ұмтылысы бар мемлекетті білдіреді. 97 метр биіктіктегі залда Нұрсұлтан Назарбаевтың қолының ізі басып шығарылған ерекше ескерткіш бар. Жергілікті тұрғындарда қолыңызды осы баспаға қойып тұрып тілек айтсаңыз, ол орындалады деген сенім бар. Әлемнің 17 діни өкілдерінің қолы қойылған ағаш глобус барлық діндердің бірлігін бейнелейді. Монументтің құрылысы 1996 жылы басталып, 2002 жылы аяқталды. ТМД елдерінің Халықаралық сәулетшілер одағы қауымдастығының ұйымдастыруымен өткен конкурста «Астана – Бәйтерек» монументі мәртебелі Гран-при сыйлығына ие болды. 2017 жылы кешенді жөндеу жұмыстары жүргізілген. Аталмыш монумент қала тұрғындары мен қонақтарының ең сүйікті демалыс орындарының бірі.





Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы

Орналасқан жері:	51°9'20.210"N, 71°25'56.341"E, Астана қ., Республика даңғылы, 2.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1998 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	ғимараттың құрылысы туралы бастама мен архитектуралық идеясы Республика Президенті Н. Ә. Назарбаевқа тиесілі. 1998 жылы салынған ғимаратта бастапқыда Президенттік мәдениет орталығы орналасқан. Ғимараттың басты артықшылығы – оның көпфункционалдылығында, мұнда Мұражайдан басқа концерттік зал, уақытша көрме залы, сондай-ақ Орталық әскери оркестр және Қорғаныс министрлігінің Орталық ансамблі бар.

Музей 2015 жылы ресми түрде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевпен ашылды. Музейдің төрт қабатында 6000 жуық экспонаттар қойылған, олардың ішінде сирек кездесетін және аса бағалы тарихи және мәдени ескерткіштер, тас ғасырынан бүгінгі күнге дейінгі сарбаздардің әбзелдері бар. Қазіргі уақытта Мұражайдың кең көлемді экспозициясы бірнеше көрме залдарында қойылған: «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің залы», «Мерзімдік көрмелер залы», «XIX ғасырдың антикалық залы», «XX ғасырдың әскери тарихының залы», «XX-XXI ғғ. қару-жарақтар залы», «Бейнелеу өнері залы» және «Қазақстан әскери ісінің тарихы» атриумы. Музейдің атриумында әр түрлі тарихи дәуірдегі көшпенді жауынгердің қару-жарақтарының түрлері мен олардың ерекшеліктерін бейнелейтін барельефтер келтірілген.

Еліміздің Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қазақ батырларымен және жауынгерлермен қоршалған орталық композициясы «Мәңгілік Ел» дәстүріне адалдықты білдіреді. Музейдің басты ерекшелігі – кең мультимедиялық экраны бар LED-теледидарлардың болуы.

Музей – қала тұрғындары мен қонақтары үшін маңызды мәдени-танымдық және туристік нысан.





«Атамекен» Қазақстан картасы этно-мемориалдық кешені

- Орналасқан жері:** 51°8'57.876"N, 71°25'5.862"E, Астана қ., Қорғалжын шоссесі, 2/1.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2001 ж., Т. Сүлейменов, А. Ордабаев, С. Байыров, А. Қайнарбаев, Н. Анарқұлов, А. Кенжетаев.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі
- Тарихи деректер:** «Атамекен» Қазақстан картасы этно-мемориалдық кешені 2001 жылдың 8 қыркүйегі Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен ашылған.

Түркі тілдерінде «Атамекен» сөзі «бабалар жері» деген мағына береді. Кеңейтілген мағынада «Атамекен» «ата-бабаларымыз өмір сүрген жер» дегенді білдіреді, яғни, бұл тұжырымдама туыстық қатынасы бойынша ұрпақтарға осы аумақта тұру құқығын бекітеді. Дәл осы тұжырымдаманың мағынасы ескерткіштің негізі болып табылады, ол барлық маңызды және көрікті тарихи жерлері белгіленген Қазақстанның кішірейтілген макеты болып табылады.

Қазақстанның макеті – ашық аспан астындағы карта, мұнда көрмеге келушілерге арналған соқпақ жолдар салынған. 1,7 гектар аумақта 14 облыс және республикалық маңызы бар 2 қала – Астана және Алматы қалалары ұсынылған. Картадағы көрікті жерлердің жалпы саны екі жүзден асады. Экспозиция үнемі жаңа жәдігер және тарихи орындарымен толықтырылады. Нысандар ретінде ғимараттар мен архитектуралық құрылымдармен қатар, сондай-ақ табиғи жәдігерлер ұсынылған. Кешенде көптеген мәдени шаралар өткізілетін ерекше арена да бар.

Кешеннің мақсаты - халықты тарихи, мәдени және рухани құндылықтармен таныстыру, қазақстандық мәдениеттің жетістіктерін насихаттау, тарихи мұраны зерделеуге көмектесу, Қазақстан Республикасының барлық табиғи аймақтарының ерекшеліктерімен және экономикалық жетістіктерімен таныстыру.

Қазіргі уақытта «Атамекен» Қазақстан картасы этно-мемориалдық кешені елорда тұрғындары мен қонақтарының мәдени демалыс орындарының бірі.





«Отан-Ана» монументі

- Орналасқан жері:** 51°9'12.240"N, 71°27'26.838"E, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылының және Қажымұқан көшелінің қиылысы, Отан қорғаушылар алаңы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2001 ж., А. Бексұлтанов, Н. Конопольцев.
- Нысан мәртебесі:** Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** ескерткіш алғашқы тасы 1998 жылдың 10 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевпен қаланған. Ескерткіш 37,5 метр биіктікті құрайтын, Қазақстан халықтары мен барлық этникалық топтарының бірлігін бейнелейтін 101 масақтан тұрады.
- Стеладағы орталық мүсін Отан-Ана кейпіндегі әйелді бейнелейді. Оң жағында кеңестік жауынгерлер болса, сол жағында қазақ батырлары мүсінделген. Ескерткіштің аяқ жағында Алматыдағы 28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы Паркте орналасқан Даңқ мемориалынан әкелінген мәңгілік жалын лапылдап тұрады. Ескерткіштің жанында әртүрлі елбасыларының өз қолымен отырғызылған шыршалар бар мемлекет басшылары аллеясы бар.
- Құрылыс қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы жеңіске және жоңғарлармен күреске қосқан үлесін ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар әр түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан халқының ерлігі мен қаһармандығының символы болып табылады.





«Ailand» отбасылық демалыс орталығы («Думан»)

Орналасқан жері: 51°8'50.309"N, 71°25'1.186"E, Астана қ., Қорғаджын шоссесі, 2.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 2003 ж.

Нысан мәртебесі: мәдени-ойын-сауық мекемесі.

Тарихи деректер: «Думан» отбасылық демалыс орталығы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен 2003 жылы ашылды, ал 2017 жылы оның атауы «Ailand» болып өзгертілді. Орталық отбасылық демалыс орны ретіндегі өзінің функционалды мақсатын толығымен орындайды. Орталықта океанариум, «Джунгли» аниматроник театры, аквапарк, 5D кинотеатр, балаларға арналған ойын алаңы, шолу дөңгелегі, бақалшықтардан тұратын композициялар, сувенирлер, кемелердің үлгілерін, аквариумдар үшін декорациялар және т.б. заттар ұсынатын «Жемчужина» дүкені бар. «Ailand» отбасылық демалыс орталығына кіретін объектілердің әрқайсысы ерекше.

Океанариумның сыйымдылығы 3 миллион литр су, ол әлемнің түкпір-түкпірінен келген 2 000-нан астам теңіз жануарларының мекені. Океанариум басты тоғаннан және көлемі әртүрлі 20 аквариумы бар үш үлкен көрме аймағынан тұрады. Негізгі цистернаның төменгі жағында ұзындығы 70 метрлік жылжымалы туннель бар, оның тіршілік әрекеті ағызуды қажет етпейтін суды дайындау, сақтау және тазарту жүйесімен қамтамасыз етілген .

Орталықтың өз коллекциясында сәулет өнерінің алуан түрлі өнер туындыларының кішірейтілген нұсқаларын жинаған қуыршақтар залы ерекше.

Джунглиді айнытпай бейнелейтін және келушілерді динозаврлар дәуіріне шомдыратын «Джунгли» аниматроник театры да ерекше қызығушылық тудырады.

Орталықта аумағы 8500 шаршы метрді құрайтын, 1500 адамды сыйғыздыра алатын елдегі алғашқы және жалғыз төбесі жабық аквапарк орналасқан. «Ailand» орталығы – елорда тұрғындары мен қонақтарының танымал демалыс орны.





«Бейт Рахель – Хабад Любавич» синагогасы

Орналасқан жері: 51°9'27.220"N, 71°27'41.425"E, Астана қ., Пушкин көш., 8.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 2004 ж.

Нысан мәртебесі: діни мекеме, діни зиярат орны.

Тарихи деректер: бұл құрылым – Орталық Азиядағы ең ірі синагога. Синагога Евразиялық еврей конгресінің және Қазақстандық еврей конгресінің президенті А. Машкевичтің анасының есімімен аталды. Синагоганың жобалануы мен құрылысы Евразиялық еврей конгресі есебінен жүргізілді. Оның ресми ашылуы 2004 жылы өтті. Салтанатты рәсімге Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев, Қазақстанның мемлекет қайраткерлері, бүкіл әлемнің раввиндері және Израиль, АҚШ, Еуропа мен ТМД елдерінің еврей қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатысты.

Жалпы аумағы 5600 шаршы метрді құрайды, биіктігі 25 метр. Синагогада оған арнайы жазылған шиыршық қағаздағы Таурат сақталған. Ғимаратта үлкен ғибадат залы, салт-дәстүрлерлік жуынуға арналған хауыз - миква, мұражай, кітапхана, дәрісхана, кошер асхана және ас бөлмесі, қонақ бөлмелері, балабақша, қазақстандық раввинаттың бас кеңсесі бар.

Бейт Рахель Хабад Любавич синагогасының ғимараты елорданың заманауи архитектуралық келбетіне жақсы сәйкес келеді және жас мемлекеттің мәдениеттер диалогы мен толеранттылыққа деген ұмтылысын көрсетеді.





Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының Музейі

Орналасқан жері: 51°9'59.746"N, 71°25'5.956"E, Астана қ., Бейбітшілік көш., 11.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 2004 ж.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті кітапханасының Музейі заманауи архитектуралық ансамбль болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 тамыздағы Жарлығымен құрылған және бұрынғы Президент резиденциясында орналасқан. Алғашқы қонақтарды Президент Н. Ә. Назарбаев жеке қарсы алды. Музей экспозицияларында жинақталған басты идея - республиканың мемлекеттік егемендігін қалыптасу кезеңдерінің және Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаевтың тәуелсіз демократиялық мемлекет құрудағы тарихи рөлінің көрінісі.

Музейдің атриумында орталық орынды Қазақстан халқының материалдық және рухани байлығы мен жас егеменді мемлекеттің өркендеуін бейнелейтін «Өмір ағашы» композициясы алады. Композиция негізіне Есік қаласынан табылған әйгілі Алтын Адамның бас киімі әшекейінің фрагменті алынған. Ағаштың түбінде барыстар бейнеленген, бұл аңдық стиль ұлттық танымда мықты рух, қорғаныс пен даналықтың көрінісі ретінде ерекше орынға ие.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті кітапханасының Музейі қорында 126 000-нан астам сақтаулы Кітап данасы, оның ішінде Мемлекет басшысының жеке кітапханасының жинағынан 16 000-нан астам кітаптар мен басылымдар сақтаулы. Мемлекет басшысының жеке мұрағатында шамамен 100 000 дана бар, олардың 8 000-нан астамы музей жинағында орналасқан. Музейде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жалпы және тақырыптық экскурсиялар жүргізеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті кітапханасының Музейі беделді ғылыми-зерттеу, білім беру және мәдени орталық ретінде танылған.





Ақорда

Орналасқан жері: 51°7'35.332"N, 71°26'31.459"E, Астана қ., Сол жағалау, «Ақорда» Президент Резиденциясы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 2004 ж.

Нысан мәртебесі: Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы.

Тарихи деректер: Ақорда – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың резиденциясы болып табылатын қайталанбас сәулет өнерінің ансамблі. Резиденция қала құрылысы ансамблінің композициялық және мазмұндық орталығы болып саналады. Астана сәулеттік кешенінің басты өзегін құрайтын негізгі орындары ретінде «Хан Шатыр», «Бәйтерек», «Ақорда», «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Қазақ Елі» монументі бой көрсетеді. Сәулеттік ансамбльдің композициялық өзегі Ұлы даланың дәстүр сабақтастығының сақталуы идеясын, еуразиялық толеранттылық мәдениеттің жалғасуын және бүгінгі әлемдік өркениет биігіне ұмтылған қуатты Қазақстанның жасампаздығын нақтылы түрде айшықтап көрсетеді.

Ғимарат құрылысында ең соңғы заманауи әдістер мен озық инженерлік құрылғыларды қолданылған. Үшкір төбесімен қоса алғандағы ғимарат биіктігі – 86 метр, жалпы ауданы – 36 720 шаршы метр. Жоба жұмысын Еуропа мен Қазақстанның белгілі сәулетшілері жүргізді. Олардың қатарында еуропалық әйгілі дизайнерлер М. Гуалаци мен А. Мольтени бар. Ішкі көріністі ұлттық мәнерде орындау академик Қ. Монтақаевтың кеңесімен жүргізілді.

Қазақ тілінен аударғанда «Ақорда» кәдімгі «ақ орда» («белая ставка») дегенді білдіреді, бұл резиденцияның атауындағы терең мағынаны жеткізеді. «Ақ» сөзі түркілік мәдениет семантикасында ең алдымен қасиеттілікті (киелілікті) білдіреді. Сол себепті ақ түстің бай символикасы Ақорданың сәулеткерлік келбетінде көрініс тапқан.

Ғимарат ішінде функционалды Салтанат залы, баспасөз конференциясы залы, Қысқы бақ, Шығыс залы, Мәрмәр залы, Алтын зал, Доғал зал, Қонақ бөлмесі, Кеңейтілген келіссөздер залы, Қауіпсіздік кеңесінің залы, Күмбезді зал, Отырыс залы, Келіссөздер залы, Кітапхана және басқа да техникалық бөлмелер орналасқан.

Жалпы, Ақорданың ішкі сәулеті мен безендірілуі Қазақстанның заманауи мемлекеттік стилін көрсетеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақорда» резиденциясы біздің еліміздің ең маңызды және танымал символдарының бірі мәртебесін иеленген.






Астана циркі

Орналасқан жері:	51°8'44.113"N, 71°25'8.288"E, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 5.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2005 ж., архитекторы Т. Әбілда.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер	<p>Цирк Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 2001 жылы салынды. Бірінші цирк қойылымы 2005 жылы өтті.</p> <p>Ғимараттың пішіні диск тәрізді, бұл қиялдан алынған «ұшатын» тәрелкені еске түсіреді. Ғимараттың ең заманауи сырт келбеті еліміздің басты қаласының ландшафтына сәйкес келеді. Цирктің сыйымдылығы 2000 адам және VIP бөлімде 36 адам. Аренаның диаметрі – 13 метр және ол оңай мұз алаңына айнала алады.</p> <p>Цирктің басты ғимаратының жанында әкімшілік-шаруашылық блок орналасқан. Ол жерде әртістерге арналған бөлмелер, қонақ үй кешені, жаттығу алаңы, жануарларға арналған қоршаулар, шеберханалар мен басқа да қосалқы бөлмелер бар. Астана циркінде цирк өнерінің барлық жанрлары келтірілген: акробатика, гимнастика, иллюзия, жыртқыш, ірі және кішкентай жануарларды үйрету, клоунада және тағы басқалар.</p> <p>Астана циркі – елорда тұрғындары мен қонақтарының танымал демалыс орны.</p>





Қасиетті Успенский кафедралды соборы

Орналасқан жері:	51°8'58.258"N, 71°28'52.403"E, Астана қ., Күйші Дина көш., 27.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2005-2009 жж., архитекторы В. Г. Сергеев.
Нысан мәртебесі:	діни мекеме, діни зиярат орны.
Тарихи деректер:	Собор құрылысы 2006 жылы Президент Н. Ә. Назарбаевтың қолдауымен басталды.

Ғибадатхананың іргетасын қалауда Астаналық және Алматылық Мефодий митрополиті бата берді. Ғибадатханада төрт тақта бар: жоғарғы шіркеудің орталық тағы Әулие Құдай Анаға арналған; оңтүстік жағында – Құдайдың періштесі Михаилге және басқа да көк күштеріне; солтүстік жағында – қасиетті апостолдар Кирилл мен Мефодийге, славян ағартушыларына; төменгі шіркеудің Қазақстанның азап шегушілері мен тәубе етушілер Соборының құрметіне арналды.

Собордың іші 2000 шаршы метрден асады және оның биіктігі 68 метрге жетеді. Сыйымдылығы шамамен 4000 адам. Терезенің үлкен жақтаулары арқасында ғибадатхананың іші жарыққа толы. Төбесі көгілдір түске боялған темір шатырмен жабылған. Ғибадатханада бес алтын күмбез бар. Успенский собор Орталық Азиядағы ең ірі шіркеу болып табылады. Ішкі интерьері ресейлік Палех суретшілерімен салынған.

Соборда көптеген қасиетті және құнды иконалар сақтаулы: Киелі апостол Андрей Прозванныйдың бөліктері, Киево-Печорск лаврасының қасиетті әулиелерінің бөліктері, әулие Александр Свирскийдің бөліктері бар иконасы, қасиетті Мария Египетскаяның иконасы, Қазан Құдай Анасының иконасы.





Бейбітшілік пен келісім сарайы

Орналасқан жері:	51°7'22.307"N, 71°27'55.174"E, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 57.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2006 ж., архитекторы Н. Фостер.
Нысан мәртебесі:	Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген, мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне арналған арнайы алаң – Астанадағы Бейбітшілік пен келісім сарайын тұрғызу идеясы Елбасы Н. Ә. Назарбаевқа тиесілі. Ғимарат негізі 62х62 метр және биіктігі 62 метр болатын пирамида тәріздес. Ғимараттың ауданы 28 000 шаршы метрді құрайды. Құрылыстың негізінде болат, алюминий, көптеген арнайы шыныдан жасалған конструкциялар, бірегей техникалық идеялар және сәулеттік инновациялар қолданылған. Оның сәулетшісі – танымал британдық шебер, хай-тек стилінің көшбасшыларының бірі – Норман Фостер.</p> <p>Сарай ішінде конференц залдар, көрме павильондары, көркемөнер галереялары, опера театры және тағы басқа орындар бар. Пирамиданың төбесіне «Қысқы бақ» арқылы толқын тәріздес баспалдақтар алып барады.</p> <p>Бейбітшілік пен келісім сарайының төбесінде әйнек күмбезі бар «Бесік» залы орналасқан, ол жерде елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдерін суреттейтін 130 ақ көгершін бейнеленген нағыз өнер туындысы – витраж қойылған. Бұл шығарманың авторы – британ суретшісі, кескіндемеші және витраждардың архитектуралық жобалаушысы – Брайн Кларк. Түнде ғимарат төбесі ішінен жанып тұрады.</p> <p>Пирамида әртүрлі діндердің, этникалық топтардың және мәдениеттердің бірлігін, халық пен Қазақстанның бүкіл әлемге ашықтығының нышанына айналды.</p>





Бауыржан Момышұлы ескерткіші

- Орналасқан жері:** 51°08'04.540"N, 71°27'34.780"E, Астана қ., Б. Момышұлы және Елім-ай көш. қиылысы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2008 ж., мүсінші Т. Қолжігіт, сәулетші Б. Сыздықов.
- Нысан мәртебесі:** мүсіндік ескерткіш.
- Тарихи деректер:** қазақ халқының аңызға айналған ұлы, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының ескерткіші 2008 ж. тұрғызылып, Жамбыл облысының елорданың 10-жылдық мерейтойына орай Астана қаласына тартылған сыйлығы болды.

Бауыржан Момышұлы (1910-1982 жж.) – Жамбыл облысының тумасы, Ұлы Отан соғысының батыры. 1941 жылдың күзінен бастап генерал-майор Панфиловтың қоластындағы 316 атқыштар дивизиясының құрамында болды. 1942 жылы орын алған Мәскеу үшін шайқаста көрсеткен ерен ерлігі үшін Кеңес Одағы батыры атағына ұсынылған. Бұл жоғары мәртебелі атақ батырға тек 1990 жылы берілген болатын.





«Астана Арена» стадионы

Орналасқан жері: 51°6'28.782"N, 71°24'20.153"E, Астана қ., Тұран даңғылы, 48.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2009 ж., Populous сәулет компаниясы (АҚШ).

Нысан мәртебесі: спорт кешені.

Тарихи деректер: «Астана Арена» – 10 000 шаршы метр жылжымалы жабыны бар дүниежүзіндегі бірегей спорт ғимараттарының бірі. Стадион екі деңгейден тұрады: ойын алаңын қоршап тұрған 16 000 адамдық орны бар төменгі терасса және ойын алаңын кедергісіз көруге мүмкіндік беретін 14 000 орындық жоғарғы қатарлар. Стадионның жылжымалы шатыры 20 минутта толығымен жабылып ашыла алады. Алғашында кешенге Қажымұқанның аты берілген, кейінірек «Астана Арена» деп өзгертілді.

Стадион 2009 жылы «Локомотив» клубының (Астана) және Қазақстанның жастар құрамасының футбол матчымен ресми түрде ашылды. Бір уақытта стадионға 33 000 адам сияды.

Стадионда жасанды шөпті алаң және халықаралық деңгейдегі матчтарды, спорттық шараларды және концерттерді қабылдауға мүмкіндік беретін инфраструктура бар. Кешенде 4 мінбе, VIP орындар, прессаға арналған орындар, 4 кең киім ауыстыратын бөлмелер, төрешілер бөлмесі, инспектор бөлмесі, 120 орындық пресс-конференция залы, 100 адам сиятын 4 БАҚ бөлмесі, дикторлар бөлмесі, 2 заманауи есеп тақтасы, УЕФА талаптарына сай жарық беру жүйесі және жаттығу бөлмесі бар. «Астана Арена» сонымен қатар футбол бойынша Қазақстанның ұлттық құрамасының ресми кездесулеріне арналған үй алаңы болып табылады.





«Керей мен Жәнібек» ескерткіші

- Орналасқан жері:** 51°9'59.108"N, 71°25'1.052"E, Астана қ., Абай даңғылы мен Желтоқсан көш. қиылысы, Президент саябағы
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет. 2010 ж.,
- Кезең және авторы:** мүсінші Р. Әбенев.
- Нысан мәртебесі:** мүсіндік ескерткіш.
- Тарихи деректер:** ескерткіш Қазақ хандығының негізін қалаушы Керей мен Жәнібек хандардың құрметіне арналып жасалған және Тұңғыш Президент Мұражайының алдына қойылған.

Ескерткішті орнату орны да символикалық мәнге ие, себебі дәл сол орында 1997 жылдың желтоқсанында Қазақстанның жаңа астанасының құрылды деп есептеледі. Мүсін композициясы биіктігі 12 метр қоладан жасалған.

Мүсіншінің ойына сәйкес, Керей хан 4 метрлік ертоқымда отырған қалыпта, ал Жәнібек хан жанында 5 метрлік найза ұстап тұрған күйінде бейнеленген. Композиция дөңгелек тұғырда орналасқан. Ескерткіш салмағы – 16,2 тонна. Композиция еркіндіктің салтанат құруын, жаңа хандық пен жаңа өмірдің бастамасын білдіреді. Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандардың ескерткішінің ашылу салтанатына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты.





«Хан Шатыр» ойын-сауық кешені

Орналасқан жері:	51°7'57.637"N, 71°24'21.668"E, Астана қ., Тұран даңғылы, 37.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2010 ж., сәулетші Н. Фостер.
Нысан мәртебесі:	Ойын-сауық кешені.
Тарихи деректер:	«Хан Шатыр» ойын-сауық кешенінің атауы қазақ тілінен аударғанда «шатырлар арасындағы шатыр» немесе «ханның шатыры» деген мағына береді, бұл оның статусы мен ерекшелігіне толықтай сай келеді.

Құрылыс биіктігі 150 метр (сүмбі) болатын алып шатыр түрінде салынған және ETFE полимерлі жабынмен қапталған болат кермелерден құрастырылған. Сәулет өнері саласындағы ең жаңа технологиялар мен таңқалдырарлық дизайнерлік шешімнің үйлесімі жалпы ауданы 127 мың шаршы метр болатын «Хан Шатыр» ойын-сауық кешенінің Forbes Style журналы бойынша дүниежүзіндегі үздік экоғимараттардың ондығына кіруіне мүмкіндік берді. Ғимарат ішінде бес деңгейде сауда және ойын-сауық кешендері, қызмет және кеңсе бөлмелері, 700 орынға арналған автотұрақ орналастырылған. «Хан Шатырда» шамамен 200 дүкен, 36 кафе-ресторандар бар. Орталықтың ең жоғарғы қабатын жыл бойы температурасы +35 градус болып тұратын Sky Beach Club аквапарк алып тұр. Ол жерде, сонымен қатар, құмды пляж және жасанды толқындары бар бассейндер салынған.

Атақты британ сәулетшісі Норман Фостер «Хан Шатыр» авторы ретінде ежелгі көшпенділердің дәстүрі мен үздік батыстық инженерлік және дизайнгерлік жетістіктерін үйлестіре отырып, бірегей қайталанбас нысан жасауға талпынды.

«Хан Шатыр» астана тұрғындар мен қонақтарының сүйікті демалыс және сауда жасау орнына айналды.





«Мәңгілік Ел» триумфалды аркасы

- Орналасқан жері:** 51°6'13.838"N, 71°25'49.714"E, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2011ж., сәулетші С. Жамболатов, мүсіншілер М. Мансұров, Н. Далбай.
- Нысан мәртебесі:** Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:**

«Мәңгілік ел» триумфалды аркасы – Астананың ең белгілі құрылыстарының бірі. Ол Астана қаласында 2011 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен ашылды. Мемлекеттің 20 жылдық тәуелсіздігінің символы арканың биіктігі 20 метр. Фасадтардағы ойыстарда рельефті мүсіндер орналасқан. Арканың сол жағында даналықты бейнелейтін Ақсақал мүсіні қойылған. Оң жағында үй ошағыны сақтаушысын білдіретін Әйел ананың фигурасы бейнеленген. Үшінші және төртінші мүсіндер қазақ батырларының ерліктері мен батылдықтарын көрсетеді.

Әр мүсін астында күн белгісі, яғни мәңгіліктің символы салынған. Триумфалды арканың алдыңғы бетінде «Мәңгілік Ел» сөздері қашалып жазылған. Барлық композицияның үстінде Мемлекеттік тудың күн мен қыран құс түріндегі символы орнатылған. Екі жақтағы ойыстарда келесі фигуралар орнатылған: «Тай қазан», ол бірлік, қонақжайлық және берекені білдіреді; қазақ жауынгерінің «қалқаны», ол қауіптерден қорғанды, беріктік, қайраттылық пен жеңісті білдіреді.

Арка ішіндегі екі жақ рельеф безендірілген. Олардың бірі Ұлы дала тарихын «Сақтар» – «Түркілер» – «Қыпшақтар» – «Қазақтар» хронологиясында көрсетсе, екінші беті ұлттың ең бағалы қазынасы – Тәуелсіздікті Ақорда, Бәйтерек және басқа да нысан кейпінде жеткізеді.

Триумфалды аркада заманауи өнер галереясы орналасқан. Ол Қазақстан тарихы мен «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасын ашып көрсететін тематикалық бейне роликтерді көрсетуге арналған мультимедиялық құрылғылармен жабдықталған. Арканың ең үстінде панорама-лық бинокльдер қойылған шолу алаңы бар.





«Алау» мұзайдыны сарайы

- Орналасқан жері:** 51°6'17.327"N, 71°24'25.787"E, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 47.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2011 ж., сәулетші В. А. Лаптев.
- Нысан мәртебесі:** спорт кешені.
- Тарихи деректер:** «Алау» мұзайдыны сарайы – әлемдік деңгейдегі жабық конькимен жүгіруге арналған стадион. Спорт кешенінің жалпы ауданы 65 481 шаршы метрді құрайды және заманауи жабдықтармен жабдықталған. «Алау» мұзайдынында мұзды жылдам жасау техникалық жабдықтардың мінсіздігі, қызметкерлердің кәсіпқойлығы мен бірегей архитектуралық жобаның үйлесімі нәтижесінде мүмкін болып отыр.
- «Алау» спорт кешенінде 400 метрлік және ауданы 5600 шаршы метр мұз жолы, әрқайсысының ауданы 1800 шаршы метр болатын 2 хоккей корты, 27x34 метрлік ойын залы, атлетикалық дайындық пен хореография залы, пляж воллейболына және мини-футболға арналған ашық аспан астындағы алаңдар, ауданы 4200 шаршы метр фитнес-орталық, сыйымдылығы 180 адамдық мейрамхана (теннис орталығына сай жабдықталған), 83 жатын орны бар қонақ үй және 900 шаршы метрлік атыс тирі бар.
- Сарайдың архитектуралық тұжарамдамасы сарай логотипінде де көрініс тапты: жасыл түс жаңару, жастық пен көктемді білдірсе, көк түс мұзайдынын – жобаның негізін, ал қызыл-сары түс нысан атауын – «Алауды» көрсетеді. Бұл бірегей ғимараттың авторы атақты ресейлік сәулетші Владимир Александрович Лаптев, ол кісі Астананың азаматтық тұрғындық мақсаттағы 50-ден аса нысандары мен ғимараттарының жобасын жасаған.
- Қазіргі уақытта спорт кешен базасында көптеген ірі халықаралық жарыстар мен оқу-жаттығу жиындары өткізіледі.





«Сарыарқа» республикалық велотрегі

Орналасқан жері:	51°6'33.109"N, 71°24'25.067"E, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 45а.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2011 ж.
Нысан мәртебесі:	спорт кешені.
Тарихи деректер:	<p>«Сарыарқа» велотрегі – әлемдегі осы тектес спорт кешендердің арасында ең үздіктерінің бірі ретінде танылған көп функционалды кешен. Ғимараттың архитектуралық бейнесі велошабандоздың дулығасы формасында орындалған.</p> <p>Спорт кешен екі функционалды нысаннан тұрады: велотрек және мұзайдыны. Сонымен қатар, фитнес орталығы (жаттығу залы, 2 хауыз және 3 сауна), жекпе-жек залы, гимнастика және ойын залы, қонақ үй және мейрамхана кешені, конференц залы, ашық аспан астындағы футбол алаңдары және кеңсе бөлмелері де бар. Велотректің жалпы ауданы – 44 957 шаршы метр, мұз айдыны – 4188 шаршы метр.</p> <p>Ғимараттың әмбебаптылығы соншалық, трек аренасын бокс рингіне, дзюдоға арналған татами, гимнастикалық кілем, баскетбол, волейбол немесе концерттік алаңдарына бірден өзгертуге болады.</p> <p>Вело жолды жасауда жоғары сапалы ағаш – сібір балқарағайы қолданылған. Трек жабынының ұзындығы – 250 метр, ені – 7 метр, бұрылыстардағы қиғаштық 42 градус, ал түзу тұстарында 12,5 градус болып келеді. Трек бойымен қозғалу сағат тіліне қарсы жүргізіледі. Велотрек трибуналары 9 195 адамды бір уақытта сыйдырады алады.</p> <p>Велотрек алаңында тұрақты түрде көптеген халықаралық және республикалық деңгейдегі іс-шаралар өткізіледі.</p>





Оқушылар сарайы

Орналасқан жері:	51°8'10.986"N, 71°27'52.927"E, Астана қ., Бауыржан Момышұлы көш., 5.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2011 ж., ресейлік сәулетші Н. Явейн, «Базис» жобалық институты «Студия 44» сәулет шеберханасымен бірігіп.
Нысан мәртебесі:	мәдени және білім беру мекемесі.
Тарихи деректер:	Оқушылар сарайы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бұйрығымен 2011 жылы салынған. Ғимараттың жалпы ауданы 61 274, 6 шаршы метр. Оны құрылысында қолданылған көптеген архитектуралық және инженерлік инновациялық шешімдер ерекшелейді.

Сырт келбеті бойынша бір бірінің үстіне қойылған параллелипипед және оларды үстінен жапқан цилиндрді еске түсіреді. Ғимарат пішіні мен тұжырымдамасын жасауда дөңгелек форма мағыналық негізі болып табылатын далалық сәулет өнеріне сүйенген.

Ежелден келе жатқан «дөңгелек» символы ғимараттың сырт келбетінде цилиндр ретінде көрініс тапты, оның ішінде орналасқан басты атриум бірнеше тірулерге қойылған «мега-шаңырақ» арқылы жарықтандырылады. Төменгі деңгейдің барлық үш қабатында ұлттық нақыш сақталған. Сарайдың негізгі функциялары – спорттық, ойын-сауықтық, әкімшілік және тағы басқалары бір дәстүрлі сандықтың ішіне жиналған секілді. Бір бөлігінде театр, екіншісінде хауыз және үшіншісінде музей орналасқан. Ғимараттың сыртқы қасбеттері ерекше: екі қабатты шыныдан жасалған, ақ түстегі он төрт түрлі ұлттық оюмен безендірілген ашық жасыл реңктегі қасбет алып ғимаратқа жеңілдік пен ашықтық сыйлайды. Сарайдың алып тұрған алып алаңы керемет жайластырылған.

Оқушылар сарайы көп функционалдығымен, ұлттық колорит пен жаңа экологиялық технологияларды үйлестіретін бірегей архитектуралық шешімдермен ерекшеленеді. Оқушылар сарайы – елорда оқушыларының бос уақытта өткізетін және қосымша білім алатын сүйікті орны.





Хазрет Сұлтан мешіті

Орналасқан жері: 51°7'34.781"N, 71°28'26.468"E, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 48.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 2012 ж.


Нысан мәртебесі: діни мекеме, діни зиярат орны.

Тарихи деректер: Хазрет Сұлтан мешіті – Астананың ең ірі және сөзі 2 рет қайталанған. Өзгерту керек рухани көрікті жерлерінің бірі. Мешіт атауы сопылық ағымдағы ең құрметті тұлға – Қожа Ахмет Яссауидің (XII ғасыр) құрметіне қойылған. Мешіттің алып тұрған ауданы 17,8 га. Ол 10 000 адамды бір уақытта сыйдыра алады. Орталық Азияның ең ірі мешіті үш жыл бойы соғылып, 2012 жылдың шілде айында салтанатты түрде ашылған болатын. Алып ғимарат шығыс ертегілеріндегі сарайларды еске түсіреді. Астананың ең көрікті сәулет өнері ескерткішіне айналған бұл мешіттің құрылысына 1500 құрылысшы мен шеберлер ат салысқан.

Хазрет Сұлтан мешіті дәстүрлі шығыс стилінде тұрғызылған, оның қасбеті мен ішкі интерьерінде негізгі түс ретінде тазалық пен тектіліктің белгісі – ақ түс таңдалған. Мешіт күмбезінің биіктігі – 51 метр, диаметрі – 28 метр. Бас күмбездің айналасында сегіз кіші күмбездер орналасқан, ал мешіттің бұрыштарында 77 метрлік төрт мұнара бой көтерген. Ғимаратты безендіруде дәстүрлі қазақ ою-өрнектері молынан қолданылған.

Құрылыс ішінде кең ғибадат залдары, неке қию залы, Құран оқуға және семинаристтерді оқытуға арналған бөлмелер, сонымен қатар гардероб және дәрет алатын бөлмелер орналасқан. Мешіттің орталық залында иманның мызғымас атмосферасы мен ғимараттың алыптығын әсірелеп тұратын үлкен ақ бағаналар бар. Орталық залды үш тонналық аспалы шам жарықтандырып тұрады. Ең маңызды құндылықтардың бірі – күмістен жасалған 40 кг-дық Құран кітабы. Ол Мәскеу ақша сарайында ең жоғары пробалы күмістен құйылған. Сонымен қатар мешітте кезінде Әмір Темірдің (XVI ғ.) меншігінде болған Құран кітаптың қолжазбасының түпнұсқасы сақтаулы.





«Астана Балет» театры

Орналасқан жері:	51°5'51.306"N, 71°25'6.593"E, Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет. 2012 ж.
Кезең:	мәдениет мекемесі.
Нысан мәртебесі:	«Астана Балет» театры 2012 жылы Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бастауымен құрылған.
Тарихи деректер:	<p>Ғимарат – классикалық пропорциялар мен ультра заманауи минималистік мәтінді ұқыпты біріктірген ерекше кешен. Ашық реңктер балет өнерін сипаттайтын жеңілдік пен көтеріңкі рух сыйлайды. Театрдың орталық кіреберісіне сахнада орын алатын таңғажайып көріністі болжап тұрғандай бишілердің әсем мүсіндерінен тұратын композициялар көрік беріп тұрады. Шыны беттер мен нақышты конструкциялардың көптігі ерекше атмосфера сыйлайды. Фойе мен көрермендер залы байсалдылығымен, ықшамдылығымен және керемет үйлесімділігімен ерекшеленеді. Театрдың жалпы ауданы – 15 467 шаршы метр.</p> <p>Көрермендер залы 783 орынға есептелген, оның ішінде 609 орны партерде және 104 орны екінші деңгейдегі, 70 орны үшінші деңгейдегі балконда. Сахна ауданы 536 шаршы метрді құрайды. Авансцена, арьерсцена мен қуыстарды қоса есептегенде, жалпы сахна көлемі 1000 шаршы метрден асады. Оркестр орны 50-60 музыкантқа ыңғайластырылған.</p> <p>Бүгінде «Астана Балет» театрының ұжымы Қазақстан балет топтарының арасында алдыңғы қатарлы орындарға ие. Театрдың ең соңғы заманауи техникалық мүмкіндіктері кез келген күрделі деңгейдегі музыкалық-хореографиялық қойылымдарды іске асыруға мүмкіндік береді.</p>





«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры

Орналасқан жері:	51°8'3.973"N, 71°24'38.560"E, Астана қ., Д. Қонаев көш., 1.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2013 ж., сәулетші Б. Паколли.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен 2010-2013 жылдары тұрғызылды. Алғашқы маусымы қазақ музыкасының жауһары «Біржан - Сара» операсымен ашылды.</p> <p>Жоба сәулетшісі – Беджет Паколли. Ғимарат әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған. Қазақ ұлттық нақыштарын ерекше биязы және нәзік түрде қолдану бүкіл кешенге ерекше аура беріп тұрады. Қасбеттегі маңдайшаны М. Мансұров пен Т. Ермекова мүсіншілердің «Қобызшы» және «Жетіген ұстаған қыз» атты керемет композициялары безендіріп тұрады.</p> <p>Ғимарат маңдайшасында Өмір Ағашының Мұнар басында отырған аңыз болған Самұрық құсы бейнеленген. Театр тәжі ретінде төрт сәйгүлік жегілген квадриганы басқарып келе жатқан сақ ханшайымы Томирисінің мүсіні қойылған (мүсін авторы Қ. Нұрбатыров).</p> <p>Кіреберіс, фойе, көрермендер залы және негізгі сахна қатаң классикалық академикалық стильде жасалған. Театр 9 га аумақты алып жатыр. Ғимарат ауданы 64 000 шаршы метрге тең. Оның ішінде 3 000 шаршы метрге жуығын сахна аймағы алып жатыр. Оның жанында екі жақ қалташалар және аръерсцена орналасқан. Безендірулер олар алдын ала дайындалатын жер - аръерсенаның кең аймағында қойылған. Оркестрге арналған шұңқыр 120 музыкантқа арналып есептелген. Басты залда 1250 орын бар. Камералық зал 250 адамды сыйдыра алады. Ғимараттың акустикасын Италия мен Германияның алдыңғы қатарлы мамандары баптаған.</p> <p>«Астана Опера» театрының сахнасы әлемдік деңгейдегі опера және балет классикасы мен заманауи қойылымдарымен жандандырылған.</p>





Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

Орналасқан жері:	51°7'9.235"N, 71°28'14.232"E, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 54.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2014 ж., архитектуралық тұжырымдаманың авторы В. А. Лаптев.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі – Орталық Азиядағы ірі музейлердің бірі және Қазақстандағы ең үлкен музей.

Музей Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бұйрығымен 2013 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында салынған.

Музей Тәуелсіздік алаңы маңындағы Тәуелсіздік сарайымен, Бейбітшілік және келісім сарайымен, Әзірет Сұлтан мешітімен және Ұлттық өнер университетімен үйлесім тауып орналасқан. Музей ғимаратының ерекше архитектуралық формасы оның жоғары функционалдығына кедергі келтірмейді және 74 000 шаршы метр аумақты алып жатыр.

Музей әрқайсысында тоғыз қабатқа дейін бар жеті бөліктерден тұрады. Кіреберіс төбесіне бекітілген алып алтын бүркіт фойенің сәнін кіргізіп тұр. 14 000 шаршы метр аумақты алып жатқан экспозициялық аймақта 11 зал орналасқан: Астана залы, Тәуелсіздік залы, Алтын зал, Ежелгі және ортағасырлық тарих залы, Тарих залы, Этнография залы, Заманауи өнер залы. Музейдің құрамында ұлттық мұраны зерттеумен айналысатын «Халық қазынасы» ҒЗИ жұмыс жасайды.

Музей ішінде балалар музейі, балалар шығармашылығы орталығы, екі көрме залы, реставрациялық шеберханалар, лабораториялар, кәсіби қорлар, оқу залы бар ғылыми кітапхана, конференц зал, кәдесый киосктарына арналған орындар қарастырылған. Музей әлемдік стандарттарға сай жабдықталған. Көптеген экспозицияларда заманауи көрме технологиялары қолданылады: арнайы контент қойылатын екі залға жұмыс істейтін иілген экран, медиа еден, Астана орталығының динамикалық макеті, көптеген медиаэкрандар, голограммалар, жарықдиодты LED-техника, сенсорлы дүңгіршектер және ақпаратты үш тілде беретін мультимедиялық гид.

Музей – көптеген мәдени акциялар іске асырылатын баршаға ашық және заманауи алаң.





«Барыс-Арена» көп функционалды мұзайдыны сарайы

Орналасқан жері: 51°6'32.778"N, 71°23'51.461"E, Астана қ., Тұран даңғылы, 75/1.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2015 ж., IT Engineering S. A. жобасы.

Нысан мәртебесі: Спорт кешені.

Тарихи деректер: «Барыс-Арена» мұзайдыны сарайы «Барыс» хоккей клубының үй алаңы болып табылады. Кешен құрылысы 2012 жылы басталған. Ресми ашылуы 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қатысуымен өтті. Оның көп функционалдығы оның қажет болғанда басқа да спорт түрлеріне және әр алуан мәдени, ойын-сауық түрлеріне арналып қайта жабдықтала алатындығында. Ғимараттың сыртқы келбеті көк және қола түстерді жалғандықпен жасалған.

Зал сыйымдылығы – 12 000 адам. 288 орын ойын алаңына шығатын панорамалық әйнектері бар мейрамханада орналасқан.

Сарайда олимпиадалық жүзу және секіру бассейндері бар. Ғимараттың ішкі интерьерінде ақ түс басым.

Әр ойын басында мұз үстіндегі лазерлік 3D шоу көрсетіледі.

Ғимараттың күмбез асты кеңістігінде ҚХЛ лигасына мүше қатысушы елдердің мемлекеттік тулары ілінген.





EXPO-2017 көрме кешені

Орналасқан жері:	51°5'13.106"N, 71°25'21.806"E Астана қ., Қабанбай батыр, Мәңгілік Ел, Ұлы Дала және Т. Рысқұлов көш. ортасында, Назарбаев Университетінің қарама-қарсысында.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2017 ж., Adrian Smith+Gordon Gill Architecture компаниясының жобасы (АҚШ).
Нысан мәртебесі:	көрме кешені.
Тарихи деректер:	2017 жыл Қазақстан үшін ерекше оқиғамен – «Болашақ энергиясы» тақырыбында өткен EXPO халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізумен белгілі болды.

Кешеннің сәулет тұжырымдамасының негізіне танымал философ және эколог Джереми Рифкиннің жұмыстары алынды. ЭКСПО-ның ең үздік жобасына жарияланған конкурста Adrian Smith+Gordon Gill Architecture компаниясының жобасы тұрақты даму мен шығармашылық сәулет жағынан ең үздік ретінде танылды.

Көрме кешенінің жалпы ауданы 174 га-ны құрайды. Қазақстанның және ЭКСПО 2017 ғимараттар кешенінің арасында есте қалар символ ретінде «Нұр әлем» павильоны көзге ерекше түседі. Ол – сегіз қабатты сфера пішіндес алыстан көрінетін үлкен ғимарат. Бұл павильон да жас астананың өзіндік бір символына айналды.

Кешен «Болашақ энергиясы» атты негізгі тақырыптық тұжырымдама айналасында қалыптасқан. 2017 жылдан бастап кешен ерекше қорғауға алынған мемлекеттік сәулет өнерінің нысаны ретінде танылды. Нәтижесінде қазақстандық елдорданың жаңа символы ең танымал туристік орынға айналды. Сонымен қатар халықаралық конгресстер, форумдар мен конференциялар, симпозиумдар мен ресми іс-шаралар өткізуге қолайлы мүмкіндіктері бар Конгресс-Центр да ерекше көзге түседі.

Конгресс Центр ғимараты мөлдір шатыры бар ерекше құрылымға ие. Ол жанындағы қонақ үй комплексімен бірге бір архитектуралық ансамбль құрып тұрады. Ғимарат сәулеті жас тәуелсіз мемлекеттің қазіргі және болашақтағы жетістіктерінің динамикасының символы іспетті.





«Нұрлы Жол» теміржол вокзалы кешені

- Орналасқан жері:** 51°6'53.168"N, 71°31'51.193"E, Астана қ., А-82 көш., 8.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2017 ж., Buro Happold (Ұлыбритания), Tabanlıoğlu Architects (Түркия), Jamas (Германия) компанияларының ортақ жобасы.
- Нысан мәртебесі:** халықаралық, көлік кәсіпорны.
- Тарихи деректер:** вокзал кешені – алты деңгейлі жалпы ауданы 126 000 шаршы метр болып келетін ғимарат. Бірінші және екінші деңгейде 740 орынға есептелген автотұрақтар бар. Үшінші деңгейде – перрондарға шығыс, төртіншіде – күту залы, бесіншіде – кафе және мейрамханалар, алтыншыда – вокзал әкімшілігі орналасқан. Әр қайсысы вокзал ғимаратына тікелей кіріп тұратын шығыстары қарастырылған алты отырғызу-жөнелту жолдары бар. Вокзал күнделікті 35 000 жолаушыға қызмет көрсетуге есептелген.

Астананың «Нұрлы жол» теміржол вокзалының дизайн-жобасы негізінен әлемге әйгілі «Tabanlioglu Architects» түрік сәулет өнері бюросының жұмысы болып табылады. Ол Стамбулдағы сәулетші Мұрат Табанлыоғлы және оның әкесі – түрік сәулет өнерінің көрнекті шебері Хаяти Табанлыоғлымен жасалған болатын. Бұл компанияның ең танымал жұмыстары ретінде Стамбулдағы Ататүрік Мәдени орталығының (1977 ж.), Стамбул заманауи өнер мұражайының, Дубайдағы Crystal Towers тұрғын үй және кеңселер кешенінің және тағы басқа жобалары саналады.

Вокзалдың басты ерекшелігі – оның конкурста, темір жолдарының үстінде орналасқандығында. Бұл оның тиімділігін, ықшамдылығын жоғарылатып, кеңістікті оңтайлы қолдануға мүмкіндік береді.

Ғимарат ыңғайлылық пен қауіпсіздіктің барлық заманауи талаптарына толықтай жауап береді.





Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы

Орналасқан жері: 51°6'59.36"N, 71°26'34.25"E, Астана қ., Ә. Бөкейханов көш., 1.


Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2014 ж., сәулетші Норман Фостер.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі и образования.

Тарихи деректер: «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы» мемлекеттік мекемесі 2014 жылы құрылған. Бұл жерде Президенттің жеке кітапханасы мен архивінен бірегей экспонаттар, сонымен қатар Н. Ә. Назарбаевке басқа елбасылар мен олардың өкілдері тарту еткен өнер туындылары мен бағалы сирек кездесетін тарихи туындылар сақтаулы. Н. Ә. Назарбаевтың жеке кітапханасы экспонаттары ішінде келесідей қайталанбас басылымдар ерекше назар аудартады: Леонардо да Винчидің эскиздері бар альбом, Қасиетті Құран кітабы басылымдарының жинағы, Ф. Шлоссердің «Дүниежүзі тарихы», 1838 жылғы «Энциклопедиялық лексикон» басылымы және тағы басқалары. Президенттің жеке архиві қорында 130 000 астам сақтаулы заттар бар. Олардың барлығы ел көшбасшысының жолын және тәуелсіз Қазақстанның құрылу кезеңдерінің қамтып көрсетеді.

Кітапхана қорымен қатар оның британдық сәулетші Норман Фостер жобасын жасаған ғимараты да ерекше. Сырттан ол көк аспанға бағытталған алып көзге ұқсайды. Кітапхананың жалпы ауданы 30 000 шаршы метрді құрайды, ол заманауи сараптамалық, мәдени, білім беру және ғылыми-зерттеу орталығының функцияларын толыққанды орындауға мүмкіндік береді.





«Этноауыл» ұлттық мәдени кешені

Орналасқан жері:	51°6'77.47"N, 71°38'60.31"W, Астана қ., Қарқаралы тасжолы 1, «Қазанат» ипподромының аумағында орналасқан.
Ескерткіш/нысанның түрі:	ансамбль.
Кезең және авторы:	2017 ж.
Нысан мәртебесі:	жаппай келіп кету орны.
Тарихи деректер:	EXPO-2017 – әлемдік қауымдастықты заманауи Қазақстанмен, оның мыңжылдық салт-дәстүрлерімен жан-жақты таныстыратын әлемдік деңгейдегі маңызды оқиға. Осы мақсатта ерекше мәдени-туристік және имидждік жобаға айналған «Этноауыл» ұлттық мәдени кешені салынды.

«Этноауылдың» барлық экспозициялары 30 киіз үй ішінде қойылған және келушілерді қазақ халқының ежелден келе жатқан, бүгінгі күнге дейін сақталған бай тарихы, мәдениеті, өнері және дәстүрлерімен біртіндеп таныстырады. «Этноауыл» «Қазанат» ипподромының аумағында орналасқан және 2 500 шаршы метрді құрайды. Кешен аумағына «Этноауылда» ерекше атмосфера жасайтын кіші сәулет формалары және көптеген шығармашылық безендіру элементтері сән беріп өзгерту.

Ипподромның өзі – классикалық ат үсті спорттық іс-шаралар өтетін ғана емес, сонымен қатар ежелгі көшпенділердің ұлттық спорт түрлерін қазіргі заманда белсенді үгіттейтін және дамытатын да орын.

Қазірде «Этноауылда» музыкалық және театралдық өнер фестивальдері, суретшілердің және қолөнер шеберлерінің шеберлік сыныптары, кәсіптік және көркемөнер көрмелері және тағы да басқа мәдени іс шаралар өтеді.





Есіл өзеніндегі вело және жаяу жүргіншілер көпірі

Орналасқан жері: Астана қ., Есіл өзені жағалауы

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет

Кезең: 2018 ж.

Нысан мәртебесі: инженерлік көлік құрылысы

Тарихи деректер: Бұл көпір Атырау облысының Астананың мерейтойына жасаған сыйлығы болып табылады және 2018 жылдың жазында салтанатты түрде ашылды. Көпірдің ерекшелігі оның тек вело және жаяу жүргіншілерге қызмет көрсететінінде ғана емес, сонымен қатар ол – заманауи сәулет стильдерінің арасындағы ең креативті бағыттардың бірі – параметризм стилінің айқын үлгісі. Көпір «бөгетсіз кеңістік» форматында жобаланған.


Көпір Атырау облысының символы – балықтың бейнесіне ұқсас. Оның бірегей ажурлы дизайны және ерекше инженерлік конструкциясы көпірдің жаяу жүргіншілер аумағында жарық пен көлеңкенің керемет ойынына ұқсас әсер жасайды. Көпірде бекіре балық түріндегі кішігірім мүсін орнатылған, ол да Атырау облысының символы болып табылады. Нысан ашылған күннен бастап сәттілік пен бақыт тілеп бекіренің мүсінінің жонын сипау салты қалыптасып кетті.

Көпірдің ұзындығы – 313,5 метр, ал ені – 10,5 метр. Онда алты метрлік жаяу жүргіншілер жолағы және үш метрлік велосипедшілер жолағы бар. Көпір ауа-райының ерекшеліктерін ескере отырып салынған, оның беткі қабатына аса төзімді литакрил төселген. Құрылыстың жалпы салмағы – 1 920 тонна. Көпірге арналған металл бөлшектерін осы секілді нысандарды тұрғызуға бейімделген ресейлік «Курганстальмост» компаниясы өндірді.

Көпір елорданың символдарының бірі ғана емес, сонымен қатар тұрғындар мен велосипедшілердің сүйікті демалыс орнына айналды.



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



33
НЫСАН



Алматы – Қазақстан Республикасының ең ірі қаласы, мемлекеттің оңтүстік шығыс жағында Іле Алатауының бөктерінде орналасқан. 2018 жылдың мәліметтері бойынша қала халқының саны 1 806 833 адам. Қазір қала астана мәртебесіне ие еместігіне қарамастан, Алматы республиканың қаржылық, экономикалық, ғылыми және мәдени орталығы болып табылады. Бұл жерде бизнес құрылымдар мен мәдени институттардың – театр, музей, кинотеатр, өнер галереялары, арт-кеңістіктер, көрме залдары мен көптеген заманауи сауда, ойын-сауық кешендерінің шоғырлануы Алматыны бүкіл Орталық Азияның танылған мәдени орталығы етеді.

Тарихшылар мен археологтардың пікірінше, Алматының жасы кем дегенде мың жылды құрайды. 2016 жылы дүниежүзілік ЮНЕСКО ұйымы Алматының 1000-жылдығын мерейтойлар қатарына қосты. X-XIV ғғ. аралығында қаланың қазіргі орнында үлкен және белсенді ортағасырлық Алмату қонысы орын тепкені белгілі. Археологиялық қазба жұмыстары көрсеткендей, Алмату VIII-XI ғасырларда Ұлы Жібек Жолының бойындағы елді мекен ретінде қалыптасқан. Оның жеткілікті дамыған қалалық және мәдени инфрақұрылымы, сонымен қатар базарлары, қолөнер шеберханалары және тағы басқа маңызды құрылымдары болған. Алматының Жетісу жеріндегі және жақын аймақтардағы сауда-экономикалық қарым-қатынастағы маңыздылығын XIII ғасырда жеке ақша жасау сарайының бар болғандығы дәлелдейді.

Қаланың келесі даму кезеңі XIX ғ. ортасына сай келеді, ол кезде қазіргі Алматы орнында кейінірек Верный деген атауға ие болған «Заилийское» әскери тұрағы қалыптасты. Бұл бекініс айналасында Ресейден, Сібірден, Қытайдан көш аударғандар, ұйғырлар, қазақтар қоныстана бастаған өзіндік ядро секілді болды. XIX ғ. 70-жылдары қала айтарлықтай өсіп, Жетісу облысының әкімшілік орталығы атанды.

Ғасырлар тоғысында Верный қаласында маңызды қоғамдық-мәдени инфрақұрылымның барлығы: билік құрылымдары, ғылыми институттар, гимназия, училище, театр және кітапхана, саябақтар және тағы басқалары шоғырланды. 1921 жылы қала Алма-Ата деген жаңа атауға ие болды.

Елорданы 1929 жылы Қызылордадан Алма-Атаға көшіру қаланың белсенді дамуы мен өсуін одан әрі жылдамдатты. Ұлы Отан соғысы кезінде Алма-Атаға КСРО-ның еуропалық бөлігіндегі көптеген завод, фабрика және басқа да өндіріс орындары эвакуацияланды, бұл, әрине, Алма-Атаның әкімшілік және экономикалық орталық болуымен қатар қуатты өнеркәсіп торабына айналуына әсерін тигізді. Ең жақсы дамыған жеңіл және тамақ өнеркәсібі болды.

1993 жылы Алма-Атаға оның ежелгі атауы Алматы қайтарылды. Президенттің 1998 жылғы «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы ретінде жариялау туралы» бұйрығына сәйкес, Алматы республикалық маңызы бар қала ретінде танылды. Бейресми түрде ол «оңтүстік астана» болып қалды.

Қазақ тілінен аударғанда Алматы «алмалы» деген мағына береді және бұл қаланың алма бақтары арасында орналасқандығының бір көрінісі. Алматы апорты – осы аймақтағы ең танымал алма сорты ғана емес, сонымен қатар қаланың өзіндік бренді және мақтанышы.

2014 жылдан бастап Алматының стратегиялық дамуы «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы» кластерлік форматында іске асырылып келеді. Бұл өз кезегінде қала және оған қарасты агломерацияларға шығармашылық аймақ ретінде өзін-өзі мәдени танытуға арналған тиімді орта құруға үлкен мүмкіндіктер тудырады.

Әр түрлі форматтағы мәдени мекемелердің – 17 театр және концерт залдары, 18 кинотеатр, 30-дан астам мұражайлар, 40 кітапхана, көптеген мейрамханалар мен ойын-сауық кешендері, 1000-ға жуық әртүрлі спорт ғимараттары, зоопарк және тағы басқаларының болуы Алматыны туристтерге өте тартымды етеді.







«Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені

Орналасқан жері:	43°18'45.3"N, 76°52'01.4"E, Алматы қ., Алатау ауданы, Алматы қаласының солтүстік батысындағы Боралдай кентінің оңтүстік шығыс жағы, Үлкен Алматы өзенінің сол жағалауының жоғарғы жағы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	археология.
Кезең:	б.з.б. VI-III ғғ.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер:	«Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені ерекше тарихи-археологиялық жәдігер бола тұра, мегаполистің аймағында орналасқан деп айтуға да болады. Оның ежелдігінен басқа ерекшелігі – темір дәуірінен қалған, адам баласы тиіспеген, қалаға жақын орналасқан жалғыз обалар екендігінде.

Жалпы ауданы 430 га болатын аумақта сақ және үйсін тайпаларының ақсүйек әулеттеріне тиесілі 52 жерлеу орындары орналасқан. Қорғандардың биіктігі 10 және 14 метр аралығында, кейбіреулерінің диаметрі 100 метрге жетеді. Қорғандар солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған топты құрайды. Солтүстік жағында кішігірім обалар болса, оңтүстігінде ірілері бар. Өлшемі бойынша ең ірі қорған айналасында тас құрбандық шалатын орын және сақ дәуіріне тән аң стилінде тасқа қашалып салынған азаптау көріністері бар обелиск сақталып қалған.

Археологтардың айтуынша, шетте орналасқан қорғандар кейінірек – түркілер кезінде тұрғызылған болуы мүмкін. Олар сақ қорғандарға қарағанда әлде қайда кеш және қатардағы қоғам мүшелеріне тиесілі болуы мүмкін. Археологиялық кешен жанында сақ дәуірінің тұрғын үйлері мен жерлеу қорғандарының тарихи қалпына келтірілген модельдері орналасқан. Ол жерде келушілер Қазақстанның оңтүстік өңірін мекендеген ежелгі адамдардың өмір салтымен және тұрмысымен таныса алады.

Бұл ашық аспан астындағы музей ғылым, мәдениет және білім беру тұрғысынан аса маңызды табиғи, мәдени ландшафт болып табылады.





М. А. Гаврилов саудагердің бұрынғы үйі

- Орналасқан жері:** 43°14'34.9"N, 76°56'27.6"E, Алматы қ., Желтоқсан көш., 167.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** XX ғ. басы, сәулетшісі А. П. Зенков.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** үй XX ғ. басында атақты верныйлық сәулетші және қала құрылысшысы А. П. Зенковтың жобасы бойынша танымал жергілікті саудагер А. С. Гавриловтың отбасына арналы салынған.

Алексей Степанович Гаврилов сәтті кәсіпкер, селекционер және аймақтағы темекі өнеркәсібінің негізін салушы болған. 1894 жылы А. С. Гаврилов темекі фабрикасын ашқан, ал оның өсіріп шығарған темекі сорты көптеген халықаралық көрмелерде жоғары деңгейлі 200 марапатқа ие болды. «Жетісулық» және «Кнейстер гавриловский» сорттары Париж, Барселона және Неапольде Гран-при иеленіп, ерекше танымал болды. А. С. Гавриловтың ісін XX ғасырдың 30-жылдары алғашқы Алматы мемлекеттік темекі фабрикасының директоры болған ұлы М. А. Гаврилов жалғастырды.

Гавриловтар үйі – ғасырлар тоғысында Верный қаласында танымал болған жаңа орыс стиліндегі ежелгі ағаш сәулет өнерінің ескерткіші. Ол – он екі бөлмесі бар бір қабатты үлкен үй, оны бір орыс және сегіз голландиялық пештер жылытып тұрады. Үй іші көз тартар ағаш оймалармен бай безендірілген.

1928 жылы үй мемлекет қарамағына берілді. 1973 жылға дейін ғимарат басқа мекен-жайда тұрған болатын, кейінірек бұзылып қазіргі тұрған орнына көшірілді. 1980 жылы үй қала құрылысы және сәулет ескерткіші ретінде кең ауқымды қайта қалпына келтіруден өтті. Ол жерде Сыртқы істер Министрлігі орналастырылды. Қазіргі таңда ол – Алматы қаласы әкімінің қабылдау үйі.





Орталық мәдениет және демалыс паркі

Орналасқан жері:	43°15'40.5"N, 76°57'56.8"E, Алматы қ., Гоголь көш., 1.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1856 ж. парктің негізі қаланған, 1934 ж. қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген
Нысан мәртебесі:	мәдени ойын-сауық мекемесі.
Тарихи деректер:	Орталық мәдениет және демалыс паркінің негізін 1856 жылы бағбан ғалым Г. Криштопенко Верный қаласының маңында, Кіші Алматы өзенінің бойында верныйлық офицерлер корпусының демалыс орны ретінде салған болатын.

Парк аз уақыт ішінде барлық қала халқының дем алатын орнына айналып, «Қазыналық парк» деген атауға ие болды. Оның негізін қылқан жапырақты қолдан отырғызылған ормандар алды. Үлкен ғылыми тәжірибесі бар Г. Криштопенко оларды қалалық әуесқой бағбандарды тарту арқылы отырғызды. Жергілікті ауа-райы мен топырақ құрамын сараптамадан өткіздіргеннен кейін бағбандар ташкенттік, пензалық және қырымдық ботаникалық бақтардың дәндік қорларына сұраныс тастады. Нәтижесінде верныйлық парк тек демалыс орны емес, сонымен қатар жеміс беретін және көкөністік өнімдерді, декорациялық өсімдіктерді, жібек құрты ұрықтарын, омарта өсіретін және селекциялайтын орталыққа айналды. 1871 жылы атақты верныйлық орманшы ғалым Э. Баумның бастамасымен Верный бағбандық мектебі ашылған болатын. Революциялық заманға дейін парк кең ауқымды ормандық және бау-бақшалық алқаптарға, дәмхана, би алаңы, демалыс жаппалары, үлкендер мен кішкентайлардың үстел үсті және белсенді ойындарына арналған орындарға ие болған.

1935 жылы шеткі территориясында Алматы зоопаркі тұрғызылды. Дәл сол жылы парк «М. Горький атындағы мәдениет және демалыс паркі» деген атаумен белгілі болды. 1965 жылы парк КСРО аймағындағы ең үздік мәдениет және демалыс паркі болып танылды. Қазір Орталық мәдениет және демалыс паркі қала тұрғындары мен қонақтарының ғасырлық ағаштар көлеңкесі мен гүлденген жасыл табиғат аясында дем алатын сүйікті орны.

Келушілерге әртүрлі жастағы балалар мен ересектерге арналған аттракциондар, заманауи динопарк, аквапарк және экстремалдық ойын-сауық орталығы, түр-түрлі қоғамдық тамақтану орындары және арт-кеңістіктер ұсынылған.





Мәдениет және ақпарат министрлігі өкілдігінің ғимараты

- Орналасқан жері:** 43°15'39"N, 76°57'25.6"E, Алматы қ., Гоголь көш., 37.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1890 ж., сәулетші А. П. Зенков.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** ғимарат қайталанбас архитектуралық және тарихи ескерткіш болып табылады, оны А. П. Зенков жобалаған және 1890 жылы тұрғызылған. Ғимараттың қабырғалары Алатау еменінен ойылып жасалған оюлармен безендірілген. Бұл екі қабатты төртбұрышты орталық бөлігі алдыға шығып тұратын ғимарат. Екі қабаттар арасында көлденең орналастырылған ағаштан ойып жасалған өрнектермен әрленген. Терезе ойықтары да ойылған ағашпен қапталған. Бұл тарихи ескерткішті қайта қалпына келтіру жұмыстары 2003-2004 жылдары жүргізілген. Жұмыс барысында ғимараттың қасбеті, ағаш шатыр жабыны және іші бұрынға қалпына келтірілген.





Вознесение шіркеуі

- Орналасқан жері:** 43°15'31.6"N, 76°57'09.8"E, Алматы қ., 28 гвардияшыл-панфиловшылар паркі, Гоголь көш., 40 В.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1904-1906 жж., сәулетшілер К. А. Борисоглебский, С. К. Тропаревский, инженерлер Н. И. Степанов, А. П. Зенков.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Вознесение шіркеуі қала мен бүкіл аймақтың ең жарқын көрікті орындарының бірі болып саналады. Ғимаратты оның көркемдігінен басқа, қолданылған бірқатар инженерлік-техникалық жаңалықтар да ерекшелеп тұрады. Дәл осы ерекшелігі шіркеуге ұзақ уақыт бойы алғашқы қалпын сақтап тұруға, сонымен қатар 1910 жылы орын алған жойқын жер сілкінісінен де аман қалуға көмектесті.

Вознесение кафедралды шіркеуінің тарихы XIX ғасырдың 70-жылдарынан басталады. Сол кездің өзінде жоспары мен құрылымы дайындалған болатын, бірақ құрылыс жұмыстары тек 1904 жылы Жетісу облыстық басқармасының құрылыс бөлімінің бастығы, подполковник А. П. Зенковтың қадағалауымен басталды. А. П. Зенковтың серпілісті жаңа инженерлік енгіздірулеріне темірбетон құрылымдарды, ауа алмасу жүйесін, ағаштарды өңдеуде антисептиктерді және су шығарғыш қалалдарды қолдануын жатқызуға болады.

Ең маңызды инновациясы – аймақтың сейсмикалық қауіпті екендігін ескере отырып осындай биік ғимарат салуында. 1907 жылы шіркеу салтанатты түрде ашылып, қала тұрғындарының қалауы бойынша Иса Мәсіхтің қайта көтерілуіне бағышталған. Бүгінде Вознесение шіркеуі – ескі сәулет өнерінің ерекше ескерткіші. Ол дүниежүзіндегі ең биік ағаш ғимараттардың бірі және ағаштан жасалған ең биік православие шіркеуі мәртебелеріне ие. Оның биіктігі – 39,64 метр, екі мыңға жуық адамды сыйдыра алады. Вознесение шіркеуі үш бөлімнен тұрады, олардың әрқайсысы Құдайдың көтерілуіне, Қасиетті Құдай-Ананың уағызына және Вера-Надежда-Любовь және олардың анасы София – Жетісу жерінің қамқоршыларына арналған. 1927 жылы бұл жерде Құдайға құлшылық ету тоқтатылып, 1929 жылдан бастап Қазақ КСР-нің орталық мемлекеттік музейі орналасқан. 1976 жылы алғашқы айтарлықтай ауқымды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген болатын. 1995 жылы Вознесенск шіркеуі орыс православие шіркеуіне қайтарылып, Құдайға шоқыну қайта басталды. 1993 жылы Вознесение шіркеуі Алматы мемлекеттік тарихи-сәулет өнері қорықтары қатарына енгізілді.





№4 мемлекеттік резиденция ғимараты

Орналасқан жері: 43°14'40.6"N, 76°56'53.7"E, Алматы қ., Назарбаев даңғылы, 162.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1905-1908 жж. сәулетшісі белгісіз, болжам бойынша П. Гурде.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: ғимарат көрнекті верныйлық фабрикант және қаланың құрметті тұрғыны Т. А. Головизинге арналып тұрғызылған. Сәулетшінің кім екені белгісіз, дегенмен архитектуралық стилистикасы мен бірқатар айрықша ерекшеліктеріне қарап ол верныйлық танымал инженер және сәулетші П. Гурдэ болған деп болжауға болады.

Үй ғасырлар тоғысындағы саудагерлер жекежайының кең тараған үлгісі болып табылады. Ол – модерн стилінде салынған айқын эклектикалық қасиеттері бар бірқабатты құрылыс. Ғимараттың бұрышы көркем сүмбісі бар апсида түрінде салынған, ал сырты қабырғалардың жарқын түсін тиімді көрсетіп тұратын ақ жапсырма өрнектермен бай безендірілген. Көлеңке мен күннің көзінде ойнап тұратын өсімдіктер түріндегі жапсырма элементтер үйге ерекше салтанаттылық пен әдемілік беріп тұрады. Ғимаратта жоспарлаудың анфиладты – тұзу бір сызық бойына орналастыру принципі қолданылған.

1918 жылы ғимарат мемлекет меншігіне берілген. Одан кейінгі уақыттарда онда балабақшадан бастап коммуналдық пәтерлерге дейінгі көптеген мекемелер орналасты. Кейінірек, үйдің сөзсіз тарихи және архитектуралық құндылығы оның Министрлер Кеңесінің қарамағына өтуіне себепші болды. Өткен ғасырдың 50-жылдары мұнда мемлекеттік элитаның өкілдері тұрды, кейінірек үйде салтанатты кездесулер мен жоғары шенді шетелдік қонақтарды қабылдаулар өтті.

Қазіргі уақытта ғимарат қалпына келтіріліп, №4 мемлекеттік резиденция ретінде қолданылады.





Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің ғимараты

- Орналасқан жері:** 43°15'33.9"N, 76°57'24.8"E, Алматы қ., 28 гвардияшыл-панфиловшылар паркі, Зенков көш., 24.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1908 ж., сәулетшісі А. П. Зенков.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** бұл музейдің алатын орны ерекше, себебі Орталық және Орта Азиядағы жалғыз және әлемдегі тек халық музыка аспаптарына маманданатын бес музейдің бірі.

Музей 1980 жылы Қазақстан Үкіметінің жарлығы негізінде ашылды. Оны ашу бастамасы танымал қоғамдық және мемлекеттік қайраткер, академик Өзбекәли Жәнібековке (1931-1998 жж.) тиесілі болды. 1990 жылы музейге Ықылас Дүкенұлы (1843-1916 жж.) – қазақ халық композиторы және қобызшысының аты берілді. Бүгінде музей орналасқан ғимарат атақты верныйлық сәулетші А. П. Зенковтың (1863-1936 жж.) жобасы бойынша салынды. Алғашында бұл құрылыс Верный қаласы офицерлерінің жиналыс орны ретінде қарастырылған болатын. Ғимарат – «ропетов стилі» ретінде танымал жаңа орыс стилінде орындалған көне ағаш сәулет өнерінің ерекше үлгісі.

Мұнара түріндегі төртжақты шатыр төбесінде одан кішірек төртжақты шатырмен жабылған кішігірім шолу алаңы орналасқан. Терезе жақтаулары, маңдайшалар, үлкен есікалды қалқасы, есік жақтаулары және басқа да бөлшектері көз тартарлық ағаш оюлармен молынан безендірілген. Кеңестік заманда оларға үйлесімді қазақ ою элементтері қосылған болатын. 2012-2013 жылдары музей ғимаратында кең ауқымды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген болатын. Ғимарат айтарлықтай жаңарып қалды, себебі мамандар ғимараттың түпнұсқалық түрін сақтап қалуға барынша тырысты, ал музейдің ішкі келбеті түбегейлі өзгерді, нәтижесінде музей ең жоғары технологиялы мәдени институттар қатарына енді.





«Қызыл Таң» маталар үйі

- Орналасқан жері:** 43°15'44.6"N, 76°57'02.8"E, г. Алматы, ул. Жибек жолы, 39.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1912 ж., сәулетші А. П. Зенков.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** ертеректе саудагер Ғабдуалиевтер отбасының сауда үйі ретінде танымал, қазіргі «Қызыл таң» маталар үйі XIX-XX ғасырлар тоғысындағы сәулет өнерінің қызықты ескерткіштерінің бірі.

Бұл ғимараттың авторы – атақты верныйлық сәулетші және инженер А. П. Зенков. 1896 жылы қаладағы ең бай саудагерлер Ғабдуалиевтер отбасының тапсырысы бойынша бұл үйдің жоспарын қала құрылысы саласындағы басқа маман – П. Гурдэ бастаған болатын. Бірақ бірнеше себептермен құрылыс жұмыстары кейінге қалдырылып, соңынан мүлдем тоқтатылған. 1912 жылы А. П. Зенков қайта жоспарлауды жүргізіп, ғимаратты қайта салды.

Ғимарат созылған Г әрпі пішіндес, орталық қасбеті бар бір қабатты құрылыс болып келеді. Ғимараттың жалпы ауданы 1450 шаршы метр. Бас кіреберістің үстінде қабыршақты жабыны мен кішігірім сүмбісі бар көлемді төртжақты күмбез орнатылған. Құрылыстың орталығындағы және жандарындағы қасбеттері үйлесімді жапсырмамен, ағаштан ойып жасалған терезе жақтаулары мен шілтерлі жиектермен көркемделген. 1931 жылы ғимарат мемлекет қарамағына беріліп, ол жерде «Торгсин» дүкені ашылған болатын.

Өткен ғасырдың 80-жылдары бұл тарихи ғимарат толықтай жөндеуден өтіп, бұл жерде қала мен аймақтағы ең үлкен маталар дүкені ашылды. Оның жаңа «Қызыл таң» деген атауы өзіндік брендке айналды. 2009 жылы кең жайылған өрт салдарынан шатыр мен қойма бөлмелері бар қосымша құрылыс толық дерлік жанып кетті. Келесі жылдары ғимарат мен дүкен толығымен қалпына келтірілді.

Қазір ол бұрынғыдай өте танымал маталар үйі.





Т. Қ. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының корпусы

Орналасқан жері:	43°15'06.5"N, 76°56'40.2"E, Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 136-а.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1927-1931 жж., сәулетшілер М. Я. Гинзбург, И. Миллинис. республикалық маңызы бар тарих
Нысан мәртебесі:	және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	

Ғимарат XX ғасырдың 30-жылдарындағы қала архитектурасының «конструктивизм» стиліндегі үлгісін көрсетеді. Қазіргі таңда Алматы бойынша тек осы ғимарат ТМД көлеміндегі 100 кеңестік архитектуралық авангардтар тізіміне енген. Қазақ КСР Үкімет үйінің ең үздік жобасына жарияланған 1927 жылғы жарыста конструктивизмнің ең танымал шеберлерінің бірі Моисей Гинзбургтің жұмысы жеңіп шықты. И. Миллинистің қатысуымен құрылыс жұмыстары екі жылда аяқталды. Ғимарат өзара өткелдермен байланысқан бірнеше үлкен бөліктерден тұрады. Функционалдық және мағыналық тұрғыдан құрылыс ішінде мәжіліс залдары, вестибюль, партиялық және қоғамдық құрылымдарға арналған корпустардың бар болуы шарт еді. М. Гинзбург жобасының ерекшелігі – ғимараттың қолдану мақсатына байланысты егжей-тегжейіне дейін алдын-ала қарастырылуында. Үкімет үйі халыққа қолжетімді алғашқы қоғамдық ғимарат ретінде ойластырылған болатын. Сол себепті оның келбеті биліктің ашықтығы мен мөлдірлігін көрсетіп тұруы және жаңа еркін дәуірдің бейнесі болуы керек еді. Өкінішке орай, сәулетшілер ойға алған барлық идеяларды жүзеге асыра алмады (мысалы, шатырдағы бақша және хауыз).

Ғимараттың интерьері айқын көрінетін аскетизммен ерекшеленді, бірақ барлық міндеттерін сәтті орындаған. М. Гинзбург климаттық және сейсмикалық ерекшеліктерді, тау бедеріне байланысты дұрыс бағдарларды да ескерді. Көптеген техникалық және технологиялық жаңалықтар қолданылды: жақсырақ жылу ұстау үшін және іргетасқа азырақ салмақ түсіру үшін қабырғалары қамыспен толтырылған тұтас темірбетонды қаңқа, жаңа құрылыс материалдары және тағы басқалары. 1931-1982 жылдар аралығында мұнда Қазақ КСР-нің Үкімет үйі, Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесі, С. М. Киров атындағы ҚазҰУ-дың оқу корпусы орналасқан болатын. Кейінірек және бүгінгі күнге дейін ғимарат Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына тиесілі.





Қазақстан Республикасы ғылым академиясының бас корпусы

Орналасқан жері: 43°14'47.6"N, 76°57'10.7"E, Алматы қ., Шевченко көш., 28.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1948-1953 жж., сәулетшілер А. В. Щусев, А. И. Простаков.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Ғылым академиясының бас ғимараты 1948-1953 жылдар аралығында салынған маңғаз архитектуралық ансамбльдің негізгі бөлігі болып табылады. Бас ғимарат жоспарының авторлары атақты сәулетші А. В. Щусев және КСРО-ның құрылыс инженерлік жұмыстар саласындағы ең ірі мамандардың бірі А. И. Простаков болды. Басты ғылым ордасын салудың бастамасы ҚазКСР Ғылым академиясының бірінші президенті Қ. И. Сәтпаевқа тиесілі. Ғылым академиясының ғимараты үш білікті композицияны құрайды: алдыңғы босаға, монумент және оның екі жағындағы екі корпусы.

Құрылыс қайраттылықты, мінсіз талғамды, алыптықты және мемлекеттік масштабты жақсы үйлестірген. Ұлттық мәтінге келтірілген асқан сәулет дизайны, қарапайым анық сызықтар, нақты функционал және өзіндік безендірулер бұл нысанды кеңестік азаматтық құрылыстың үлгісі етеді.

Бас ғимарат оның айналасында соғылған бірнеше корпустардан, ғылым академиясы алдындағы фонтандар мен біртуар қазақ ғалымы Ш. Уәлихановтың сегіз метрлік ескерткішінен тұратын ансамбльдің негізі болды. 1980 жылы бас ғимараттың оңтүстік жағынан жаңа корпус тұрғызылды, ол қазір «Ғалымдар үйі» деген атпен көпке таныс (жоба авторлары В. Экк, М. Павлов, А. Ордабаев, М. Звонцов, Н. Белоусова, Б. Вагайцев және басқалары). Қазір бас ғимаратта елдегі ең үлкен ғылыми кітапхана, бірнеше ғылыми музейлер, бас вестибюль, үлкен және кіші конференц залдар, әкімшілік бөлім, аудиториялар және тағы басқа көптеген бөлмелер орналасқан.

Бұл жерде 1979 жылы салынған ерекше «Шығыс күнтізбесі» фонтаны да өзіне назар аудартады (В. З. Кацев, В. С. Твердохлебов, А. Б. Татаринев).





Екі рет Кеңес Одағы батыры С. Д. Луганскийдің бюсты

Орналасқан жері: 43°15'31.5"N, 76°56'26.4"E, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, Гоголь және Әйтеке бе көш. арасында.

Ескерткіш/нысанның түрі: ескерткіш жасау өнері.

Кезең және авторы: 1947 ж., сәулетші И. И. Белоцерковский, мүсінші Н. И. Павлов.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: ескерткіш төрт метрлік тұғырға қойылған қола мүсін болып табылады. Тұғырдың қасбетіне келесі сөздер жазылған қола тақтайша бекітілген: «Кеңес Одағының батыры – капитан С. Д. Луганскийді екінші «Алтын жұлдыз» медалімен марапаттау туралы КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығы. Басшылықтың әскери тапсырмаларын бұлжытпай орындағаны және неміс басқыншыларымен майдандағы күтесте көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры капитан Сергей Данилович Луганскийге екінші «Алтын жұлдыз» медалі берілсін және оның ерен ерлігіне деген құрмет үшін марапатталушының отанында қола мүсін жасалып, тұғырға қойылсын. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы М. Калинин. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының хатшысы А. Горкин. Мәскеу. Кремль. 1944 ж. 1 шілде».

Сергей Данилович Луганский (1918-1977 жж) – 270-ші жойғыш авиация полкінің әуе эскадрильясының атақты командирі және екі рет Кеңес Одағының батыры. Ұлы Отан соғысы кезінде С. Д. Луганский қарсыластардың 37 әуе кемелерін жалғыз өзі жойып, көптеген ерліктер жасады.

Ескерткіш қалалық саябақта орналасқан және Алматының бұрынғы әкімшілік орталығы сәулетінің ажырамас бөлігі болып табылады.





Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының ғимараты

- Орналасқан жері:** 43°14'56.4"N, 76°56'44.9"E, Алматы қ., Қабанбай батыр көш., 110.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1936-1941 жж., сәулетшілер Н. Круглов, Н. Простаков, Н. О. Оразымбетов, Т. Басенов, В. Бычков, П. Поливанов.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:**

Абай атындағы қазақ опера және балет театры 1933 жылы құрылған, 1941 жылы оған арнап әлі күнге дейін қаланың өзіндік визит картасы болып қалған жаңа сәулетті ғимарат салынған болатын. 1933 жылы Алма-Ата опера театры ғимаратының ең үздік жобасына бүкілодақтық конкурс жарияланған болатын. Нәтижесінде Н. А. Кругловтың жұмысы үлкен басымдылықпен жеңіске жетті. Бұл жобаның Санкт-Петербургтегі Александр театрымен ұқсастықтары бар, дегенмен Алма-Аталық театр өз санатында ерекше. Биік емес көлемді стилобатқа орнатылған негізгі корпустың параллелепипеді ауқымды жасыл бақтың ортасында орналасқан.

Театр алдындағы алаңға жарығы бар үлкен төртбұрышты фонтан көрік беріп тұрады. Бас кіреберіс басты ғимараттан кішкене алдыға шығып тұратын жерде орналасқан, оның үстінде төрт төртбұрышты бағаналар орнатылған. Құрылыстың сырт келбеті ампир және италиялық классикалық стильдердің құрамасы ретінде орындалған. Театрдың сыртқы қабырғалары дөрекі қашау мен жапсырма безендірулермен көркемделген, мүсіндік медальондарда өнер тақырыбындағы қанатты сөздер жазылған. Жапсырма безендірулерде классикалық және ұлттық ою-өрнектер өте әдемі үйлесім тапқан. Театрдің ішкі интерьері аса бай және талғаммен жасалған. Қабырғаларда фреска, жапсырма, алтынмен жалату және гобелендер бар.

1995-2000 жылдар аралығында театр ғимараты кең ауқымды қайта қалпына келтіру жұмыстарына ұшырады. Ондағы басты мақсат құрылыстың ерекшелігін сақтай отырып, оны ең жаңа технологиялық мүмкіндіктермен жабдықтау еді. Жалпы бұл мақсатқа қол жеткізілді: театр өзінің танымал кейпін сақтады және интерьерін ұлттық мәдени кодты білдіріп тұратын жаңа дизайнерлік шешімдермен байытты.





Амангелді Имановтың ескерткіші

- Орналасқан жері:** 43°15'57.5"N, 76°56'22.4"E, Алматы қ., М. Мәметова және М. Мақатаев көш. арасындағы саябақ.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1947 ж. орнатылған, сәулетші Т. Қ. Басенов, мүсінші Х. Н. Аскар-Сарыджа.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** Амангелді Имановтың құрметіне қойылған ескерткіш Алматыдағы ең алғашқы монументалды ескерткіштердің бірі болды. 1916 жылғы Ортаазиялық ұлт-азаттық қозғалыстың батыры салт атта отырған кейпінде бейнеленген. Х. Н. Аскар-Сарыджа жобасының негізінде XVII-XVIII ғғ. батыс еуропалық және орыс бейнелеу дәстүріне тән «винт тәріздес құрылым» принципі қолданылған. Бұл нысандағы маңыздысы – А. Имановтің бет-әлпеті оның суреттердегі түріне айнымай ұқсауында.

Бұчарда техникасы мен оюлы безендіру қолданылған сұр граниттен жасалған тұғыр үстінде алып қола мүсін орнатылған. Ескерткіштің биіктігі 6,3 метр. Жалпы композицияны төрт құмырадағы кішігірім гүлбақтар аяқтап тұрады, жылдың жылы мезгілдерінде оларда гүлдердің түр-түрлері өседі.

Амангелді Иманов (1873-1919 жж.) – Торғай уезінің тумасы және ұлттық қаһарман. Жас кезінен өзінің еркін, азатшыл көзқарастарымен және нақты азаматтық ұстанымымен ерекшеленген ол 1905 жылдан бастап патшалық режимге қарсы тұрды, ал 1916 жылы қуатты тойтарыс беруді басқарды. Торғай мен Торғай облысындағы әскери комиссар болған.





Қазақстан-Британ техникалық университетінің ғимараты (Бұрынғы Қазақ КСР-ның Үкімет үйі)

Орналасқан жері: 43°15'19.8"N, 76°56'35.6"E, Алматы қ., Төле би көш., 59, Астана алаңы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1951-1957 жж., сәулетшілер Б. Р. Рубаненко, Т. А. Симонов.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: өткен ғасырдың ортасында бұл ғимарат қаладағы ең қомақты құрылыстардың бірі болды. Мақұлданған жобасы Моспроектің конструкторлық бюросына тиесілі етін, ал техникалық сызбалары Казгорстройпроектте орындалды. Құрылыс жұмыстары 1938 жылы басталып, соғыс жылдарында тоқтатылған болатын, тек 1951 жылы аяқталды. Ғимараттың сегіз бағанамен ұсталып тұратын үлкен порты бар алдыңғы беті оңтүстікке (тауларға) және 1980 жылға дейін қаланың басты алаңы болған алаңға қарап тұрады. Ғимараттың солтүстік, шығыс және батыс жақтары фонтандары бар кішігірім саябақтарға беттелген. Бұл бес қабатты тік төртбұрышты стилобатқа орнатылған құрылыс өзара кең өткелдермен байланыстырылған көлемді үш бөліктен тұрады. Барлығының композициялық орталығы – мәжіліс залы. 1972 жылғы қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде оған екі қанаты қосылып соғылды. Классикалық пропорцияларына қарамастан, ғимараттың безендірулері ұлттық ерекшеліктің элементтерін үйлесімді сыйыстырған. Ғимарат Жоғарғы Кеңеске арналып салынған, әр жылдары бұл жерде Министрлер Кеңесі және Қазақ КСР Компартиясының Орталық комитеті орналасқан. Жаңа Үкімет үйі және оның алдындағы алаң салынғаннан кейін Компартия Орталық комитеті сонда көшірілді. 1998 және 2001 жылдар аралығында ғимаратта Алматы облысының әкімшілігі орныққан болатын. 2001 жылдан бастап қазірге дейін құрылыс Қазақстан-Британ техникалық университетіне тиесілі.

Ғимарат алдындағы алаң бейресми түрде «Ескі алаң» деп аталып, қаланың әртүрлі мерекелік, ойын-сауық, спорттық іс-шаралары мен жәрмеңкелерін өткізетін орталық алаңдардың бірі болып табылады.





Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың ескерткіші

Орналасқан жері:	43°14'35.2"N, 76°57'27.0"E, Алматы қ., Достық даңғылы, 56.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1960-1961 жж., сәулетші И. И. Белоцерковский, мүсінші Х. Наурызбаев.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Абай Құнанбаевтың ескерткіші Алматының өзіндік визит карточкасы болып табылады. Қалада ескерткіштердің көптігіне қарамастан, бұл – ең танымал және сүйіктісі.

1938 жылы ҚазКСР Үкіметі үш атақты тұлға – А. Иманов, Абай және В. Чапаевтың ескерткіштеріне конкурс жариялады. Мәскеуде Абай ескерткішінің ең үздік жобасына жарыс жарияланды, оған ең атақты және дарынды шеберлер қатысты. Ең қатал іріктеуден өткен он алты конкурстық жұмыстар арасында ең шығармашыл деп танылғаны Абайды тыныш, сабырлы және салмақты күйінде бейнелеген болатын. Сол кездеге Мәдениет сарайының (кейін оның орнына В. И. Ленин атындағы Мәдениет сарайы тұрғызылды) алдында отырғызылған саябақ ағаштарының жасылы арасында тұруы үшін ескерткіш тұғыры төмен етіп ойластырылған. Бірақ бұл жоба сол күйі іске аспады.

1960 жылы елдің барлық аумақтарынан жиналған мүсіншілер арасында басымдылық қазақстандық ісмер Х. Наурызбаев – отандық пластикалық өнердің хас шеберіне берілді. Ол қазақтың ұлы ақыны, ойшылы және ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалаушы тұлғаның жалғыз дұрыс, терең ойлы бейнесін таба білді. Ескерткіштің биіктігі 14 метрге жетеді. Алдыға қадам басып келе жатқан Абайдың мүсіні қызыл граниттен жасалған трапеция тәріздес алып тұғырға орнатылған. Бір қолымен кітап, екіншісімен иығына жамылған шапанын ұстап тұр. Бұл дене тұрысы ұлы ақынның игі бекзаттығы мен ол сенімді алға жылжып келе жатқандай сезімін тудырады. Абайды бет-әлпеті байсалды, ойға шомған. Х. Наурызбаев Абайдың бұл кейпін бірден жасай қойған жоқ, мүсінші талай рет ақынның туған жерінде болып, үлкен ізденіс жұмыстарын жүргізген. Автордың айтуынша, көптеген сәтсіз талпыныстардан кейін түсінде дәл осы бейнені көрген. Бұл оны өзіндік бір аян мен бата ретінде санаған. И. А. Белоцерковскийдің сәулет дидайымен бірге Х. Наурызбаевтың монументі қазақстандық өнердің тарихына енді.





«Атакент» қазақстандық кәсіби серіктестік орталығы

Орналасқан жері:	43°13'30.2"N, 76°54'21.3"E, Алматы қ., Тимирязев көш., 42.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1961 ж., Н. Рипинский, А. Соколов, Ю. Земляницын, И. Михайловский, А. Пушилина.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі, көрме-экспозиция орталығы.
Тарихи деректер:	<p>«Атакент» қазақстандық кәсіби серіктестік орталығы 1959-1961 жылдар аралығында тұрғызылған бұрынғы көрме кешенінің орнына салынған заманауи көрме-экспозиция орталығы болып табылады. Сол замандағы бүкілодақтық беталысқа еліктеп, Алма-Атада Ұлттық шаруашылық жетістіктерінің көрмесі (ВДНХ) республикалық кешені салынған болатын. Ол Қазақстанның экономикалық, технологиялық табыстарын таныстыруға арналған орын болды. 100 га аумақты алып жатқан кешен республикалық ботаникалық бақпен шектесіп жатады. Жобада өндіріс пен ауыл шаруышылығының әртүрлі салаларына арналған 9 негізгі павильон, 25 әкімшілік және басқа да құрылыстар, 46 таныстырылым алаңдары және лекция залы бар кинотеатр қарастырылған болатын.</p> <p>Көрме салтанатты түрде 1961 жылы ойластырылған нысандардың бір бөлігімен ашылған болатын, олардың саны кейіннен тек өсті. Тез уақытта кешен аймағы ең танымал таныстырылым алаңына және демалыс пен мейрам күндері халықтың қыдыратын орнына айналып кетті. Жаздық аспан астындағы «Ракета» кинотеатры да бірден кешеннің ғана емес, қаланың да ерекше орнына айналды.</p> <p>Көп жылдар бойы, тіпті қазіргі уақытқа дейін кешеннің визит картасы ретінде орталық кіреберістің бейнесі танылды. Бастапқыда ол флаштоктары бар бірнеше домалақтанған пилондар болған, өткен ғасырдың 80-жылдары олар алюминиймен жабылған оқ тәріздес алып аркаларға ауыстырылды. Соңғы рет аркалар 2015 жылы жөндеуден өтті.</p> <p>Қазір «Атакент» қазақстандық кәсіби серіктестік орталығының аумағы – қаладағы ең үлкен көрме алаңы.</p>





М. О. Әуезовтың әдеби-мемориалдық музей-үйі

Орналасқан жері:	43°14'36.4"N, 76°56'59.2"E, Алматы қ., Төлебаев көш., 185.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1963 ж. музей ашылды, үй 1951 ж. тұрғызылды, сәулетші Г. Г. Герасимов.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	<p>біртуар қазақ жазушысы, ғалым және қоғам қайраткері М. О. Әуезов (1897-1961 жж.) туралы естеліктерді сақтап қалу үшін 1961 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен оның мемориалды мұражайын ашу туралы шешім қабылданды. 1963 жылы М. О. Әуезовтың әдеби-мемориалдық музей-үйі алғашқы келушілерді қарсы алды. Бұл үйде М. О. Әуезов өмірінің соңғы онжылдығында тұрды. Дәл осы жерде әйгілі «Абай жолы» романы аяқталған болатын. Үйді және жазушының қолжазбалары мен жеке кітапханасынан тұратын жеке қорын оның жұбайы ҚазКСР ғылым академиясының әдебиет және өнер институтына тапсырды. 1961-1971 жылдар аралығында бірінші жинақтама көрсетілді, оның концепциясының авторы суретші Н. П. Александров болды. 1973 жылы жинақтама айтарлықтай жаңарып, кеңейді, сол күйінде ол 90-жылдардың ортасына дейін өзгеріссіз болды. 1993-1997 жылдар аралығында музей айтарлықтай ауқымды қайта қалпына келтіру жұмыстарына ұшырады. Оның мақсаты үйдің алғашқы қалпын және М. О. Әуезовтың жұмыс орнын алғашқы қалпына келтіру болды. Ойдағыны іске асыру үшін жаңа құрылыс тұрғызылды. Қазір жазушының жұмыс бөлмесін ғана емес, сонымен қатар кітапханасын және басқа бөлмелерін де бұрынғы қалпына ең жақын күйде көруге болады.</p> <p>Өзінің алғашқы көрмелік қызметінен басқа, бұл әдеби музей-үй – айтарлықтай үлкен ғылыми орталық, себебі оның жинағы байыпты зерттеуді талап ететін бірегей ұлттық мұра болып табылады.</p> <p>Қазір музейде елдің ХХ ғасырдағы тарихын жазушының тұлғасы, қазақ интеллигенциясының қаймағы болған оның араласу ортасы, достары мен жақындары тұрғысынан сипаттайтын он бір зал бар.</p>





«Көк төбе» паркі

Орналасқан жері: 43°16'00.7"N, 76°58'33.3"E, Алматы қ., Достық даңғылы, 104 А.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1967 ж., сәулетшілер Терзиев, Савченко, Әкімов.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар ескерткіш.

Тарихи деректер: 1984 жылы Көк Төбе тауының төбесінде ол кезде әлемдегі ең биік және сейсмикалық тұрақты телевизиялық мұнара орнатылды (әлемде 14 орында). Биіктігі 370 метрден асатын мұнара бірден қала тұрғындары мен қонақтары үшін өзіндік шамшырақ ретінде болды. 2004 жылы кең ауқымды нығайту жұмыстарының жүргізілуіне байланысты төбе көрермендерге жабық болды, бұрынғы аспалы жол техникалық және моралды түрде ескірген деп танылып, толығымен ауыстырылды. 2006 жылы бұл жерде «Көк Төбе» паркі және франциялық және ресейлік инженерлік-техникалық компаниялармен бірігіп тұрғызылған жаңа аспалы жол жұмысын бастады. Бүгінде «Көк Төбе» паркі – бүкіл аймақтың қызықты және сұранысқа ие көрнекті орны. Ол жерге аспалы жол және арнайы автобустық маршрутта жетуге болады. Парк аумағында бірнеше шолу аймағы бар керемет саябақ, балаларға арналған ойын-сауық паркі, кафе және мейрамханалар жүйесі, кішігірім шығармашыл мүсіндік және архитектуралық формалар, кәдесый дүкендері және шағын зоопарк бар.

Көк Төбе – табиғи геологиялық нысан, қаланың оңтүстік-шығыс шетінде орналасқан. Төбе теңіз деңгейінен 1130 метр биіктікте орналасқан. Бұрынғы ғасырдың 60-жылдарына дейін тау «Веригин тауы» деп аталып келген.

Бұрыннан төбе туристік жаяу серуен орны болған. 1967 жылы таудың төбесі мен станциясы В. И. Ленин атындағы Мәдениет сарайының (қазір Республика Сарайы) жанында орналасқан қаланың мәдени орталығын байланыстырып тұратын аспалы жол іске қосылды. Жолдың ұзақтығы шамамен 2 км, жүріп өтуге кететін уақыт – 6 минут. Бұл аспалы жол бірден қаланың көрікті нысанына айналды. Тау төбесінен қалаға және тауларға керемет көрініс ашылады.





Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы

- Орналасқан жері:** 43°14'25.8"N, 76°55'35.1"E, Алматы қ., Абай даңғылы, 46.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1967 ж., 2010 ж. қайта қалпына келтірілді, сәулетшілер В. Кацев, О. Наумова.
- Нысан мәртебесі:** спорттық-мәдени кешен.

Тарихи деректер: Балуан Шолақ атындағы спорт сарайы 1967 жылы Қазанның 50-жылдығы атындағы спорт сарайы ретінде ашылды. Алма-Атаға мұндай статусты нысан өте қажет еді, сол себепті Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы дене шынықтыру және спорт бойынша Мемлекеттік комитет сарайдың салынуын КСРО құрылған күнінің мерейтойына орайластырды.

В. Карцев пен О. Наумованың конструкторлар М. Кашарский, З. Волков, С. Матвеев және Ю. Плахотниковпен бірігіп жасаған жобалары мұзда сырғанау, бокс, күрес және де тағы басқа спорт түрлері бойынша жарыстарды қабылдай алатын әмбебап спорт алаңын тұрғызу мақсатын көздеді. Бұл алып қуатты ғимаратта 6 000 орынға есептелген 4 трибуналы басты зал (68x33 метр), жасанды мұз дайындайтын бөлмелер мен технологиялар, медициналық бөлім және методикалық кабинеттер болды. Өткен ғасырдың 90-жылдары Сарайға атақты қазақ суырыпсалма ақыны және күресшісі Балуан Шолақтың (1864-1919 жж.) аты берілді.

2009 жылға дейін Сарай қаланың басты спорт алаңы болды. Одан кейінгі екі жылда ғимарат 2011 қысқы Азиада ойындарына спорттық инфрақұрылымды дайындау аясында кешенді қайта жөндеу жұмыстарынан өтті.

Қазір спорт сарайы әр түрлі спорт түрлері бойынша іс-шаралар өткізу үшін барлық техникалық және технологиялық құралдармен: заманауи электронды есеп тақтасы, жаттығу және шынығу залдары және тағы басқаларымен жабдықталған. Бұл жерде әртүрлі уақыттарда республикалық, континенталдық және дүниежүзілік деңгейдегі олимпиадалық спорт түрлерінен жарыстар өтті.





Шоқан Уәлихановтың ескерткіші

Орналасқан жері: 43°14'50.1"N, 76°57'10.6"E, Алматы қ., Шевченко көш., 28. Қазақстан Республикасы ғылым академиясының алдындағы алаң.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1969 ж. мүсінші Х. Наурызбаев, сәулетші Ш. Ы. Уәлиханов.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Шоқан Уәлихановтың ескерткіші Алматыдағы ең есте қалатын монументтердің бірі. Ол мағыналық және композициялық жағынан қазақстандық ғылым ордасының – ғылым академиясының, бірнеше ғылыми-зерттеу институттарының, саябақтардың, фонтан мен алаңның архитектуралық ансамблін толықтырып және біріктіріп тұрады.

Қазақ халқының біртуар ұлы, ғалым, этнограф, саяхатшы, ағартушы және фольклоршы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835-1865 жж.) ескерткіші Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының басты кіреберісіне қарама-қарсы алаңда орнатылған.

Бұл рухы мен сұлулығы жағынан таңқаларлық ескерткіштің авторы – атақты мүсінші және қазақстандық пластикалық өнер мектебінің хас шебері Х. Наурызбаев.

Созылыңқы төртбұрышты қара мәрмәрмен қапталған тұғырда Ш. Уәлихановтың қола мүсіні тұрғызылған. Жап-жас Шоқан бейнесі терең ойға шомған күйде бейнеленген. Сымбатты, офицерлік тұрысы бар, даланың текті ақсүйектен шыққан тұлға айналадағының барлығын өзгертін уақыт ағысына бағыныссыз, оны байқамай тұрғандай. Х. Наурызбаев Ш. Уәлихановты әрдайым елден ерекше етіп тұратын ой ұшқырлығын, ниеттерінің тектілігі мен жоғарылығын аңғарып, дұрыс жеткізе білді. Бұл туындысы үшін Х. Наурызбаев 1970 жылы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Ш. Уәлихановқа арналған көптеген ескерткіштердің арасында бұл ескерткіштің орны ерекше.





М. Ю. Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры

Орналасқан жері:	43°14'34.5"N, 76°56'38.5"E, Алматы қ., Абай даңғылы, 43.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1969 ж. сәулетшілер Г. Горлышкова, В. Давыденко, В. Руденко, М. Былинкина және басқалары.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	

М. Ю. Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры – тек Қазақстан ғана емес, сонымен қатар Орталық Азиядағы ең танымал академиялық театрлардың бірі. Театрдың негізі 1933 жылы қаланды, оның бастамасында көптеген танымал кәсіби актерлер тұрды, бұл өз кезегінде қойылым процессіне және актерлік шеберлік деңгейіне үлкен деңгей мен талаптар қойды. М. Ю. Лермонтовтың туғанына 150 жыл толуына орай 1965 жылы Алма-Ата орыс драма театрына оның аты берілді. 1969 жылы театр оған арнайы салынған жаңа ғимаратқа орналасты. Алып заманауи төрт бұрышты ғимарат ақ мәрмәрмен қапталған, екі залы (үлкен және кіші) және театрға қажетті басқа да бөлмелері бар. 1974 жылы театрға «академиялық» деген мәртебе берілді.

2006-2008 жылдар аралығында театр капиталды жөндеуден өтті. Барлық коммуникациялық жүйелер жаңартылып, театр алдындағы алаң қайта жасалды, ал театр ішінде ең заманауи сахналық жарық және дыбыс құрылғылары орнатылды. «Лермонтовшылар» деген атаумен белгілі театр труппасы өздерінің көрермендерін әрдайым қуанытып отырады. Классикалық спектакльдермен қоса, репертуар заманауи қойылымдармен де жаңарып отырады. Театр бірнеше рет ТМД және алыс шет елдерде өткен әр алуан фестивальдер мен шығармашылық конкурстардың лауреаты атанған.

2013 жылы М. Ю. Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры өзінің 80-жылдық мерейтойын атап өтті. Қаншама жылдар өткеніне қарамастан, театр классикалық театр мектебінің дәстүрлеріне берік болып қалды.





Республика Сарайы

Орналасқан жері:	43°14'35.1"N, 76°57'32.1"E Алматы қ., Достық көш., 54.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1970 ж., сәулетшілер Н. И. Рипинский, В. Н. Ким, Л. Л. Ухоботов, Н. Г. Ратушный, В. И. Кукушкин және басқалары.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	<p>В. И. Ленин атындағы мәдениет Сарайы 1970 жылы В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай салтанатты түрде ашылды. Бұл жоба үшін авторлар ұжымы КСРО мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Бұл ғаламат ғимарат өлшемі және мүмкіндіктері бойынша қала мен республиканың ең үлкен мәдени мекемесі болуы тиіс еді. Жобалау кезіндегі ең үлкен қиындық аймақтың сейсмикалық тұрақсыздығы мен теңіз деңгейінен биік болуында еді. Сегіз қуатты темірбетон тіреуіштер ауданы 10 000 шаршы метр болатын алып шатыр жабынын ұстап тұр.</p>

3000 орынға есептелген көлемді концерт залы партер, амфитеатр, балкон деп бөлінбейді, ол өз кезегінде залды одан сайын үлкен етіп көрсетіп, масштаб пен еркіндікті толығымен сезінуге мүмкіндік береді. Сахна ені 48 метр, тереңдігі 18 метр, бұл әртүрлі форматтағы концерттік қойылымдар мен шоуларды жасауға мүмкіндік береді.

Бұл жобада көп деңгейлі фойе Сарайдың әшекейі секілді ерекше рөл атқарады. Бұл кеңістікті тосын сахна ретінде санауға болады. 1991 жылы ғимарат атауы Республика Сарайы деп өзгертілді, ал 2010-2011 жылдары түбегейлі қайта жөндеу жұмыстарының өтті. Жұмыс нәтижесінде Сарай бұрынғы кейпінен әлде-қайда өзгерді, сыртқы жабыны мен терезелері толығымен өзгертілді, ал көрермендер залы 500 орынға кеміді. Есесіне ғимаратты өртке қарсы, ауа баптау және жылытудың ең жаңа жүйелерімен жабдықтады. Үлкен жер асты автотұрағы салынып, ғимарат алдындағы алаң өзгертілді. Маңызды жаңалықтардың бірі – ғимарат аумағында мүмкіндігі шектеулі адамдарға шектеусіз қозғалыс мүмкіндіктері салынды.





Қазақстан Республикасының Ұлттық Кітапханасы

- Орналасқан жері:** 43°14'30.0"N, 76°56'35.2"E, Алматы қ., Абай даңғылы, 14.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1970 ж., сәулетшілер В. П. Ищенко, В. Н. Ким, К. К. Кальпой, В. Н. Тютин, Э. К. Кузнецова.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** Қазақстан Республикасының Ұлттық Кітапханасының (бұрынғы А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана) негізі 1910 жылы Л. Н. Толстой атындағы Верный қалалық кітапхана-оқу залы ретінде құрылған болатын. Он жыл өте ол Жетісу облыстық қоғамдық кітапханасына дейін кеңейді. 1931 жылы ҚазКСР орталық атқару комитетінің бұйрығымен оның негізінде Қазақ КСР-ның мемлекеттік қоғамдық кітапханасы ашылды, ал алты жылдан кейін оған А. С. Пушкиннің аты берілді.

Аймақтағы ең ауқымды кітапхана болғандықтан, бұл жерде тек үлкен кітап сақтау бөлімі ғана емес, сонымен қатар ғылым, мәдениет және өнер саласындағы ғылыми-зерттеу және ақпараттық орталық қалыптасты. 1970 жылы кітапхана оған арнап тұрғызылған ғимаратқа көшірілді. Кітап сақтау бөлімінің көлемін, оқырмандар санын және қажетті бөлмелерді өзгерту, «Казгорстройпроект» институты өте функционалды, әдемі және заманауи жоба жасап шығарды. Кең көлбеу кіреберіс баспалдақтары тіктөртбұрышты ғимаратқа жеңілдік беріп тұрады.

Ыңғайлы каталог жүйесі, акустикалық тыныштықты қамтамасыз ету жүйелерін еске отырып жасалған оқу залдарының көптігі бұл мекемені Қазақстандағы ең үлкен кітапхана ғана емес, сонымен қатар келушілерге ең ыңғайлысы да етеді. 1991 жылы А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана Қазақ КСР Министрлер кабинетінің қаулысымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Кітапханасы деп өзгертілді. Бүгінде бұл кітапхана – елдің ең маңызды ақпараттық-танымдық орталығы, заманауи техникалық жабдықталған, оның қорлары әрдайым толықтырылып отырады, ал оқырмандар саны күнделікті өсіп келеді.





Әліби Жангелдиннің ескерткіші

Орналасқан жері: 43°20'25.0"N, 76°56'54.7"E, Алматы қ., Алматы 1 теміржол станциясының алаңы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1975 ж., Т. Досмағамбетов, О. Прокопьева, Ш. Уәлиханов.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Әліби Жангелдиннің ескерткіші – ұлттық стильдегі оюлармен безендірілген қара мәрмәрмен көмкерілген қомақты төртбұрышты тұғырға орнатылған монументалды мүсін. Ескерткіштің жалпы биіктігі 11 метр. Атақты революционер және қарапайым қазақтардың құқығы үшін күрескер Әліби Жангелдин екпінді және қайтпас тұлға болған. Ол қадам жасаған күйінде бейнеленген, фигура өте динамикалы және экспрессивті. Авторлар ұжымы батырды ерекшелеп тұратын қайнап тұрған қуаттылық пен энергияны жеткізе алды. Бұл туындылары үшін олар Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығымен марапатталды.

Әліби Тоғжанұлы Жангелдин (1884-1953 жж.) көрнекті саясат қайраткері, Қазақ КСР-ның орталық атқарушы комитеті және Жоғарғы Кеңес президиумы төрағасының орынбасары, алғашқы қазақ революционер және 1916 жылғы Торғай көтерілісінің қолбасшысы болған.





Даңқ мемориалы

Орналасқан жері:	43°15'33.9"N, 76°57'18.8"E, Алматы қ., 28 гвардияшыл-панфиловшылар паркі, Гоголь көш., 40.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1975 ж., мүсіншілер А. В. Артемович, В. В. Андрюшенко, сәулетшілер Т. Қ. Бәсенов, Р. А. Сейдалин.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Даңқ мемориалы 28 гвардияшыл-панфиловшылар паркінде орнатылған және сәулет өнері мен мүсіндеудің үйлескен кешені болып табылады.

Даңқ мемориалының салтанатты ашылуы 1975 жылы Ұлы жеңістің 30-жылдық мерейтойын орай өткен болатын. Парктің шығыс жағында ескерткіштің төрт бөлігіне арнайы орын бөлінген. Ескерткіштің төрт бөлігі: «Серт», «Даңқты таратушылар», «Ерлік» және «Мәңгілік алау», әрқайсысы өзіндік мағынаға ие, ал бірге олар Қазақстанның XX ғасырдағы тас пен қоладан жасалған ерлік жылнамасы секілді. Бірінші бөлік – «Серт» Қазақстандағы Кеңестік билікті орнатқан күрескерлердің ерлігі мен батырлығы туралы әңгімелейді.

Бұл бөлімді келесі бөлім де – «Даңқты таратушылар» қолдап тұрады. Ол батыр кернейші майдандас серіктеріне қандай эмоциялық көтеріліс пен күшті оптимисттік көңіл-күй сыйласа, көрерменге де сондай көңіл-күй сыйлайтындай. «Ерлік» композицияның мағыналық ортасы болып табылады және 1941 жылы Қазақстанда құралған панфиловшылар дивизиясының Мәскеуді қорғау кезіндегі бір сәтін көрсетеді.

«Мәңгілік алау» - барлық кешеннің жүрегі, ол 1975 жылы жағылып, сол кезден бері қала тұрғындары мен қонақтарының батырлар есімін еске алып, қастерлеуге келетін орны болып табылады.

Мәңгілік алаудың айналасында қара лабрадорит тастан жасалған 13 тіреу орнатылған, олардың әрқайсысында Ұлы Отан Соғысының батыр-қалаларынан алып келінген топырақ бар.





Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайының ғимараты

Орналасқан жері: 43°14'09.0"N, 76°55'07.3"E, Алматы қ., Көктем–3 ықшамауданы, 22/1.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1976 ж., сәулетшілер Б. М. Новиков, Э. К. Кузнецова, О. А. Наумова.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы еліміздегі ең үлкен бейнелеу өнері мұражайы және ғылыми-ағарту орталығы болып табылады. 1976 жылы құрылған. Жалпы, мұражай тарихы өз бастауын 1935 жылдан – мерейтойлы көркемөнер көрмесі негізінде Т. Г. Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемөнер галереясының ашылуынан алады. Оның басты мақсаты республикадағы бейнелеу өнерінің ең үздік туындыларын жинастыру болды.

1970 жылы Қазақстанның халық қолөнері мұражайы ашылды, ол жерде қазақ ұлттық декоративті қолөнер туындыларының айтарлықтай көрнекі коллекциясы жинақталды. 1976 жылы екі мұражайдың бірігуі арқылы Қазақ КСР мемлекеттік өнер мұражайы туындады және оған арнайылап салынған ғимаратта орналасты. Кең үш қабатты тік төртбұрыш пішіндегі заманауи ғимарат көрмелік және ғылыми-зерттеу блоктарына бөлінген.

Ғимараттың бір бөлігіндегі орталық залдың төбесін төрт қабырғалы шыны пирамида тәрізді күмбез жауып тұрады. Сырты ақ мәрмәрмен қапталған алып ғимарат елдегі бейнелеу өнері туындыларының ең үлкен коллекцияларының жиналған жеріне айналды. 1982 жылы ғимарат Қазақ КСР республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізілді және мемлекет қорғауына алынды.

1984 жылы Қазақ КСР мемлекеттік өнер мұражайына Қазақстанның ұлттық кескіндеме мектебінің негізін қалаушы, халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің аты берілді. Бүгінде мұражайда қазақ, орыс және батыс еуропалық бейнелеу өнерінің бірігей туындыларынан тұратын тұрақты экспозициялары бар алты зал бар (мұражайдың негізгі қорында 23 000-нан астам өнер туындылары сақтаулы). Сонымен қатар, онда бірнеше уақытша экспозиция залдары, кітапхана, ғылыми-зерттеу және қалпына келтіру орталығы, лекторий, дүкендер мен кәдесый дүкеншелері, жайлы кофехана және тағы басқалар бар.






Дінмұхаммед Қонаевтың ескерткіші

- Орналасқан жері:** 43°15'10.1"N, 76°56'58.7"E, Алматы қ., Бөгенбай батыр және Қонаев көш. қиылысындағы саябақ.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1978 ж., мүсіншілер Т. С. Досмағамбетов, А. Б. Татаринов, сәулетшілер А. Қ. Қапанов, Ш. Е. Уәлиханов, И. Я. Токарь, Б. В. Дмитриевский.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар ескерткіш.
- Тарихи деректер:** Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаевтің (1912-1993 жж.) – елеулі мемлекет және саясат қайраткері, Қазақ КСР КП ОК-ның бірінші хатшысы, үш мәрте Кеңестік Еңбек ерінің (1972, 1976, 1982 ж.) құрметіне қойылған бюст ескерткіш. Ол кездегі Кеңестік Еңбек ері атағын екі мәрте беру туралы заңға сәйкес, бұл ескерткіш Д. А. Қонаев тірі кезінде орнатылған.

1978 жылы Д. А. Қонаевтің тұратын жерінен алыс емес жерде классикалық бюст орнатылған болатын. Биік гранит стилобаттың ортасында төртбұрышты тұғыр орнатылған. Оның үстіне Д. А. Қонаевтың қола бюсты қойылған, оның қатаң костюмының қайырмасына КСРО-дағы ең мәртебелі екі медаль қадалған.

Ескерткіш айналасы жақсартылған және ескерткішке лайықты орта жасап тұрады. Мәрмәр және гранит тақталар, маңғаз жасыл шыршалар, әдемі фонтандар мен гүл шоғырларының көптігі бұл жерді Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін керемет серуен орнына айналдырды.





Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі

Орналасқан жері: 43°14'09.4"N, 76°55'01.8"E, Алматы қ., Самал-1 ықшам ауданы, 44.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1985 ж, сәулетшілер Ю. Ратушный, З. Мұстафина, П. Ырзағалиев.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі – Қазақстан мен Орталық Азияның ең ірі және көне музейлерінің бірі. Коллекция XIX ғасырдың 30-жылдарында Орынбор қаласында Неплюев әскери училищесінің жанында «Орынбор аймағының музейі» ұйымдастырылғаннан кейін қалыптаса бастады. Кейінгі уақыттарда бұл жинақ Жетісу музейлерінің қорынан келген экспонаттармен толығып, кеңейе бастады.

1931-1985 жылдары музей Вознесенск кафедралы шіркеуінің ғимаратында орналасты. 1985 жылдан бастап музей оған арнап салынған жаңа алып ғимаратқа көшірілді. Ю. Ратушный, З. Мұстафина және Б. Ырзағалиева сәулетшілердің жобасының мақсаты орталық республикалық тарих, археология мен мәдениеттің ордасы бола алатын, этникалық элементтері айқын көрініп тұратын монументалды, талғамы жоғары, заманауи ғимарат тұрғызу еді.

Бұл – ортасы үлкен жайпақ күмбезбен жабылған алпауыт төртбұрышты ғимарат. Құрылыстың екі ұзын жағын және төрт бұрышын кішігірім күмбездер безендіріп тұрады. Күмбездері аспан көк түске боялған, сыртқы ашық күлгін түстегі қасбетпен үйлескенде ерекші бір «шығыстық» әсер қалдырады. Музейдің жалпы ауданы 20 000 шаршы метрден асады, көрмелік кеңістігі 7 000 шаршы метр. Музейдің қоры 300 000-ға жуық экспонаттан тұрады.

Музейде ежелгі заманнан біздің уақытымызға дейінгі Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы және мәдениеті туралы баяндайтын тұрақты экспозициясы бар негізгі жеті зал орналасқан.





М. О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры

Орналасқан жері:	43°14'28.0"N, 76°55'05.0"E, Алматы қ., Абай даңғылы, 103.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1926 ж. негізі қаланды, театрдың жеке ғимараты 1982 ж. тұрғызылды. Сәулетшілер О. Баймырзаев, А. Қайнарбаев, М. Жақсылықов, инженерлер А. Брохович, М. Плахотков.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	М. О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры 1926 жылы Қызылорда қаласында пайда болды, дәл сол жылы Алматыға көшірілді. 1937 жылы театрға академиялық мәртебесі берілді, ал 1961 жылдан бастап ол атақты қазақ жазушысы және әдебиетшісі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың атын зор мақтанышпен иеленіп келеді.

1982 жылы театр жеке меншік, соған арнайылап салынған ғимаратқа орналасты. Әр жылдары ұжымда айтулы режиссерлер, әрлеуші суретшілер, атақты әртістер еңбек етті. Жыл сайын театрда 190-нан астам спектакльдер ойналады, олардың ішінде «Гамлет», «Ромео және Джульетта», «КүЖыл сайын театрда 190-нан астам спектакльдер ойналады, олардың ішінде «Гамлет», «Ромео және Джульетта», «Күнбатыс алдында», «Үйлену», «Абай», «Айман-Шолпан», «Қарагөз», «Сыған серенадасы», «Бес бойдаққа бір той», «Отыз ұлың болғанша», «Жаужүрек», «Аршын мал алан» секілді көпшілікке танымалдары да бар. Елдегі мемлекеттік тілде қойылымдар жасайтын алдыңғы қатарлы академиялық театр мәртебесімен қоса, бұл жер – ұлттық театр өнері саласындағы жас дарындарды даярлайтын бірден-бір орын.

Театр ғимараты – биік цоколь мен қуатты іргетасқа тұрғызылған алып құрылыс. Ғимараттың алдыңғы жағында әр көрерменді қарсы алғандай ұзына бойы мәрмәр баспалдақтар созылып жатыр. Театр ғимаратында жабдықтарға арналған цехтер мен шеберханалар, қызмет бөлмелері қарастырылған. Театрдың үлкен залы 756 орынға, кішкентай залы 276 орынға есептелген. Барабанды доңғалағы бар сахна әр түрлі күрделілік деңгейіндегі қойылымдарды іске асыруға мүмкіндік береді. Барлық дерлік спектакльдер үш тілге синхронды түрде аударылып отырады, бұл қойылымдарды кез келген көрерменге қол жетімді етеді. Қалалық инфрақұрылымда орналасқан жері, театр алдындағы алаңда фонтандар мен гүлзарлардың бар болуы, көк өсімдіктердің көптігі бұл жерді қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті мәдени демалыс орнына айналдарды. Театр алдындағы алаңда М. О. Әуезовтың ескерткіші орналасқан (авторы Б. Сергебаев).





Мұхтар Әуезовтың ескерткіші

- Орналасқан жері:** 43°14'28.0"N, 76°55'05.0"E, Алматы қ., Абай даңғылы, 103.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1982 ж., мүсінші Е. А. Сергебаев, сәулетшілер О. Ж. Баймырзаев, А. С. Қайнарбаев.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** М. О. Әуезовтың ескерткіші М. О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры алдындағы алаңда орнатылған. Қола ескерткіш атақты қазақ жазушысын оң қолында кітап ұстап отырған күйінде бейнелейді. Ескерткіш лабрадориттен жасалған биік тұғырда орнатылған. Театр алдындағы ашық алаң айналадағы ландшафтпен үйлесім тапқан мүсінді жан-жағынан жақсылап көруге мүмкіндік береді.
- Театр сырт-келбетінің ұстамдылығы мүсін композициясының стилистикалық шешімімен өте үйлесімді көрінеді. 1982 жылдың 26 қаңтарында ескерткіш ҚазКСР қала құрылысы және сәулет ескерткіштері қатарына енгізілген.
- Ұлттық кәсіби театр өнерінің қалыптасуы мен дамуы Мұхтар Әуезовтың атымен тікелей байланысты. Ең танымал қазақ қойылымдарының керемет сюжеттері дәл осы тұлғаның қылқаламынан туған. «Еңлік-Кебек» пьесасы, «Қарагөз» драмасы және тағы басқа көптеген қойылымдар қазіргі кезде еліміздегі қазақстандық театрлар репертуарының негізін құрайды.





Алматы қаласының орталық мешіті

- Орналасқан жері:** 43°16'04.8"N, 76°57'11.7"E, Алматы қ., Пушкин көш., 16. Мәметов көш. қиылысы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1993-1999 жж. сәулетшілер С. Қ. Баймағамбетов, Ж. Н. Шарапиев, К. Жарылғанов, конструкторы К. Р. Төлебаев.
- Нысан мәртебесі:** діни мекеме, діни зиярат орны.
- Тарихи деректер:**

Алматы қаласының орталық мешіті 1999 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қолдауымен ашылып, 76x50 метр өлшемді үш қабатты үлкен төртбұрышты ғимарат болып табылады. Құрылыстың бас күмбезінің биіктігі 36 метр, диаметрі 20 метр, екі деңгейлі барабанда орналасқан. Күмбез сталактиттерден тұратын белбеумен және Құран сүрелерімен безендірілген, төбесіне алтын жалатылған жарты ай орнатылған. Алғашында күмбездері жарқын көк түсті шыны қыш таспалармен беттелген болатын, кейірінірек олар алтын жалатылған пластиналарға ауыстырылды.

Оңтүстік батыс жағында қабырғадан шығып тұратын бес бұрышты михраб орналасқан, оның сырты оюланған және эпиграфикалық безендіруі бар қыш плиталармен жабылған. Мешіттің бұрыштары биіктігі 27 метр болатын күмбезді мұнаралармен оқшауланып тұрады. Басты кіреберіс оқ тәріздес аркасы бар пештакпен ерекшеленеді.

Ғимарат алтын күмбездермен үйлесім тапқан ақ мәрмәрмен беттелген. Ғимаратта ерлер мен әйелдерге арналған намаз залдары, дәрет алу бөлмелері, қосымша бөлмелер және гардероб бар. Мешіт бір уақытта 7 000 келушілерді сыйдыра алады. Мешіттің іші Ислам дәстүрлеріне тән қалыпта безендірілген: ең басты мағыналық және декоративті салмақ қасиетті Құран аяттарына берілген. Мешіт Алматыдағы ең әдемі діни ғимараттардың бірі болып табылады және Іле Алатауының фондында керемет көрінеді.





Тәуелсіздік монументі

- Орналасқан жері:** 43°14'18.8"N, 76°56'43.6"E, Алматы қ., Республика алаңы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1998 ж., авторлық топ Ш. А. Уәлиханов, Ә. Жұмабаев, Н. Далбай, Қ. Жарылғапов, Қ. Монтақаев, М. Мансұров, А. Баярлин, К. Сатыбалдин.
- Нысан мәртебесі:** Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Тәуелсіздік монументі – Бәйтерекпен қатар егемен Қазақстанның ең маңызды мемлекеттік символдарының бірі. Ескерткіш жасау идеясы Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаевқа тиесілі. Оның негізінде көрнекі ұлттық бренд болып табылатын бірегей архитектуралық құрылыс жатыр. Ш. А. Уәлихановтың бастамасымен авторлар тобы дәстүр мен заманауилықты біріктіретін бірегей архитектуралық мүсін жобасын жасап шығарды. Көк аспанға қарай шаншыла бой көтерген композицияның биіктігі – 180 метр.

Тәуелсіздік монументінің екі қапталын айнала қазақ халқының ежелден біздің заманымызға дейінгі тарихи және мәдени өмір белестерінен сыр шертетін он мүсіндемелік бедерлі паннолар қоршап тұрады. Композицияның мағыналық және шығармашылық ядросы – 28 метрлік биік обелиск. Оның ұшар басындағы қанатты барыстың үстінде Есік қорғанынан табылған Алтын Адамның стилизацияланған мүсіні тұр. Жауынгер де, барыс та сақтық аң стилін – Ұлы дала мақтанышын иконографиялық түрде қайта жаңғыртып тұрғандай. Обелиск жарты шар тәріздес тұғарда орнатылған. Обелисктің төменгі жағында қазақ және орыс тілінде «1990 жылдың 25 желтоқсаны күні Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жарияланды». «1991 жылдың 16 желтоқсаны күні Қазақстанның мемлекеттік Тәуелсіздігі жарияланды» деген сөздер қашап жазылған.

Обелисктің аяқ жағында аллегориялық кейіпкерлер: ақылгөй абыз Ата, мейірімді Жер-Ана және құлыншақтарға мінген бала мен қыздың мүсіні орналасқан. Композициялық тұрғыдан фигуралар әлемнің төрт жағын білдіретін төрт жақта орналасқан.

Тәуелсіздік монументі – қаланың және бүкіл аймақтың маңызды көрнекті орны.





«Тәуелсіздік таңы» ескерткіші

Орналасқан жері:	43°14'19.1"N, 76°56'29.9"E, Алматы қ., Желтоқсан және Сәтпаев көш. қиылысы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2006 ж., сәулетші және дизайнер Т. Сүлейменов.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар ескерткіш.
Тарихи деректер:	монумент қазіргі Қазақстан тарихының маңызды және қайғылы парағына – 1986 жылғы Алматыда орын алған, елдің саяси егемендігіне алғышарт болған желтоқсан оқиғасына арналған.

Ескерткіш Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевпен салтанатты түрде ашылған.

Композициялық тұрғыдан құрылыс өзара байланысқан негізгі үш бөліктен тұрады. Оның мағыналық орталығы екі қолы аспанға көтерілген әйел фигурасына шоғырланған. Оның бір қолында орамал – татуластыққа шақыру, екіншісінде құс – еркіндік пен бақытқа деген ұмтылыс орналасқан. Әйелдің артында формасы мен түсі жағынан айырмашылығы бар пішіні күрделі екі бағана орналасқан, олардың бірі ұлттың өзіндік сана-сезімінің оянуын білдірсе, екіншісі тоталитаризмнің идеологиялық тұжырымдамаларының күйреуін білдіреді. Бір тұтас нәрсенің екіге айырылған бөліктері тәріздес бағаналар композицияның драмалық әсерін күшейтіп тұрады. Мүсін және панно мыстан жасалған. Ескерткіштің аяқ жағында қанды білдіретін қызыл мәрмәр блокта «Желтоқсан – 1986» деген жазу қашалып жазылған.

Монумент Қазақстанның Тұңғыш Президенті Қорының есебінен тұрғызылған.

Ескерткіш желтоқсан оқиғасына байланысты кездесулер мен патриоттық акциялардың өтетін орны болып табылады.





Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті саябағы

Орналасқан жері: 43°11'37.5"N, 76°53'12.7"E, Алматы қ., Науаи көш. және әл-Фараби даңғылының қиылысы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 2010 ж.

Нысан мәртебесі: қоғамдық орын.

Тарихи деректер: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті саябағы қалалық дендропарк болып табылады. Оның құрылысы 2001 жылы басталған. Саябақтың негізгі идеясы Алматы қаласының табиғи ландшафты мен XXI ғасырдың ғылыми жетістіктерін біріктіру болатын. Саябақтың жалпы ауданы 73 га, басты кіреберіс Науаи көшесінің және әл-Фараби даңғылының қиылысында орналасқан. Парктің алғашқы емені мемлекеттің Президенті Н. Ә. Назарбаевпен жеке отырғызылған. Қазір дендропаркте 11 000 астам ағаштар мен бұталар, көптеген гүлзарлар мен шөп түрлері өсіріледі. Саябақтың негізгі кіреберісін классикалық стильдегі керемет арка сәндеп тұр. Кешкі уақыт кезінде оған неше түрлі түсті жарық түсіріліп, таңғажайып мереке атмосферасын сыйлайды. Арканың іш жағында келушілерді Алматыдағы ең үлкен фонтан күтіп тұрады. Ол бір-бірінің үстіне орналастырылған бес шарадан тұрады, олардың ортасында су биікке шапшып шығып тұратын күрделі бұралған композиция орналасқан, айналасында түрлі түсті жарықпен безендіріліп тұратын кішірек бұрқақтар бар. Ары қарай қонақтарға мемлекеттің тәуелсіздігінің 20-жылдығына орай салынған «Қазақстан» монументалды ескерткіш композициясы көрінеді. Ескерткіш қола, гранит және мәрмәрден жасалған. Композиция негізіне республиканың екі басты қалалары – Алматы мен Астананың көрікті жерлерінің бейнелері қолданылған.

Саябақтың оңтүстік-батыс жағында қолдан тұрғызылған биіктігі 12 метр жота орналасқан, оның төбесінен саябақ аумағына әдемі панорамалы көрініс ашылады. Оның басталар жерінде «Жеті қазына» қазақша бақшасы орналасқан. Сонымен қатар, «жапон» бағы да бар.

Саябақ – кез келген жыл мезгілінде қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орны. Сонымен қатар бұл жерде тұрақты түрде көптеген ауқымды мәдени және спорт шаралары өткізіліп отырады.





Алматы музейі

Орналасқан жері: 43°14'55.723"N, 76°56'10.090"E, Алматы қ., Қабанбай батыр көш., 132/85, Наурызбай батыр көш. қиылысы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: музей 2001 ж. ашылды, ғимарат 1892 ж. тұрғызылған, сәулетші П. Гурдэ.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі

Тарихи деректер: Алматы музейі 2001 жылы құрылып, қаланың мыңжылдық тарихына арналған. Музей Жетісудың және Алматының, оның айналасындағы агломерацияларының ежелгі мәдениетінен бастап қазіргі уақытқа дейінгі осы жермен байланысты сауда және мәдени қарым-қатынастары, соғыстар мен айтулы оқиғалар, танымал өнер туындылары туралы хабарлайды.

Үлкен ғылыми және мәдени-білім беру орталығы бола тұра, қазір Алматы музейі саны 40 000 затқа жететін әсерлі тұрақты экспозиция мен қорға ие. Олар – тарихи және археологиялық артефакттар, бейнелеу өнері туындылары, сирек этнографиялық құжаттар, нумизматикалық жинақ, фото және видео архивтер.

Музейде барлығы он бір тарихи және мәдени кезеңдер мен залдар көрсетілген: «Ежелгі және ортағасырлық Алматы», «Қазақ мемлекеттігінің бастауында», «Жетісу этнографиясы», «Алматы тарихының Верный кезеңі», «Алматы ХХ ғасырда», «Кәсіби өнердің дамуы», «Альпинизм», «Желтоқсан», «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі», «Рухани жаңғыру».

2016 жылы музей ХІХ ғасырдың тарихи ескерткіші болып табылатын өзінің тұрақты ғимаратына көшірілді. Бұл – бұрынғы Верный жетімдер үйінің ғимараты, оның авторы – атақты жетісулық сәулетші Поль Лионель Базиль Гурдэ.





«Алатау» қолөнер орталығы

Орналасқан жері: 43°15'39.8"N, 76°49'02.9"E, Алматы қ., Алатау ауданы, Алғабас-1 ықшам ауданы, 5/11, Атлетикалық ауыл аумағы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 2017 ж.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі

Тарихи деректер: «Алатау» қолөнер орталығы Қысқы Универсиада – 2017-ге арналып салтанатты түрде ашылған Атлетикалық ауылдың үлкен кіреберіс холлын алып жатыр. Қазақстанның спорттық және мәдени өмірінде айтарлықтай орын алған бұл оқиға аяқталғаннан кейін, «Атлетикалық ауыл» кешені қала меншігіне өтіп, шеберлер ауылына креативті индустрияны дамытуға арналған тұрақты ыңғайлы орын берілді.


«Алатау» орталығында жүзге жуық ұлттық және кәсіби қолөнершілердің шоғырлануы бұл жерді расында «Шеберлер қалашығы» етеді. Мұнда танымал хас шеберлердің авторлық жобалары мен бастауыш суретші-қолөнершілердің жаңа ізденімдеріне куә болуға болады. Орталықтың тағы бір мақсаты – кез келген қалаған адамға қолөнер және ұлттық кәсіп түрлерін: зергерлік, дәстүрлі кестелеу, көзеші ұршығында қыш жасау, ағаш ою, металлды көркем өңдеу, тоқыма, жүн тұту және тағы басқаларын игеруге көмектесу.

Арба үстіндегі киіз үйлерің реконструкциялары, балбал тастар және көне жазулар бар тас стеллалары нағыз ауыл сезімін сыйлайды.

«Алатау» қолөнер орталығы үлкендерге де, кішкентайларға да қызықты, әркім бұл жерде өзіне маңызды және қымбатты нәрсе таба алады.



ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ




Шымкент

16
НЫСАН



Шымкент – республикалық маңыздылығы бар үш қалалардың бірі. Қала республиканың оңтүстігінде орналасқан. Шаһар тұрғындарының саны бір миллион үш жүз мыңнан асады. Шымкент туралы алғашқы жазбалар орта азиялық тарихшы Шараф ад-дин Әли Йаздидің жұмыстарында кездеседі (1425 ж.). Қала атауы этимологиясының бірнеше нұсқалары бар – «жасыл қала», «гүлденген қала», «бау қала».

Қала Сайрам және Бадам өзендерінің арасындағы жазық аймақта орналасқан. Тиімді орналасу қаланы Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды сауда-экономикалық түйін етті. Мамандар Шымкент аумағындағы алғашқы қоныстанулар сонау біздің заманымызға дейінгі II ғасырда болғанына сенімді. Қала көптеген тарихи кезеңдердің куәгері болған: XIII ғасырда қала Алтын Орданың бір бөлігі, XIV ғасырда Әмір Темірдің қол астында болған, ал XVI ғасырда қала Қазақ хандығының құрамына кірді.

1867 жылдан бастап Шымкент Түркістан генерал-губернаторлығы Сырдария облысының уездік қаласы болады. 1924 жылы қала ҚазКСР құрамындағы облыстық орталыққа айналды және бұрынғы тарихи атауы қайтарылды. Соғысқа дейінгі жылдары Шымкент мемлекеттің ең ірі орталықтарының бірі болды. Бұл жерде 18 мектеп, мұғалімдер институты, тау-металлургиялық техникум, ауыл шаруашылығы техникумы, педагогикалық училище, фельдлерлік-акушерлік мектеп және ауыл шаруашылығының орта мектебі жұмыс істеп тұрды. Білім беру саласымен қатар мұнда фармацевтикалық өндіріс те қарқынды дамыды, оның негізі XIX аяғында қаланған болатын. 1930 жылдары Шымкентте қорғасын зауыты тұрғызылды.


Ұлы Отан соғысы кезінде мұнда бүкіл елден он жеті зауыт пен фабрикалар эвакуацияланды. Бірнеше әскери госпитальдар ашылды. Қала майданға қорғасын, оптикалық құрылғылар, әскери техника және басқа да өнімдерді жіберіп тұрды. Соғыстан кейінгі жылдар Шымкенттің дамуында қаланың өндіріс және экономикадағы рөлінің күрт өсуімен ерекшеленді. Жаңа үлкен кәсіпорындар қалыптасты: мақта-мата комбинаты, қаракөл және гидролиз зауыты, «Восход» тігін фабрикасы, темір конструкциялар мен үлкен панельді үй құрылысы кәсіпорындары, «Электроаппарат» зауыты, ет және сүт өнімдерін, сыра, салқындатқыш сусындар және басқаларын өндіретін азық-түлік өнеркәсібі. Химиялық сала да қарқынды дамыды.


Қазір Шымкент – Қазақстанның ең ірі және заманауи қалаларының бірі. 2011 жылы астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясы Шымкентті ТМД елдері арасындағы ең үздік қала деп таныды.

Қалада көптеген мәдениет және өнер мекемелері жұмыс істейді: ұлттық мәдениет орталықтары, әртүрлі тематикалық саябақтар, Н. Ш. Қалдаяқов атындағы облыстық филармония, орыс драма театры, мәдениет сарайлары, кинотеатрлар, мұражайлар, кітапханалар, ипподром және мәдени туризмнің дамуына ықпал ететін басқа да көптеген орындар.

Қаланың экономикалық қызметі түрлі түсті металлургия, машина жасау, химиялық, мұнай өңдеу және тамақ өнеркәсібі саласындағы 70 кәсіпорындармен сипатталады. Қаланың солтүстік жағында заманауи биік тұрғын үй кешендері, әр түрлі әлеуметтік нысандары мен сауда – ойын-сауық кешендері бар жаңа әкімішілік-іскерлік орталығы орналасқан.

«Республикалық маңызы бар қала» статусы Шымкентке бұрынғы және жаңа салаларды, әсіресе мәдени индустрияны және туристік тартымдылықты жоғарылатып дамытуға үлкен мүмкіндіктер туғызады.







«Кен баба» этнопаркі

Орналасқан жері:	42°19'02.8"N, 69°36'17.9"E, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1901 ж. негізі қаланды, этнопарк 2001 ж. ашылды
Нысан мәртебесі:	мәдени, ойын-сауық мекемесі.
Тарихи деректер:	«Кен баба» паркі бұрынғы пионер паркінің орнында орналасқан, оған дейін бұл жерде шіркеулік саябақ (1901 ж. негізі қаланған) болған. Этнопарктың жалпы ауданы 3,5 га. Парктің негізін 1901 жылы егілген емендер, бағалы тұқымды ондаған ағаш түрлері құрайды. Кейінірек олардың айналасында тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналған саябақ қалыптасты. Кеңестік дәуірде парк «Пионерлік» деп аталды.

Тәуелсіздік кезінде парк этнопарк мәртебесіне ие болып, айтарлықтай қайта қалпына келтіру жұмыстарына ұшырады, дегенмен барлық жасыл өсімдіктер мен ағаштар сақталып қалды. Бүгінде саябаққа кіреберісті символикалық мәнге ие мүсіндік композиция безендіріп тұр. Үстінде балалар ойнап жүрген жер шарын екі қол ұстап тұр, бұл баршаға бейбітшілік пен бірліктің идеясын жеткізу үшін жасалған. Саябақ топтық ойындарға арналған заманауи спорттық алаңдармен, теннис кортымен, волейбол және баскетбол алаңдарымен, шахмат клубымен жабдықталған. Парк ішінде балаларға арналған әр түрлі аттракциондар, суда жүзетін құстары бар суаттар және жасанды «Ақ су» сарқырамасы орналасқан.

Саябақтың этникалық атмосферасын суретшілер саяжолы және қолөнершілер ауылы қамтамасыз етеді. Жеті ұлттық мәдени орталықтардың – қазақ-өзбек, славяндық, татар-башқұрт, еуропалық, корей-ұйғыр және қытай павильондары парктің маңызды әлеуметтік-мәдени бөлігі болып табылады. Саябақта «Кішірейтілген Қазақстан» ауқымды макеті және «Оңтүстік сыйлары» жасыл қалашығы бар. Парк аумағында ұлттық және еуропалық тағамдары бар көптеген кафелер орналасқан.

«Кен баба» этнопаркі – қаланың тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орталығы.





Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-өлкетану мұражайы

Орналасқан жері:	42°22'58.246"N, 69°37'40.915"E, Шымкент қ., Бәйдібек би даңғылы, 115 «А».
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	Мұражай 1920 ж. ашылды, ғимарат 2014 ж. салынды.
Нысан мәртебесі:	музей мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>Мұражай өз жұмысын 1920 жылы Сырдария облыстық халықты ағарту бөлімінің Шымкент педагогикалық музей және педагогикалық лабораториясы ретінде бастады. 1922 жылдан бастап ол Шымкент қалалық мұражайы болды. 1925 жылдан бастап музей кейіннен танымал болған ғалым Михаил Евгеньевич Массон жұмыс істеді, оның бастауымен мұражай таныстырудан гөрі, ғылыми-өлкетану қызметін көбірек атқарды. 1931-1937 жылдар аралығында мұражай келушілерге жабық болды, бірақ 1938 жылы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ретінде қайта ашылды. 1947 жылы мұнда А. Н. Бернштамның басқаруымен ҚазКСР ғылым академиясы тарих, археология және этнография институтының оңтүстік Қазақстандық экспедициясы қызметін бастады. 1977 жылы арнайылап жаңадан тұрғызылған ғимаратта мұражай ұжымы аймақтың табиғаты мен тарихы туралы экспозиция жасады. Кеңейтілген тақырыптық және экспозициялық құрылым ойлап табылды.</p> <p>1984 жылы Шымкенттік музей алғашқы рет Алтын төбе қонысында тәуелсіз қазба жұмыстарын бастады, ал 1988 жылы Жуантөбе қалашығын зерттеу басталды. 2014 жылы Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев Оңтүстік Қазақстанның тарихи-өлкетану музей арналып салынған заманауи техникалық жабдықталуы бар жаңа ғимаратты салтанатты түрде ашты. Ғимараттың жалпы ауданы 2541,81 шаршы метр, көрме залдарының ауданы 1060, 12 шаршы метр. музей төрт залдан тұрады: «Табиғат, палеонтология және археология», «Этнография», «Қазақ хандығы және қазіргі заман» және «Тәуелсіз Қазақстан». Мұражай және оның филиалдарының қоры 88 709-нан астам экспонаттардан тұрады. Бір жыл ішінде музейге шамамен 100 000 адам келеді. Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-өлкетану музей тек аймақтық мәдени демалыс орны ғана емес, сонымен қатар республикалық маңызы бар ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы.</p>





Оңтүстік Қазақстан облыстық Ж. Шанин атындағы академиялық қазақ драма театры

Орналасқан жері:	42°21'32.108"N, 69°38'32.046"E., Шымкент қ., Әл-Фараби алаңы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1934 ж. театр ашылды, ғимарат 2014 ж. салынды
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>Облыстық Ж. Шанин атындағы қазақ драма театры еліміздің ең ескі театрларының бірі. 1934 жылы Оңтүстік Қазақстандық облыстық атқарушы комитеттің шешімімен үш бөлім болып ашылды: қазақ ұлттық театры, өзбек театр-студиясы және орыс артистер труппасы. Төртінші алғашқы шығармашылық жетекшісі М. В. Раздолин болды. 1949 жылы драма театры Орал қаласына көшірілді.</p> <p>1967 жылы театр қазақ және орыс театрларына бөлінді. Бүгінде театр репертуарында қатар заманауи авторлардың, отандық және шетелдік классиканың 30-дан астам қойылымдары бар: М. Әуезовтың «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуы», Д. Исабековтың «Аққу-Жібегі», И. Сапарбаевтың «Сыған серенадасы», Ш. Айтматовтың «Жанпидасы» және тағы басқалары.</p> <p>Жұмат Шаниннің – қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушы, көрнекті режиссер, драматург және актердің есімін театр мақтанышпен иеленіп келеді.</p> <p>2014 жылы театр классикалық және заманауи стиль үйлескен жаңа үш қабатты ғимаратқа көшірілді. Алдыңғы бетінде төрт биік бағанасы бар. Ғимарат айналасы жақсартылып, театр саябағына айналдырылған.</p> <p>Театр – қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті мәдени демалыс орны.</p>






Оңтүстік Қазақстан облысы орыс драма театры

Орналасқан жері:	42°18'56.704"N, 69°35'12.113"E. Шымкент қ., Әл-Фараби алаңы, 6.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	театр 1929 ж. ашылған, ғимарат 1967 ж. салынған, 2000 ж. қайта жөндеуден өткен.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>Шымкентте алғашқы орыс театр маусымы 1929 жылдың 1 қарашасында ашылды. Театрдың бірінші шығармашылық жетекшісі және бас режиссері М. В. Раздолин болды. Репертуардың басты тақырыбы заман талабына сай революциялық қозғалыстың тарихы, шығыстағы таптар күресі, қызыл армияның және флоттың өмірі мен тұрмысы, жаңа өмір бастау туралы қойылымдардан тұрды. Сонымен қатар басты назар классикалық қойылымдарға да аударылды.</p> <p>1944 жылы театрды басқару Л. О. Берещукқа тапсырылды. 1949 жылы театр Орал қаласына көшірілді, дегенмен көр ұзамай музыкалық комедия театры ретінде қайта оралды.</p> <p>1958 жыл театрдың қайта туған жылы болып есептеледі. Осы жылы театрға жаңа ғимарат салу туралы шешім қабылданды, бірақ ол 1967 жылы бір-ақ аяқталды.</p> <p>2000-жылдардың басында театр ғимараты қайта жөндеуден өтті. Бүгінде театр реперуары орыс классикасының көптеген пьесаларынан тұрады: Ф. М. Достоевскийдің «Нақұрыс», А. Островскийдің «Василиса Мелентьева», «Табысты жер», А. П. Чеховтың «Үш апалы-сіңлілер» және «Ваня ағай», Л. Н. Толстойдың «Қараңғылық билігі» шығармалары. Шетел классикасынын У. Шекспирдің «Асауға тұсату», П. Кальдеронның «Махаббатпен ойнамайды», Лопе де Веганың «Сабандағы ит», И. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат» шығармалары, кеңестік классикадан Треневтың «Яроваяның махаббаты», М. Горькийдің «Егор Булычев және басқалар», Н. Леоновтың «Орыстар» және тағы басқалары репертуарға енді.</p> <p>Бұл театр заманауи қазақстандық театр қозғалысында қомақты роль ойнайды және Шымкенттің мақтанышы болып саналады.</p>






Абая атындағы саябақ

- Орналасқан жері:** 42°19'30.5"N, 69°35'08.8"E, Шымкент қ., Абай атындағы саябақ.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** XX ғасырдың 50-60 жж.
- Нысан мәртебесі:** мәдени ойын-сауық мекемесі.
- Тарихи деректер:** қаланың ең үлкен саябағы ұлы қазақ ақыны мен ағартушысы, қазақ әдебиеті мен философиясының негізін салушы – Абай Құнанбайұлының атын мақтанышпен иеленіп келеді. Саябаққа кіреберісте Абайға арналған мүсіндік монумент орнатылған. Саябақ қаланың дәл ортасында орналасқан. Алғашында парк үлкен бос жерде салынып «Комсомолдық» деп аталған. Абай атындағы саябақ болып өткен ғасырдың 90-жылдары өзгертілді.
- Саябақ аумағында Ұлы отан соғысының ержүрек жауынгерлеріне қойылған үлкен Даңқ мемориалы, фонтан, кіші архитектуралық пішіндер, ескерткіштер және бірнеше қоғамдық тамақтану орындары орналасқан.
- Абай атындағы саябақтың басқалардан басты ерекшелігі – онда біржылдық өсімдіктердің болмауында. Саябақ жыл сайын жаңа ағаштармен толығып отырады. Саябақтың жалпы аудан 52 га.
- Парктің ойын-сауықтық қызметінен басқа мәдени де қызметі бар.
- Саябақтың көлеңкелі жолдарында серуендеу жылдың кез келген уақытында көптеген келушілерді қызықтырып тұрады.





Қажымұқан атындағы орталық стадион

Орналасқан жері: Шымкент қ., Әл-Фараби ауданы, Мәделі қожа көш., 1

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет

Кезең: 1967 ж.

Нысан мәртебесі: спорттық кешен

Тарихи деректер: Стадион 1967 жылы ашылып, ұзақ уақыт бойы «Қазанның 50-жылдығы» деген атпен белгілі болып келді. 1980 жылдар және 1990-жылдардың басында кешен қалалық «Целинник» футбол клубының аренасы болып келді, ал 1986 жылдан бастап ерекше мақтанышпен атақты қазақ күресшісі Қажымұқан Мұңайтпасұлының атын иеленді.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы – аңызға айналған қазақ балуаны, классикалық күрестен кәсіпқойлар арасында бірнеше мәрте әлем чемпионы. Ресей империясына бірталай чемпиондар сыйлаған атақты балуандар руынан шыққан. Қажымұқан Мұңайтпасұлы көптеген әлемдік маңызы бар марапаттарды иеленген және елінің даңқын шығарған.

2008 жылы нысанда айтарлықтай қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бүгінде ол қаланың орталық спорт алаңы және үлкендігі бойынша Қазақстандағы 3-ші стадион болып табылады. Бір уақытта аренада 20 мың адам орналаса алады. Стадионды айнала жүгіруге арналған жолақтар жүргізілген, бұл нысанда жеңіл атлетика және басқа да спорт түрлері бойынша іс-шаралар өткізуге мүмкіндік береді.

Стадион Қазақстанның жоғарғы дивизионында ойнайтын жерлікті кәсіби «Ордабасы» футбол клубының үй аренасы болып табылады.





Дендросаябақ

- Орналасқан жері:** 42°22'7.046"N, 69°37'22.570"E, Шымкент қ., Бәйдібек би даңғылы, 108/10.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1979 ж., А. Асқаров.
- Нысан мәртебесі:** қала аумағындағы ерекше қорғауға алынған табиғи территория.
- Тарихи деректер:** дендросаябақ негізі 1979 ж. салынды. 1986 жылы саябақ аумағында 1360 түрге жататын 500 000 астам көпжылдық өсімдіктер бар етін. Бұл дендрология бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге түрткі болды.

Осы паркте Қазақстандағы алғашқы қызғалдақ ағашын өсіру мүмкін болды.

2008 жылы дендросаябақта ауқымды қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды, жұмыс Б. Әшірбаевтың қадағалауымен жүргізілді. Жұмыс барысында келушілерге арналған саябақ территориясына алып келетін жол жөнделді. Саябақтың өзіндік визит карточкасы болып кеткен кіреберіс аркасы пайда болды. Сонымен қатар суару жүйесі мен көл қалпына келтірілді, саяжолдар, демалатын төбесі жабулы орындар, көпірлер мен жаңа архитектуралық пішіндер пайда болды, мүсіндер бұрынғы қалпына келтірілді. Бүгінде дендропарктің аумағы 120, 52 га. Қазір Шымкенттік дендросаябақ – 600 түрлі ағаш және бұта тұқымдас, әлемнің әртүрлі географиялық белдеуіне жататын сирек кездесетін шөпті өсімдіктері бар ерекше нысан.

Дендросаябақ – қала тұрғындары мен қонақтары демалатын керемет орын, сонымен қатар туристік саяхаттар үшін қызықты нысан.





Шымкент мемлекеттік зоосаябағы

Орналасқан жері:	42°22'37.0"N, 69°37'41.3"E, Шымкент қ. М. Х. Дулати көш.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1980 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдени ойын-сауық мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>Шымкент мемлекеттік зоосаябағы 1979 жылы Шымкент облыстық атқарушы комитетінің қаулысымен құрылды және бүгінгі күнге дейін қала мен бүкіл аймақтың маңызды көрнекті орны болып табылады.</p> <p>Зоосаябақтың ресми туылған күні 1980 жылдың 29 сәуірі болып саналады. Зоосаябақтың алғашқы коллекциясы 75 түрге жататын 350 жануарлар мен құстардан тұрды. Бүгінде бұл жерді 248 түрге жататын 2475 бас жануарлар мен құстар мекен етеді. Мұнда тұрақты түрде бұғылар, арқарлар, пони, жолбарыс питондар, арыстандар мен басқа да жануарлар көбейіп отырады.</p> <p>Зоосаябақтың басты мақсаттарының бірі – Қызыл кітапқа енген сирек кездесетін жануарларды сақтау және көбейту.</p> <p>Зоосаябақ – Шымкент қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін қызықты және танымал демалыс орны. Мұнда зоосаябақ қызметкерлері келушілер үшін экскурсиялар, радиолекциялар мен сұхбаттар жүргізеді, олардың барысында биологтар мен мамандар жануарлар туралы білімімен бөліседі.</p>





Қасиетті Никольский кафедралы шіркеуі

Орналасқан жері:	42°18'35.737"N, 69°37'6.852"E, Шымкент қ., Түркістан көш., 36.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1985 ж.
Нысан мәртебесі:	діни мекеме, діни зиярат орны.
Тарихи деректер:	<p>Қасиетті Никольский кафедралы шіркеуі Шымкент қаласының оңтүстік шығыс жағында орналасқан. Шіркеу қабырғалары оған салтанаттылық пен қатаңдық беріп тұратын қызыл кірпішке ұқсас ақ тастармен өңделген.</p> <p>Жалғыз нефті шіркеуді бес алтын жалатылған күмбездер безендіріп тұрады, біреуі орталық және қалған төртеуі төрт жағында. Басты кіреберістің сол жағында нақышты қоңыраухана бар. Ақ-сұр түстердің алтын күмбездермен үйлесуі шіркеуді жалпы қалалық ландшафтан тиімді оқшаулап тұрады.</p> <p>Шіркеудің ішкі интерьері тұрақталған көркемөнер дәстүрлеріне сай, әртүрлі библиялық сюжеттермен бай безендірілген.</p> <p>Шіркеудің сыртында бүкіл аумақты айналдыра өсімдіктер отырғызылған күбілер қойылған.</p> <p>Қасиетті Никольский кафедралы шіркеуі жанында жексенбілік мектеп жұмыс істейді. Шіркеу күнделікті жүзге жуық адамдарды қабылдайды.</p>





Шымкент қалалық Абдул Хамид Қаттани мешіті

Орналасқан жері:	42°18'32.868"N, 69°36'4.475"E, Шымкент қ., Төле би көш., 12/2.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1997 ж.
Нысан мәртебесі:	діни мекеме, діни зиярат орны.
Тарихи деректер:	<p>Бұл ғимарат Исламның асыл негіздерінің бірі – зекет беру парызы бойынша жасалған игі істің бір көрінісі. Мешіттің құрылысы Сауд Арабиясына қарасты Қаттани ауылының азаматы Абдул Хамид Қаттанидің демеушілігімен 1995 жылы басталып, 1997 жылғы қарашада аяқталды. Риза болған Шымкент тұрғындары бұл ғимаратқа осы қайырымды жанның есімін берді.</p> <p>Мешіттің жалпы ауданы 845,5 шаршы метр. Ғимарат үлкен намаз оқу залы, Құран оқу бөлмесі, имам бөлмесі, найб имам мен баспасөз хатшысының бөлмесі сынды 7 бөлмеден тұрады.</p> <p>Мешітте 2000 адам бір уақытта намаз оқи алады. Күмбезінің диагоналі 11 метр, биіктігі 9, 60 метрді құрайды. Күмбезі алтын түстес сары металмен қапталған. Күмбез ішіне «Фатиха» сүресі жазылған, ал михрабта «Аятул курси» сүресі өрнектелген. Ғимараттың ішкі өңдеу жұмыстары Ташкенттік шеберлермен жасалған.</p> <p>Мешіт жанында арнайы кітапханалар мен лекцияға арналған аудиториялар жұмыс істейді.</p>





Облыстық опера және балет театры

- Орналасқан жері:** 42°19'11.2"N, 69°34'20.4"E, Шымкент қ., Асқаров көш., 45.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** ғимарат 1984 ж. тұрғызылды, театр 2008 ж. ашылды.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі
- Тарихи деректер:** Опера және балет театры – қала мен аймақтың маңызды көрнекті орны, 2008 жылы ашылған. Алғашқы маусымы керемет «Інжу-Маржан» қойылымымен ашылды.
- Опера және балет театрының ғимараты 1984 жылы тұрғызылған және қайта жөндеуден өткен бұрынғы машина жасаушылар сарайы. Ғимарат өзіндік экстерьері мен ішкі архитектуралық шешімімен ерекшеленеді.
- Ғимаратты әшекейлеуде ұлттық ерекшелік пен дәстүрлі далалық ою-өрнек мотивтеріне басымдық берілген. Кең холлдарды суреттер мен гобелендер, және керемет аспалы шамдар безендіріп тұрады.
- Театрдың концерт залы 350 орынға есептелген. Ғимарат ішінде театр кафесі, репетиция залдары, жұмыс кабинеттері және жаттығу залы орналасқан. Техникалық жабдықталуы заманауи театралды стандарттарға сай келеді. Қазіргі кезде облыстық опера және балет театрының репертуарын әр алуан қойылымдар, соның ішінде классикалық және заманауи түрлері құрайды.





Абай атындағы саябақтағы «Даңқ мемориалы»

Орналасқан жері:	42°19'48.6"N, 69°35'15.6"E, Шымкент қ., Абай атындағы саябақ.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2010 ж.
Нысан мәртебесі:	сәулет және мүсін өнері кешені.
Тарихи деректер:	«Даңқ мемориалы» – Абай атындағы саябақтың өзіндік мағыналық ядросы. Оның салтанатты ашылуы Жеңіс күнінің мерейтойлы 65-жылдығына арналды.

Мемориал бүкіл кешенді құрайды: майдан мен тылдың бірігуін білдіретін «Даңқ» ескерткіші; Мәңгілік алау, «Кеңес Одағы Батыры» атағына ие болған Оңтүстік Қазақстанның тумалары және Даңқ орденінің сегіз кавалерлері – елу бір жауынгердің аты қашалып жазылған Батырлар шеңбері; екі жағынан екі жүз метрлік тақтада жүз қырық мың Оңтүстік Қазақстандық солдаттардың аты қашалып жазылған Даңқ аллеясы.

Кешеннің нағыз інжуі Чугуев ұшқыштар мектебі түлектерінің құрметіне тұрғызылған, халық арасында «ұшқыштар ескерткіші» деген атпен белгілі СУ-7Б монумент-самолеті болып табылады.

Шымкентке көшірілген Чугуев әскери авиация мектебі 2500 жойғыш ұшқыштарды дайындап шығарды. Олардың 160-тан астамы Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды: А. Е. Боровых, А. А. Ворожейкин, А. М. Голубев, А. Х. Клубов, В. Д. Лавриненков, В. Н. Попков, В. В. Сенько – екі рет, ал Иван Никитович Кожедуб үш рет Батыр атанды. 30 ұшқыш әуе тараны техникасын қолданды, 11 адам Н. Ф. Гастеллоның ерлігін қайталады.

«Даңқ мемориалы» – қала мен барлық аймақтың нағыз «естеліктер орны». Бұл жерге барлық кезеңнің адамдары батыр жерлестерін еске алып, құрмет көрсетуге келеді. Мемориал – қазақстандық өскелең ұрпаққа рухани және патриоттық тәрбие беруде маңызды рөл атқаратын орталық.





Цирк

- Орналасқан жері:** Шымкент қ., Абай ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 43/2
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет
- Кезең және авторы:** 2011 ж., сәулетші И. Стрельцов
- Тарихи деректер:** Цирк Шымкент қаласының Абай атындағы паркі аумағында орналасқан. Ғимарат 2012 жылы қолданысқа берілді. Цирк бір уақытта 1 200 көрерменді сыйдыра алады.
- Цирк ғимараты – төрт жақты пирамидаға орналастырылған биіктігі 30 метр жарты сфера күмбез түріндегі ерекше құрылыс. Авторлардың ойы бойынша, ғимараттың сәулеттік негізіне алынған бұл екі фигураның үйлесімі металлмен көмкерілген асыл тасты бейнелейді. Цирктің басты кіреберісінде панорамалық терезелер бар. Шымкенттік цирк ғимаратының жобасымен «Геопроект-ГП» ЖШС-і айналысты. Жобаның сметалық құны 63,5 млн теңге.
- Цирке жерлілікті тұрақты труппадан басқа Ресейден, Еуропа мен Азия елдерінен келген шығармашылық ұжымдар да жүйелі түрде өнер көрсетеді.
- Қазіргі уақытта циркте 180 адам қызмет жасайды. Өзінің аз ғана жасына қарамастан ұжым халықаралық цирктер жарыстарында мәртебелі орындарға иеленіп үлгерді.
- Цирктің визиттік картасы ретінде ат үстінде трюктар жасау өнері қолданылады. Цирк қала тұрғындары мен қонақтарының отбасымен дем алатын сүйікті орны болып табылады.





Шымкент қаласындағы Тәуелсіздік саябағы

Орналасқан жері:	42°18'25.031"N, 69°5'57.188"E, Шымкент қ., Қабанбай батыр даңғылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2011 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	Тәуелсіздік саябағы – Шымкенттегі ең үлкен саябақ. Оның салтанатты ашылуы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қатысуымен Тәуелсіздіктің 20-жылдық мерейтойына орай өтті.

Саябақтың жалпы ауданы 82 000 шаршы метрді құрайды. Орталық кіреберісті монументалды арка көмкеріп тұрады. Саябақтың дәл ортасында алып қазақстандық халықтың бірлігі ескерткіші орнатылған. Ол – Қазақстанның 137 ұлтын білдіретін 137 металл элементтерден құралған өзгеше арт-нысан.

Саябақтың орталық саяжолын оның екі жағында орнатылған елдің тарихында 1991-2011 жылдар аралығында орын алған оқиғалары жазылған гранит тақтайлар бойлап тұрады.

Саябақтың ерекше інжуі – ән салатын фонтан. Оның шапшып шығатын ағыстары заманауи және классикалық қазақ ұлттық музыкасының сүйемелдеуімен «билеп» тұрады.

Саябаққа ерекше көрік пен әсемдік беріп тұратын – Голландиядан алып келінген әр түрлі көлемдегі тірі гүлдерден жасалған композициялар.

Саябақтың барлық мағыналық мақсаты мен ерекше безендірулері оның негізгі идеясын – Қазақстанның Тәуелсіздігінің ұлылығын айқындап тұруды көздейді.





Бәйдібек би ескерткіші

- Орналасқан жері:** 42°23'14.255"N, 69°37'40.314"E, Шымкент қ., Бәйдібек би даңғылы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2012 ж., Н. Рүстемов және Б. Әшірбаев.
- Нысан мәртебесі:** Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер, мифы, легенды:** Ескерткіш қазақ халқының атақты биі және батыры Бәйдібек Қарашаұлының (1356-1419 жж.) құрметіне арналып салынған. Оның әділеттілігі, ойының ұшқырлығы, адамгершілігі және даналығы туралы естеліктер әлі күнге дейін халық жадында және көптеген фольклорлық әңгімелерге арқау болып келеді. Ескерткіштің ресми ашылу салтанаты 2012 жылы өтті.
- Ескерткіштің орны кездейсоқ таңдалмаған, бұл – қаланың солтүстік бөлігінің ең биік нүктесі (теңіз деңгейінен 22 метр биіктікте). Бұл жерге қолдан жасалған төрт метрлік төбе жасап, оның үстіне тоғызметрлік гранит тұғыр орнатты. Бәйдібек бидің он метрлік мүсіні Өзбекстан мен Қырғызстаннан шақырылған шеберлермен қоладан құйылды. Құрылыстың жалпы биіктігі 23 метр, бұл оны қаланың әр тарапынан көрінетін өзіндік шамшыраққа айналдырды.
- Авторлардың жобасына сәйкес, Бәйдібек бидің ескерткіші – 42 га-ға созылатын болашақ ашық аспан астындағы этно-тарихи мұражайдың басталар нүктесі.
- Қазір бұл мүсіндік монумент Шымкент қаласының өзіндік символы және брэнді ретінде қолданылып келеді.





«Қазақ хандығының 550-жылдығы» монументі

Орналасқан жері:	42°23'05.5"N, 69°37'40.7"E, Шымкент қ., Бәйдібек би даңғылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2015 ж.
Нысан мәртебесі:	мүсіндік монумент.
Тарихи деректер:	ескерткіш маңызды мемлекеттік дата – Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған он бес метрлік монумент болып табылады.

Монумент бір-бірінің үстінен өтетін екі иілген доғалдардан тұрады, ал олардың қиылысқан жерінде символикалы шаңырақ көтеріліп тұр. Ескерткіштің жалпы композициясы қазақ киіз үйіне ұқсас. Доғалдар байсалды, талғамы жоғары ою-өрнектермен әрленген.

Ортада шаңырақ астында қуатты пирамида орнатылған (биіктігі 10 метр, ені 8 метр). Пирамиданың бір бетінде қоладан жасалған «Қазақ хандығы» рельефті композициясы бейнеленген болса, екінші бетінде Қазақстанның Тұңғыш Президентінің «Қазақ хандығының 550-жылдығы – ұлттық тарихқа құрмет көрсету және бүгінгі жетістіктерімізді әділ бағалау» деген сөздері жазылған.

Ескерткіш 76,4 га аумақты алып жатқан «Қазына» этнотарихи кешенінің бір бөлігі болып табылады.





«Жайлаукөл» саябағы

- Орналасқан жері:** 42°22'50.5"N, 69°37'41.9"E, Шымкент қ., Бәйдібек би даңғылы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2016 ж.
- Нысан мәртебесі:** мәдени-ойын-сауық мекемесі.
- Тарихи деректер:** «Жайлаукөл» саябағының ресми ашылуы 2016 жылы өтті. Саябақ аумағында қолдан жалған көл бер, ол жерде қайықтар мен катамарандарда жүзуге болады.
- Жаңа саябақ аймағының ең басты көркі – «Shymkent Altyn Eye» шолу доңғалағы. Доңғалақтың диаметрі 50 метрді құрайды. «Altyn Eye» («Алтын ай») шолу доңғалағы заманауи ауа баптау және жылыту жүйелері бар жайлы дүңгіршектермен жабдықталған. 18 дүңгіршек бір уақытта 108 адамды сыйдыра алады. Бұл жерде парк қонақтары жылдың кез келген уақытында қаланың керемет панорамасын тамашалай алады. Доңғалақтың бір айналымы 15 минутты алады.
- Сонымен қатар, демалыс аймағына әр түрлі жастағы келушілерге арналған жиырма аттракциондар кіреді – балалар әткеншектері, торлы батут және балаларға арналған лабиринт.
- «Жайлаукөл» саябағы Шымкент қаласының ең көрнекті жерлерінің бірі.





«Fontan» аквапаркі

- Орналасқан жері:** 42°19'09.6"N, 69°34'58.3"E, Шымкент қ., Республика даңғылы 6-а.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 2018 ж.
- Нысан мәртебесі:** мәдени-ойын-сауық мекемесі.
- Тарихи деректер:** «Fontan» аквапаркі қаланың ең жас, соған қарамастан танымал жерлерінің бірі болып табылады. Аквапарк аумағы 2 га жерді алып жатыр және әр түрлі үлкендіктегі сегіз сырғанайтын төбешіктері бар. 22-метрлік екі төбешік – Қазақстандағы ең биігі. Аквапарк ТМД елдеріндегі ең ұзын су төбешігімен де мақтана алады.
- Сонымен қатар, бұл – Орталық Азиядағы арнайы жылыту жүйесі, жасанды толқынды және үлкендер мен балаларға арналған бассейндері бар ең үлкен су қалашығы. Аквапарктың айрықша және жарқын бейнесі қаланың сәулет өнерімен жақсы үндестік тапқан.
- «Fontan» аквапаркі бір уақытта өз территориясында 2000 келушілерге дейін қабылдай алады.
- «Fontan» аквапаркі «Софт-Вест Казахстан» компаниясымен автоматтандырылған, бұл өз кезегінде көп келушілердің қауіпсіздігі мен жайлылығын толықтай қамтамасыз етеді.
- Әрине, «Fontan» аквапаркі – қала тұрғындары мен қонақтарының ең сүйікті белсенді демалыс орталығы.





Ақмола облысы Қазақстанның солтүстігінде орналасып, 1939 жылы құрылған. Әкімшілік орталығы – Көкшетау қаласы. Облыс орталығында әкімшілік жағынан облыс құрамына кірмейтін Қазақстанның елордасы Астана қаласы орналасқан. Облыстың жалпы ауданы – 146 219 шаршы километр. Жалпы халық саны – 739 757 адам, олардың 360 000 адамы – қала тұрғындары, 400 000-ға жуығы – ауыл тұрғындары.

Облыс аймағында алтын, күміс, уран, молибден, техникалық алмаз, каолин мен мусковит, темір рудалары, тас көмір, доломит және басқа да пайдалы қазбалардың кең ауқымды кен орындары шоғырланған. Айтулы минералды су мен емдік балшық қорлары бар.

Экономиканың ең басым бөлігін ауыл шаруашылығы өндірісі алады. Республикадағы жоғары сапалы бидайдың төрттен бір бөлігі осы аймақта өндіріледі. Облыс басым бөлігі тау-кен өндіру кәсіпорындары, машина жасау, түсті металлургия және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу салаларымен таныстырылған үлкен әлеуетімен ерекшеленеді.


Облыс аймағы бірегей тарихи-мәдени ландшафтқа ие. Археологиялық ескерткіштер мен олардың хронологиялық байланыстығы бұл аймақта мезолиттен бастап қазіргі уақытқа дейін әр түрлі мәдени қабаттардың болғандығын көрсетеді. Қазіргі уақытта мұнда мыңнан астам археологиялық ескерткіштер сақталған: қоныстар, тұрақтар, обалар, қорғандар, қазбалар және тағы басқалары. Тас ғасыры мен қола дәуірі аралығындағы археологиялық нысандардың (тұрақтар мен қоныстар) ең көп шоғырланған жері – Құмай, Қызылсай және Жаман қайрақты өзендерінің бойында. Аймақтың археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы этнографиялық жазбалар 1816 жылы И. Шангиннің саяхат күнделігінде кездеседі.


Ақмола облысының тарихындағы маңызды кезең XX ғасырдағы тың және тыңайған жерлерді игерумен басталды. Жаппай тың игеру жылдары (1954-1957 жж.) облыста 55 жаңа ауылдық кеңестер құрылды. Тыңды игеру өндірісі, көлік және құрылыс индустриясының қарқынды дамуына алып келді.

Қазірде Ақмола облысы туристік саланы дамытуға қажетті қолайлы және маңызды табиғи ресурстарға ие. Олардың қатарына «Көкшетау» ұлттық табиғат паркі, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы, Қазақстанның інжуі – «Бурабай» мемлекеттік ұлттық саябағы кіреді. Облыс фаунасы айтарлықтай алуандыққа ие, мұнда сүтқоректілердің 55 түрі, құстардың 180 түрі, балықтардың 30 түрі және тағы басқалары мекен етеді.

Сыртқы және ішкі туризмді дамытуда аса маңыздылыққа Щучинск – Бурабай курорттық аймағы ие. Емдік қасиеті бар бірегей табиғи ландшафт, тарихи-мәдени фонд, сонымен қатар Қазақстан Республикасының елордасы Астанаға жақын орналасуы бұл аймақты Евразияның ең ірі және экономикалық тұрақты туристік орталығына айналдыруы мүмкін.

Ақмола облысы тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуда, әсіресе туристік бағыттағы әлеуеті зор.







Құмай ғибадатханасы (Қос батыр ескерткіші)

Орналасқан жері: 51°40'40.030"N, 72°43'41.628"E; Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Қарағайлы ауылы, Астанадан 130 км қашықтықта.

Ескерткіш/нысанның түрі: археология.

Кезең: VII-VIII ғғ.

Нысан мәртебесі: Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер: «Қос батыр» нысаны «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында орналасқан Құмай археологиялық-этнографиялық кешенінің құрамына кіреді. Тас мүсіндер граниттен қашалып шығып келе жатқан күнге шығыс жаққа беттеліп орнатылған. Сол қолында қаруы, оң қолында ритуалды ыдысы бар, өзіндік ант беріп жатқан күйінде таста бейнеленген жауынгерлер стилистикалық жағынан далалық балбалдарға жатқызылады. Жауынгерлердің белбеулеріне бекітілген қынаптағы қанжарлар өзіндік ерекше белгі болып табылады. Ең дұрыс жорамалдар бойынша, бұл жауынгердің ақсүйектік болмысын көрсетуге арналған, мұны түркілердің ең алғашқы және ең айқын этникалық белгісі ретінде есептеуге болады. Әдетте көшпенділер мұндай тас мүсіндердің айналасында әруақтарға – ата-бабаларының рухына тағзым еткен.

«Қос батыр» ескерткіші ерте түрік дәуіріне тән, айқын символикалық мағынасы мен қызметі бар далалық қолдан тұрғызылған нысан болып табылады.





Ботағай кесенесі (Боғатай, Бытығай)

Орналасқан жері:	50°36'27.579"N, 70°2'52.136"E; Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Нұра өзенінің сол жағалауы, Қорғалжын ауылынан солтүстік шығыс бағытта 2,5 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	XI-XII ғғ.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Ботағай кесенесі ортағасырлық дала сәулет өнеріне тән порталды-күмбезді құрылыс болып табылады. Кесененің бас қасбеті оңтүстік-батысқа бағытталған. Бұл кесене – ірі орта ғасырлық қорымның құрамына кіретін Нұра өзенінің сол жағалауында орналасқан маңызды мемориалдық ғимараттарының бірі болып табылады. 1862 жылы кесененің суретін Ш. Уәлиханов салған болатын.

Ескерткіш туралы мәліметтер XVIII-XIX ғасырлардағы ресейлік этнографтар мен саяхатшылардың: Ф. Скибин, М. Трошин, П. Рычков, И. Шангиннің жұмыстарында кездеседі. 1949 жылы ескерткіш Ә. Марғұлан басқарған ҚазКСР ғылым академиясының Орталық Қазақстандық археологиялық экспедициясымен зерттелді. Қазба жұмыстары кезінде геометриялық және өсімдік өрнектері бар ойылып жасалған терракот сталактиттер табылған. Қазір ескерткіш қайта жөндеу жұмыстарынан өтіп, жаңартылған.

Бұл ескерткішпен көптеген аңыздар байланысты. Олардың бірінде осы аймақты мекендеген шебер құрылысшы алып Ботағай туралы айтылады. Палуанға екі қолтығына екі бөренені қысып алып Нұра өзенінен аттап өту оп-оңай болған екен. Күндердің бір күнінде хан тірі кезінде өзіне арналған кесене тұрғызуды ойлап, ол үшін Ботағайды шақырыпты. Шебер тез арада жұмысқа кірісіп, аз уақыт ішінде өзен жағалауында керемет үлкен кесене тұрғызды. Ханға шебердің ептілігі мен іскерлігі қатты ұнапты. Бұл уақыт аралығында Ботағай қазіргі күнге дейін сақталған, Бытығай өткелі деп аталатын көпір салып үлгеріпті. Бірақ құрылыс кезінде үлкен бөренелердің бірі құлап, алыпты өлтіріпті. Қайғыға батқан хан халқын жинап, келесі сөздерді айтыпты: «Ботағай керемет адам және шебер болатын. Ол туралы естелік мәңгілікке сақталуы үшін мен оны маған арнап салған кесенеді жерлеуді шештім.» Сондықтан бұл кесене атақты дала шебері туралы өзіндік естелік болып сақталыпты.





Сопы кесенесі

- Орналасқан жері:** 51°0'22.741"N, 69°9'48.438"E; Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылынан оңтүстік батыс бағытта 26 км.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** XVIII-XIX ғғ.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, зиярат орны.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Кесене – жылқының, түйенің, ешкінің қылы және өсімдік тамырлары косылып иленген кірпіштен қаланған ғимарат. Кірпішті құюға осындай материалдарды қолдану – бұл аймаққа тән ерекшелік. Сегіз қырлы күмбез түріндегі ескерткіштің биіктігі 5,7 метрді құрайды. Әр қабырғаның ортасында жерден 1,8 метр жоғарыда (кірпіштің 18 қатары) биіктігі 35-40 см болатын кішігірім ойықтар бар. Ғимарат ішіне арка тәріздес жіңішке дәліз арқылы кіреді. Құлпытастар біздің уақытымызға дейін сақталмаған. Кесене 2006 жылы Г. М. Қамалова бастаған «Қазреставрация» ғылыми-зерттеушілік және өндірістік фирма бөлімімен зерттелді.
- Бұл аймақта таралған аңыздар бойынша, бұл кесенеді кезінде Солтүстік Қазақстан аумақтарында ислам дінін таратқан әулиелер жерленген. Бұл жерге қойылған әулиелердің аттары ел есінде қалмаған. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл жер бұрыннан келе жатқан көп адамдардың зиярат орны.





Саққұлақ би мазары

Орналасқан жері:	51°38'57.646"N, 73°21'36.698"E; Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қ., қаладан солтүстік шығыс бағытта 24 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1880-1880 жж., сәулетші Қанжығалы Саққұлақ.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, зиярат орны.
Тарихи деректер:	Мазарда Саққұлақ би өзінің үлкен ұлы Нұралыға арнап тұрғызған. Алғашында құрылыс өлшемі 33x140x70 см құйылған кірпіштен қаланған, кырларында аркалық қуыстары бар сегіз қырлы күмбез түрінде болды. Мазардың кіреберісі шығысқа қарап тұр. Алғашқы құрылыс жартылай қираған болатын. 2000 жылы кесене қирандысында орталық композицияның сегіз қырлы күмбезді саркофагы салынған. Ескерткіш 2006 жылы Г. М. Қамалова бастаған «Қазреставрация» ғылыми-зерттеушілік және өндірістік фирма бөлімімен зерттелді.

Саққұлақ би – әйгілі Бөгенбай батырдың шөбересі, танымал қазақ шешені және әділ қазы болған. 1800 жылы Ақмола уезінде туған. Халық арасында Саққұлақ бидің көптеген шешендік сөздері сақталып қалған: «Саққұлақтың Шоқанға берген батасы», «Ақыл туралы», «Төрт нәрседен кашық кыл», «Мұсаның өліміне айтқаны» және басқалары. Аңызға сәйкес, ол 16 жасында сол заманның ең мықты биі Байдалымен шешендік өнерде жарысқа түскен екен. Айтыс нәтижесінде оны ел арасында Саққұлақ деп атап кеткен. Дала адамдары Саққұлақ биді «Орта жүздің бозарғымағы», «Арғынның ақсақалы» деп атаған екен.

Саққұлақ бидің жеті ұлы болған. Олардың екеуі Нұралы мен Ералы танымал дала билері мен шешендер болған. Қазіргі мазардың батыс қабырғаның маңында Саққұлақтың өзінің және екі ұлының аттары белгіленген үш жаңа қабір үсті ескерткіш орнатылған. Ескерткіш жақын аймақтағы тұрғандардың тауап ететін жеріне айналған.





Науан Хазірет мешіті

Орналасқан жері: 53°17'39.725"N, 69°23'1.468"E, Ақмола облысы, Көкшетау қ., Әуелбеков көш. 91. Алдыңғы жағы Әуелбеков көш., бүйіржағы Б. Момышұлы көшесіне шығады.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1885-1886 жж.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, зиярат ету орны

Тарихи деректер: мешітті ғалым, ағартушы, қазақ халқының еркіндігі мен азаматтық құқықтары үшін күрескер, қоғамдық қайраткер, Көкшетау аумағының тумасы – Науан Хазіреттің (Наурызбай Таласов) құрметіне атаған. 1886 жылы облыстық басқарманың шешімімен ол Көкшетау мешітінің имамы етіп тағайындалды. Кейінірек мешіт жанынан медресе-мектеп ашты. Мұсылмандық біліммен қатар діни білім де берілді, оқушылар оқып, жазуға, араб және орыс графикасын үйренді. Мешіт ғимараты татар сәудагерлердің және жергілікті мұсылмандардың қаражатына тұрғызылды. Пайда болғалы бері ғимарат өзінің функционалдық қызметін бірнеше рет ауыстырған. 1920 жылдарға дейін мешіт ретінде қолданылған, одан кейін оның мұнарасы құлатылды.

1941-1945 жылдары ғимаратта құрылған әскери бөлімдер, 1947-1974 жылдар аралығында облыстық тарихи-өлкетану музейі және драма театрының шығармашылық шеберханалары орналасты. 1975 жылы құрылыста Республикалық көркемөнер көрме залының филиалы – галерея жұмыс істеді. 1989 жылы ғимаратқа алғашқы мақсаты қайтарылғаннан кейін мұнарасы қайта тұрғызылып, мешіт аумағы кеңейтілді, солтүстік шығыс жағынан қызмет бөлмелеріне арналған қосымша құрылыс салынды. Қазір ғимараттың кейпі кең тараған мұнаралы татар мешіт түріне жатады.

Мешітте бір уақытта 1400 адам құлшылық ете алады (1000 ер адам және 400 әйел адам). Мешітте биіктігі 25 метр болатын төрт мұнара бар, қабырғалары ағлай таспен қапталған. Діни орында неке қию залы, Құран оқу залы, мешіт қызметкерлерінің бөлмесі, кітапхана, 350 адамға есептелген асхана бар.





Халық композиторы Біржан Қожағұлұлының жерленген жері

Орналасқан жері: 52°49'26.472"N, 70°46'0.160"E; Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы, Степняк қ.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: XIX ғ. соңы, 1950 ж. қайта қалпына келтірілген, мүсінші Т. С. Досмағамбетов.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, аңыздар: Біржан Қожағұлов (Біржан сал) (1834-1897 жж.) – қазақтың танымал суырыпсалма ақыны, ауызша музыкалық өнердің ең жарқын өкілдерінің бірі. Ақындық және композиторлық дарынынан басқа Б. Қожағұлұлы керемет қуатты және әдемі дауыстың иегері болған. Халық арасында оның дауысы тырналар тобының дауысымен үндескен дейді. Халық композиторының туындылары – ұлттық музыкалық мәдениеттің айырылмас бөлігі, қазынасы. Біржан сал өзінен кейін көптеген танымал ізбасарларын қалдырған: Ақан сері Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Әсет Найманбайұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы, Доскей Әлімбайұлы, Құлтума Сармұратұлы және басқалары. Шебер ұстаз өз айналасына дарынды жастарды жинап, өзіндік қазақ көшпенді театрын қалыптастырды.

1950 жылы Біржан сал моласында ескерткіш орнатылды, ал 1994 жылы қайта жөндеуден өтіп, мемориал қойылды. Кешен аумағы төртбұрышты бетон тақтайлармен жабылған, төмен ажурлы шарбақпен қоршалған. Қайта жөндеуден кейін бұрынғы обелисктің орнына қызыл граниттен жасалған төртбұрышты блокқа ұлттық киімдегі Біржан салдың қола бюсты орнатылды, оның оң қолы жүрегінің үстінде тұр, ал сол қолында домбырасы бар. Бюстың авторы – қазақстандық мүсінші Т. С. Досмағамбетов. Біржан салдың мемориалды кешені – ұлттық жанрда өнер көрсететін көптеген әнші, суырыпсалма музыканттар мен ақындардың құрмет көрсетуге баратын орны.





Баубек батыр кесенесі

Орналасқан жері: 51°16'29.399"N, 67°6'44.737"E; Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Баубек батыр ауылының оңтүстік батыс жағы, Ишимка ауылынан оңтүстік бағытта 13,9 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы және 1993 ж.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер, аңыздар:

Баубек батыр (1824-1884 жж.) қыпшақ руынан шыққан. Кенесары Қасымовтың қолдаушыларының бірі болған. Қырғыздармен болған үлкен шайқастардың бірінде атақты батыр Отыншыны жеңген, сол кезден бастап оны халық батыры деп атаған. Халықтың айтуы бойынша, Баубек батыр мінезінің еркіндігі мен жау алдында тайсалмас қайсарлығы үшін Кенесары хан мен руластарының жеңілісіне ие болған. Кенесары ханның жеңілісінен кейін Баубек батыр өзінің көптеген руластарымен бірге Терісаққан өзенінің бойына қоныс аударған. Кейінірек патша әкімшілігі оны Тюмен облысына жер аудартады, ол жерде батыр 1884 жылы көз жұмады. Бізге жеткен аңыз бойынша, жол жүрер алдында батыр өзінің шылдыр шүмек саусағын кесіп, ең жақсы деген киімімен бірге жауынгерлік саймандарын руластарына қалдырып, оның жат жердегі өлімі туралы хабар жеткенде міндетті түрде ата-мекеніне жерлеуді өсиет еткен.

Ескерткіш құйма кірпіштен қаланған және әр түрлі уақыттарға жататын мұсылмандар зиратында орналасқан екі кесенеден тұрады. Ескілеу кесене күмбез пішіндес және саманнан (құйылған кірпіштен) жасалған. Тастан жасалған негізде биіктігі 1,5 метр, өлшемдері 3,1x3,5 метр болатын құрылыс тұрғызылған, оның үстіне 1,5 метрлік күмбез орнатылған. Екінші кесене де күмбез тәріздес, бірақ пішіні конустық. Іргесіндегі диаметрі 7 метр, биіктігі 4 метр, күмбездің жоғарғы жағы қираған. Ескерткіш қабырғаларының қалыңдығы 0,7 метр. Қазіргі силикат кірпіштен жасалған кесене батырдың ұрпақтарымен 1993 жылы тұрғызылған. Құрылыс портал пішіндес және биік күмбезі бар. Ішінен домалақ тәріздес камерада төртбұрышты құлпытас қойылған. Бас қасбеттің екі жағында қазақ батырларының ерлігінің белгісі ретінде найзалар мен жауынгер қалқандары орнатылған.





Архистратиг Михаилдің кафедралы шіркеуі

Орналасқан жері: 53°16'24.139"N, 69°22'52.410"E; Ақмола облысы, Көкшетау қ., Уалиханов көш., 68, қалалық саябақ.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1896 ж.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни зиярат орны.

Тарихи деректер: Архистратиг Михаилдің шіркеуі 1895 жылы тұрғызылып, 1896 жылдың 6 маусымы ашылды. Оған алып баратын жол Михайло-Архангелдік деп аталып кеткен. Шіркеулік қамқоршылық 1900 жылы ашылды. 1937 жылы шіркеу ғимараты қалалық Кеңеске берілді. 1940-1947 жылдар аралығында алтарьдың орнына сахна қойылып, шіркеу қалалық клуб қызметін атқарды. 1949 жылы бөренелерден тұрғызылған шіркеу ғимараты бөлшектеліп, қазіргі Уәлиханов көшесінің бойындағы бос жерге көшірілді. 1949 жылдың 3 маусымы күні Архангел Михаил шіркеуінің жаңа жердегі құрылысы басталды.

1949 жылдың 12 қыркүйегінде келушілердің күшімен жаңа жерде тұрғызылған шіркеу қолданысқа берілді. Дін қызметшісі болып Матвей Илларионович Раков тағайындалды.

Бүгінде шіркеуде шоқындыру ғимараты, жексенбілік мектебі және нан дайындау ғимараты, кірпіш қоңыраухана, тұрғын үй мен ас бөлмесі бар. Архистратиг Михаил шіркеуінде аса құрметке ие иконалар сақтаулы: Афон киелі тауында салынған Құдай-Ананың «Скоропослушница» және «Лайықты ас жеу» бейнелері бар. Бұл иконалар 100-жылдан астам уақыт бұрын бейнеленген.





Көкшетау қаласының тарихы музейі

Орналасқан жері:	53°16'55.661"N, 69°21'38.916"E; Ақмола облысы, Көкшетау қ., Дзержинский көш., 29, Чапаев көш. қиылысы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	шамамен 1889 ж.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Ескерткіш – 1889-1905 жылдары Кеңес дәуірінің болашақ мемлекеттік қайраткері В. В. Куйбышевтың жанұясы тұрған бірқабатты ағаш ғимарат. Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес әскерінің жараланған жауынгерлеріне арналған тылдағы госпиталь орналасты. 1949 жылы бұл үйде В. В. Куйбышевтің музей ашылды, ал 2000 жылы ол Көкшетау қаласының тарихы мұражайы болып қайта құрылды.

Бүгінде музей қорында 16 000 экспонат сақтаулы: қала тарихы мен тұрғындары туралы мәлімет беретін ескі фотосуреттер, құжаттар, қолжазбалар, күнделікті тұрмыс және материалды мәдениет заттары. Музей экспозициялары өзара мағыналық байланысқан 5 залдан тұрады. Бірінші зал Көкшетау қаласының қалыптасуы, сонымен қатар қазіргі қаланың географиялық және демографиялық жағдайы, Көкшетау жерінің тарихи тұлғалары – Абылай хан, Кенесары хан, Қанай би, Ш. Уәлиханов туралы мәліметтер береді. Екінші зал Көкшетаудың XIX-XX ғасырлар басындағы тарихы, казак тұрағының уездік қалаға айналуы туралы баяндайды. Үшінші зал 1930-1940 жылдардағы аштық пен репрессия туралы, қаланың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және тың игеру кезіндегі өмірі туралы ақпарат береді. Төртінші зал көрермендерге Көкшетаудың 1960-1970 жылдардағы қарқынды дамуы, атақты жазушы, мәдениет және өнер қайраткерлері туралы айтады. Бесінші залдың экспозициялары қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарының: «Алтынтау Көкшетау» АҚ, «Тыныс» АҚ, «Көкшетауминсу» АҚ, «Новопэк» ЖШС және басқаларының дамуын көрсетеді. Бүгінде музей тек уақыт сақтаушысы емес, сонымен қатар, аймақтық мәдениеттің тасымалдаушысы және дәріптеушісі болып табылады.





Шоқан Уәлиханов ескерткіші

Орналасқан жері: 53°17'14.039"N, 69°22'29.669"E; Ақмола облысы, Көкшетау қ., Әуезов көш.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1971 ж., мүсінші Т. Досмағамбетов, сәулетші К. Әбдіков.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865 жж.) – қазақ шығыстанушы ғалымы, тарихшы, этнограф, географ, фольклоршы, аудармашы, журналист, саяхатшы және ағартушы, Ресей армиясы бас штабының офицері, облыстың тумасы. Уәлихановтың зерттеулері Ресей географиялық қауымының жұмыстарында басылып шыққан, сонымен қатар Берлинде (1862 ж.), Лондонда (1865 ж.), Элизе Реклюдің франциялық «Жалпы географиясында» (1878-1879 жж.) жарық көрген. Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағы бес том болып Алматыда 1961-1972 жылдары басылып шыққан, 1984-1985 жылдары қайта басылған. Оның «Абылай», «Қырғыз шежіресі», «Соттық реформа туралы жазба», «Даладағы мұсылмандық туралы», «Қырғыздардағы шамандық іздері» және тағы басқа жұмыстары бағалы ғылыми ақпарат көзі болып табылады.

Мүсінші Т. Досмағамбетов жасаған пластикалық композиция классикалық стильде жасалған: толық бойыл қола мүсін қозғалыс үстінде бейнеленген, қолында оралған қағаз бар. Биіктігі 4,6 метр бетон тұғырдың беті қара гранит тақтайшалармен жабылған. Екі шеткі беттері тік оюланған сызықтармен әшекеленген. Атақты қазақстандық мүсіншінің шығармашылық карьерасы осы ескерткіштен басталған.

2017 жылы ескерткіш аймағы қайта жөндеуден өтті.





Ақмола облыстық орыс драма театры

Орналасқан жері: 53°16'48.882"N, 69°22'55.906"E; Ақмола облысы, Көкшетау қ., Ақан сері көш., 90.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1977 ж.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: 1977 жылдың 28 қазанында Көкшетау облыстық орыс драма театрының сахна перделерін аша отырып, алғашқы маусымын ашты. Театрдың негізін қалағандар Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері Я. Ку克林ский және директоры Ю. Лакомов болды. 2002 жыл театр үшін маңызды меже мен жаңалықтардың жылы болды. Өзінің 25-жылдық мерейтойы қарсаңында театр сыйға 200 орындық көрермендер залын және 150 орындық көпфункционалды залы бар жаңа театр үйін алды. Қызмет еткен жылдар ішінде театр көптеген дипломдар, құрмет грамоталары және медальдермен марапатталған спектакльдер қойды.

Көкшетау драма театрының қабырғасында С. Сейфуллин, Ш. Уәлиханов, С. Жүнісов секілді отандық авторлардың шығармаларымен қатар А. Чехов, Н. Гоголь секілді орыс классиктерінің де шығармалары қойылды. Бүгінде Ақмола облыстық орыс драма театрының репертуарында драма, комедия, рок-опера және мелодрамалар бар. Сахнада «Пұтқа табынуша», «Тауық», «Он екінші түн», «Жасаусыз қыз», «Жұт» және тағы басқа қызықты қойылымдар ойналады.





Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театры

- Орналасқан жері:** 53°17'12.210"N, 69°22'45.343"E; Ақмола облысы, Көкшетау қ., Әуезов көш., 216.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1996 ж.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** 1996 жылдың 6 наурызында Көкшетау қаласында Ш. Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театры ашылды. Көкшетау қаласында қазақ театрының ашылуы аймақтың мәдени өміріндегі ең үлкен оқиғалардың бірі болды. Жаңа театр труппасының бірінші спектаклі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, режиссер Жақып Омаровтың қойылымындағы «Ақан сері – Ақтоты» болды. Бүгінде театр репертуарын 100-ден аса әр алуан қойылымдар құрайды, олардың ішінде А. Камюдың «Калигула» классикалық туындысы, А. Оразбековтың «Бір түп алма ағашы», О. Бөкейдің «Атау кере» драмалық шығармалары, О. Бодықовтың «Үйленгім келмейді», С. Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» комедиялары бар.
- 2002-2003 жылдардағы толық қайта жөндеуден соң ғимараттың сырт келбеті мен ішкі интерьері толығымен өзгеріске ұшырады. Г әрпі тәріздес екі қабатты кірпіш ғимараттың ұзын жағы Әуезов көшесінің бойында орналасқан. Ғимарат композициясында басты назарды дөңгелек пішіндес бас кіреберіс алады, ол Біржан сал көшесіне шығады. Қасбеті қарапайым жайпақ бағаналармен бөлініп, айна шынылармен жабылған.





Қасиетті Антонийдің махалласы. Рим католиктік шіркеуі

- Орналасқан жері:** 53°16'44.558"N, 69°21'36.464"E; Ақмола облысы, Көкшетау қ., Ақан сері көш. 7.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1997 ж., сәулетші В. М. Иваницкий.
- Нысан мәртебесі:** діни мекеме, діни зиярат орны.
- Тарихи деректер:** 1997 жылдың 15 маусым жексенбі күні Қасиетті Антонийдің махалласы шіркеуіне Папалық нунций архиепископ Мариан Олесь бата берді. Бұл шіркеу жорасын атқару салтанатына епископ Ян Павел Ленга, Кельце (Польша) қаласынан епископ Казимир Рычан және де көршілес махаллалардан дін қызметшілері мен монах әйелдер қатысты. Бұл аймақтағы ең ірі шіркеулердің бірі.
- 2000 жылдың маусымында приход үйінің құрылысы басталып, 2002 жылдың 30 қазаны аяқталды. Ал 2003 жылдың 30 қаңтарында Апостолдық нунций архиепископ Иосиф Веселовский оған бата берді. Сол жылдың жазында Қасиетті Антоний шіркеуінде епископ төрағасы Амедее Граб тұлғасында Еуропа епископатының өкілдері қонақтады. Делегация құрамында көптеген мемлекеттерден келген дін өкілдері болды: Италия, Швейцария, Польша, Литва, Чехия, Украина, Әзірбайжан, Түркменстан, Тәжікстан және Молдавия. Шіркеуде 1948 жылы жасалған бірегей пневматикалық орган орналасқан.





Қабанбай батыр кесенесі

Орналасқан жері:	50°52'21.328"N, 71°24'35.453"E, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылжар ауылынан солтүстік шығыс бағытта 4 км, Астанадан оңтүстік бағытта 20 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2000 ж. соғылған, сәулетшілер С. Ағытаев, А. Сәуменов.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Қаракерей Қабанбай батыр, шын аты Ерасыл (1691-1781 жж.), найман руынан шыққан. Оның әкесі Қожағұл мен атасы Мәмбет текті жауынгерлер болған. Қабанбай батыр – қазақ әскерінің қолбасшысы, қазақ халқының XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығына берген тойтарысын ұйымдастырушы батырлардың бірі.

Ол 40 жыл ішінде 100-ден астам шайқасқа қатысып, барлығында жеңіске жеткен. Аягөздегі (1717 ж.) шайқастан кейін Ерасыл Қабанбай батыр деген атпен әйгілі болады, дәл осы атпен ол тарихқа енді. Ол Алакөл (1725 ж.), Шұбартеңіз (1728 ж.), Бұланты және Аңырақай (1729 ж.) шайқастарында жеңіске жеткен. 1730-1740 жылдар аралығында Қабанбай батыр тағы да Іле, Шаған, Шорға ұрыстарында жеңіске жеткен.

Аймақ ақсақалдарының айтуы бойынша, қазіргіге ұқсас мазар 18x18 метр өлшемде күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған. XX ғасырдың ортасында ескі мазар қирап, жергілікті тұрғындар оның айналасын тікен сыммен айналдыра қоршап тастаған. Мазар айналасында басқа да жерлеу орындары табылды.

2000 жылы Қаракерей Қабанбай батырдың ескі мазарының орнында жауынгер дулығасына ұқсас, биіктігі 25 метр қызыл кірпіштен жасалған бірегей архитектуралық ескерткіш тұрғызылды. Құрылыстың жалпы ауданы – 41,3 шаршы метр. Бүгінде кесене аймақтың танымал мәдени ескерткіші болып табылады.





Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-музей кешені

- Орналасқан жері:** 51°4'41.041"N, 70°58'17.000"E; Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылының солтүстік батыс жағы
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2007 ж., сәулетші С. Нарынов.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер: «АЛЖИР» (Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері) деген атпен белгілі концлагерь Ақмолалық сотталған әйелдерді – Отан сатқандардың отбасы мүшелерін қабылдау және орналастыру бойынша арнайы бөліміне қараған. 1937 жылы №26 еңбек поселкесінде ашылған (бұрынға Малиновка ауылы, қазір Ақмол ауылы). 1939 жылдың аяғында Қарлагтың 17-ші бөлімі болып аты ауыстырылды. XX ғасырдың 50-жылдарының ең үлкен әйелдер лагері болған. Мұнда Мәскеу, Украина, Белорусия, Грузия, Қазақстанның (Т. Рысқұловтың әйелі мен қызы, С. Сейфуллиннің әйелі және т.б.) танымал саясат қайраткерлері, өнер мен ғылым өкілдерінің әйелдері өз «жазаларын» өтеген.

Музей ғимараты кесілген конус пішіндес. Бұл құпиясы мен сыры мол қобдиша, қайғы сақтау орны іспеттес. Ғимараттың терезесі жоқ, бірақ жарық экспонаттарға жоғарғы жақтан түсіп тұрады

Ескерткіш кешеніне Естеліктер аллеясы мен алаңы және қорғандар кіреді. Аллея бойында қамауға алынғандардың есімдері мен олардың естеліктерінің бір бөліктері бар стендтер орнатылған. 2007 жылы Естеліктер аллеясының солтүстік шығыс кіреберісінде Қасірет қақпасы, музей және 30-40 жылдары, 50 жылдардың басында репрессияға ұшыраған құрбандардың тізімі жазылған Зерде қабырғасы орнатылды. Мұнда «АЛЖИРде» қайтыс болған 7620 адамның аттары мәңгілікке қашалып жазылған.

«Қасірет қақпасы» монументі – киелі жерге кірудің нышаны іспеттес, бұл жерде екі дүние – тірілер мен бақи болғандар кездесетіндей. Монумент қаза тапқан ері адамды, балаларынан айырылып, қайғырған әйелді бейнелейді.





Зеренді көлі

Орналасқан жері: 52°53'35.808"N, 69°8'25.458"E, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Көкшетау қаласынан 45 км қашықтықта

Ескерткіш/нысанның түрі: табиғи.

Нысан мәртебесі: Бірегей табиғи ландшафт және нысан.

Тарихи деректер, аңыздар: Зеренді – тектоникалық шығу тегі бар, биік таулар мен төбелерімен ерекшеленетін, орманды, кішігірім өзендері мен көлдері бар, Көкшетау қыратында орналасқан алып көл. Көлдің ұзындығы 7 км, тереңдігі 6 км. Көлдегі су мөлдір тұщы, жазда су температурасы 24 градусқа дейін көтеріледі. Көлде алабұға, шабақ, таутан секілді жабайы балықтар мекендейді.

Зеренді атауының шығуы туралы көптеген нұсқалар бар. Олардың бірі бойынша, атау моңғолдың «зерен» – ақбөкен деген сөзінен шыққан, яғни «ақбөкенді көл». Басқа нұсқа бойынша, «зеренді» бұл аймақта көптеп өсетін шөптің түсін білдіреді. Атаудың шығуы туралы келесі жорамал қыздың ата-анасы үйленуге батасын бермеген қос ғашық туралы ежелгі аңызды келтіреді. Ғашықтар қашып кеткен кезде олардың артынан қуғыншыларды жібереді. Қуғын кезінде құтылуға тырысқан қыз қолдағы білезігін лақтырған, ол кейін көлге айналған деседі. Сол кезден бастап бұл өзенді зерен – білезік сөзінен Зеренді деп атаған.

1996 жылдан бастап Зеренді тауларының солтүстік шығыс бөктерінде орналасқан Зеренді көлі мемлекеттік «Көкшетау» ұлттық табиғи саябағының құрамына кіреді.





Кенесары үңгірі

- Орналасқан жері:** 553°3'34.538"N, 70°15'1.706"E; Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Бурабай кенті.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** геоморфологиялық.
- Нысан мәртебесі:** Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Кенесары үңгірі Бурабай өзенінің оңтүстік жағалауында, кішігірім жартастың ортасында орналасқан. Үңгір өте ыңғайлы орналасқан – оның етегінде үстінен барлық аймақ көрінетін жайпақ тас бар. Тас баспалдақтармен үңгірге оңай кіруге болады, оның ауданы сегізқанатты киіз үйдің ауданынан кем емес. Төбесінде киіз үйдегі шаңырақ секілді мұржа бар. Үңгір алдында көлге керемет панорамалық көрініс беретін жазық жер бар.
- Аңыз бойынша, Кенесары кішкентай күнінен ат үстінде шабу мен мергендікке үйренген, тоғайды мекендеген жабайы аңдарды аулауды қатты жақсы көрген. Сәтті аң аулаудан кейін үңгір орналасқан төбенің бөктерінде жасағымен бірге түнеп қалатын болған екен, сондықтан бұл Кенесары үңгірі деп аталып кеткен. Бүгінде Кенесары үңгірі Бурабай ауданының туристтер ең көп келетін орны.
- Үңгірде Мағжан Жұмабаевтың өлең жолдары жазылған мемориалды тақтай орнатылған:

*«Сол түні сонау үңгір тау ішінде
Қабағын қарс жазып Кене ойлайды
Қаналған қазағына жол таппаққа
Жүрегі тілім-тілім тіле ойлайды».*






«Абылай хан алаңы» сәулет кешені

Орналасқан жері:	53°5'0.661"N, 70°14'5.986"E; Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Боровое кенті.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	2004 ж., Е. Айтуаров, А. Курицын, И. Баграмов.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	<p>Көкшетау тауының етегінде орналасқан тірі табиғаттың қайталанбас ескерткіші Қазақ хандығы мен Орта жүз ханы Абылай ханның атымен тікелей байланысты. Тарихи деректер бойынша, бұл алаңда барлық үш жүзді біріктірген ұлы Абылай ханның ордасы орналасқан. 1991 жылы оның туғанына 280 жыл толуына орай бұл жерде Абылай ханның стелласы орнатылған. Бұл жер микро және макро климатымен – биологиялық белсенді ультрафиолет сәулелерінің көптігімен ерекшеленеді.</p> <p>Абылай ханның шын аты Әбілмансұр болған. Ол – атақты және қатал билеуші Абылайдың немересі. Жаулары баланың барлық туыстарын өлтіріп, 13 жасында жетім қалады. Жауларыннан тығылған күйі Сабалақ деген атпен данышпан Төле бидің түйелерін бағады. Әбілмансұр халық арасында 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған. Жоңғарларға қарсы ұрыста «Абылайлап» жоңғар батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіргеннен кейін оның ата тегі белгілі болады.</p> <p>Аңыз бойынша, Орта жүздің үлкен руларының басшылары бірігіп адуынды Абылай ханның немересін табиғи тастан жасалған таққа отырғызып, хан көтереді.</p> <p>Бүгінде табиғи тақ пен алаң 2004 жылы тұрғызылған «Абылай хан алаңы» сәулет-тарихи кешен құрамына енеді. Жоба авторлары – Е. Айтуаров, А. Курицын, И. Баграмов. Кешеннің кеңістіктік шешімі биіктігі 35 метр болатын ақ металдан жасалған, қырлары найзаның оқтары секілді обелиск айналасында жасалған.</p>





Оқжетпес тауы

Орналасқан жері: 53°5'16.217"N, 70°14'55.651"E; Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Бурабай кенті.

Ескерткіш/нысанның түрі: геоморфологиялық.

Нысан мәртебесі: Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

**Тарихи деректер,
аңыздар:**

Алып Оқжетпес тауының биіктігі 300 метр. Таудың атауы шығуы жайлы қалмық сұлуы туралы ежелгі аңызда айтылады. Аңыз бойынша ежелгі заманда осы жерді мекендеген қазақтар мен қалмақтар арасында жаугершілік болған. Бірде Абылай хан қалмықтарды ойсырата жеңіп, жорықтан көп олжамен қайтады. Оның жауынгерлері арасында тұтқынға алынған қалмық қызы үшін дау туады, олардың әрқайсысы оны өзіне әйел етіп алғысы келеді. Абылай хан тоқтатпайынша дау ұзаққа созылады. Хан тұтқын қызға күйеуін өзі таңдауға рұқсат береді. Сонда қыз ол үшін жардың ұшар басына ақ орамалды қадауын сұрайды. Кімнің оғы сол орамалға жетсе, сол жігітке тұрмысқа шығатынын айтады. Жауынгерлер садақтарын керіп, оқталған оншақты оқ атылады. Алайда олардың ешқайсысы жардың басындағы орамалға жете алмайды. Сол кезден бастап тауды Оқжетпес деп атаған дейді.

Бүгінде Оқжетпес тауы – туристтердің көп келетін танымал орны.





Жұмбақтас жартасы

- Орналасқан жері:** 53°4'8.900"N, 70°16'26.501"E; Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Бурабай кенті.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** геоморфологиялық.
- Нысан мәртебесі:** Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықтар қорының нысандар тізіміне кіреді.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Жұмбақтас – Бурабай көлінің батыс жағында орналасқан пішіні бойынша бірегей арал тәрізді тас. Жергілікті аңыздардың бірі тастың шығу тарихы туралы былай дейді: бұрынғы заманда далада бір бай өмір сүріпті. Оның ұлдары көп болыпты, бірақ оның қуанышы мен барлық байлығының арасындағы тәжі – жалғыз қызы болыпты. Ол сұлу, ақылды әрі икемді шебер болған екен. Оған құда түсіп тек байлар мен билер ғана емес, ханның өзі де келуді ұйғарыпты. Бірақ домбыраның құлағында ойнайтын күміс көмей кедей ақын ханнан бұрын келіп үлгеріпті.
- Бір көргеннен байдың қызы мен ақын бір-біріне ғашық болыпты. Бай ешқашан екеуінің қосылуына батасын бермейтіндігін түсінген олар, қашуға бел байлапты. Олар ұзақ жүріпті, бірақ Бурабай көлінің жанында кідірген жерінде оларды қыздың ағалары қуып жетіпті. Байдың қатыгез ұлдары ақынға оқ жаудырады, солардың бірі дәл жүрегіне тиіп, ақын мерт болады. Оны көрген қыз сүйіктісіз оған өмірдің жоқтығын айтып, Құдайға өзін тасқа айналдыруын жалбарынады. Құдай Тағала бар ынтамен сұраған қыздың дұғасын қабыл алыпты. Солай көл ортасында Жұмбақтас пайда болыпты.
- Жұмбақтас туристер арасында «Сфинкс» аталып, үлкен танымалдыққа ие.





Жеке батыр тауына көрініс

Орналасқан жері:	53°3'1.469"N, 70°11'57.959"E; Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Бурабай кенті.
Ескерткіш/нысанның түрі:	геоморфологиялық.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықтар қорының нысандар тізіміне кіреді.
Тарихи деректер, аңыздар:	Жеке батыр тауы – Бурабай мен Көкшетау жазығындағы биіктігі бойынша екінші тау, Щучье көлінің солтүстік батыс жағында 3 км қашықтықта орналасқан. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, батыс пен шығыстан қарағанда таудың бедері дулығада ұйқыға батқан батырдың басына ұқсайды. Бұл тау туралы көптеген аңыздар бар, солардің бірінде былай делінген: Көкшетаудың ауылдарының бірінше батыр өмір сүріпті. Ол бойы тауға жететін алып денелі болыпты. Бейбіт кезде де, жаугершілік кезінде де ол ешкіммен араласпапты. Сол үшін халық оны Жеке батыр деп атапты. Жеке батыр тірі кезінде қазақ ауылдарына билігі жүрмейтінін жаулары түсініпті. Оны жеңу оңай болмағандықтан, қарсыластары алып садақ жасап, оған жас ақ қайыңдардан оқ жасапты. Оны тартып ату үшін қырық батырдың күші керек екен. Осындай қарумен жаулары Жеке батырдың ізіне түсіпті. Оған қарсы қандай қару дайындалғанын білмеген батыр жауға қарай ұмтылады. Алып оқтар батыр денесін тесіп, қансыратып, әлінен айырыпты. Жауды өзінен өткізіп жіберсе бейқам жатқан бейбіт ауылдар пәлеге ұшырайтынын түсінген батыр «Жібермеймін! Жолдарыңды таудай бөгеймін!» деген сөздермен, шақалды бөгеп, екі тау арасына құлай кетіпті. Осылай халқын қорғап, Жеке батыр тасқа айналыпты.





Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі

Орналасқан жері: 53°17'12.8"N, 69°22'58.2"E, Көкшетау қ., Калинин көш., 35.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1920 ж.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер, аңыздар: Музей 1920 жылы құрылған, Республиканың ең көне мекемелерінің бірі. Ол 1904 жылы тұрғызылған XX ғасырдың классикалық сәулет өнерінің үлгісі болып табылатын бірегей ғимаратта орналасқан.

Алғашында ол уездік халыққа білім беру бөліміне қарасты көрнекі оқу құралдарының музейі ретінде ашылған. Экспонаттар саны 130 шамасында болған.

Жылдан жылға музей қорын ұлғайтып келген, ал 2000 жылы облыстық тарихи-өлкетану музейі деген мәртебеге ие. Қазір музей қоры 80 000-нан астам экспонаттардан тұрады. Музейдің негізгі қоры бірнеше залдарда көрсетілген: «Абылай хан», «Ежелгі және ортағасырлық тарих», «XIX ғасырдағы Ақмола тарихы», «XX ғасырдағы Ақмола тарихы», «Заманауи Қазақстанның тарихы», «Елбасы және Тәуелсіздік» және «Табиғатқа терезе» залдары. Музей құрамына одан басқа 7 музей кіреді, олар: Атбасар тарихи-өлкетану музейі, І. Есенберлиннің әдебиет музейі, Маринов тарихи-өлкетану музейі, Ерейментау тарихи-өлкетану музейі, Степногор тарихи-өлкетану музейі, Щучинск тарихи-өлкетану музейі және Бурабай кентінің тарихы музейі.

Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі өңірдің маңызды ғылыми және мәдени орталығы болып табылады.





Алматы облысы Қазақстанның оңтүстік шығыс жағында орналасқан, 1932 жылы әкімшілік орталығы Алматы қаласы болып құрылды. 1997 жылы көршілес Талдықорған облысының қосылуына байланысты облыс үлкейді. Қазір әкімшілік орталығы Талдықорған қаласы болып табылады. 1997 жылдан бастап облыс құрамына 16 аудан және облыстың қарауына жататын 3 қала – Талдықорған, Қапшағай, Текелі кіреді. Аумағы 223 911 шаршы шақырымды құрайды. Облыста 2 022 968 адам тұрады. Өңірдің этникалық құрамы 103 ұлт пен ұлыстың өкілдерімен тұрады.

Алматы облысы батысында Жамбыл облысымен, солтүстік батысында Қарағанды облысымен, ал солтүстік шығысында Шығыс Қазақстан облысымен шектеседі. Облыстың шығысы Қытай Халық Республикасымен, оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен шектеседі. Облыстың географиялық сипаттамасын аймаққа таныс «Жетісу» ұғымы толығымен ашады. Облыс аумағынан салыстырмалы түрде үлкен жеті өзен ағып өтеді – Іле, Қаратал, Биен, Ақсу, Лепсі, Басқан және Сарқанд.

Облыс айтарлықтай сан алуан рельефтерге ие. Солтүстік бөлігі жартылай елсіз дала, ал оңтүстігінде және шығысында Іле Алатауы және Жоңғар Алатауы тау жоталары созылып жатыр. Аймақтың өсімдік және жануарлар әлемі ар алуан. Жазық аймақтары дала флорасының әр түрлеріне бай, тау етегіндегі аудандар жапырақты орманды қылқан жапырақтылармен сипатталады, ал таулы және биік жерлерде альпілік және субальпілік ландшафт бар. Облыстың жануарлар әлемі де ерекше әртүрлі: сүтқоректілердің 24 түрі, құстардың 35 түр, бауырымен жорғалаушылар және балықтардың 4 түрі ерекше қорғауға алынған және Қазақстанның Қызыл кітабына енген.


Облыс арасандарға бай (34), олардың екеуі – термалды, екеуі – артезианды (Алматылық және Жаркенттік арасандар). Мұндай қуатты ресурстар емдік туризмнің қарқынды дамуына алып келді.


Алматы облысында табиғи қорлардың барлық түрі кездеседі, олардың ең маңыздылары түрлі түсті металдар, қоңыр көмірдің ірі кен орны және басқалары. Облыс аумағында ең көп тараған шикізат қоры құрылыс материалдары болып табылады: гранит, мәрмәр, әк тастар, фарфор тасы, минералды тұздар, галит және басқалары.

Жалпы алғанда облыс аграрлы аймаққа жатады. Үлкенді, кішілі өзендердің көп болуы жақсы суғаруға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде көкөністер, жеміс-жидектер мен дәнді дақылдардың кейбір түрлерін өсіруде өндіріс мөлшерін көбейтуге мүмкіндік туғызады. Облыста ауыл шаруашылығы да жақсы дамыған, олардың ішінде ірі қара мал мен құстарды өсіру жақсы жолға қойылған.

Аймақтың тұрақты дамуында географиялық тұрғыдан Қазақстанның ең үлкен мәдени және қаржылық орталығы – Алматы қаласының жақындығы маңызды фактор болып табылады.

Облыс үлкен мәдени әлеуетке ие. Әр түрлі уақыттарға жататын, қола дәуірінен бастап (петроглифтер мен тастағы жазулар), тас дәуірі (сақ мәдениеті), алғашқы және ортаңғы ортағасырлар (керуен жолдары мен Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалық мәдениет) арқылы біздің заманымызға дейінгі уақытта қалыптасқан бірегей тарихи-мәдени ландшафт облыстың елдегі ең маңызды туристік және мәдени орталықтарының бірі екендігін айқындап, мәртебесін күйшейте түседі.







Тамғалы археологиялық ландшафтының петроглифтері

Орналасқан жері:	43°48'14.0"N, 75°32'03.5"E, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарабастау ауылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	археология.
Кезең:	б.з.б. XIV ғ., б.з. VI-VIII ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Тамғалы (Таңбалы) – Қазақстанның тас өнері ескерткіштерінің ең ежелгі және бірегейлерінің бірі. 2004 жылы бұл ландшафт ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізірілді.

Петроглифтер 1957 жылы А. Г. Максимова басқарған археологиялық топпен анықталды. Әр түрлі жылдары ескерткішті А. Н. Марьяшев және А. Г. Медоев зерттеді. 1990 жылдардан бастап көне жазулар А. Е. Рогожинский бастаған мамандармен жүйелі түрде зерттелді.

Ашық аспан астындағы мұражайдың қорында қола дәуірінен бастап соңғы ортағасырларға дейінгі уақыттың 5 000-нан астам қашалған суреттері бар. Белгілі бір нүктеден қарағанда тұтас бір композициялық сюжетті құрайтын петроглифтер тас шөгінділерде ойылып жазылған. Олар 3х10 км болатын аумаққа таралған. Жартастағы суреттердің ең көп шоғырланған аймағы 250х500 метрді құрайды. Антропоморфтық және зооморфтық кейіпкерлер, аң аулау суреттері, салттық әрекеттер бейнелерінің сипаты мен аймақтағы жерлеу орындары мен діни орындарын кешенді түрде бірге қарастыру нәтижесінде мамандар бұл ескерткіштің функционалды қызметі бар деген ойға келуіне себеп болды. Бұл – белгілі бір заманға жатпайтын, уақытқа байланыссыз, көшпенділер үшін өзіндік күшке ие ежелгі далалық ғибадатхана. Бұл жерде мыңжылдықтар бойын адамдар діни-салттық рәсімдер жасаған. Ең соңғы жазбалар XVII–XVIII ғасырға жатқызылады. Бұл қасиетті жерді сый тұту қазақтар арасында қазір де сақталған. Тамғалының ең жарқын туындысы ретінде билеп және ғибадат жасап жатқан адамдар бейнесінің үстінде орналасқан алты күнбасты құдайлардан тұратын композиция болып есептеледі.

Бүгінде бұл күнбасты құдайлар мен басқа да Тамғалы суреттерінің кейіпкерлері Қазақстанның өзіндік брендіне айналған. Тамғалы археологиялық ландшафты – әлемнің көптеген туристері мен зерттеушілерінің назарын аудартатын Қазақстанның ең танымал туристік жерлерінің бірі.





«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

- Орналасқан жері:** 49°48'06.9"N, 73°05'21.2"E, Алматы облысы, Есік қаласы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** археология.
- Кезең:** б.з.б. IV ғ.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Есік қорғандары ежелде Ұлы далада гүлденген әйгілі скиф-сақ мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Сақтық аң стилі – Еуразия жазықтарында б.з.б. I мыңжылдықта пайда болған өнер стилі және табиғи құбылыс. Ежелгі көшпенділер қайталанбас көркем символикалық тіл ойлап тапты, ол олардың әлемге деген көзқарасын білдіріп қана қоймай, сонымен қатар, саны бойынша ең көп түркі халқы – қазақтардың мәдени кодының ажырамас бөлігі болып қалыптасты.

1970 жылы Есік қаласының маңындағы К. А. Ақышевтың бастауымен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде хандық қорған табылды. Қазір ол «Есік қорғаны» – жас абыз-ханның – Алтын адамның сақталып қалған бірегей жерленген орны ретінде белгілі. Алтын адамның тамаша киімінің салтанаттылығы мен мағынаға иелігі сонша, ол ежелгі көшпенділердің әлем туралы түсініктерінің моделін білдіреді. Жауынгердің киімін безендіріп тұрған, ежелгі көшпенділер үшін қасиетті саналған алтын жануарлар мен құстар жаратылыстардың әртүрлі деңгейінің белгісі ретінде Әлем ағашының ерекше аңдық проекциясын жасап тұрады. Мұндағы алтын – құдайға тән билік мен ерекше мәртебенің белгісі. Бүгінде Есік және басқа да 80-ге жуық қорған, ежелгі сақ тұрақтары «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қарауында және туристік жолдардағы ең қызықты нүктелердің бірі болып табылады.

Қорғандағы алтын бұйымдардың жалпы саны 4000-нан асады, жерлеу орнында күміс ыдыстар да табылған, олардың бірінде әлі күнге дейін сыры ашылмаған жазулар бар. Мамандар оны оқудың әр түрлі нұсқаларын ұсынуда. Есік қорғанында табылған заттар ежелгі Қазақстанның тарихы, мәдениеті және өнеріндегі ең таңқаларлық парақтарын ашады. Алтын адам тәуелсіз Қазақстанның символы болып табылады, ал оның киіміндегі кейбір элементтер – Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің ерекше ажырамас бөлігі.





Бесшатыр қорғандары

Орналасқан жері:	43°55'24.8"N, 78°12'35.5"E, «Алтын Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Алматы облысы, Күрті ауданы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	археология.
Кезең:	б.з.б. VII-IV ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Бұл – Жетісу сақтарының б.з.б. VII-VI ғасырларға жататын ең үлкен жерлеу кешендерінің бірі. Кешен алғаш рет К. Ақышев басқарған Жетісу археологиялық экспедициясымен қаралды. 1957-1961 жылдар арасындағы 2 шаршы километр ауданда жүргізілген қазба жұмыстары кезінде археологтар диаметрі 8-70 метр, биіктігі 2-20 метр аралығындағы 18 жерлеу орындарын зерттеді. Қорғандардың жалпы саны – 31, ең үлкенінің биіктігі 17 метр, ал диаметрі 105 метрді құрайды. Ең үлкен обаларды қадатастар – ұзынша келген тік қойылған тастар қоршап тұр. Олардың кейбірінде жануарлардың суреттері анықталды. Үйінділер астында алатау шыршаларынан жасалған конструкциясы бойынша күрделі қабірлер табылды.

Қорғандарда сақтардың жерлеу дәстүріне тікелей қатысты жерасты лабиринттері анықталды. Мамандардың пікірінше, сақ тайпаларында бұл жерлер «геррос» – аса қасиетті өлілер мекені болып саналған. Ең үлкен қорғаннан басталатын спираль түрінде орналастырылған бата оқып еске алатын қорғандардың құрылысы таң қалдырады. Еске алу қорғандарының мұндай құрылысы, жерасты жолдары және тағы басқалары бірігіп ежелгі сақтардың қабірдегі өмір туралы мифопоэтикалық түсініктерін көрсетеді.

«Жетісу пирамидасы» деп аталған үлкен қорған қазылмай, архитектуралық ескерткіш ретінде сақталды. Зерттелген кейбір қорғандарда әртүрлі пішіндегі құмыралар, жылқы, қой, ешкінің сүйектері, киіз, қысқа темір ақынақ қылыштар, оқтарының ұшы қоладан жасалған қорамсаптар және алтын бұйымдар табылды. Бесшатыр қорғандары өзінің үлкендіктерімен, санымен және құрылымының күрделілігімен таң қалдырады, айналадағы ландшафтпен бірге өте мықты эмоциялық әсер қалдырады.

Қорғандар «Алтын Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне қарайды.





Талғар қалашығы (Талхиз)

Орналасқан жері:	43°16'45.0"N, 77°13'23.4"E, Алматы облысы, Талғар қаласы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	археология.
Кезең:	VIII-XIV ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне Ұлы Жібек жолының Тянь-Шань коридорындағы нысаны ретінде енгізілген
Тарихи деректер:	<p>ескерткіш – Іле жазығындағы ең үлкен қалашық. Сыртқы қамалдық қорғанмен арашаланған қалашықтың ауданы 9 га. Қалашықтың көркеюі Ұлы Жібек жолының сауда бағыттарының тұрақталуымен байланыстырылады. Қалашықтың орнында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде Ираннан келген шамдар, алтын жазулары бар жапониялық кеселер, Қытай мен оңтүстік Кореядан фарфор ыдыс-аяқтар, сүйектен жасалған Будда мүсіні, қола айналар, тамақтануға арналған таяқшалар, тіс щеткалары, сүйектен жасалған шаш қыстырғыштар, Үндістаннан келген шахмат фигуралары табылды. Одан басқа қалашықтың қыш құмыра жасау, темір ұсталық, шыны жасау, зергерлік өнерлерінің қандай деңгейде дамығандығы туралы ақпарат беретін қолөнер шеберханалары мен бұйымдарының қалдықтары табылды.</p> <p>Қалашықтың жоспары тік көшелермен, кварталдарға бөлінумен сипатталады. Әр кварталда 12-ден 14-ке дейін бау-бақшалы үйлер болған. Ежелгі талхиздықтар қолөнер мен саудадан басқа, отарлы және көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, сонымен қатар бидай, тары мен арпаның бірнеше түрлерін өсірген.</p> <p>X-XIII ғасырларға таман қалашық аймақтың ірі экономикалық, саяси және мәдени орталығына айналған. Шыңғысханның әскерінің Жетісу жеріне кіруі оның құлдырауына алып келді. Қалашық республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енген, ал 2014 жылы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді. 1939 жылы А. Н. Бернштамның басқаруындағы Жетісу археологиялық экспедициясының жүргізген зерттеулері Т. В. Савельевамен жалғастырылды.</p>





Тамғалы тас

- Орналасқан жері:** 44°03'41.5"N, 76°59'47.3"E, Алматы облысы, Іле ауданы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** археология.
- Кезең:** VIII-XVIII ғғ.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, аңыздар:

Ескерткіш Будданың жартасқа қырылып салынған суреттері мен VIII-IX ғасырлардағы ежелгі түркі руналық жазуларының шоғырлануы болып табылады. Ескерткіш туралы алғашқы ескертулер 1856 жылы Ш. Уәлихановтың жұмыстарында кездеседі. 1897 жылы ескерткішті шығыстанушы А. Позднеев зерттеді. Кейінірек ескерткішті Ә. Марғұлан, А. Медоев, С. Потапов, А. Марьяшев және П. Мариковский шолып өткен.

Ерекше назарды Будданың орталықтағы үш суреті аудартады. Композицияның ең ортасында Авалокитешвара Будда – рақымдылық Буддасы бейнеленген. Оның сол жағында Шакьямуни Будда, ал оң жағында Манла Будда – жоғары медицина Буддасы орналасқан. Жартастарда Буддалардың суреттерінен басқа танымал буддалық мантралардың мәтіндері сақталған. Олардың батыс жағында буддизмде қасиетті жерді қорғаушы ретінде қастерленетін төртінші бурхан (буряттар мен қалмақтардың табынатын буддалық пұты) – Луван, суреттелген. Орталық композицияның оңтүстік батысында бесінші бурхан бейнеленген. Бұл – Митюкба (Өзін-өзі билеген өте сабырлы) немесе Акшобхья. Ескерткіштің нақты кезеңі анықталмаған, бірақ ең ықтималы XVII-XVIII ғасырлар арасы болып саналады. 2001 жылы Тамғалы археологиялық кешені республикалық маңызы бар ескерткіш мәртебесін алды.

Бұл ескерткішпен жергілікті тұрғандарда көптеген аңыздар байланысты. Олардың бірі бойынша, көп ғасырлар бұрын бұл жерден буддисттер керуені жүріп өткен. Сол кезде қатты жер сілкінісі басталып, алып тастар жолаушылардың жолын бөгейді. Бұл оқиғаны олар жоғарыдан түскен бергі ретінде қабылдайды. Буддаға өздерінің аман қалғандары үшін тағзым жасап, оның суреттерін сол тастарға салып, Үндістанға кері оралады.

Ескерткіш ғасырлар бойы әртүрлі мәдениеттер мен діндердің қарым-қатынасы орын алған Қазақстанның жан-жақты тарихының куәсі болып табылады. Тамғалы тас – танымал туристік нысан. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, әлі күнге дейін Будданың бейнелеріне көптеген адамдар ем-домдық мақсатта тауап жасап келеді.





«Буддалық стела» жартасқа салынған суреті

Орналасқан жері: 44°52'33.8"N, 78°48'32.2"E, Алматы облысы, Текелі қаласы, Қопа өзенінің оң жағалауы, Талдықорған қаласынан оңтүстік шығыс бағытта 30 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: археология.

Кезең: XVII-XVIII ғғ.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, аңыздар: Ескерткіш буддалық бейнелер бар үш метрлік жартас болып табылады. Жоғарғы бөліктің ортасында Калачакра белгісі және бірнеше дұғалы жазбалар ойылып жазылған. Шығыс жағында Будданың ақылын сипаттайтын үккіш суреттелген, оны тибеттіктерде аса қастерлі мифтік жануар – қар арыстаны ұстап тұр. Үккіш ортасында отарған күйде Шакьямуни Будданың бейнесі салынған.

Тастың ортасында суға толған табиғи ойыс бар. Жергілікті тұрғындар бұл суды қасиетті деп есептейді.

«Текелі стеласы» деген атпен танымал буддистік мәдениеттің бұл бірегей ескерткіші аз зерттелген нысандарға жатады және ары қарай терең зерттеуді қажет етеді.

Бұл ескерткіш аймақтың танымал туристік нүктесі болып табылады.





Қойлық қалашығы

Орналасқан жері:	45°40'07.4"N, 80°15'10.2"E, Алматы облысы, Сарқанд ауданы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	VIII-XIV ғғ.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізбесіне, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне Ұлы Жібек жолының Тянь-Шань коридорындағы нысаны ретінде енгізілген
Тарихи деректер:	Қойлық (Қаялық) қалашығы – 2014 жылы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Алматы облысындағы ең үлкен үш қалашықтың бірі. Қалашық туралы ең алғашқы хабарлаған тарихи дереккөз – XIII ғасырдағы француз монахы Гильом Рубруктың «Шығыс елдеріне саяхат» кітабы.

VIII–XIV ғасырларда Қойлық қарлұқтардың ордасы мен Жетісудің ең ірі қолөнер-сауда және мәдени орталығы болған. Қалашықтағы алғашқы археологиялық зерттеулер 1964 жылы жүргізілді. 1998 жылдан бастап қалашық академик К. М. Байпақов басқарған археологиялық экспедициямен жүйелі түрде зерттеліп келеді. Кезінде қала биіктігі 4 метр болатын қамал қабырғаларымен қоршалған болатын. Ол – төрт бұрышы дүниенің төрт жағына қарап тұрған бұзық төртбұрышты құраған. Қазба орындарында буддалық ғибадатхана, мұсылмандық мешіт және христиандық шіркеу табылған.

Өз заманында аймақтың ірі орталығы саналған Қойлық қалашығында өзінің ақша шығару сарайы, кәріз және жылыту жүйесі, шығыс моншалары болған.

Қалашықтағы қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған артефакттар көбінесе қыш құмыра, тамақ сақтауға арналған ыдыстар, шамдар және тағы басқаларды тұрады. Олар Сарқанд ауданының Қойлық ауылындағы М. Жұмабаев атындағы орта мектептің мұражайында орналасқан. Мұражай қоры 160-тан астам экспонаттардан тұрады.

Қойлық қалашығы Ұлы Жібек жолы маршрутындағы ортағасырдың ең қызықты нысандарының бірі болып табылады.





Жаркент мешіті

Орналасқан жері: 44°10'16.1"N, 79°59'18.7"E, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қ., Юлдашев көш., 40.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1895 ж., қытай сәулетшісі Хуэйцзу Хон Пикенің жобасы.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер, аңыздар: Мешіт бірінші көпестер гильдиясының саудагері Уали Ахун Юлдашевтың бастамасымен тұрғызылған, құрылыстың негізгі демеушісі де ол болды. Мешіттің өлшемдері 28*54 метр, биіктігі 14,5 м. Мұнара биіктігі 19 метр. Мешіттің мұнарасы 52 бағанамен қоршалған. Мешіттің жалпы ауданы 1500 шаршы метрден астам.

Мешіттің негізгі залы 1000 адамды сыйдыра алады. Құрылыс кезінде Тянь-Шань шыршасы қолданылған, ол құрылыстың ерекше беріктігін қамтамасыз етті. Ғимараттың ішкі сүйеніші бірде бір шегесіз бөренелер арқылы біріктірілген 122 ағаш тіреулерден тұрады. Мешіт қабырғалары ағаштан, ал шатыры қаңылтырдан жасалған. Ғимаратқа оның ұшып тұрған шатыры ерекше колорит беріп тұрады. Құрылыстың ішкі интерьері араб өрме жазуымен және оюлармен безендірілген. Мешіттің сырты да бай әрленген – ойылған ағаш және өсімдік тақырыбындағы өрнектер. Мешіттің ауласында солтүстік шығыс жағында кішірігім аула, ал оңтүстік жағында медресе орналасқан. Мешіт биіктігі 2,3 метр тас қабырғамен қоршалған, оңтүстік және солтүстік жақтарында дарбазалар бар. 1969 жылы инженерлік іздеулер жүргізіліп, құрылыс конструкциялары мен безендірулерінің ерекшеліктері зерттелді. 1975-1978 жылдары қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, Жаркент мешіті архитектуралық өнер кешені ашылды. 2001-2004 жылдары ғимарат шатыры мен негізгі бөлігін жаңартты. Ерекше Жаркент мешіті ретінде көрініс тапқан әртүрлі көркемөнер дәстүрлерін дарынды қытай сәулетшісі үйлесімді біріктіре білді. Жергілікті аңыздардың біріне сенетін болсақ, сәулетші Хон Пикені елге оралысымен өлім жазасына кескен, себебі ол ең әдемі мешітті – керемет туындыны өз елінен алыста тұрғызды. Бүгінде Жаркент мешіті – мамандармен қатар көптеген туристердің назарын аудартатын керемет архитектуралық ғимарат.





Тәнеке батыр мазары

Орналасқан жері: 45°11'11.6"N, 79°12'35.8"E, Алматы облысы, Ақсу ауданы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: XIX ғ.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

**Тарихи деректер,
аңыздар:**

Ескерткіш – елде әулие саналатын, қазақ халқының аты шыққан ұлы – Тәнеке батырдың мазары. Тәнеке батыр Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалыстың қаһарманы ретінде танымал. Батырдың мазары туралы алғашқы жазулар 1898-1899 жылдардағы Н. Н. Пантусовтың есебінде кездеседі. Аман қалған ескі фотосуреттерде Тәнеке батырды жерлеген жердің үстінде қабір төбешігі бар екендігі көрінеді. Қорымның жоғарғы алдыңғы бет жағы бесікке ұқсас затпен жабылған, ал артқы үстіңгі жағында жаңа айдың белгісі орнатылған. Қазір ескі мазардың құйылған кірпіштен қаланған бір ғана қабырғасы қалған. Тәнеке батырдың ұрпақтары 1992 жылы қара мәрмәрдан жасалған қабірусті тақтайша орнатты.

Батырдың қабірі адамдар арасында танымалдыққа ие, әсіресе бедеу әйелдер әруақтардан бата сұрап, қабір басында түнейді.

Мазарға жақын жерде мұздай таза су бұлағы бар, оны «Тәнеке бұлағы» деп атайды. Бұл судың емдік қасиеті бар деп есептеледі.





Жамбыл Жабаевтың мұражай кешені

- Орналасқан жері:** 43°08'39.1"N, 76°10'49.0"E, Алматы облысы,
- Ескерткіш/нысанның түрі:** Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылы, Алматы қаласынан 70 км.
- Кезең және авторы:** қала құрылысы және сәулет.
- Нысан мәртебесі:** 1946 ж., И. Белоцерковский, В. В. Бирюков, А. К. Деев. республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Жамбыл Жабаевтың (1846- 1945 жж.) мұражай кешені 1946 жылы ашылған. Кешенді ақынның үйі, бақша, көлікжай, әкімшілік ғимарат және кесене құрайды. Жамбыл Жабаев – атақты қазақ ақыны, әлемдік әдебиеттің алтын қорына енген поэтикалық шығармалардың авторы.

Мұражайдың жалпы ауданы 1200 шаршы метр, экспозициялық ауданы 700 шаршы метр. Мұражай қоры 3151 сақтаулы заттардан тұрады. Олардың басым бөлігі – сүйікті ақынның өмірі мен қызметі туралы баяндайтын оның жеке заттары, мемлекеттік сыйлықтары, жәдігерлер, КСРО және шет елдерде басылып шыққан шығармалары және тағы да басқа естелік экспонаттар. Көлікжайда Жамбылдың жеке көлігі «М-1» сақтаулы тұр.

Мұражай кешенінің қасиетті ортасы болып Жамбыл Жабаевтың жерленген жерінде 1946 жылы тұрғызылған кесенесі саналады. Құрылыстың сәулетшісі – И. Белоцерковский.

Мазар – сырты ақ мәрмәрмен плиталармен жабылған, сүйір сфералық күмбезі бар сегіз қырлы он метрлік құрылыс. Ескерткіштің қасбеттері қазақ ою-өрнектерімен безендірілген. Мазар әлі күнге дейін адамдардың тауап ететін орны. Мұнда көптеген ақын, музыкант, суретші және басқалары ақынның рухына тағзым етіп, одан бата алуға келеді.

Кешен аймағында Ж. Жабаевтың кесенесі жанында атақты қазақ композиторы Нұрғиса Тілендиев жерленген. Оның басында әдемілігі, көркем терең ойлылығы мен мағынасы жағынан таңқаларлық қола аққулары бар монумент орнатылған. Композитор аққулар тілін түсінген деседі. Ал бұл бекзат құстар оған оң көзбен қарап, шабыт сыйлаған.

Жамбыл Жабаев мұражайы аймақтың маңызды мәдени орталығы және танымал туристік орын болып табылады.





I. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайы

- Орналасқан жері:** 45°01'02.8"N, 78°22'55.6"E, Алматы облысы, Талдықорған қ., Тәуелсіздік көш, д.67.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1954 ж.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:**
- I. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайы – бүкіл аймақтың алдыңғы қатарлы мәдени орталығы және қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орны.
- Ғимарат классикалық детальдер мен заманауи пропорцияларды біріктірген қатаң айқын кескіндерге ие.
- Өткен ғасырдың 80-жылдары ғимараттың орталық бөлігі қайта соғылған, маңдайшасын мәрмәрмен қаптаған. Бүгінде ғимарат классика мен модерннің өзіндік үйлесімін бейнелейді. Ғимараттың жалпы ауданы 3563 шаршы метр. Басты зал 500 адамға дейін орналастыра алады.
- 1965 жылы мәдениет сарайына атақты ақын, қазақ әдебиетінің классигі Илияс Жансүгіровтың есімі берілді.
- 2001 жылы ғимарат алдында қасиетті жер – «Жетісуды» бейнелейтін «Жер жәннаты Жетісу» фонтаны орнатылды. Фонтанның авторы – танымал қазақстандық дизайнер Т. Сүлейменов.
- Мәдениет сарайында көптеген музыкалық және мерекелік іс-шаралар өткізіледі: концерттер, қайырымдылық акциялары, жарыстар мен бейнелеу өнері көрмелері.





I. Жансүгіров атындағы облыстық әдебиет мұражайы

- Орналасқан жері:** 45°01'04.1"N, 78°23'03.7"E, Алматы облысы, Талдықорған қ., Абай көш., 239.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** ғимарат 1907 ж. тұрғызылды, мұражай 1984 ж. ашылды.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** Мұражай ғимараты – 1907 жылы тұрғызылған бірқабатты ағаш ғимарат. Үй татар сәудагері Рахматулла Хайбуллиннің қаржысына тұрғызылған. Сызбасы бойынша ғимарат Г әрпі тәріз-дес және шатыры жалпақ жапырақты металлдан жасалған. Терезе қақпалары күрделі ағаш оюымен өрнектелген. Ғимарат құрылысында Қапалдан алып келінген қарағай қолданылған.
- 1918-1976 жылдар аралығында ғимарат әртүрлі мекемелермен қолданылған. Бүгінде ғимарат сәулет өнерінің ескерткіші болып табылады.
- Илияс Жансүгіров атындағы мұражай 1984 жылы ашылды. Мұражайдың жалпы ауданы 280,5 шаршы метрді құрайды. Мұражайдың қоры негізіне I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің кішігірім музейі алынды. Қор материалдарын жинастыруда қазақ әдебиетінің атақты классигінің қызы Жансүгірова Үміт Илиясқызы елеулі көмек көрсетті. Мұражайдың жалпы қоры 6073 экспонатты құрайды. Музей экспозициясы бірнеше тақырыптық бөлімдерден тұрады: ақынның балалық және жастық шағы; ақынның қалыптасуы, дамуы және қоғамдық қызметі; ақынның жұмыс тобы; Илияс Жансүгіровтың шығармашылығы және мұрасы.
- Бүгінде мұражай – облыстың маңызды мәдени орталығы.





Екі рет Кеңестік еңбек ері Н. Алдабергеновтың бюсты

- Орналасқан жері:** 44°50'46.2"N, 78°10'08.9"E, Алматы облысы, Ескелді ауданы, Алдабергенов атындағы ауыл.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1960 ж., сәулетші И. Я. Токарь, мүсінші Х. Наурызбаев.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** Ескерткіш екі рет Кеңестік еңбек ері, Ленин ордені мен «орақ пен балға» алтын медалінің иегері, Талдықорған облысының Карл Маркс атындағы (қазіргі Алдабергенов ауылы) колхозының атақты төрағасы – Нұрмолда Алдабергеновтың бюсты. Дәл осы кісіге Сәбит Мұқанов өзінің «Алдабергенов туралы аңыз» поэмасын арнаған, ал жазушылар С. Бақбергенов, Ұ. Доспанбетов, К. Баяндин оның өмірі мен қызметі туралы документалды кітаптардың авторлары болды. Н. Алдабергенов өзінің адамгершілік қасиеттерінен басқа аймақтың жер өңдеу, диқаншылық және мал шаруашылығы саласындағы дамуына енгіздірген новаторлық идеяларымен танымал.

Оның туған ауылында Кеңестік еңбек ері атанған сол ауылдың он тумасының қола ескерткіштері қойылған Ерлер аллеясы бар. Нұрмолда Алдабергеновтың бюсты аллеяның композициялық орталығы болып табылады. Бюстың екі жағында кіші архитектуралық формалар орналасқан, оның бірінде екі жұлдыз бейнеленсе, екіншісінде батырдың есімі қашалып жазылған. Ескерткіш айналасы мәрмәр тақтайлармен және жасыл өсімдіктермен жақсартылған.





«Черкасск қорғанысы» мемориалды музейі

Орналасқан жері:	45°40'52.2"N, 80°23'06.0"E, Алматы облысы, Сарқан ауданы, Қойлық ауылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	музей 1968 ж. ашылды, мемориал 1973 ж. тұрғызылды, сәулетшілер А. Ордабаев, Т. Сүлейменов, мүсінші В. Рахманов.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	«Черкасск қорғанысы» музейі ҚазКСР мәдениет министрлігінің шешімімен 1968 жылы ашылды. Музейдің ең басты мақсаты – әйгілі Черкасск қорғанысының батырлары туралы ақпарат жинау. 1978 жылы музей жаңа бір қабатты ғимаратта орналасты. Музей ғимараты алдында 1904 жылы Обухов болат құю зауытында шығарылған зеңбірек қойылды.

Музейдің жалпы ауданы 262,6 шаршы метр. Оның қорында 2040 дана тарихи жәдігер сақтаулы және ұзақ жылдар бойы жиналған. Барлық экспозиция келесі бөлімдер бойынша бөлінген: «Жетісудың XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы», «Черкасск қорғанысы маңындағы әскери іс-қимылдардың ұйымдастырылуы, шиеленісуі және өтуі», тұңғыш қазақ инженері, мемлекеттік және қоғам қайраткері, тарихшы және өлкетанушы М. Тынышпаевқа арналған «Өшпес тағдыр ізі», «Черкасск қорғанысына қатысушылар өмірлерінің деректері. Черкасск қорғанысы жеріндегі бейбіт күндер».

Ескерткіш Мәңгілік Алау айналасында орнатылған үш үшбұрышты модерн стиліндегі құрылыстардан тұрады. Нысанның айрықша сәулеті оның металл жылтырымен әсіреленген. Құрылыстардың бірінде қорғанысқа қатысқан барлық ауылдардың атаулары жазылған: Черкасск, Андреевск, Петропавловск, Веселовка, Николаевск, Осиновск, Герасимовск, Успенск, Колпаковск, Глинковск, Лепсинск, Саратовск, Ақ құдық, Трегубово, Новонадежинск, Константиновск, Покатиловск, Антоновск.

Бұл керемет ескерткіштің алғашқы жобасы танымал қазақстандық сәулетші және дизайнерлер Алмас Ордабаев және Тимур Сүлейменовке тиесілі.

Ескерткіш жанында ағашқа ежелгі далалық дәстүрлерге сай, көптеген келушілер қайтыс болғандардың құрметіне оған бау байлап кетеді.





Ақын Сара Тастанбекқызының мазары

- Орналасқан жері:** 45°18'14.7"N, 78°37'10.7"E, Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақешкі ауылы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1916 ж. жерленген, мазар 1992 ж. орнатылған, автор М. Маманбаев. республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Нысан мәртебесі:** Ескерткіш бүкіл қазақ даласына әйгілі дәстүрлі ақын Сара Тастанбекқызының (1878-1916 жж.) қабірінің орнында салынған мазар болып табылады.

Тарихи деректер, аңыздар:

Сара Тастанбекқызы мәртебелі ақын атауын аңызға айналған атақты суырыпсалма ақын Біржан салмен айтыстан кейін иеленген. Оның өмірінің дәл осы кезеңі бірнеше онжылдықтар бойы Қазақстанның ең танымал театрларының сахнасының көркін кіргізіп жүрген М. Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсының негізіне алынды.

Сара Тастанбекқызының мазары 1992 жылы тұрғызылды. Сәулет жобасының авторы М. Маманбаев ақынның өзі сияқты бірегей, биязы және қарапайым құрылыс жасап шығаруға ұмтылды. Шағын, бірақ өте қызықты ғимарат жабайы тастардан қаланған қабырғаларынан көрініс табатын дала сәулет өнерінің ежелгі дәстүрлері мен нақты геометриялық формалардан байқалатын заманауи беталысты байыппен үйлестіреді.

Мазардың кіреберісі негізгі ғимараттан шығып тұратын қатаң көркем арка түрінде орындалған. Арка мен тік қабырғада кішігірім күміс сфералар, олардың үстінде енді туған айдың мүсіндері қойылған.

Мазарға кіреберіс алдында ақ мәрмәрден жасалған екі стелла бар, бірінде «Сара Тастанбекқызы 1878-1916» деген жазу болса, екіншісінде ақынның поэтикалық мұраларынан алынған нақыл сөздері жазылған.

Ақын Сара Тастанбекқызының мазары адамдардың зиярат ететін орнына айналып кеткен. Бұл жерде өзіндік позитивті аура шоғырланған және шабыт іздеп жүрген ақын, музыкант және әншілер ақ бата ала алады деген сенім бар.





М. Тынышбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі

Орналасқан жері:	45°00'59.2"N, 78°23'03.6"E, Алматы облысы, Талдықорған қ., Абай көш., 245.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1974 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	Музей ҚазКСР Министрлер кеңесінің 1973 жылғы қаулысына және ҚазКСР мәдениет министрлігінің 1974 жылғы бұйрығына сәйкес құрылды.

1993 жылы музейге тұңғыш қазақ инженері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, өлкетанушы, екі рет заңсыз репрессияға ұшыраған, кейіннен ақталған Мұхамеджан Тынышпаевтың аты берілді.

Бүгінде музейдің жиырма бөлімшелері бар, оның негізгі қоры 24 636 жәдігерден құралады.

2003 жылы музей ғимаратында толық жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа экспозиция ашылды. Археология залында Есік қорғанынан табылған Алтын адамның көшірмесі қойылған. Сонымен қатар бұл залда ежелгі Жетісу жерінің әртүрлі археологиялық артефактілерін – музыкалық аспаптар, қола қазандар, балшықтан жасалған құмыралар, екі қолжазбаларды және т.б. көруге болады. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмысы мен мәдениетіне арналған этнография залы да ерекше назар аударуға тұрарлық.

М. Тынышбаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі аймақтың маңызды мәдени және білім беру орталығы және туристік бағыттардағы келуге міндетті орын болып табылады.





Бикен Римова атындағы драма театры

- Орналасқан жері:** 45°00'41.6"N, 78°23'17.3"E, Алматы облысы, Талдықорған қ., Абылай хан көш., 153.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** театр 1975 ж. ашылды, жаңа ғимарат 2018 ж. салынды.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** Бикен Римова атындағы драма театры 1975 жылдың 4 қарашасында ашылды. Театр өзінің алғашқы маусымын Ғабит Мүсіреповтың атақты «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» спектаклінен бастады.
- 2000 жылы театрға Қазақстанның халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бикен Римованың аты берілді. Бикен Римова – танымал қазақстандық театр және кино әртісі, мәдениет пен өнер саласына сіңірген еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «Парасат» орденімен және көптеген мақтау қағаздарымен марапатталған.
- Қаланың сәнін келтірген жаңа екі қабатты ғимаратқа театр 2018 жылдың 30 қазанында орналасты. Театрдың жаңа ғимаратының жалпы ауданы 10 538 шаршы метрді құрайды, 500 адамға есептелген. Өзінің архитектуралық және техникалық параметрлері бойынша театр кез келген жанр мен күрделілік деңгейіндегі қойылымдарды іске асыруға мүмкіндік береді. Театр ғимаратының экстерьерінде қолданылған ашық түстер мен панорамалы терезелері ғимаратқа ерекше бейне сыйлайды.
- Б. Римова атындағы драма театрының жаңа сахнадасындағы алғашқы қойылымы Мұхтар Әуезовтың әйгілі спектаклі «Айман-Шолпан» болды.





Шоқан Уәлихановтың мемлекеттік мемориалды музей-саябағы

- Орналасқан жері:** 44°14'40.5"N, 78°14'44.4"E, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан ауылы, ауылдан батыс бағытта 3 км.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1985 ж., сәулетшілер Р. Сейдалин, Б. Ыбраев, Р. Рүстембеков.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпы ұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Ш. Уәлихановтың мемориалды кешені Шоқан Уәлихановтың «Алтын Емел» мемлекеттік мемориалды музейі деген атаумен де белгілі. Бұл атау Жоңғар Алатауының Алтын Емел жотасына кешеннің өте жақын орналасуымен байланысты шыққан. Музей 1985 жылы біртуар қазақ ғалымы, этнограф, саяхатшы және ағартушы Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай ашылды.

Көшпенді қазақтардың қоршаған әлем туралы мифопоэтикалық көзқарастары музейдің барлық концепцияларына – ғимарат архитектурасынан бастап музей экспозицияларын безендіруге дейін негіз болды. Ғимарат стилистикасы әлемнің төрт бұрышына бағытталған қазақтардың далалық мемориалдық құрылыстарының дәстүрлеріне қарай ығысқан. Ғимарат ортасында бағаналар қойылған, олар арқылы түрлі түсті жіптерден тоқылған бақыт түйіндері төменге түсіп тұрады. Музейдің ішкі жасауы киіз үйге ұқсас орындалған, оның түстік шешімдері дәстүрлі реңктерде келтірілген және әлемнің үш деңгейін (төменгі, ортаңғы және жоғарғы) бейнелеп тұрады.

Музей экспозициясы Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы ақпарат беретін материалдардан құралған: Омбы кадет корпусындағы оқу жылдары, ғылыми еңбектері, экспедиция құжаттары және т.б. Ғимараттың жалпы ауданы 629,4 шаршы метр. Ш. Уәлихановтың жерленген жерінде қарапайым мәрмәр құлпытас қойылған.

Кешен туристтер үшін аймақтың ең қызықты жерлердің бірі болып табылады.





Наурызбай батыр ескерткіші

- Орналасқан жері:** 43°12'47.6"N, 76°40'30.0"E, Алматы облысы, Қарасай ауданы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2006 ж., Н. Далбай.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Ескерткіш қазақ халқының даңқты ұлы Наурызбай батырға (1706-1781 жж.) арнап қойылды. Наурызбай батыр жоңғарлармен соғыста аты шыққан әйгілі қолбасшы болған.
- Ескерткіш Наурызбай батырдың қолында найзасын ұстап, атта отырған алып мүсіні түрінде бейнеленген. Композиция биік мәрмәр тұғырда орнатылған. Ескерткіш кішігірім төбенің үстінде орналасқандықтан, ол алыстан көрінетін өзіндік шамшырақ секілді.
- Ескерткіш Наурызбай батырдың туғанына 300 жыл толуына орай 2006 жылы орнатылды. Оның ресми салтанатты ашылуына Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев қатысты.





«Жастар» спорт сарайы

- Орналасқан жері:** 45°00'08.5"N, 78°20'33.4"E, Алматы облысы, Талдықорған қ., Қонаев көш., 22.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2010 ж., Е. Маманов және М. Мұқашев.
- Нысан мәртебесі:** Спорт және мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** Сарай – өзінің үлкендігі мен көп функционалдығымен ерекшеленетін заманауи сәулет композициясы.
- Сарай бірнеше қызмет түрлерін ұсынады – күштік жаттығулар, аэробикамен шұғылдану және жүрек-тамырлық фитнесі.
- Сарайда кіші футбол мен баскетболға арналған универсалды спорт алаңы, бал билеріне арналған залы, сонымен қатар самбо, дзюдо, таэквондо, бокс, еркін күреспен айналысатын арнайы спорт залдары бар.
- Үшінші қабатта радиоторап және тілшілерге арналған пресс-орталық орналасқан. Сарай аумағының ауданы 8 га, ал оның сыйымдылығы – 1500 адам.
- «Жастар» спорт сарайының арқасында қала мен облыстың спорттық әлеуеті жоғарылады, бұл әсіресе өскелең ұрпақ пен жастарға өте маңызды. Қала тұрғындарына сыйға берілген бұл спорт және сауықтыру кешені бірден облыстың спорттық және мәдени өмірінің шоғырланған жеріне айналды.





Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті ескерткіші

- Орналасқан жері:** 45°01'02.8"N, 78°22'59.3"E, Алматы облысы, Талдықорған қ.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2016 ж., сәулетші К. Жарылғапов, мүсінші М. Азмағанбетов.
- Нысан мәртебесі:** Мүсінді ескерткіш.
- Тарихи деректер:** Ескерткіш – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевты бейнелейтін мүсінді композиция. Жоба авторлары алға жылжу мен көшбасшылық бедел идеясын көрсетуге тырысты. Президент өз артынан барлық қазақстандықтарды ілесуге шақырып, алдыға қарай нық қадамдар жасайтын кейіпте бейнеленген.
- Гранит ескерткіштің жалпы биіктігі – 9 метр, қола мүсіннің биіктігі 4,5 метр.
- Бұл монумент Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері аллеясының басында орналасқан.





Үңгіртас шатқалы

- Орналасқан жері:** 43°15'36.9"N, 76°01'08.1"E, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылы, аулдың оңтүстік жағы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** геоморфологиялық.
- Нысан мәртебесі:** Жаппай зиярат ету орны.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Үңгіртас шатқалы – әртүрлі үлкендіктегі шоқылардың кешені. Олардың ішіндегі ең үлкенінде әр түрлі көлемдегі табиғи үңгірлер бар. Осы үңгірлер бұл жердің атауына негіз болды.
- Халық арасындағы аңыздарға сәйкес, бұл жер Қожа Ахмет Яссауимен байланысты және ерекше шипалық қасиеттерге ие. Жергілікті әңгімелер ұлы сопы өз өмірінің алпыс үшінші жылынан кейінгі ғұмырын дәл осы жерлерде өткізген деседі. Сонымен қатар, бұл аңыздан да ертерек пайда болған мифтік Айдарлы Айдахар-Ата туралы аңыз да көп тараған. Оған сәйкес, ерте замандарда айдахар осы маңды мекен етіп, бұл үңгірлерге ерекше күш берген екен.
- Өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін Үңгіртас пен оның қасиеттері туралы көп адам біле бермеген, тек жергілікті халық ескі аңыздарды сақтап келген. Бірақ осы жердің шырақшысы Бифатима Дәулетованың жиырма жыл бұрын осында қоныс аударуымен байланысты Үңгіртастың зиярат ету орны ретіндегі атағы көпке тарала бастады.
- Бүгінде Үңгіртас шатқалы рухани және дене саулығын, даналық пен түсіністік сыйлай алатын керемет күш орны ретінде танымал. Мұнда отандық саяхатшылар мен діндарлармен қатар, шетелдік туристтер де көп келеді.





Шарын шатқалы

Орналасқан жері: 43°21'11.4"N, 79°04'17.2"E, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Алматыдан шығыс бағытта 195 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: геоморфологиялық объект.

Нысан мәртебесі: Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорықтық қор тізіміне, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер, аңыздар: Шарын шатқалдары – шөгінді жыныстардан түзілген бірегей табиғи нысан. Шатқалдардың атауы оны қақ жарып ағып жатқан Шарын өзенінің атымен аталған. Шатқалдар 2004 жылы ашылған Шарын ұлттық паркінің құрамына кіреді. Парктің жалпы ауданы 93 150 га-ны құрайды.

Шатқалдың жалпы ұзындығы 154 км, тереңдігі кейбір жерлерде 200-300 метрге жетеді. Шатқалдың ең сұлу жері болып «Қорғандар алқабы» деп аталатын бөлігі саналады. Оның ұзындығы 2 км-ді құрайды, ал ені 20-80 метр аралығында. Шатқал аумағында ерекше шаған ағаштар орманы сақталып қалған. Бұл жердің ландшафтының әртүрлілігі оның флорасы мен фаунасының сан алуандығына алып келді.

Шатқалмен көптеген аңыз әңгімелер байланысты. Олардың біріне сәйкес, жерде адамдар пайда болмай тұрып бұл аймақты барлық тірі нәрсені жейтін айдаһар мекен еткен. Сонда Тенгри құдайы айдаһарға жаза ретінде оны қатырып тастайтын суық ауа-райын жіберген екен. Ал айдаһардың соңғы от шашқан демін жас шағандар бойына сіңіріп алыпты. Сондықтан да алып құбыжықтың күшін өз бойларына сіңірген ағаштар әлі күнге дейін өсіп келеді екен.

Басқа аңыздарға сәйкес, ерте замандарда шатқал түбінде адамдарға қызыл бөрі мен мыстандар кейпінде келетін жындар өмір сүріпті.

Бұл ерекше ландшафт осы аймаққа тән жартылай шөл және дала пейзажымен бірігіп, әрдайым өзіне назар аудартады. Оның бұл ерекшелігі Шарын шатқалын саны жыл сайын өсіп келе жатқан туристтер үшін ең танымал жерлердің бірі етеді.





Әулие ағаш қасиетті ағашы (Үлкен ағаш)

Орналасқан жері:	44°14'15.9"N, 79°50'38.5"E, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Көктал ауылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	табиғи.
Кезең:	Жасы шамамен 700 жылдан астам.
Нысан мәртебесі:	Зиярат орны, қасиетті ағаш.
Тарихи деректер, аңыздар:	Әулие ағаш – тарам-тарам бұтақтары бар алып қарағаш. Діңінің диаметрі 6,5 метр және ол әлі де өсу үстінде.

Бұл ағаштың жасы 700 жылдан астам болғандықтан онымен көптеген аңыздар байланысты. Олардың ең көп тараған бірнешеуі бар. Бірі бойынша, ертеде Меккеге қажылыққа жол тартқан жеті әулие қазір осы ағаш өсіп тұрған орынға келіп тоқтаған екен. Ұйқыға кетер алдында олардың біреуі өзінің асатаяғын жерге қадап қойыпты. Таң атысымен барлығы тақтың гүлденіп кеткенін көрген екен. Әулиелер асатаяқты қалдырып, өз жолын жалғастырыпты, ал олар қайтыс болғаннан кейін олардың рухы гүлденген ағаш қасына келіп, осында әлі күнге дейін мекендейді-мыс.

Басқа аңыз бойынша, бұл ағашты алып жылан (айдаһар) күзетеді екен. Бұл нұсқа ежелгі түркілердің айдаһар қорғайтын қасиетті Бәйтерек ағашы туралы қияли сенімдерімен ұштасады. Сонымен қатар, бұл ағаш Мұхаммед пайғамбардың өзімен отырғызылған деген болжамдар да бар.

Қазіргі кезде Әулие ағаш ерекше күші бар қасиетті нысан ретінде облыс аймағынан шалғай жерлерде де танымал.

Ағашқа тауап етуге келген адамдар саны азаяр емес, олар мұнда түнеп, ата-бабалар рухтары мен ағаштан күш-қуат, денсаулық және береке сұрап әртүрлі ғибадат жораларын жасайды.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ



18

НЫСАН




Ақтөбе облысы Қазақстан Республикасының солтүстік-батысында және Еуропа мен Азия тоғысында орналасқан. Шығысында Өлкейек аңғарынан батыстағы Қиылға дейін созылған. Қазақстандағы үлкендігі бойынша екінші облыс және мемлекет территориясының 11% алып жатыр. Ақтөбе облысының халық саны 854 000 адамды құрайды. Аймақтың экономикалық негізін кен өндіру, өңдеу кәсіпорындары және электрмен жабдықтау салалары құрайды. Облыс пайдалы қазбаларға бай, оның аймағында елдегі хромның барлық қоры орналасқан, никельдің 55%-ы, титанның 40%-ы, фосфориттің 34%-ы, барланған және болжанған көмірсутектің 30%-ы, цинктің 4,7%-ы, мыстың 3,6%-ы, алюминийдің 2%-ы, көмірдің 1,4%-ы шоғырланған. Облыстың қазіргі территориясы арқылы құрлықтың еуропалық және азиялық бөліктерін байланыстыратын стратегиялық маңызы бар автомагистральдар кесіп өтеді, олардың ішіндегі ең ірісі – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жаһандық көлік коридоры.

Ақтөбе облысы 1932 жылы құралған. Облыс тарихи түрде Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан, оның әлеуметтік-мәдени ерекшелігіне әсер еткен шекаралы аймақ ретінде қалыптасқан. Аймақтың мәдени алуандығы – ежелгі уақыттан қазірге дейін жалғасып келген тұрақты миграциялық құбылыстарға байланысты туындады (сауда қатынастары, жаулап алу жорықтары және т.б.).

Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы – Ақтөбе қаласы. Қала 1869 жылы құрылып, бұл батыс аймақтың белсенді мәдени және экономикалық үрдістерінің шоғырланған жері болды. Қазір қаладағы халық саны 417 471 адамды құрайды, бұл батыс Қазақстанның ең ірі қаласы. Бүгінгі Ақтөбе – елдің маңызды мәдени және индустриалды орталығы (химиялық, жеңіл және тамақ өнеркәсібі).

Ақтөбе облысы туристік инфрақұрылымды дамыту үшін үлкен қызығушылық тудыратын сирек кездесетін табиғи және қолдан жасалған нысандарының көптігімен атақты.

Мұғалжар таулары, Александров үңгірлері, бекіре тоғандары, сарқырамалар, метеорит кратері, Уркачев қасиетті орманы, мүйіз қанымен емдеу орындары, аңызға айналған «Немой ауылы», Көкжар жәрмеңкесі, «Барқын» құмы және тағы басқа көптеген орындар бұл ерекше тарихи-мәдени ландшафттың аз ғана бөлігі. Облыстың ем-домдық ресурстары туризмнің емдік, этникалық, спорттық және басқа түрлерін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді.





Барқын құмы

Орналасқан жері: 49°03'42.7"N, 54°44'12.5"E, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы.

Ескерткіш/нысанның түрі: геоморфологиялық.

Нысан мәртебесі: Бірегей табиғи ландшафт.

Тарихи деректер: «Барқын» - ежелгі теңіз орнында қалған құм барқандары. Ғалымдардың айтуынша, қазіргі кезде барқандар астында бір метрден астам тереңдікте тұщы көл бар. Кей жерлерде су жер бетіне шығып кішігірім суаттар пайда болған. XVIII ғасырда жергілікті биліктің бұйрығымен жылжып келе жатқан «Барқұм» құмына тосқауыл болу үшін барқан айналасында қарағайлар отырғызылған. Үш ғасырдан астам уақытта мұнда қарағай орманы өсіп шықты, ал құм өз қозғалысын тоқтатты. Бүгінде 34 000 га аумақты алып жатқан «Барқын» орман шаруашылығы тек қылқан жапырақты емес, сонымен қатар борсық, қасқыр, түлкі, қоян, қабан, бұлан мен еліктерге мекен болған жапырақты орман.

Табиғат сұлулығынан басқа «Барқын» – белсенді ем-домдық шаралар жасайтын орын. Мұндағы құмды ванналардың (псаммотерапия) тамаша емдік қасиеттері тек облыста емес, одан тыс аймақтарда да ерекше танымалдыққа ие.





Абат-Байтақ қорымы

Орналасқан жері:	50°05'42.9"N, 55°54'27.4"E; Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Талдысай ауылынан оңтүстік бағытта 12 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	XIV-XX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	

Абат-Байтақ – Арал-Каспий аймағының солтүстік бөлігіндегі Абат-Байтақ кесенесі бар аса ірі жерлеу кешені. Ескерткіш 200-ден асатын әр түрлі кезеңдерге жататын мемориалды архитектуралық құрылыстардан – кесене, мазар, құлпытастардан тұрады. Абат-Байтақ кесенесі – күйдірілген кірпіштен салынған, өзгеше архитектурасы бар шошақ күмбезді ірі құрылыс (үлкен төртбұрышты негізі мен он бір бұрышты барабаны бар). XVIII ғасырдың соңында осы мазардың үлгісі бойынша «Қыз моласы» немесе «Қыз әулие» деген атаумен танымал өлшемді кішілеу ритуалды нысан салынған. Абат-Байтақ аумағындағы құлпытастар өзінің алуандығымен, айрықша композициялық безендіру жолдарымен және жоғары деңгейлі тас ою өнерімен таңқалдырады. Тастарда ойылып жазылған таңбаларға қарап, бұл жерде Кіші жүздің әр түрлі руларының өкілдері: табын, кете, алшы, байбақты және басқалары жерленген деген тұжырымға келуге болады. 2004-2006 жылдары Абат-Байтақ кесенесі қайта қалпына келтірілді.

Айқын әулиелік қасиеті бар Абат-Байтақ кешені көптеген аңыздарға арқау болған. Халық аузындағы аңыздарға қарағанда, кесене атақты ойшыл Асан қайғы (XV ғ.) жыраудың қайтыс болған ұлы Абат батырға арналған. Абат батыр өзінің тектілігі мен жомарттығымен ғана емес, қалмақ жаугершілігі заманында халқының қорғаны бола білгендігімен әйгілі. Бір әңгімелерде батыр «Жерұйықты» іздеген делінсе, екіншілерінде мазар мен бүкіл кешеннің атауы түсіндіріледі: отаны үшін көрсеткен ерлігі мен қалмақтардан қайтарылған ата мекені үшін риза болған халық Абат батырға «Байтақ» деген ат берген екен.





Дауымшар қорымы

Орналасқан жері: 47°40'50.7"N, 56° 03' 22.8"E, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан оңтүстік-батыс бағытта 37 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: ансамбль

Кезең: XVII ғ. аяғы – XX ғ. басы.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, зиярат орны.

Тарихи деректер, аңыздар: Дауымшар қорымы – аумағы 4 га-дан асатын, 200 нысаннан тұратын діни жерлеу кешені.

Кешеннің мағыналық ядросы – кесілген ағаштардан жасалған дулыға тәріздес күмбездері бар үш кесене. Олардың екеуі қорымның солтүстік шығысында, ал үшіншісі – Мырза Мұрын кесенесі солтүстік батысында орналасқан. Кесенелердің ішкі әрлеуіне өзіндік айқын оюлы безендіру тән.

Қорымның кіші архитектуралық формаларын үш топқа бөлуге болады: сандықтас, құлпытас, қойтастар; бөлек тұрған құлпытастар; қойтастар. Барлық нысандар жайпақ беттегі көлемді нақышты оюлармен безендірілген.

Аймақта тараған ауызекі аңыз бойынша, қорым осы жерде 1810 жылы жерленген ембі қазақтарының басшысы Дауымшардың есімімен аталған.





Қарасақал қорымы

Орналасқан жері: 47°33'09.0"N, 55°52'14.0"E, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан оңтүстік батыс бағытта 60 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: ансамбль.

Кезең: XVII ғ. – XX ғ. басы.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, зиярат орны.

Тарихи деректер, аңыздар: Қарасақал діни-жерлеу кешені – әр түрлі уақытқа жататын 1000-нан астам мазарлар мен кіші сәулет нысандары бар Кіші жүз қазақтарының рулық жерлеу орны (ауданы 15 га-дан астам). Оның қасиетті орталығы мен ең ежелгі бөлігі әулие Қарасақалдың қабірі болып табылады, кешен соның айналасында қалыптаса бастаған. Бұл жер қазір де биік ағаш қадамен белгіленіп, көптеген зиярат етушілер үшін бағыт көрсетіп тұрады.

Қарасақал қорымындағы ең маңызды нысандардың бірі – Ендібай мазары. Аймақтың классикалық және өз заманына сай архитектуралық талаптары бойынша әктастан салынған бұл ғимарат – айваны бар дулыға тәріздес күмбезді төртбұрышты ғимарат.

Пішіні мен безендірулері бойынша әртүрлі жерлеу орындары (құлпытас, қойтас, сандықтас), кішігірім мазарлар (сағанатам) және тас дуалдар осы аймақтың өзіндік діни сәулет өнерінің эволюциясының суретін құрайды. Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда, елдің батысындағы діни-салттық құрылыстар тастағы ою өнері мен безендірудің түрлері бойынша ерекше шеберлігімен ерекшеленеді. Өлкенің ең айқын ерекшеліктерінің бірі – молалардың ішкі жағын түрлі түсті оюлармен безендіру. Ою-өрнектер айтарлықтай алуандығы мен мағыналығы жағынан басқа аймақтардан ерекшеленеді.





Сүндет мазары

Орналасқан жері: 47°30'47.0"N, 55° 48' 06.3"E, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан оңтүстік батыс бағытта 68 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: XIX ғ. екінші жартысы, халық шебері Дәулетнияз.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Сүндет мазары – орталық күмбезді ерекше архитектуралық жоспары бар құрылыс. Сегіз қырлы қабырғаның үстіне 6 метр биіктікте тұрған барабанды күмбез орнатылған.

Қабырғалары баспалдақты ірге үстіне тұрғызылған, конструкцияға сәйкес қабырғалары екі қабатты әктас плиталармен жабылып, шой таспен толтырылған. Мазардың сыртқы қырларында кішігірім төртбұрышты ойықтар жасалған, жазық жерлері сұлбалы оюлармен жабылған. Оңтүстік батыс қасбетінің жақтау фризі жайпақбедерлі түйетабан ою-өрнегімен әшекейленген. Құрылыстың ішкі жағы түрлі-түсті безендірудің жарқындығымен таң қалдырады.

Мазарды бірқатар салттық нысандар қоршап тұрады – сандықтастар, жиырма шақты өңделмеген тас қабірүсті дуалдар және алты құлпытас.

Қазіргі уақытқа дейін Сүндет туралы сенімді деректер сақталмаған. Дегенмен, риза болған ұрпақтары алып мазар тұрғызғанына қарағанда, ол халық арасында аса құрметке ие тұлға болғаны белгілі.





Көкжар жәрмеңкесі

Орналасқан жері: 49°04'34.4"N, 54°39'45.4"E, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1867 ж.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Көкжар жәрмеңкесі – бір жағынан оқиғалық құбылыс, екінші жағынан – сауда қатарлары мен жәрмеңке комитетінің ғимараты бар ірі тарихи-архитектуралық кешен. 1869 жылы ұзындығы 400 метр болатын сауда қатарлары тұрғызылған, олар бір біріне параллель түрде солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатыр. Әр қатар бес корпустан тұрады, әр корпус 5,30x80 метр және төртбұрышты. Ойыл аудан орталығы (бұрынғы атауы Көкжар) Ұлы Жібек жолының тармағындағы маңызды сауда орталығына айналып, дамуға деген өте қуатты серпіліс алды. Көкжар жәрмеңкесі деген атпен танылған бұл жер Батыс Қазақстандағы ең маңызды сауда-экономикалық тораптардың біріне айналды. Жәрмеңке көктем мен күзде ашылатын, онда ірі сауда келісімдері жасалып, экономикалық және әлеуметтік-мәдени серіктестіктер орнатылған. Этнографиялық құжаттарда бұл жерге жылына екі рет Англия мен Ресей империясынан саудагерлер өз тауарларымен келіп, Үндістан, Иран, Түркия, Орта Азиядан келетін сауда керуендерін күтіп алатындығы туралы жазған. 1860 жылы Ойыл өзенінің бойындағы ресейлік әскери бекіністің салынуы бізге дейін жақсы күйде сақталған сауда кешенінің құрылысымен жалғасты. Ресми түрде Көкжар жәрмеңкесі 1867 жылы күзде ашылған. Қызыл кірпіштен тұрғызылған бірнеше сауда қатарлары бар бұл алып алаң көптеген сатушылар мен сатып алушыларды сыйдырған. Мұнда әртүрлі еуропалық және шығыстық тауарлар саудаға түскен. Дала адамдары елтірі, мануфактура, шәй, қант, ыдыс-аяқ және т.б. сатып алған, есесіне жоғары сапалы түйе, қой жүнін, терілер, ешкі түбітін, кілемдер, былғары және басқа да тауарлар ұсынған.

Бүгінде Көкжар жәрмеңкесі тек туристік нысан ретінде ғана емес, жаңарған Ұлы Жібек жолындағы екі әлемді біріктірген ірі сауда нүктесі ретінде қайта жаңғырып жатыр.





Көкжар мешіті

- Орналасқан жері:** 49°04'38.6"N, 54°39'49.5"E, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1893 ж.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни зиярат орны.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Сызбасы бойынша төртбұрышты ғимараттың өлшемдері үлкен – 20x40 метр. Іргетасы жабайы тастардан, ал ғимараттың өзі этнографиялық жазбаларда айтылғандай Орынбордан алып келінген қызыл кірпіштен тұрғызылған. Құрылыс ерітіндісіне жүн мен сүттің де қосылғаны белгілі, бұл ғимараттың берік болуына септігін тигізген. Өзінің ислам діні әдет-ғұрыптарын орындауымен қатар, Көкжар мешіті аймақтың маңызды рухани білім беру орталығы болған. Алғашқы имамдардың аймақ халқын діни және адами тәрбиелеуге көп күш жұмсаған жоғары білімді адамдар болғаны белгілі.
- XX-ғасырдың 30 жылдары мешіт өзінің функциясынан айырылып, ғимарат аймақтық театрға берілді, кейіннен тіпті қоймаға айналып кетті. Ғимаратты алғашқы толыққанды зерттеу 1973 жылы орын алды. 2014 жылы мешіт және оның ауласы толығымен жөнделіп, қалпына келтірілді.
- Бүгінде Көкжар мешіті өзіне аймақтың рухани орталығы мәртебесін қайтарып, толыққанды жұмыс істеп тұр. Бұл тарихи-мәдени нысан – XIX ғасыр соңына жататын сәулет өнерінің жәдігері.
- Халық арасында әлі күнге дейін Көкжар мешіті көп километрлік жер асты өткелдері арқылы бай саудагерлер үйі мен сауда қатарларымен байланысып тұр деген әңгімелер бар. Алайда мұны растайтын сенімді дәлелдер табылмаған.





Ахмет Халфе мешіті

Орналасқан жері: 49°08'19.3"N, 57°07'39.1"E; Ақтөбе облысы, Темір қаласы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1905 ж.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни зиярат орны.

Тарихи деректер, аңыздар: Ахмет Халфе – Ақтөбе облысының аз тараған тас мешіттерінің бірі. Сызбасы бойынша тік төртбұрышты (10x22 метр) екі қабатты ғимарат. Қабырғалары әктас пен цемент қоспалары арқылы бекітілген қоңыр тастан жасалған бетон блоктардан қаланған, үш қатарлы іргесі бар. Басты кіреберіс орналасқан солтүстік бетінде сегізқырлы мұнара бой көтерген, оның төбесіне дәстүрлі жаңа туған айдың мүсіні орнатылған. Қабырғалар терезелер мен қабаттар арасындағы ернеумен көлденең бөлінген. Ғимарат төбесі темір жапырақтармен жабылған. Мешіттің іші сызбасы бойынша үш бөлімнен тұрады. Екінші қабаттың тіреулері қабырғаға және қырланған ағаш бағаналарға бекітілген.

Ұлы Жібек жолының тармақтарының бірінде орналасқандықтан XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Темір қаласы өзінің жәрмеңкесімен танымал болған. Өзіндік сауда және мәдени орталық ретінде қала мешітке мұқтаж болды. Мешіт жергілікті жәрмеңкенің тұрақты қатысушысы, орынборлық саудагер Мәжіт Батхуллиннің қаражатына тұрғызылды. Саудагер Қазаннан жаңа мешіт үшін имамды да арнайы шақыртқан. Ол көрнекті діни қайраткер Ахмет Халфе болды. Имам кезінде Алаш орда үкіметінің батыс аймақтық діни басқармасында төрағалық еткендігі белгілі. 1937 жылы Ахмет Халфе репрессияға ұшырап, мұсылман дінбасы және белсенді діни уағыздаушы ретінде өлім жазасына кесілді.

Кеңестік заманда мешіт ғимараты арнайы интернаттың жатақханасы ретінде қолданылды. Ахмет Халфе мешітінің діни қызметі тек 1991 жылы қайта жаңартылды. Бүгінде Ахмет Халфе мешіті – аймақтың мақтанышы және маңызды тарихи жәдігері.





Т. Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театры

- Орналасқан жері:** 50°17'04.5"N, 57°13'48.0"E, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Т. Ахтанов көш., 52.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1935 ж., кешенді қалпына келтіру 2010 ж.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі
- Тарихи деректер:** театр тарихы 1935 жылы ұлттық комиссар Т. Жүргенов Ақтөбеде алғашқы қазақ музыкалық драма театрын ашу туралы ұсыныс жасаған кезден басталады. 1936-1941 жылдар аралығында театрдың тұңғыш режиссері Г. Омаровтың басқаруымен қазақ классикалық фольклоры мен тарихи сюжеттерінің спектакльдері қойылды: «Еңлік-Кебек», «Қыз Жібек», «Исатай, Махамбет» және басқалары. 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуымен театр өз жұмысын тоқтатты.
- 1992 жылы облыстық қазақ драма театрының алғашқы маусымы Д. Жалекеновтың қойылымындағы Т. Ахтановтың «Күшік күйеу» спектаклімен қайта ашылды. 1997 жылы театрға қазақ драматургі Тахауи Ахтановтың аты берілді, ал 1998 жылы облыс әкімінің шешімімен екі актерлік труппалар (қазақ және орыс) бірігіп, Т. Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрын құрады.
- Бүгінде театр труппасы өзінің өнерімен жылына қырық мыңға жуық адамды қуантады, ал театр репертуары жыл сайын 5-6 жаңа қойылымдармен толығып отырады. Соңғы онжылдықта репертуар қазақстандық жазушылар мен драматургтардың заманауи әдеби шығармалары есебінен айтарлықтай толығып қалды. Атап айтқанда, А. Оразбековтың «Бір түп алма ағашы», С. Раевтың «О, қыздар», В. Ежовтың «Бұлбұлды түн», И. Саввин, Ж. Ташеновтың «Эй, Мұстафа, Мұстафа!», Л. Табукашвилидің «Арманымның ақ құсы» және т.б.
- 2009-2010 жылдары театр ғимаратын толық қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Сахнаның толығымен қайта жабдықталуы спектакльдердің техникалық сүйемелденуін жақсартты.






Әлия Молдағұлованың ескерткіші

Орналасқан жері:	50°16'56.8"N, 57°13'36.0"E, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Молдағұлова атындағы саябақ, Шернияз көш.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1960 ж., мүсінші Е. Н. Штамм, сәулетші Л. В. Рапутов.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Мүсінді бюст Ақтөбе облысының атақты тумасы, мерген, Ұлы Отан соғысы майданында қаза тапқан Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлованың (1925-1944 жж.) бейнесін сомдайды. 1944 жылы Әлия Молдағұлова Ленин ордені мен Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылған.

Қола бюст нәзік, бірақ қайтпас мінезді, халқы үшін жанын пида еткен мерген қыздың бейнесін көрсетеді. Қысқа шаш, әскери пилотка және гимнастерка, қарапайым қазақ қызының сұлу және жарқын әлпеті – міне, Қазақстан халқының сүйікті қызы мен мақтан тұтатын батырының бейнесі.

Кеңес дәуірінің мұрасы бола тұра, бұл монумент бүгін де Ақтөбенің көрнекті жерлерінің бірі болып табылады. 2005 жылы Әлия Молдағұлованың Ақтөбедегі мемориалды кешенінің ашылуына қарамастан, бұл қарапайым қола бюст – мүсінші Е. Штамм мен сәулетші Л. Рапутовтың ортақ еңбегі – қала тұрғындары үшін әлі күнге дейін ұлттың батыр қызының ең сүйікті бейнесі.





Есет батыр Көкүлының мемориалды кешені

Орналасқан жері:	50°02'46.6"N, 57°24'12.7"E, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылынан шығыс бағытта 3 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1992 ж.
Нысан мәртебесі:	Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Мемориалды кешен Кіші жүздің атақты тумасы Есет батыр Көкүлының (1667-1749 жж.) құрметіне арналған. Есет батыр тархан (жоғарғы әскери шен) және Әбілхайыр ханның жақын серіктесі болғандықтан өмірінің көп бөлігін жоңғарлар мен Еділ қалмақтарына қарсы соғыста өткізді.

XX ғасырдың екінші жартысында қолбасшының саманнан тұрғызылған моласы толықтай дерлік қирады, 1992 жылы батырдың туғанына 325 жыл толуына орай оның орнында кубтық пішіндегі дулыға тәріздес күмбезі бар кішігірім нақышты мазар тұрғызылды. Кейінірек жергілікті кәсіпкерлердің күшімен бұл жерде зиярат етушілерге кіру тегін білдей бір мемориалды кешен құрылды. Кешен ғимаратында ас беретін асхана және шырақшы тұратын үй бар. Аңыз бойынша, Есет батыр өзінен кейін ұрпақ қалдырмағаны үшін қатты уайымдаған (жалғыз ұлы шайқаста қайтыс болған), соған қарамастан ол өз тама руының атасы және далалық ақсүйек жауынгерлердің пірі болып саналады.

«Есет» парсы тілінен аударғанда «сыйлауға тұрарлық», «беделді» деген мағына береді. Батырдың қайраттылығы, ержүректілігі және еліне деген сүйіспеншілігі ғасырлар бойы оның даңқын шығарып келеді. Бүгін де хас батырдың есімі жүздеген жылдар бұрынғыдай құрметке және маңызға ие. Шырақшылардың айтуынша, Есет батырдың мазарына зиярат етіп келушілер легі ешқашан тоқтаған емес. Тіпті Кеңес кезінде діни заттарға тыйым салынғанына қарамастан, бүкіл елден келген халық батырдың әруағына тағзым етуге және одан көмек пен қорған сұрауға келіп тұрған.

Бүгінде зиярат етушілер үшін жазылмаған тәртіптер бар, олардың ең бастысы – тыныштық сақтау. Тыныштық – опат болған батырлар үшін ғана емес, тірілер мен болашақ ұрпақтар үшін де бейбітшілік пен тыныштықтың кепілі.





«Əлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы

Орналасқан жері:	50°50'54.6"N, 54°50'16.9"E; Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Əлия ауылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2005 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>«Əлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығының ашылуы Ақтөбе облысының атақты тумасы Кеңес Одағының батыры – Əлия Молдағұлованың 80-жылдығына орайластырылды. Бұл орталықтың басты мақсаты – Əлия Молдағұлованың ерліктері мен жеке үлгілері арқылы жастарда тұрақты азаматтық көзқарас пен жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу.</p> <p>Бұл – облыс жастары мен балаларының жаппай мәдени, ағартушылық және спорттық іс-әрекеттеріне ыңғайластырылған заманауи ғимарат. Әдеттегі мәдени-ағартушылық қызметінен басқа, «Əлия» орталығы Қазақстан мен ТМД елдерінің жастар арасындағы із кесушілік қозғалысының, сонымен қатар музейлер, өлкетану ұйымдары, ардагерлік корпустардың маңызды координациялық түйіні болып табылады.</p> <p>«Жас ұлан» және «Балауса» клубтары әскерге шақыру жасына дейінгі ер балалармен және қыздармен жұмыс істейді. Жасөспірімдер мен жас жігіттер Отан қорғаушылық қабілеттерін машықтандырады, ал қыздар туған жерінің дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және жоралғыларын үйренеді. Орталықтың спорттық секторы салауатты өмір салтын және қазақ спорттық ойындарын алға жылжытумен айналысады.</p> <p>«Əлия» орталығы өскелең ұрпақтың жиын орталығына айналды, оның тәжірибесі өте маңызды және пайдалы.</p>





Қобыланды батыр мемориалды кешені және мазары

Орналасқан жері: 50°50'54.6"N, 54°50'16.9"E, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Жиренқопа ауылы, Қобыланды батыр көш., 1А.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2007 ж., сәулетші Б. Ыбыраев.

Нысан мәртебесі: Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер: Қобыланды батыр (XV ғ.) – шынайы тарихи тұлға және халық мақтанышы. Қобыланды батырдың ерліктері бүкіл аймақтың тарихи тағдырында маңызды рөл ойнады және «Қобыланды батыр» халық эпосында мәңгіленген. Қазірде бұл эпостық жырдың жиырма тоғыз нұсқасы бар. Ұзақ уақыт бойы Қобыланды батыр ойдан шығарылған фольклорлық кейіпкер ретінде қабылданды, алайда бірнеше рет жүргізілген ғылыми зерттеулер негізінде батырдың Алтын Орданың құлдырауы заманында өмір сүргені дәлелденді.

Қолбасшы болған батыр өзінің өмірін халқын қорғауға арнады. Шәкәрім Құдайбердіұлының мәліметтеріне сай, Қобыланды батыр – қазақ мемлекеттігінің негізінде тұрған тұлғалардың бірі.

XX ғасырдың басында оның қабірі үстіндегі мазар қираған үйінді күйінде болды. XX ғасырдың ортасында көрнекті қазақ зерттеушісі Әлкей Марғұлан Қобыланды батырдың жерленген жерін зерттеді. 1995 жылы ол жерде ескерткіш құлпытас қойылды, ал бір жылдан кейін жер қоршалып, батырдың мүрдесі қайта жерленді.

2007 жылы осы типтес ғимараттардан архитектуралық шешімі мен дизайнымен ерекшеленген мазар мен мемориалды кешен тұрғызылды. Мазардың биіктігі 17,5 метр, ені 12 метр. Оның сырт көрінісі қалқаны мен қылышы бар жауынгер дулығасына ұқсайды. Мазар жанында батыр өзінің үш метрлік қылышын қайраған аңызға айналған тас бар. Қылыш біздің уақытымызға дейін сақталған және кешеннің құнды мұрағаты болып табылады. Қабір жанында кішігірім шұңқыр қазылған, ол жерде терезе астында сақтаулы қызыл кірпіштен жасалған бұрынғы мазардың кішкентай бөлігі қойылған.





«Нұр Ғасыр» мешіті

Орналасқан жері: 50°16'56.0"N, 57°11'23.0"E. Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 92.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2008 ж., сәулетші А. Саттаров.

Нысан мәртебесі: діни мекеме, діни зиярат орны.

Тарихи деректер: «Нұр ғасыр» мешіті – Ақтөбе қаласының орталық мешіті. Құрылысы екі жыл бойы жүргізіліп, 2008 жылы аяқталды. Мешіт Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың, Ресейдің бұрынғы Президенті Дмитрий Медведевтің және Қазақстанның бұрынғы бас мүфтиі Әбсаттар Дербісәлінің қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

Ақ мәрмәрлі мешіт келушілер мен кәсіпкерлердің қаражатына тұрғызылды. Жоба авторы – Айвар Саттаров (Қазан қаласындағы Құл-Шәриф мешітінің авторы). Бұл жоба әлемдік деңгейде жүргізілген жарыста үздік деп танылды. Мешіт ғимараты орталық күмбезді, бұрыштарында алпыс үш метрлік мұнаралар орналасқан, алтын күмбездің биіктігі 40 метр. Күмбезді залды чех шынысынан жасалған бірегей хрустальды аспашам жарықтандырады, оның биіктігі 7,5 метр, ені 5,5 метр.

Мешітпен қатар ғимарат кешенінде «Руханият» музейі мен кішігірім медресесі бар. Мұражайдың басты мақсаты – ислам діні тарихы бойынша ғылыми-ағартушылық, ғылыми-зерттеу және білім беру жұмыстарын жүргізу.





Қасиетті Никольск шіркеуі

Орналасқан жері: 50°17'13.8"N, 57° 11' 30.6"E, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., М. Мәметова көш., 6.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 2008 ж.

Нысан мәртебесі: діни мекеме, діни зиярат орны.

Тарихи деректер: Қасиетті Никольск кафедралды шіркеуі – Ақтөбенің ең ірі православие шіркеуі. Ол Қазақстандағы ағартушы және поп, 1941 жылы Қазақстанға жер аударылған және 2000 жылы орыс православие шіркеуімен әулиелер қатарына енгізілген Николайдың (Могилевский) атын иеленеді. Шіркеу «Возрождение храма» қорымен жиналған қайырымдылық қаржысына тұрғызылды.

Алғашқы тасын орнату Оралдық және Гурьевтік архиепископ Антонийдің, қала мен облыс әкімшілігінің және көптеген келушілердің қатысуымен жүргізілді. 2008 жылы шіркеу Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың және Ресей Президенті Дмитрий Медведевтің қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

Шіркеу жанында ер балаларға арналған спорт мектебі, миссионерлік және қайырымдылық қызметтері жұмыс істейді. Кафедралды шіркеудің ең басты киелі заты шіркеу қорғаушысы Николайдың қасиетті мүрдесі болып саналады.





Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің саябағы

Орналасқан жері:	50° 7'14.6"N, 57°11'13.7"E, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2010 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің саябағы – Ақтөбе қаласының басты орталық паркі. Саябақтың жалпы ауданы – 42 га. Кеңестік заманда қалалық парк В.И. Лениннің атын иеленген, ал 90-жылдары тәуелсіздік алынғаннан кейін Абай атындағы саябақ болып өзгертілді.

2008-2009 жылдары саябақта толығымен қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Ағаштар, бұталар мен гүлдердің ондаған түрлері отырғызылды. Парктің және жасыл желкжолдың жаяу жүргіншілеріне арналған жолдары бойында гүлзар, газон, шам, фонтан, қызықты саябақтық орындықтар және басқа да кіші архитектуралық ландшафттық пішіндермен орнатылып, безендірілді. Айлағы және қайықтар станциясы бар қолдан жасалған суат – саябақтың мақтанышы. Жаяу жүргіншілер көпірінен саябақ пен қалаға керемет көрініс ашылады.

Саябақтың негізгі нысаны – төрт метрлік қорғанға орнатылған биіктігі 91 метр болатын ерекше флагшток. Оның төбесіндегі тудың өлшемі 10x20 метрді құрайды. Флагштоктың алдыңғы жағында ҚР Тұңғыш Президентінің барельефі орнатылған. Сол жағында – мемлекеттің әнұраны және елтаңбасы, оң жағында – ҚР Президентінің жолдауы.

Саябақ – ақтөбеліктер мен қала қонақтарының сүйікті демалыс орны ғана емес, сонымен қатар шығармашылық индустрияны дамытуға арналған заманауи мәдени кеңістік.





Батырлар алаңы

Орналасқан жері: 50°17'16.5"N, 57°09'11.6"E, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Ә. Молдағұлова даңғылы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2010 ж., Ж. Кенбай, М. Ғабдрахманов, А. Қубай, Қ. Қобыланов, Ж. Есенғұлов.

Нысан мәртебесі: кешен, қалалық ландшафт.

Тарихи деректер: Батырлар алаңының салтанатты ашылуы Ұлы Жеңістің 65-жылдық мерейтойына орай өтті. Мемориалды кешен Ақтөбе облысынан шыққан Кеңес Одағы батырларының аты жазылған қырық алты гранит стеладан тұрады. Алаң кіреберісінде екі үлкен есімдер жазылмаған стела бар, олар алаңның басталуын көрсетеді. Қырық алты ақтөбелік батырлардың ішінде майдангерлерден басқа тұлғалар да, бейбіт уақытта атаққа ие болған, мысалы ғарышкерлер мен әскери қызметкерлер бар.

Әр гранит стелада барельеф пен есім ойып жазылған. Батырлардың мүсіндік портреті – барельефтердің авторлары танымал шеберлер – Жәдігер Кенбай, Марат Ғабдрахманов, Ахмет Қубай, Қонысбек Қобыланов, Жәнібек Есенғұлов.

Стелалардан басқа алаң шамдар, газондар мен жарқын гүлзарлармен безендірілген.





Исатай батыр кесенесі

Орналасқан жері: 50°05'45.3"N, 54°39'44.2"E, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2014 ж., жоба жетекшісі Нұрсұлтан Имашев.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Кесене Исатай Таймановтың жерленген орнында орнатылған және оның 225-жылдық мерейтойына арналып салтанатты түрде ашылды. Исатай Тайманов – даңқты қазақ батыры, Кіші жүздің басшысы, ірі саяси көшбасшы және Батыс Қазақстандағы 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің батыры. Өзінің серіктесі және жақын досы Махамбет Өтемісұлымен бірге халқының азаттығы үшін күресіп, жанын берген. Кесене Шейтсай жерлеу кешені-қорымында орналасқан.

Кесененің биіктігі 11,5 метр, ені 6 метр. Көпқырлы негізгі бөлігінің үстінде дулыға тәріздес күмбез салынған, ал құрылыстың өзі пішіндерінің көркемдігімен және кескінінің бекзаттығымен ерекшеленеді. Кесене ішінде Исатай Тайманов пен оның ұлы Оспанның өмір сүрген жылдары, батырдың портреті және жолдасы Махамбеттің «Арыстан туған Исатай, Дегеніне жете алмай, Арманда өтіп кетті деп, Қиналсаңыз біздерге, Мың сан рахмет сіздерге!» деген өлең жолдары қашалып жазылған.

1991 жылы Исатай батырдың 200 жылдығы аталып өткенде қарапайым ескерткіш белгі орнатылды, бірақ аз уақыт өте батыр ұрпақтары мұнда мемориалды кешен орнатуды ұйғарды. Кесене тұрғызу ұсынысы Атырау және Ақтөбе облысының азаматтары мен Исатай Тайманұлы қоғамдық қорынан қолдау тапты. Құрылыс кезінде елеулі қаржылық көмекті аймақтың мұнай компаниялары мен жеке бизнес өкілдері көрсетті.

Қазір Исатай батыр есімі ғасырлар бұрынғыдай құрметтеліп қастерленеді. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының тұлғалары тек халық тарихының маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұлттық азаматтық тәрбиенің де ажырамас бөлігі. Батыр кесенесіне көптеген адамдар зиярат етіп, бейбітшілік пен береке тілеп, ерлер – ерлік, әйелдер – мықты ұрпақ сұрап келеді.





Атырау облысы Батыс Қазақстанда орналасқан. 1938 жылы құрылған. Облыстың әкімшілік орталығы – Орал өзенінде орналасқан порт-қала Атырау. Облыс аймағы Каспий ойпатының басым бөлігін алып жатыр, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарымен, сонымен қатар Ресей Федерациясының Астрахан облысымен шектеседі. Аумағы – 11 863 000 га. Халық саны жарты миллионнан асады.

Жері толқын тәріздес рельефті, Каспий теңізі жағалауынан бастап біртінде жоғарылай түседі. Каспий ойпатының басым бөлігін құмдар алып жатыр (Нарын, Тайсойған, Қарақұм). Аймақтың айтарлықтай бөлігін ежелгі мұхиттың түбі болып табылатын әктас үстірттер құрайды. Бұл жердің далалық аймақтары суда жүзетін құстар көптеп мекендейтін Орал өзенінің батпаққа айналған жағалауларына күрт ауысып отырады.

Атырау облысы пайдалы қазбаларымен танымал, олардың ішінде – Каспий теңізі қайраңында және көне теңіз шөгінділерінде кездесетін табиғи газ, мұнай, калий тұзы, магний, кальций мен бромның қоспалары, әктас және саз. Аймақ территориясында көмірсутектік шикізаттың 87 ірі кен орны табылған, оның ішінде 66-ы мұнайлы, 21-і мұнай-газды және сұйық газды.

Облыс – ұлттық экономиканың көшбасшыларының бірі. Аймақ жалпы өңірлік өнім көлемі, соның ішінде адам басына шаққанда, өнеркәсіптік өндіріс, шетелдік инвестицияларды тарту көрсеткіштері бойынша алдыңғы орындарға ие. Облыс республикалық бюджетке айтарлықтай үлкен үлес қосады.


Атырау аймағы өте ерекше. Бірегей табиғат және тарихи-мәдени ландшафтының үйлесімі оған туристік салада дамуына үлкен мүмкіндік береді. Мыңнан астам ескерткіштер (54 тарихи, 119 монументалды өнер, 43 археологиялық, 150 сәулет өнері және 800-ден астам діни салттық құрылыстар) баға жетпес мәдени мұра болып табылады.

Атырау жерін адамзат сонау неолит заманынан бері мекендеп келеді. Ежелгі қоныстар орнында көптеген тас бұйымдар, саз ыдыстар, оқтардың ұшы және т.б. сақталып қалған. Облыс аумағында қола дәуірінің 19 ескерткіші, ерте темір дәуірінің 128 ескерткіші анықталған. Олардың басым бөлігі Ембі ауданында және Қаратон, Сарықамыс ауылдарының, Иманқара тауының, Аралтөбе қорғанының айналасында шоғырланған. Қола дәуірінде далалы аймақтарда айтарлықтай этномәдени өзгерістер орын алды, далалық ұлан-ғайыр жерлерді иеленген мәдениеті бойынша ұқсас үлкен тайпалық бірігулер пайда болды. Атырау жері көптеген көшпенді халықтар үшін ежелгі мен қазіргі мәдениеттерінің қиылысып, ауысқан жері болды.

Каспийдің көне жері – көптеген тамаша әндер мен әуендер арқылы өзінің қуанышын, мұңын және үмітін көрсеткен қазақ халқының музыкалық өнерінің бесігі. Ұшы қиырсыз Атырау даласы – орындаушылық шеберліктің ұлттық мектебі қалыптасқан жер. Дәл осы аймақ ұлы музыкант Құрманғазының, Дина Нұрпейісованың қайталанбас дарынын және басқа да көптеген орындаушыларды бізге сыйлады.

Өлке тұрғындары өздерінің жерлестерін өте қатты мақтан тұтады – халық ақыны Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, ақын Фариза Оңғарсынова, жазушы Зейнолла Қабдолов, актерлер Нұрмахан Жантөрин, Ыдрыс Ноғайбаев, дамырашы Азидолла Есқалиев, Қаршыға Ахмедьяров, Айгүл Үлкенбаева, көрнекті опера әншілері Хафиз Есімов, Эрик Құрманғалиев, суретші Мұхит Халимов және т.б.







Сарайшық қалашығы

Орналасқан жері:	47°30'08.4"N, 51°43'58.0"E, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	археология.
Кезең:	XIII-XIV ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер, аңыздар:

Сарайшық – ортағасырларда Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан, Еуропа мен Азияның қиылысындағы ең маңызды қалалардың бірі. Қалашық атауының шығуы туралы екі нұсқаға сәйкес ол «сары ай» (ежелгі түркі) немесе «кіші сарай» (парсы-моңғол) деген мағына берген. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасу тарихында қалашықтың маңызы зор. Қаланың нағыз гүлденген кезеңі - Алтын Орданың ең күшейген және ықпал еткен уақыты – XIII-XVI ғғ. сәйкес келгенімен, археологтар мен тарихшылар Сарайшықтың қалыптасуы X-XI ғғ. басталғанына сенімді. Қалашық Шыңғыс ханның Жошы ұлынан туған Батый ханның билік құрған кезіне ең қуатты болған. Қазірге дейін жеткен халық аузындағы риуаят бойынша, Сарайшық Сарай-Батуға еліктеп салынған. Бірақ Сарайдан кішірек болғандықтан, кішірейтпе түрде Сарайшық деген атауға ие болған. XIV ғасырда Сарайшық араб саяхатшысы және саудагері Ибн Батуттаның жазбаларында кездеседі. Ол қалаға 1334 жылы саяхаттап келген және өзінің күнделігінде хан сарайларының зәулімдігі, дамыған инфрақұрылымы, мешіттері мен қонақүйлері, қалалық технологиялардың айтарлықтай жоғары деңгейі – су құбырлары мен кәріз жүйесі туралы жазған. Сарайшық сонымен қатар мәдениет, руханият және ғылымның орталығы болған. Сарайшықта Жошы әулетінен тараған жеті хан мәңгілік тыныштық тапқан деп саналады, олар қазақтардың билеуші ақсүйек таптарының негізін қалады. 1395 жылы Әмір Темір әскерінің шабуылы нәтижесінде Сарайшық құлайды. Жайықтың жағалауын ноғайлар жайлап, Сарайшық XV ғасырда Ноғай ордасының астанасы ретінде екінші рет қайта гүлденеді, кейіннен Қазақ хандығының астанасы да болады. Қаланың құлдырауы XV-XVI ғасырларға тұспа-тұс келді.

Қазірде Сарайшық Қазақстанның ең маңызды тарихи көрнекі жерлерінің бірі. Ол – тарихтың тірі тынысы және қазақ мемлекеттігінің қалыптасуының маңызды символы. Өкінішке орай, қазір қала жойылып кету қаупінде. Сарайшық орналасқан Жайық өзенінің сағасы әрдайым ауысып отырады және жыл сайын Сарайшықты шайып кету қаупін төндіреді.

Ежелгі қалашықты сақтап қалу үшін қазір жағажай белбеуін күшейту бойынша толыққанды жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар мемлекет жақын жерден ортағасырлық Сарайшықтың және оның ландшафтының дәл көшірмесін жасауға шешім қабылдады. Бұл Атырау облысының басты туристік көрнекі орталығы болады деген жоспар бар.





Жұбан кесенесі

Орналасқан жері: 47°24'08.5"N, 54°47'34.2"E, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан солтүстік бағытта 90 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1880-1898 жж., ағайынды Ұңғалбай, Мұналбай, Өмірбай, Итбай, Иманбай Қаражүсіповтер.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, аңыздар: Кесене – әдеттегі «маңғыстаулық» стильде орындалған ерекше көрікті ғимарат. Бұл – жиырма метрлік жазық биікте орналасқан әктастан жасалған бір камералы күмбезді құрылыс (5,85x6,75 метр). Кіреберіс оңтүстікке қарап тұр. Кесене биіктігі – 9,95 метр. Ескерткіш композициялық екі бөлімнен тұрады – шаршы тәріздес алып негіз және оның үстіне салынған дулыға тәріздес күмбезді барабан. Барлық төрт қабырғаның жоғарғы жағы жалпақ рельефті ою-өрнектермен безендірілген. Жерлеу камерасында бес жерлеу орны сақталған, соның ішінде Жұбан қабіріне қойылған құлпытас та бар.

Кесене осы аймақта танымал молда Жұбанға арнап тұрғызылған. Сақталып қалған кішігірім мәліметтер бойынша, Жұбан адай руынан шығып, аймақтағы ең бай адамдардың бірі болған. Жұбан кесенесінің құрылысы аңыздармен оралған. Солардың бірі бойынша, өзінің әлсіздігі мен қайтарымсыз өлімі жақындағанын сезіп, ең әдемі және берік кесене тұрғызу үшін өңірдің ең үздік шеберін шақыртқан. Жұбан адамдардың есінде мәңгілік қалуды қалаған екен, ал оның қа-бірі осы жерлердің өзіндік символы болады деп сенген.

Шебер Қаражүсіповтер өз істерінің ең үздігі деп танылып, Жұбанға берген уәделерін орындайды. Маңғыстауда әдемілігі мен беріктігі бойынша бұл кесенеге тең келер жерлеу ғимараттары жоқ. Аңыздың тағы бір нұсқасы бойынша кесенені тұрғызған шебер – сәулетші Нұғман. Бұл сәулет-шінің кім екені туралы толық ақпарат жоқ, алайда оның еңбегі сол заманғы есеп бойынша өте жоғары бағаланған: 20 мың рубль, 10 жылқы, 122 қой, бір пұт шәй және 15 пұт қант.

1985 жылы Жұбан кесенесі атыраулық мамандардың күшімен толығымен қалпына келтірілді. Ғи-мараттың алғашқы бояуын қалпына келтіру сәтсіздікке ұшырады, себебі бұрынғы маңғыстаулық шеберлердің сыры жоғалтылған. Аз уақыт ішінде барлық дерлік жаңа бояулар бұзылып кетті, ал тұпнұсқалық безендіру сол баяғыдай жарқын және қанық күйінде сақталған.





Ақмешіт қорымы

Орналасқан жері:	47°08'42.7"N, 54°45'57.7"E, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аққиізтой ауылының солтүстік шығыс жағы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	XVIII ғ. (шамамен 1771-1774 жж.).
Нысан мәртебесі:	Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Атырау облысының ең белгілі қасиетті жерлерінің бірі Ақмешіт қорымы болып табылады. Кешен кішігірім және Бекет атаның өзімен – Ұлы даланың әулие сопысымен салынған жерасты мешіттерінің бірі айналасында тұрғызылған. Қазір қорымда отыз екі құлпытас, екі қойтас, екі күмбезді кесене және бір сағанатам бар. Ақмешіт қорымы көптеген зиярат етушілерді өзінің қуатты энергетикасымен тартып тұрады. Келушілер өз жолын жартаста қашалып жасалған жерасты мешітінен бастайды. Жергілікті аңыз бойынша, Бекет ата Хиуадағы ұзақ оқуынан оралып, балалар мен жастарды сопылыққа үйретуді көздеген екен. Бұл кішігірім мешіт жаңа ұрпақтың білім алып, жаңа дәрежеге көтерілетін орны болуы керек еді. Құрылысты Бекет атаның өзі қадалаған деседі, ал жұмысты жергілікті жас сәулетші Соқырша орындаған екен. Жас жігіт те ерекше қасиеттерден құр емес екен, себебі ол және оның көмекшілері үлкен жұмыс көлемін үш жыл ішіне бітіріп шықты. Балалардың игілігі үшін салынған мешіт аймақтың рухани жаңғыруының өзіндік символына айналды. Еуропалық саяхатшылар мен этнографтар көп мәрте Ақмешіт туралы өз күнделіктерінде таңқалып жазған. Э. Эверсман, А. Алексеев, А. Дюгамель және басқалары бұл жердің және кешеннің, әсіресе жерасты мешіттің сұлулығы мен ерекше қасиеттілігі туралы жазып қалдырған. Кешеннің архитектуралық ерекшелігінен басқа, Ақмешітті көргендердің барлығы оның ұлттық бірегейлік пен рухани дамудағы маңызы мен символикасын атап өтеді.




Бүгінде Ақмешіт кешені – Қазақстанның рухани қасиетті орындарының бірі. Мұнда туристтер мен зиярат етушілер көптеп келеді, сондықтан туристік инфрақұрылымды дұрыс қалыптастыру өте маңызды. Бұл жердің киелілігін бұзбай, бүкіл әлемнен келген зияратшыларға әулие Бекет атаға тағзым етуіне барынша ыңғайлы жағдай жасау қажет. Қазір қорым маңында келушілерге арналған мешіт, асхана және қонақ үй қызмет көрсетеді.



Алтын қорымы

Орналасқан жері:	47°39'17.0"N, 51°41'22.0"E, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Ортақшыл ауылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	XIX-XX ғғ.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, қорым.
Тарихи деректер, аңыздар:	<p>Алтын қорымы аймақтың осы тектес кешендерімен салыстырғанда кішігірім өлшемдерімен ерекшеленеді. Оның аумағында екі жүзге жуық әр кезеңге жататын әртүрлі қабірүсті құрылымдар орналасқан. Қорым салыстырмалы түрде жас, себебі тек XIX ғасырда қалыптасқан.</p> <p>Пішіні бойынша құлпытастарда далалық шикі кірпіштен жасалған «үйтамы» кесенелері басым (төртқабырғалы сүйірсфералы және пирамида пішіндес күмбездері бар тапал керегелер). Қорымда бұл аймақ үшін сирек бәдіздік өнер үлгілері кездеседі. Кейбір өрнектер мен эпиграфикада Еділ татарлары мәдениетінің әсері байқалады.</p> <p>Жергілікті аңыз бойынша, қорымның өзгеше әйел атының берілуі беріш-себек руында орын алған қайғылы оқиғамен байланысты. Ру басының Алтын есімді сұлу қызы қарақшылардың қолынан қаза табады. Байдың одан басқа сегіз қызы болғанына қарамастан, тұңғышы Алтын ең сүйіктісі екен. Кейіннен оның жерленген жері аттас қорымның орталығына айналыпты.</p> <p>Қорымда алғашқы шынайы ғылыми зерттеу 1988 жылы «Казпроектреставрация» институтының мамандарымен жүргізілді, 1990 жылы ол мемлекеттік қорғауға алынды.</p>





Қасиетті Успения шіркеуі

Орналасқан жері:	47°06'50.6"N, 51°54'13.4"E, Атырау облысы, Атырау қ., Исатай Тайманов көш., 4.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1888 ж.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни зиярат орны.
Тарихи деректер:	Қасиетті Успения шіркеуі 1888 жылы балық өнеркәсібімен айналысатын гурьевтік саудагер Федот Тудаковтың және басқа да жергілікті кәсіпкерлердің қаржылық көмегіне салынды. 1924 жылы бұл шіркеу басқа да діни орындар секілді жабылды, алайда жабылмас бұрын тоналды. Аман қалған кейбір иконалар мен басқа да заттарды келушілер тығып сақтап қалаған. Ғимараттың өзі қойма мен атқораға айналды.

XX-ғасырдың 50-жылдары шіркеу қайта ашылды, дегенмен ешқандай қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеді. Келушілер өз күштерімен барлығын біртіндеп қалпына келтіруге тырысты. XX ғасырдың аяғына қарай шіркеу қирай бастады. 2000 жылы қалалық және облыстық басшылықтың бастамасымен шіркеуде кең ауқымды қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды. Шіркеуде заманауи коммуникация жүргізілді, шатыры ауыстырылып, аспан көк түске боялды, күмбездер мен қирап бастаған кірпіш қаландылары да ауыстырылды. Жаңартылған қоңырауханада жеті қоңырау орнатылды. Сонымен қатар шіркеуге қарасты айнала да кеңейтіліп, жақсартылды.

Бүгінде Қасиетті Успения шіркеуі – Атыраудағы ең үлкен және өзіндік ерекше ғимараттардың бірі. Мұнда қасиетті мәскеулік Тихон Патриархтың, Қасиетті Дивеев монахиняларының, қасиетті Алматылық Николай митрополиттің мүрделері; сонымен қатар аса қадірлі иконалар – "Құдай-Ана Успения", "Құдай-Ана Тихвиндік иконасы", "қасиетті Алматылық Николай митрополиттің иконасы" сақтаулы.





Махамбет Өтемісұлы атындағы қазақ драма театры

Орналасқан жері: 47°06'18.2"N, 51°55'55.9"E, Атырау облысы, Атырау қ., Абай көш., 8.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1938 ж. музей ашылды, 1975 ж. жаңа ғимаратқа көшірілді.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: Махамбет Өтемісұлы атындағы қазақ драма театры Атырау қаласында (Гурьев) 1938 жылы ашылды және Қазақстанның ең ескі театрларының бірі болып табылады. Ұлттық комиссариаттың шешімімен "Мұнайшы" клубының негізінде және біржылдық театралды студияның тәмамдаған бір топ дарынды қазақ жастарының арқасында театрдың кәсіби труппасы құралды. Кейінірек Гурьев театры Петропавловсктің театрымен біріктірілді, нәтижесінде жаңарған ұжым жерлестерін М. Әуезовтың "Түнгі сарын" спектаклімен алғашқы рет қуантты.

Театр репертуары классикалық және заманауи қойылымдармен тұрақты түрде толығып отырады. Театрдың шығармашылық шарықтауын соғыс кідірді, ал театр труппасының барлық ерлері майданға кетті. Бұл қиын-қыстау заманда ұжым әйелдерінің күшімен театр жұмысын тоқтатпады.

Соғыстан кейінгі жылдар театрдың гүлденген уақыты болды – ол кәсіби шыңдалды, труппа жас ынталы кадрлармен толықты, театр көрермендерінің саны көбейді. 1975 жылы театр қала орталығындағы өзінің жаңа ғимаратына көшірілді және бүгінгі күнге дейін сонда орналасқан. 2006 жылы театр ғимараты кешенді жөндеу жұмыстарынан өтті, жабдықтардың көп бөлігі жаңартылды.

Бүгінде Махамбет Өтемісұлы атындағы қазақ драма театры аймақтың маңызды мәдени көрнекі орны болып табылады.





Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы

Орналасқан жері: 47°05'53.3"N, 51°53'55.4"E, Атырау облысы, Атырау қ., «Жилгородок» ауданы.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1943-1946 жж.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы алғашында мұнай саласы қызметкерлеріне арналып салынған болатын. Кеңес Одағы жанар-жағармайға өте мұтаж болғандықтан, Гурьев (қазіргі Атырау) пен мұнай кен орындарына жақын жерлерде қысқа уақыт ішінде (1943-1945 жж.) мұнай өңдеумен айналысатын үлкен зауыттар тұрғызылды. Өндіріспен қатар мұнайшыларға арналған қалашық та салынды.

1946 жылы соғыстан кейін мұнай өңдейтін зауыттың 400 адамға арналған мәдениет үйі салынып бітті. Ол жерде зауыттың көптеген мәдени ұйымдары мен секциялары, сонымен қатар шығармашылық үйірмелері орналасты.

Бүгінде бұл ғимарат Құрманғазы атындағы мәдениет үйі ретінде танымал, сонымен қатар ол тек қаланың ғана емес, бүкіл аймақтың маңызды мәдени орталығы. Құрманғазы мәдениет сарайының панасында музыкалық, бейнелеу өнері және театр студиялары, лекториялары мен галереялары, балалар мен жастардың шығармашылық клубтары мен үйірмелері орналасқан.





Махамбет Өтемісұлының мазары

Орналасқан жері:	48°21'37.9"N, 52°04'45.1"E, Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор ауылынан оңтүстік шығыс бағытта 40 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1995 ж. толық қайта қалпына келтіру, автор Көпбол Демесін.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	<p>Атақты дала ақыны мен батыр Махамбет Өтемісұлы (1803-1846 жж.) – Қазақстандағы ең құрметті және ардақты ұлттық қаһармандардың бірі. Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының ұлт-азаттық, отаршылдыққа қарсы күресін ұйымдастырушысы, идеологы және белсенді қатысушысы. Өзінің серігі және досы Исатай Таймановпен бірге ол өмірінің соңына дейін туған жерінің еркіндігі мен халқының өз жолын өзі таңдау құқығы үшін күресті. Қазіргі мазар батырдың тууына 190 жыл толуына орай 1995 жылы тұрғызылды. Бұған дейін қабір үстінде 1959 жылы Гурьев облысының адамдарымен салынған (авторы Ақтөбелік әуесқой-мүсінші Новиков) құлпытасы бар сегіз қырлы құрылыс тұрған.</p> <p>60-70-жылдарда батырдың мүрдесін зерттеу нәтижесінде оның шынайы келбетінің бейнесі жасалды. 80-жылдары Махамбет Өтемісұлының жерленген орны Қазақ КСР мәдениет министрінің Орал экспедициясымен егжей-тегжейлі зерттелді.</p>



Әуесқой сәулетші Көпбол Демесін салттық құрылыстардың классикалық шығыс пішіндері мен Маңғыстаудың бірегей сәулет дәстүрлерін біріктіре отырып өте көркем жоба жасап шығарды. Биіктігі 12,2 метр болатын он екі қырлы заңғар ғимараттың төбесіне үлкен, нақышты дулыға тәріздес күмбез орнатылған және жапсырмалы барельефтермен безендірілген. Құрылыстың өзі бетоннан жасалды. Іші мен сырты әктаспен өңделді. Мазарға кіреберісте ойылып жасалған өрнектермен әшекейленген классикалық арка бар. Сәулетші мазар ұлы батырдың өзі өмір сүріп, шайқасқан уақыттың жәдігері секілді әсер қалдыруға тырысты.



«Исатай - Махамбет» архитектуралық мемориалды кешені

Орналасқан жері:	47°06'26.4"N, 51°54'11.9"E, Атырау облысы, Атырау қ., Қ. Сәтпаев және И. Тайманов көш. қиылысы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1995 ж. кешен авторлары – суретші-мүсіншілер Б. Тайталиев, А. Бекешев, Е. Сергебаев және С. Бөкебай, ескерткіш авторы – Б. Әбішев.
Нысан мәртебесі:	Мүсінді монумент, мемориалды кешен.
Тарихи деректер:	«Исатай – Махамбет» архитектуралық мемориалды кешені халық ақыны және ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Махамбет Өтемісұлының туғанына 200-жыл толуына орай тұрғызылып, салтанатты түрде ашылды.

Кешен символикалық түрде қаланың екі рухани орталықтары – «Иманғали» орталық мешіті мен Қасиетті Успения шіркеуінің арасында орналасқан. Айналасындағы заманауи тұрғын үйлермен бірге «Исатай – Махамбет» мемориалды кешені – тек қана өзгеше архитектуралық ансамбль емес, сонымен қатар қаланың «жүрегі».

Кешен 5 га ауданды алып жатыр және үш бөліктен тұрады: Махамбет пен Исатай ескерткіші, Ақжол аллеясы және кішігірім ландшафтты саябақ. Исатай мен Махамбеттің ескерткіші – алып екі мүсінді және атты қола композиция. Салт аттылардың бес метрлік мүсіндері екі метрлі гранит тұғырда орнатылған.

Зәулім жартышар пішіндегі «Қорған» мүсінді композицияның негізі және далалық ландшафтты бейнелейді. «Қорғанның» бетінде Махамбет пен Исатайдың өз халқымен ажырамастығының белгісі ретінде «Еділ – Жайық» барельефі орнатылған.

«Қорғаннан» ашық түсті тақталармен жабылған Ақжол аллеясы басталады және әдемі фонтанмен аяқталады.





Байбақты ата мазары

Орналасқан жері:	47°37'35.8"N, 52°57'06.3"E, Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор ауылы (ауылдан солтүстік бағытта 10 км).
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1997 ж.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер, аңыздар:	Байбақты атаның (1823-1914 жж.) қазіргі мазары 1914 жылы салынған ескі мазардың орнында 1997 жылы тұрғызылды. Бүгінде ол – көркем динамикалық пропорциялары бар он метрлік құрылыс. Биік төртбұрышты негізгі бөлігін алып барабанға орнатылған сүйір күмбез жауып тұр. Мазар оны қоршап тұрған ескі қорымда бірден көзге түседі.

Жергілікті аңыздар бойынша, Байбақты Қармысов отбасындағы ең кенжесі, бірақ ең дарынды ұлы болған. Кішкентай кезінен бастап оның батылдығы, әділдігі, естиярлығы, ұстамдылығы мен аз сөйлейтіндігі оны басқалардан ерекшелеген. Жас жігіт мықты көріпкелдігі мен сәуегейлігімен танымал болған. Осы қасиеттері үшін адамдар Байбақты Қармысовты жастайынан құрметтеген. Байбақты өз өмірінің мәнін халқына қызмет қылып, оның еркіндігі мен құқықтары үшін күресу деп білген. Байбақты батыр Кіші жүз жерлеріне тұрақты түрде шабуылдар жасап тұратын Хиуа хандығына және Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күрескен. Халық арасында батырдың ержүректілігі мен күші басқалардан басымдығы, ал оның шайқас үстіндегі бейнесі (жауға қарсы шапқан батыр қарсыласына кейде жүз жауынгер несеме алып жылан ретінде көрінген) жауларының зәресін алғандығы туралы әңгімелер тараған.

Қарттық шаққа дейін жеткен Байбақты батыр, өзінің өлімінің жақындағанын сезіп, көш аудару кезінде өзі көрсеткен жерге оны қалдырып кетуін бұйырған. Кейіннен ол жерде қарапайым мазар орнатылды. Халық арасында Байбақты батыр әулие деп танылғандықтан ол туралы естеліктер өте жақсы сақталған. Оның жерленген орнын көптеген адамдар зиярат етеді. Байбақты атаға тағзым етіп келгендер одан ақылдың ұшқырлығын сұрай алады және мазалап жүрген сұрақтарына жауап ала алады деп есептеледі.





«Хан Ордалы Сарайшық» мұражай қорығы

Орналасқан жері:	47°29'52.4"N, 51°43'04.4"E, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	1999 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>Мемлекеттік «Хан Ордалы Сарайшық» мұражай қорығы – бірегей тарихи-мәдени кешен. Өткен ғасырдың соңында ежелгі Алтын Ордалық Сарайшық қаласының орнында жүргізілген толыққанды ғылыми зерттеу және қалпына келтіру жұмыстары оны жедел қорғауға алумен қатар, туристік нысан ретінде оның дәл көшermесін жасаудың қажеттілігін көрсетті.</p> <p>Мұражай қорық 1999 жылы салтанатты түрде ашылды, мұражайлық экспонаттардың негізін ғалымдармен көпжылдық археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жиналған нысандар мен экспонаттар құрады. Кешен мұражайдан басқа Хан Пантеонынан, Сарайшық қаласының айнытпай қайталанған ғимараттары мен қала қорғанының қалдықтарынан тұрады. Болашақта қалашықтың ортағасырлық кейпі қалпына келтіріледі, сонда туристтер Сарайшықтың гүлденіп тұрған кезіндегі көшелерімен жүріп өтуге мүмкіндік алады.</p> <p>Мұражайда Сарайшық қалашығының макеті қойылған. Қаланың қандай болғанын, базарлар мен сауда дүңгіршектерінің, көшелерінің қалай орналасқанын, Ұлы Жібек жолында сату мен айырбастауға тауар алып келетін саудагерлер қайда тұрып, қайда сауда жасағанын көруге болады.</p> <p>Хан Пантеоны – он жеті метрлік сегіз қырлы құрылыс. Мұнда Сарайшықта жерленген Жошыдан тараған жеті ханға ескерткіш қойылған. Қара мәрмәр таста олардың әр қайсыларының аттары мен билік құрған жылдары жазылған. Бұл әулет өте маңызды, себебі қазақ мемлекеттігінің тарихы олармен тығыз байланысты. Олар – Менгу-Темір хан (1266-1282 жж.), Тоқтағу (Тоқты) (1291-1312 жж.), Жәнібек (1343-1353 жж.), Әмір Оқас (1440-1447 жж.), Қасым хан (1511-1518 жж.), Ших Мамай (1542-1549 жж.), Жүсіп (Юсуп) (1549-1554 жж.).</p>





Сұлтан Бейбарыс ескерткіші

Орналасқан жері: 47°06'24.3"N, 51°54'59.8"E, Атырау облысы, Атырау қ., Әйтеке би көш., Атырау облыстық әкімшілігі ғимаратының алды.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2000 ж., автор К. Кәкімов, сәулетші К. Жұмабай.

Нысан мәртебесі: Мүсінді монумент.

Тарихи деректер, аңыздар: 2000 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Атырау қаласында Ұлы даланың атақты ұлы Сұлтан Бейбарыстың ескерткішін салтанатты түрде ашты. Қазақстандықтар үшін маңызды бұл оқиға ұрпақтар бірлігі мен еліміздің тарихы мен мүмкіндіктерін мақтан тұтатындығының айқын көрінісі болды.

Аңызға айналған қыпшақ Сұлтан Бейбарыс (1223-1277 жж.) кішкентай бала кезінде оңтүстікке құл ретінде сатылып кеткен. Өзінің ақылы, ұшқыр ойы мен күшті жігері арқасында Мысыр аумағындағы Мәмлүк мемлекетінің басшысына дейін көтеріле алды. Сұлтан Бейбарыс он жеті жыл бойы билік құрып, моңғолдар мен крест шабуылдарына қарсы тұра алды. Аңыз бойынша, Сұлтан Бейбарыс бала күнінде айырылған туған жерін сағынып, басқа елде басшы болса да еліне оралуды аңсаған.

Сұлтан Бейбарыстың он екі метрлік жүз жиырма тонна гранит ескерткіші аттас алаңның ортасында орнатылған. Ескерткіштің екі жағында пирамида және киіз үй түріндегі тас композициялар орналасқан, олар Бейбарыс біріктірген Мысыр мен даланы суреттейді. Монумент жанында орнатылған жарты шар түріндегі гранит таста ежелгі түркі тілінде Күлтегіннің «Еліме, жеріме, суыма, осы бір түрік елі ел болсын деп жасаған ісіміз еді» деген сөздері жазылған.

Мүсінші К. Кәкімов және сәулетші К. Жұмабай қиындықтармен сағы сынбаған ұлттық деңгейдегі нағыз батырдың өрлеуінің тарихын заманауи пластикалық тілмен көрсетуге тырысты.





Дина Нұрпейісованың ескерткіші

- Орналасқан жері:** 47°06'13.3"N, 51°53'14.0"E, Атырау облысы, Атырау қ., Сәтпаев даңғылы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2000 ж., сәулетші Қ. Жарылғапов, мүсінші Н. Дауылбай.
- Нысан мәртебесі:** Мүсінді монумент.
- Тарихи деректер:** Қазақтың атақты қызы Дина Нұрпейісованың (1861-1955 жж.) керемет ескерткіші – заманауи қазақстандық мүсін өнерінің ең керемет үлгілерінің бірі. Ұлы домбырашы-музыкант және күйшінің ескерткіші жаңа ұрпаққа өсиет секілді музыкалық колледждің алдында орнатылған.
- Дина Нұрпейісова – қазақ композиторы, Құрманғазы Сағырбайұлының шәкірті, домбырашы, домбыраға арналған күйлердің авторы және Қазақ КСР-ның халық әртісі. Шебер орындау техникасын иеленген Дина Нұрпейісова композиторлық дарынының арқасында дәстүрлі сарынға жаңа өмір беріп, оны басқаша ойната білді.
- Мүсінші Нұрлан Дауылбай және сәулетші Қазбек Жарылғапов гранит тұғырға қойылған үш метрлі қола мүсінде қуатты шығармашылық дарын мен нәзік әйел бейнесін таңғаларлық үйлесіммен жеткізе білді. Дина Нұрпейісова домбырашыларға тән қалыпта қолына домбырасын ұстаған күйі отыр, оның бет-әлпеті қатаң, ал домбырасы тірі дененің жалғасы мен жанының бір бөлігі іспетті.





Иманғали қалалық мешіті

- Орналасқан жері:** 47°06'20.6"N, 51°54'03.9"E, Атырау облысы, Атырау қ., Сәтпаев көш., 15.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2001 ж., сәулетші Ш. Юсупов.
- Нысан мәртебесі:** діни мекеме, діни зиярат орны.
- Тарихи деректер:** «Иманғали» орталық мешіті – Батыс Қазақстандағы ең биік және зәулім мешіт. Сәулетші Шухрат Юсуповтың басқаруымен классикалық ислам сәулет стилінде орындалған өзіндік жоба іске асырылды.
- Ақ түсті алып, көрікті ғимарат жиырма үш метрлік көк күмбезбен көмкерілген, орталық бөліктің екі жағында қаһарлы қарауылдар секілді 26 метрлік екі мұнара бой көтерген.
- Мешіт ауданы – 10 000 шаршы метр, бір уақытта 700 адамға дейін сыйдыра алады.
- Сәтпаев даңғылындағы орталық мешіт Қасиетті Успения шіркеуінің дәл қарама-қарсысында орналасқандығы қызық, әрі ой саларлық. Бұл – Қазақстан халқының игілігі үшін әлемнің екі фундаменталды діндерінің татулығының символы іспетті.





Азиядан Еуропаға өтетін жаяу жүргіншілер көпірі

Орналасқан жері: 47°06'17.6"N, 51°55'22.7"E, Атырау облысы, Атырау қ.

Ескерткіш/нысанның түрі: сәулет өнері, инженерлік құрылыс.

Кезең: 2001 ж.

Нысан мәртебесі: Көлік инфрақұрылымы нысаны.

Тарихи деректер: Бұл – жаяу жүргіншілерге арналған әлемдегі ең ұзын аспалы көпір. Ол екі құрлық – Еуропа мен Азияны байланыстырып тұрады. Көпірдің екі жағында «Asia» және «Europe» деген жазулы тақтайшалар орнатылған. Гиннесс рекордтар кітабына енген бұл ғажап құрылыс «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» деген атауға ие және мемлекет үшін аса маңызды оқиғаға орай қала мен облысқа сыйлыққа тартылған.

Көпір конструкциясын бірқатар инженерлік шешімдер ерекшелеп тұрады. Бұл ұзын көпірдің тіреулері навигация кезінде кемелерге кедергі жасамайды және көктемде уылдырық шашуға топ болып келетін бекіре балықтарының жолын бөгемейді. Өзеннің сол жақ жағасының 30-метрлік алқабы эстакаданың жеті тармағымен, ал оң жақ жағасының 116-метрлік алқабы екі бөлікті эстакадамен жабылған. Көпірдің 400-метрден асатын орталық бөлігі көрікті аспалы конструкцияға бекітілген. Көпірдің жаяу жүргіншілер жолының ені 4,5 метр.

Бұл монолитті темір бетонды көпір ең соңғы технологиялар бойынша ең жаңа материалдарды қолданып салынған. Сондықтан көпір бір уақытта жүз мың адамды көтере алады. Көпір жаяу жүргіншілерге арналғанымен, төтенше жағдайларда медициналық жедел жәрдем мен өрт сөндіру қызметі көліктерінің жүріп өтуіне рұқсат етілген.





Жеңіс саябағы

Орналасқан жері:	47°05'31.6"N, 51°53'17.4"E, Атырау облысы, Атырау қ.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2015 ж.
Нысан мәртебесі:	Саябақ кешені.
Тарихи деректер:	Жеңіс саябағы Атырау қаласының орталық бөлігінде орналасқан. Саябақтың жалпы ауданы 9 га.

Саябаққа кіреберісте сол жылдардың оқиғаларына арналған плакаттар бірден ерекше атмосфера жасап тұрады. Қонақтарды басты аркадан ары қарай жасыл өсімдік қатарлары бар алаң қарсы алады. Мұнда соғыс жылдарының шынайы ұрыс техникаларының үлгісін көруге болады – дүркіндетіп ату қондырғысы, танкілер, зеңбіректер, бронетранспортерлер, тіпті ұшақтар. Алаңнан Атырау облысынан шыққан соғыс батырларының Аллеясына өтуге болады. Оның жанында батырлардың аттары қашалып жазылған монументалды Естеліктер Қабырғасы орнатылған.

Саябақтың композициялық және мағыналық орталығы – Мәңгілік алау. Ұлы Отан соғысының әртүрлі көріністері бейнеленген гранит барельефтер майдан мен тылдағы соғыс жылдарының ауырпалығын көрсетеді.


Тағдыр тәлкегіне байланысты бейбіт заманда әскери іс-шараларға қатысқандарға арналып жасалған өте өткір, терең ойлы мүсінді-архитектуралы шағын кешен – Жеңіс паркінің маңызды бөлігі. Бір-бірінің арқасын жауып тұрған екі жас солдат ауған соғысында қаза тапқан интернационалист сарбаздарды, тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан қазақ сарбаздарын үнсіз еске алып, оларға құрмет көрсетіп тұрғандай. Атырау тұрғындары өздерінің Жеңіс саябағын мақтан тұтады.



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



24
НЫСАН



Шығыс Қазақстан облысы республиканың солтүстік шығысында орналасқан. 1932 жылы құрылды. 1997 жылы өңір аумағына Семей облысы қосылды. 1720 жылы негізі қаланған Өскемен қаласы әкімшілік орталығы болып табылады. Қала Ертіс пен Үлбі өзендерінің қиылысында орналасқан. Облыс аумағы 283,22 мың шаршы километрді құрайды. Халық саны 1 394 000 адам.

Оңтүстік Қазақстан облысы – мемлекеттің дамыған индустриалды-аграрлық аймағы. Өңірдің өнеркәсіп саласы түсті металл өңдеу, машина жасау өнеркәсіптері, энергетика, орман және ағаш өңдеу, жеңіл және тамақ, химия және құрылыс материалдары өнеркәсіптерінен тұрады.

Шығыс Қазақстан облысының аумағында пайдалы қазбалардың: түсті металдардың (Риддер-Сокольный, Тишин, Малеев, Николаев, Артемьев, Орлов және басқа да), алтынның (Бақыршық, Суздаль, Мизек, Күршім өзенінің шашыранды және басқа да), сирек металдардың (Бакен, Ақтау, Юбилейный, Ахмет), көмірдің және тақта тастың (Қаражыра, Кендірлік, Бобровка, Белокаменка), кенді емес шикізаттың (отқа төзімді шикізат, карамзит және бетонит батпағы, әк, кірпіштік және цементтік саз-құмды тау жынысы, шыны шикізаты және құрылыс материалдары) барланған көптеген кен орындары бар.

Табиғи-климаттық жағынан Шығыс Қазақстан бірегей аймақ болып табылады. Мұнда дала, шөл және таулы тайга ландшафтары ұштасады. Облыс аумағының солтүстік және шығыс бөліктерін жер қойнауында түсті, қымбат және сирек металдардың бай қорлары бар Батыс, Орталық және Оңтүстік Алтайдың тау бөктері мен жоталары алып жатыр. Алтай тауларының оңтүстігінде Сауыр-Тарбағатай жоталарымен шектелген құрғақ Зайсан қазаншұңқыры кесілуде. Облыстың барлық оңтүстік батыс және батыс бөлігін Қазақтың ұсақ шоқылары алып жатыр. Облыстың орталық бөлігінде Қалбау тауларының белестенген жазықтықтары басым. Орман облыс аумағының 7,1% құрайды.

Облыстың көзартарлық жері оның солтүстік – батысындағы белдеулі қарағайлы ормандар болып саналады. Жалпы алғанда Кенді Алтайда өсімдік әлемінің 1000-нан астам түрлері бар, әртүрлі құстардың 300-ден астам, сүт қоректілердің 100-ге жуық түрлері мекендейді. Ормандар мен далалы белдеуде бұлан, тау ешкісі, арқар, құдыр, елік, қасқыр, аю, сілеусін, ақкіс, аққұлақ, бұлғын, сасық күзен, сары күзен, түлкі, қоян мекендейді. Бұқтырма өзенінің жоғарғы жағында маралдар сақталған. Тау бөктерінде, өзендер мен көлдердің жағалауларында доңыздар бар. Облыста бірегей үш табиғи саябақ-қорықтар шоғырланған – Марқакөл, Алакөл және Батыс Алтай.

Облыс аумағында әр түрлі кезеңдерге жататын археологиялық ескерткіштер шоғырланған, олардың бір-бірімен хронологиялық байланысты болуы бұл аймақта мезолиттен бастап бүгінгі күнге дейін тарихи оқиғалардың үздіксіздігін көрсетеді. 2016 жылы «Археологическая экспертиза» ЖШС облыстың тарих және мәдениет ескерткіштерінің паспортизациясын жүргізді. Оңтүстік Қазақстан облысының ең танымал ескерткіші Шілікті аңғарында шоғырланған хандық қорғандар және Оңтүстік Алтай таулары Бұқтырма өзенінің жағалауындағы Берел қорғандары болып табылады. Археологиялық ескерткіштер облыстың басқа аймақтарында да табылған.

Соңғы кезде Шығыс Қазақстан облысында туризмнің көптеген бағыттары жақсы дамып келе жатыр: жағажайлық, тау шаңғылық, спорттық және жаяу туризм; қасиетті жерлерді зиярат ету және мәдени-танымдық; аң-аулау және ауылдық; экологиялық, емдеу-сауықтыру және медициналық.


Өскемен қ. Тарихи-мәдени нысандар:



Семей қ. Тарихи-мәдени нысандар:







«Ақбауыр» тарихи-археологиялық кешені

Орналасқан жері: 49°45'33.49"N, 82°25'12.54"E, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Аблакет ауылдық округі, Өскемен қаласынан 38 км қашықтықта.

Ескерткіш/нысанның түрі: археология.

Кезең: б.з.д. III мыңжылдықтың басы.

Нысан мәртебесі: Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.


Тарихи деректер, аңыздар: Ақбауыр – үңгірлі түзіліс. Киелі орын ретінде ерте қола дәуірінен, бәлкім одан да ерте уақыттан бастап қолданылған. Ол – тау етегінде 5-6 метр биіктікте орналасқан конус пішіндес үңгір. Үңгірдің жартышар тәріздес кеңістігін жүрек пішіндегі ойығы бар тас плита жауып тұрады.

Нысан 1970-1990 жылдары археолог З. Самашевтың басқаруындағы археологиялық экспедициямен зерттелген. Үңгір қабырғаларында екі дөңгелекті арба, бұқа, тау ешкі, адамдар мен үйлер бейнеленген петроглифтер (шамамен 80 белгі) табылды. Суреттер қызыл жосамен салынған және мамандардың айтуынша б.з.д. III-мыңжылдықтың басына жатады. Барлық фигуралар сызықтық сурет түрінде бейнеленген, формасы жағынан қарапайым және бір композициялық ойға сәйкес.

Ең ықтималы, бұл жер ежелгі мекендеушілері Күннің, Айдың, ғаламшарлар мен шоқжұлдыздардың қозғалысын үңгір үстіндегі ойық арқылы бақылаған ежелгі астрономиялық алаң болған. Үңгірдің символикалық белгілері жұлдызды аспанның солтүстік батыс бөлігін шағылтып тұрады. Сонымен қатар, үңгір құрбандық шалу мен басқа да салттық ғұрыптарды орындайтын орын болған.

Таулар мен төбелердің үстіндегі аттас шатқалда көптеген тас пирамидаларды көруге болады. Жергілікті тұрғындар оларды «қарақшы» деп атайды. Шығыс Қазақстанда олар әлі күнге дейін бұл жердің киелілігінің өзіндік қорғаушылары мен белгілері ретінде саналады. Қазір Ақбауыр туристтер мен зияратшылардың арасында үлкен танымалдыққа ие.





Берел тарихи археологиялық кешені

- Орналасқан жері:** 49°20'24.68"N, 86°22'28.67"E, Шығыс Қазақстан облысы, Катон-қарағай ауданы, Берел ауылынан батыс бағытта 7 км.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** археология.
- Кезең:** б.з.д. IV ғ. – б.з. VII ғ.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Берел қорғанында көшпенділердің 100-ге жуық жоғарғы тап өкілдері жерленген орындар табылған. Ескерткіш 4000x1000 метр аумақты алып жатыр. Ең алғашқы қорғандар б.з.д. IV-III ғасырларда салынған, ал ең соңғылары б.з. VII-VIII ғасырларда – ежелгі түркілер дәуірінде салынған. Обалар теңіз деңгейінен 1120 метр биіктіктегі үшінші жайылма үсті терассасында орналасқан. Оба астындағы салқын орта киім, ат әбзелдері, ағаш бұйымдар, ертоқымдар, ағаш ыдыстар, скиф-сібір аң стилінде орындалған тері мен киізден жасалған заттардың алғашқы қалпында сақталып қалуына септігін тигізген.

Бүгінде Берел – Қазақстан аумағындағы органикадан жасалған заттар табылған жалғыз ескерткіш. Қорғандар алғаш рет 1865 жылы В. В. Радловпен зерттелді. 100 жылдан кейін С. Сорокин басқарған Ресей Федерациясының мемлекеттік Эрмитажының экспедициясы зерттеді. Кешеннің қазіргі замандағы зерттелуі З. Самашевтың атымен тығыз байланысты. 1997-1998 жылдары Берел Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институтының, шығыс қазақстандық өлкетану музейінің, Орталық Азиядағы Францияның археологиялық миссиясының және Лигабуе италяндық ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдарынан тұрған археологтардың халықаралық экспедициясымен қаралып зерттелді.

Ескерткіш әлемдік танымалдыққа ие. Бұл бірегей кешенді зерттеу әлі күнге дейін жалғасып келеді. Қорым 2008 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысымен құрылған «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорықтың құрамына кіреді.





Шілікті қорғандары

Орналасқан жері: 47°11'41.68"N, 84°32'25.56"E, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Шілікті ауылы, ауылдан оңтүстік батыс бағытта 3 км және солтүстік шығыс бағытта 5 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: археология.

Кезең: б.з.б. VIII-VII ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер: 51 қорғаннан тұратын Шілікті қорғандарының кешені ерте темір дәуірінің ескерткіштері болып табылады. Қазба жұмыстары 1949 жылы археолог С. С. Черниковпен басталды. 1960 жылы ол скиф-сібірлік стильдегі алтын бұйымдар табылған №5 қорғанды қазып тапты. Жалпы саны 524 алтын бұйым анықталды. Олардың арасында бұғы кейпіндегі айылбастар, бүркіттердің барельефті контурлы мүсіндері, домалақ күйде тұрған қабыландар, қабандардың мүсіншелері, көгілдір ақықпен және алтын дәндермен безендірілген балық бейнелері, құстар түріндегі айылбастар және көптеген кішкентай зергерлік бұйымдар бар. Табылған заттардың көбі Эрмитажда сақтаулы. Қорғандар б.з.б. VIII-VII ғасырларға жатқызылады.

Археологиялық бай Шілікті қорғандарының бірі – Бәйгетөбе. Ол жерден Қазақстан аумағында анықталған үшінші Алтын адам табылған. Бәйгетөбе қорғаны 2003 жылы танымал қазақстандық археолог А. Т. Толеубаевпен ашылды. Қорған б.з.б. VIII ғасырға жатқызылады. Қорғанда алтын бұйымдардың 4000-нан астам даналары табылды. Оның ішінде барыс, бүркіт, бұғы, қасқыр (қонжық) бейнесіндегі, арқардың мүсіндік суреті түріндегі және де бесжақты жұлдыз түріндегі айылбастар және басқа да көптеген заттар бар. Бұл қорған – биіктігі 8 метр, диаметрі 100 метр болатын ғаламат архитектуралық құрылыс. Қорғанның алып өлшемдері мен бай артефакттар бұл жерде сақ патшасы жерлендігі туралы айтады.

Бұл ескерткішті мамандар Шілікті Алтын адамы деп атайды. 2016 жылы ол облыс әкімшілігінің «Шығыс Қазақстан облысындағы археология саласындағы ғылыми- зерттеу жұмыстарын 2016-2018 жылдардығы дамыту бағдарламасына» енгізілді.





Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың мазары

Орналасқан жері:	47°17'39.17"N, 79°42'13.35"E, Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Тарлаулы ауылынан оңтүстік батыс бағытта 7 км, Аягөз өзенінің оң жағалауында.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	IX-X ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, аңыздар:	

Бұл тас мазар аз ғана сыртқы өзгерістер мен бұзылуларға ұшырап, бізге дейін жеткен Қазақстанның ежелгі салттық құрылыстарының бірі. Ескерткіш пішіні жоғарыға қарай тарылып, сүйір күмбез түрінде келеді. Жалпы биіктігі – 11,85 метр, қабырғалардың қалыңдығы – 1,86 метр. Мазардің кіреберісі шығысқа қарап тұр. Құрылыста өлшемдері 0,70x0,50 метр болатын кішігірім терезелері бар. Ескі халық аңызына сенетін болсақ, бұл бейіт – нағыз махаббаттың символы болған халық лиро-эпостық жырының кейіпкерлері Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың жерленген орны. Ш. Уәлихановтың 1856 жылы салған суретінде мазарға кіре берісте жұп-жұп болып төрт мүсін – Қозы Көрпеш, Баян Сұлу, оның сіңлісі және жеңгесінің бейнесі орнатылған. Кейіннен бұл мүсіндер із-түссіз жоғалып кетті. Ескі аңыз былай дейді: балалық шағынан дос болған даланың бай және танымал адамдары – Сарыбай мен Қарабай өздерінің достығының белгісі ретінде өздерінің әлі туылмаған балаларын үйлендіру туралы сөз байласады. Ұлының туылғанына дейін аң аулау кезінде Сарыбай мерт болады, ал жаман жазмыштан қорыққан Қарабай берген уәдесінен тайып, өз отбасымен ол жерден алысқа көшіп кетеді. Арада уақыт өтіп, әулеттердің тырысып-бағуларына қарамай Қозы мен Баян кездесіп, бір-біріне ғашық болады. Бірақ Қарабай қызын жұт кезінде оның малдарын құтқарып қалған жергілікті палуан Қодарға бергісі келеді. Қодар екі ғашық арасында бөгет болады. Махаббаттың бұл мәңгілік үшбұрышында Қозы бірінші жан тапсырды. Мұңға батқан Баян, қаныпезерден кек алу үшін, қулыққа барады. Егер Қодар оған бастау суы бар құдық қазып беретін болса, оған күйеуге шығатынын айтады. Қодар жұмысқа кіріседі, Баянның шашынан ұстап төменге түсе бергенінде, қыз кенеттен өз бұрымын қиып жібереді. Қодар түбі жоқ зынданға құлап, мерт болады. Қозының қабірі басында қыз қанжармен өзін-өзі өлтіреді. Халық жадында Қозы мен Баянның есімдері мінеки он бес ғасыр бойы ажырамай келеді.





Аблайкет шіркеуінің қираған орны

Орналасқан жері: 49°27'22.84"N, 82°34'15.50"E, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бозанбай ауылдық округі, Алғабас ауылынан 1,5 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: археология.

Кезең: 1654 ж.


Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші

Тарихи деректер, аңыздар:

Аблайкет – жоңғар басшысы Аблайдың атымен аталған жақсы бекінісі бар монастырь. Ескерткіш – бірнеше құрылыстардан тұратын кешен болып табылады: ғибадатхана, тұрғын үй кешені, шаруашылық құрылыстары және бекініс қабырғасы. Бұлардың ішінде бекініс қабырғасы қалыңдығы 3,5 метр, жалпы ұзындығы 2125 метр, биіктігі 3-4 метрлік мықты құрылыс болған. Қабырғаның қазіргі биіктігі 1,5 метр шамасында. Қабырғаның оңтүстік шығыс жағында кіреберіс қақпасы – «Қасиетті қақпалар» немесе «Богдойн халга» орналасқан. Бізге дейін оның тек төменгі жағы ғана сақталған, арканың іргесінде тақтатастан қаланған екі төртбұрышты негіз бар. XVIII ғасырда Аблайкетте бірегей қолжазбалар мен өнер туындыларын тасып әкеткен орыс әскерилері болған.

Аблайкеттің құрылысы туралы алғашқы хабарлар 1654 жылы орыс мемлекеттік қызметкері Ф. Байковтың жазбаларында кездеседі. Ескерткіш аймағында өсімдік оюларымен өрнектелген күйдірілген кірпіш пен тақталардың бөліктері, темір және қола шегелер, әртүрлі буддисттік жәдігерлер, ең бастысы – қайыңнан жасалған жазбалар бар бұрама қағаздар анықталды.

Мамандар бұл ежелгі жазбаларды зерттеу сол замандағы Шығыс Қазақтан аумағында орын алған оқиғаларға жарық түсіріп, тибетологияға айтарлықтай үлесін қосады деп болжауда. Жалпы, ғибадатхана қытай-тибет-моңғол стилінде салынған және Қазақстан аумағындағы соңғы буддизмнің ерекше ескерткіші болып табылады.





Ямышевск бекіністік қақпасы

- Орналасқан жері:** 50°24'33.63"N, 80°14'20.59"E, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Абай көш.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1776 ж., инженер Г. И. Андреев.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** Қазіргі таңда Ямышевск қақпасы – 1718 жылы I Петрдің бұйрығымен тұрғызылған Семей бекінісінің жалғыз аман қалған бөлігі. Бекініс қақпасы мен қабырғалары инженер Г. И. Андреевтің тікелей қадағалауы мен жобасы бойынша тұрғызылған.

Өз атауын қақпалар соның маңында орналасқандықтан Ямышевск тұзды көлінен алған. Құрылыс үшбұрышты төбесі мен қарапайым суретті карнизі бар көлемді арка түрінде салынған. Арканың ішкі жағындағы қабырғалары төбесіне қарай домаланып, кішкентай туннельді құрайды. 1970 жылы қақпалар Ертіс өзеніне 50 метрге жақынырақ көшірілді. Оны бөліктеп бұзып, іргетасын беріктетіп қайтадан тұрғызды. Құрылысшылар Ямышевск қақпасының сыртқы келбетін толықтай сақтай білді. Батыс бекіністік қақпаның сыртқы түрі толығымен қайта қалпына келтіруден өтті. Темір қақпалар құлыппен бекітілді. Бекініс қақпасының жанында зерелі зеңбірек – Семей бекінісінен қалған жалғыз артефакт орнатылды.

Бүгінде Ямышевск қақпасы – Семей қаласының ең айқын көрікті жерлерінің бірі.





Ф.М. Достоевскийдің әдеби-мемориалды үй-музейі

- Орналасқан жері:** 50°24'16.01"N, 80°15'8.26"E, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Достоевский көш., 118.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** ғимарат 1838 ж., музей 1971 ж. ашылды.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Ғимарат – Ф. М. Достоевский 1857-1859 жылдары өмір сүрген 1838 жылы салынған бір жарым қабатты құрылыс. 1970-жылдары үйге екі қабатты ғимарат қосылып соғылды. Оның ішінде мүсінші Д. Элбакидзенің монументалды композициясы – «Ш. Уәлиханов және Ф. М. Достоевский» қос қола мүсіні орнатылған. Музей 1971 жылдың 7 мамырында Қазақ КСР министрлер кеңесінің бұйрығымен ашылды.
- 1976 жылы ғимаратта №15 қалалық кітапхана ашылды. Кітапхананың алғашқы меңгерушісі З. Г. Фурцева болашақ музейдің қорының негізін қалаған жазушы туралы ақпараттардың жинақтаушысы және сақтаушысы болды. 1971 жылы музей облыстық әдеби-мемориалды мәртебесіне ие болды.
- Бүгінде бұл – Ф. Достоевскийдің Ресей Федерациясынан тыс орналасқан жалғыз музейі. Өзінің қызмет еткен жылдары бойы музей қоры айтарлықтай 21 581 данаға кеңейді. Музей экспонаттарының қатарында атақты орыс жазушысының «Қылмыс және жаза» (1867 ж.), «Жасөспірім» (1876 ж.), «Ағайында Карамазовтар» (1881 ж.) романдарының және басқа да туындыларының алғашқы басылымдары бар.
- Ф. М. Достоевскийдің әдеби-мемориалды үй-музейі қаланың ең қызықты мәдени орындарының бірі болып табылады.





Екі мұнаралы мешіт

- Орналасқан жері:** 50°24'5.24"N, 80°15'44.41"E, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Абай көш., 50.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1856-1862 жж., сәулетші А. Болбатов, инженер А. Манашев.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни зиярат орны.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Мешіт 1856-1862 жылдары семейлік саудагерлердің қаражатына салынған. Жоба негізіне түрік мешіттерінің құрылымдық ерекшеліктері алынды. Ғимарат бір күмбезі мен екі мұнарасы бар төрт бұрышты құрылыс. Сызбадағы өлшемдері 16,5x32,5 метр, мұнарамен қосқандағы биіктігі 30 метр. Қасбеті салтанатты көрінетін жартылай дөңгелек бағаналармен және жапсырмалы капительдермен безендірілген. Терезелері жақтаулы. Ғимаратты бойлай жапсырмалы карниз орнатылған. Интерьері бағаналармен және көлденең сызықтармен әдеміленген. Күмбезасты бөлігінде жасыл, сары түсті Құран аяттарының жазбалары бар. Михраб мұсылмандар үшін қасиетті Мекке қаласына бағытталған.
- Мешіттің суреттері мен сипаттамасы 1914 жылы Романовтар әулетінің 300-жылдығына орай жарық көрген үлкен мешіттер туралы альбомға енген. Кеңес заманында мешіт жабылған, бірақ архитектуралық ескерткіш ретінде сақталған. 1975 жылдан бастап мешіт ғимаратында көрме залы орналасты.
- 1995 жылы мешіт діндарларға беріліп, сол кезден бері мақсаты бойынша қолданылып келеді. 2002 жылы ғимаратта толықтай қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. 2007 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қаражатына жөнделді. Мешітпен көптеген аңыздар мен оқиғалар байланысты. Олардың бірі бойынша, мешіт астында молданың үйі мен мешітті байланыстырып тұратын құпия жерасты өткелдері салынған. Ол жерде ежелгі діни кітаптар молданың бірегей кітапханасы бар-мыс.
- Бүгінде мешіт өзінің негізгі қызметі бойынша жұмыс істеп тұр.





Воскресение православие шіркеуі

- Орналасқан жері:** 50°24'43.77"N, 80°14'3.12"E, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Кұлжанов көш., 6.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 1857-1860 жж., сәулетші А. Болботов, шіркеу жобасының авторы.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни зиярат орны.
- Тарихи деректер:** Воскресение шіркеуі – алғашқы қалпында толықтай сақталған бірегей тас ғимарат. Шіркеу қаланың ең бақуатты адамы М. Г. Казаковтың қаражатына салынған. Сәулетші А. Болботов осы шіркеудің жобасын авторы К. А. Тон болған Санкт-Петербург Миронов шіркеуінің жобасы негізінде жасап шығарды.
- Шіркеу визуалды түрде кіреберіс, ас бөлмесі, негізгі бөлім және алтарьға бөлінген. Шіркеу үш тақты: басты алтарь Христтың тірілуіне, оң жақ алтары Шырақшы Митрофанға, сол жақ алтары Құдай архистратигі Михаилға арналған. Шіркеу сыйымдылығы – 1000 адам. 1937 жылы тарихи оқиғаларға байланысты шіркеу жабылды. 1944 жылдың пасхасына қарай ғибадатхана православие қауымына қайтарылды. 2001 жылы толық жөндеу жұмыстары жүргізілді. 1993 жылдан бастап шіркеу жанында жексенбілік мектеп жұмыс істейді.
- Шіркеу Қазақстандық Ертіс аумағындағы баршаға танылған православие орталығы және туристік нүкте болып табылады.





Абайдың «Жидебай – Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музейі

Орналасқан жері:	50°24'35.61"N, 80°15'16.88"E, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Интернациональная көш., 29.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	ғимарат 1860 ж. тұрғызылды, музей 1940 ж. ашылды.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Музей ғимараты кезінде Анияр Молдабайұлы өмір сүрген екі қабатты жекежайда орналасқан. Ғимарат бізге дейін салыстырмалы түрде жақсы күйде жеткен. Бұл үйде Абай жиі қонақтаған, ал Анияр Молдабайұлы – ұлы ақын көмек көрсеткен оқыған қазақ жастарының бірі. 1940 жылы жекежайда музей ашылды. 1970 жылы музейде бұрынғы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Кейінірек мұражай орыс ағайынды көпестер Ершовтардың бұрынғы үйіне көшірілді. Бүгінде музей – ескі әкімшілік ғимараты мен ұлы ағартушы білім алған Ахмет Риза мешіті мен медресесінен тұратын архитектуралық ансамбльдің бір бөлігі. 1995 жылы Абайдың туғанына 150-жыл толуын тойлау аясында Жидебайдағы жаңа мемориалды кешеннің ашылу салтанаты өтті. Музей қоры Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен қоғамдық өмірінің көптеген жақтарын ашатын жәдігерлерден тұрады. Музейдің басты залдары келесі экспозицияларға бөлінген: “Абай дәуірі”, «Жыл мезгілдері», «Абай бейнелеу өнерінде», «Абайдың ақындық мектебі», «Абай халық жүрегінде», «Сыйлықтар», «Шығыс залы», «Абай және қазіргі заман», «Абай шығармалары», «Ескендір поэмасы». Бүгінде Абайдың «Жидебай – Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музейінің құрамына Абайдың әдеби музейі және Семейдегі Ахмет Риза медресесі, М. Әуезовтың Бөрілі шатқалындағы музейі, Көкбай ауылдық округінің Тақыр шатқалындағы Көкбай Жанатаевтың музейі, Құндызды ауылындағы Шәкір Әбеновтың музейі және де Үржар ауданындағы Әсет Найманбаевтың музейі кіреді.



Абай ауданындағы қорықтың жалпы ауданы – 6400 га. Оған 16 нысан кіреді, соның ішінде Жидебай шатқалындағы Абайдың мұражай-үйі, Құнанбай құдығы, Зере мен Ұлжанның зират қорғаны, «Абай – Шәкәрім» мемориалды кешені, кешен мешіті, Оспан көлі, Кенгірбай би мазары және т.б. бар.



Облыстық тарихи-өлкетану музейі

Орналасқан жері: 50°24'20.40"N, 80°14'44.70"E, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Абай көш.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: музей 1883 ж. ашылды, ғимарат 1856 ж. салынды.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Музей 1883 жылы саяси жер аударылған халық еркін білдірушілердің бастамасымен ашылған. Оның бастауында Е. П. Михаэлис, В. Н. Филиппов, М. И. Суворцев және көптеген басқа да тұлғалар тұрды. Музейдің дамуына Абай, Шәкәрім, М. Әуезов айтарлықтай үлес қосты. Музей өз орнын сегіз рет ауыстырды. Соңғы көшу 1977 жылы болды және сол кезден бастап музей бұрынғы генерал-губернатордың үйінің ғимаратында орналасты. Ғимарат шамамен 1856 жылы тұрғызылған. Сәулетшісі белгісіз. Революцияға дейін онда губернатор тұрған, кейін ол Бостандық үйі деп атауын өзгертті. Ғимарат бір қабатты симметриялы және сызбада П әрпін құрайды.

Бүгінде музей қоры 107 000 данадан тұрады. Оның негізі XIX ғасырдың соңында – XX ғасырдың басында Орыс география қоғамының семейлік бөлімі және статистика комитетімен жиналған археология, палеонтология, этнография, зоология, минералогия, нумизматика, фотоқұжаттар коллекциясынан, табиғи-тарихи және тарихи-тұрмыстық заттардан тұрады. Олардың арасында қолжазбалар, Семей облысына шолулар (1882-1910 жж.), ескерткіш кітаптар, адрес-күнтізбелер, атластар мен карталар, Орыс география қоғамының семейлік бөлімінің жазбалары (1903-1933 жж.) бар.

Музей экспозициясы алты залда келесі тақырыптар бойынша көрсетілген: «Палеонтология және геология», «Туған жердің табиғаты», «Археология және этнография», «Қала және өлке тарихы», «Алаш қозғалысы және Алаш қаласы туралы», «Семей ядролық полигоны. Біз ядролық қарусыз әлем үшінбіз», «Семей тәуелсіздік жылдарында».





Абай Құнанбайұлының үй-жай кешені: тұрған үйі, құлпытасы

Орналасқан жері: 49°56'50.27"N, 82°37'22.04"E, Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Жидебай шатқалы, Бөрілі ауылынан оңтүстік бағытта 23-25 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1894-1904 жж.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер: Кешенге үй-мұражай мен қаламаңы экспозициясы және Абай мен оның жақын туыстары жерленген «Абай-Шәкәрім» мазарлары жатады. Үй-мұражай өзінің сегіз бөлмеден тұратын алғашқы кейпін сақтаған. Музейдің бес бөлмесі мен үш залында Абайдың туыстары мен достары тапсырған материалдар қойылған: араб, парсы, түрік, орыс тілдеріндегі кітаптар, сол жылдардың фотоқұжаттары, Абайдың үш ішекті домбырасы, тұрмыс заттары.

Этнографиялық экспонаттар келушілерді Абайдың шығармашылығы мен заманымен таныстырады.

Үй-мұражай Абайдың «Жидебай – Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музейі құрамына кіреді.





М. О. Әуезовтың Бөрілідегі үй-мұражайы

- Орналасқан жері:** 49°39'42.42"N, 80°0'30.50"E, Семей қ. 82 км қашықтықта, Семей-Қарауыл тас жолынан шығыс бағытта 4 км.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** XIX ғ. екінші жартысы
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Бөрілі ауылын Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың балалық және жасөспірімдік шағының алтын бесігі деп атайды. Әлемге әйгілі жазушы, драматург және ғалым М. О. Әуезовтың үй-мұражайы бір қабатты ғимараттан тұрады. Құрылыс XIX ғасырдың екінші жартысында салынған. Алғашында үй саманнан тұрғызылған. 1976 жылы бұл жерде алғашқы түрінен аумайтын кірпіштен қаланған үй тұрғызылды. Музейдің негізгі қорын жазушы мен оның туыстарының жеке архиві құрайды. Үйдің жанында М. О. Әуезовтың ата-анасының – Омархан және Нұржамал Әуезовтердің мазарлары орналасқан.
- М. О. Әуезовтың үй-мұражайы Абайдың «Жидебай – Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музейі құрамына кіреді.





Шығыс Қазақстан облыстық жастар драма театры

Орналасқан жері: 49°56'50.27"N, 82°37'22.04"E, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Тоқтаров көш., 47.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: 1902 ж.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, аңыздар: Ғимарат О. Ф. Костюрин мен басқа жер аударылған халық қамын жеушілердің бастамасымен жергілікті халықтың қайырымдылыққа берген қаражаты есебінен тұрғызылып, алғашында «Халық үйі» деп аталған. Құрылған кезінен бастап ол қаланың қоғамдық және мәдени өмірінің орталығына айналды. Театр ғимаратында модерн стилінің нышандары басым, оны сызбасын симметриялы емес еркін жобада жасау мен қасбетті әрлендіруден көруге болады. Архитектуралық құрама бөліктердің – аркалы терезелер, шатырдың бұрыштарындағы кішігірім мұнаралардың көптігі ғимаратты өте пластикалы және мәнерлі етеді. Театрға облыстық театр мәртебесі 1939 жылы берілді.

1946 жылдың шілдесінде Жамбыл Жабаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты Өскемен қалалық атқарушы комитетінің шешімімен облыстық драма театрына қазақтың ұлы ақынының аты берілді. Сол заманда театрдың репертуарында көбінесе орыс және шетел классикасына көбірек көңіл бөлінген.

2000 жылы өзінің алғашқы театралдық маусымын «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» спектаклімен ашқан қазақ труппасы құрылды.





Зейнолла кесенесі

Орналасқан жері: 47°09.565"N, 84°28.436"E, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Жалшы ауылынан солтүстік шығыс бағытта 0,5 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1925 ж., сәулетші Б. Сатбайұлы.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, аңыздар: Ботабайұлы Зейнолла болыстың кесенесі екі бөлімді ғимарат болып табылады. Біріншісінде жерлеу орны, екіншісінде құлшылық жасауға арналған бөлме (ғибадат мешіті) бар. Бірінші бөлме пішіні бойынша төртбұрышты, екіншісі дөңгелек.

Жерлеу камерасы мазардың бойлық осыне көлденең орналасқан. Екі бөлімнің де қасбеттері бай безендірілген. Әртүрлі биіктіктегі пішіндер ортақ ірге мен аралық карнизбен біріктірілген. Кіреберіс есік орны солтүстікке кішкене бұрылып шығысқа қараған. Қасбеттегі кіреберіс қазір қираған екі бағанаға тірелген доғал пішінді арка түрінде салынған.

Мазар сырты күйдірілген кірпішпен қапталған, ал ішінде қам кірпіш қолданылған. Кірпіштер тік бұрышты. Мазардың сыздабағы өлшемдері 9,7x5,6 метр, ал биіктігі 7,9 метр.

Мамандардың пікірінше, Шығыс Қазақстандағы күйдірілген кірпіш қолданылған бұл жалғыз кесене бірегей ғимарат болып табылады. Одан басқа құрылыс архитектурасында бірқатар көркем тәсілдер, оның ішінде модуль мен геометриялық гармонизация қолданылған.





Металлургтер мәдениет сарайы

Орналасқан жері: 49°58'26.71"N, 82°35'25.12"E, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Тәуелсіздік даңғылы, 68.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 1957 ж., сәулетші Л. И. Маковеев.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Ғимараттың функционалды қызметі оның құрылыс стилін алдын ала анықтады – бұл кеңестік классицизмнің айқын үлгісі. Сызбада ғимарат симметриялы және негізгі қасбетке басты назар аударылған. Ғимаратқа пішіні бойынша қатаң кең баспалдақтар алып барады. Сәулет өнерінде портик деп аталатын бағаналы үсті жабылған құрылыс алдындағы галерея маңдайшамен аяқталады. Портиктегі бағаналардың үстіңгі жағы күрделі коринфтік ордерде орындалған. Тематикалық мүсіндермен безендірілген маңдайшада кішігірім төрт бұрышты бағаналар бар. Негізгі қасбеттің бұрыштары шығыңқы бөліктермен ерекшеленген. Екінші және үшінші қабаттың ортаңғы бөліктері ішке қарай кірген және көп бөлігі шыныдан жасалған үлкен лоджияны құрап тұр.

Ғимараттың көркем безендірілуі суретші Н. В. Цикчинскийдің қадағалауымен орындалған. Маңдайшадағы мүсіндер тобын мүсінші Х. Наурызбаев, ал «балық» мүсінін В. С. Рапопорт жасаған. Ғимарат конструкциясы XX ғасырдың құрылыс өнері шеберлігінің соңғы жетістіктерін көрсетеді және үлкен эстетикалық, көркем мағынаға ие.





Еңлік – Кебек ескерткіші

Орналасқан жері: 49°20'33.65"N, 79°50'20.56"E, Шығыс Қазақстан облысы, Қасқабұлақ ауылынан 25 км, Қарауыл ауылына қарай тасжолдың бойында.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең: жерлеу XVIII ғ., ескерткіш 1960 ж. тұрғызылған.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, аңыздар:

Ескерткіш қазақ фольклорының, халық әлеуметтік-тұрмыстық поэмасының кейіпкерлері сұлу Еңлік пен даңқты жігіт Кебекке арналған. Олар Қазақстанда XVIII ғасырдың екінші жартысында орын алған феодалды әлеуметтік қарым-қатынастың құрбандары болды. Еңлік пен Кебек жұбы – даланың өзіндік Ромеосы мен Джульеттасы. Ескерткіш – ақ мәрмәрден жасалған шатыр түріндегі алып іргетасқа тұрғызылған үлкен пирамида пішіндес обелиск. Ескерткіш қос ғашыққа деген құрметтің белгісіне жергілікті жастармен орнатылған. Қайғылы махаббат оқиғасы 1912 жылы Шәкәрімнің поэмасы басылып шыққаннан кейін танымал болды, ал 1917 жылы қазірге дейін қазақ драма театрларының сахнасынан түспейтін М. Әуезовтың «Еңлік – Кебек» трагедиясы жарық көрді. 2016 жылы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасында Ғ. Жұбанованың қойылымындағы жаңа «Еңлік – Кебек» спектаклі халық назарына ұсынылды.

Аңызға сәйкес, тобықты руларының бірінде бірегей күші мен ержүректілігімен ерекшеленген Кебек деген батыр өмір сүріпті. Күндердің бір күнінде ол өзінің болашағын білмек үшін Нысан абыз деген атақты көріпкелге барыпты. Ол Кебекке бір қыз үшін өлімінің жақындағанын айтады. Біраз уақыт өткеннен соң Кебек аң аулауға шығады, адасып жүріп Еңлік сұлудың аулынан бір-ақ шығады. Олардың арасында махаббат пайда болады. Бірақ жас қыз керей руының жасы жеткен атақты байына атастырылып қойған екен. Ғашықтар қашуға бел байлайды, көп ұзамай олардың ұлдары туылады. Мұны қорлық деп көрген Еңліктің руы Кебектің руынан кек ала бастайды. Далада талас-тартыс, жаугершілік пен мал айдап кетушілік көбейіп кетеді. Қаталдығымен ерекшеленген бір бай, ғашықтарды өлім жазасына кеседі. Оларды ұстап, мойындарына арқан іліп, аттың құйрығына байлап қояды. Қанды өлім жазасы екі ру адамдарының көз алдында орын алады. Ұсқынсыздалған ғашықтардың денесін ортақ қабірге жерлейді. Еңлік пен Кебектің махабатының күштілігі туралы халық ән мен жырлар шығарады. Кеңестік дәуірде романтикалық-трагедиялық мағынасынан басқа әлеуметтік мағынаға да ие болды.





«Абай – Шәкәрім» мемориалды кешені

Орналасқан жері:	79°18'23.19"E, 49°7'18.27"N, Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданындағы Жидебай шатқалы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең және авторы:	1993-1995 жж., сәулетшілері: Б. Ыбраев, С. Ағытаев,
Нысан мәртебесі:	Л. Карпыков; жобалаушы: Т. Ержігітов, суретші – К. Алтынбеков.
Тарихи деректер:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

1993 жылы Б. Ыбыраев бастаған қазақстандық сәулетшілердің шығармашылық тобының жобасы бойынша «Абай – Шәкәрім» мемориалды кешенінің құрылысы басталды. Авторлар ескерткіш тұжырымдамасын жасауда қазақтардың дәстүрлі космологиялық түсініктеріне негізделген. Сондықтан ұзындығы 200 метр, ені 65 метр және биіктігі 5 метр платформа визуалды түрде үш деңгейге бөлінген және әлемнің үш жоғарғы, ортаңғы және төменгі деңгейлерін бейнелейді. Абай мен Шәкәрімнің жерленген жерлерінің арасы шамамен 140 метр.

Екі кесене де мұнара тәрізді пішінге ие, бір-бірінен қасбетінің пластикасымен және күмбездерінің төбесімен ерекшеленеді. Абай мұнарасының биіктігі – 32,5 метр, Шәкәрімніңкі – 31,5 метр. Мемориалды кешенінің ортақ композициясын бұрыштық төрт мұнаралар аяқтап тұрады, олардың қызметі – әруақтардың рухына ғибадат ету рәсіміне мүмкіндік беру.

Мұнаралардың арнайы бөліктері онда түнеп, дұғалар оқуға және салттарды орындауға есептелген.

Кешен Абайдың «Жидебай – Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музейі құрамына кіреді.





Ертiс өзенiндегi аспалы көпiр

- Орналасқан жері:** 50°24'31.29"N, 80°13'26.47"E, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең:** 1998-2001 жж.
- Нысан мәртебесі:** инженерлік құрылыс.
- Тарихи деректер:** Аспалы көпір жобасы жапондық ІНІ компаниясымен жасалған. Көпірдің жалпы ұзындығы 750 метр, оған алып келетін екі жолдың әрқайсысының ұзындығы 168 метр. Көпір үстімен қарама қарсы бағытта үш қатарлы екі жол салынған, олардың әр қайсысының ені 3,75 метр. Көпір жабынының 50%-ы Кариб бассейніндегі Тринидад көлінен алып келінген табиғи асфальттан құйылған.
- 2000 жылдың 17 қазанында бұл көпірдің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Көпір қараңғы уақытта жарықтандырылады. Ертiс өзенiнiң аспалы көпiрi тек қалалық және республикалық көлік магистралі ғана емес, сонымен қатар ол Орталық Азия мен Батыс Сiбiрдi байланыстаратын үлкен халықаралық және стратегиялық маңызға ие.
- Қазір бұл көпір Семей қаласындағы ең ірі архитектуралық көрікті жер және қаланың өзіндік символы болып табылады.





«Өлімнен де күшті» монументі

- Орналасқан жері:** 50°23'34.01"N, 80°15'44.72"E, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Полковничий аралы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезең және авторы:** 2001 ж., сәулетші Ш. Уәлиханов.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Монумент қазақша аты Түйемойнақ деп аталатын, қаланың табиғаты ең әдемі бөлігі – Полковничий аралында орналасқан. Арал Ертіс өзені мен оның сағасы – Семипалатинка өзені арасында орналасқан. Мемориал аумағына оңтүстік батыс бөлігінен кіреді. Кіреберісті халық наным бойынша зұлым күштерден қорғап тұратын қанатты барыстар қарауылдап тұрады. Мемориалдың негізгі төбесі дөңгеленіп келген, атомдық саңырауқұлақтың силуэты ойылған 25 метрлік жалпақ стела болып табылады. Стела жиналмалы монолитті темірбетоннан жасалған, гранит блоктар мен қара гранит тақтайшалармен айналдыра қапталған. Ол айналасында шолу алаңы бар тұғырға қойылған. Стела орталығында ядролық жарылысты бейнелейтін болаттан жасалған 0,5-2 метр аралығындағы қырлы сәулелері бар шар мүсінді композиция орнатылған. Стеланың төменгі жағында баласын жауып отырған ананың мүсінін көруге болады. Бұл мүсін ақ мәрмәрден жасалған. Ана кейпі жер-ананың бейнесін суреттейді. Қасында гранит тақтада Кеңестік заманда болған барлық ядролық полигондар мен әскери полигондардың орны белгіленген Қазақстан картасы салынған. Стеланың тік жалпақ бетінде қола әріптермен келесі үндеу сөздер жазылған: «Уа, жаратқан ие, біз көрген зұлматты енді ешкімнің басына бере көрме! Қасиетті Жер-Ананың қасіретті азалы үні әлі естіліп тұр!».



Монументке жақын жерде киелі ағаш өсіп тұр, зиярат етіп келушілер ежелгі тәңір діни сеніміне сәйкес қасиетті орынға деген құрмет белгісі ретінде оның бұтақтарына баулар байлап кетеді.



Андреев кафедралды шіркеуі

Орналасқан жері: 49°56'48.19"N, 82°36'6.36"E, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Лихарев көш., 16.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: 2001–2008 жж., сәулетші Ю. М. Трашков.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни зиярат орны.

Тарихи деректер: Шіркеудің архитектуралық бейнесін сәулетші Юрий Михайлович Трашковтың басқаруындағы топ жасады. Шіркеу Қасиетті Троицк монастырының жанында орналасқан. Ғимарат орыс православие сәулет өнерінің дәстүрлеріне сай тұрғызылған: бес күмбез, кіреберіс үстінде биік шатырлы қоңыраухана. Ресейлік шеберлермен құйылған күмбездердің алтын түсі де дәстүрлі.

Андреев шіркеуінде үш тақ бар: негізгісі – қасиетті апостол Андрей Первозванныйдың құрметіне, сол жақтағысы – қасиетті жапа шегушілер Вера, Надежда, Любовь және олардың анасы София құрметіне, оң жақтағысы – қасиетті жапа шегуші және емші Пантелеимон құрметіне. Ғибадаттар тұрақты түрде 2008 жылдан бастап жүргізіліп келеді.





Шығыс Қазақстан облыстық Халифа Алтай мешіті

Орналасқан жері:	49°55'53.32"N, 82°37'5.89"E, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Сәтпаев даңғылы, 90.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2009-2012 жж.
Нысан мәртебесі:	діни мекеме, діни зиярат орны.
Тарихи деректер:	Мешіт танымал қоғамдық және діни қайраткер, түрколог, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Халифа Алтайдың есімін иеленген. Мешіттің сыйымдылығы – 3000 орын. Ғимарат аймақ тұрғындарының, мемлекеттік және коммерциялық кәсіпорындардың және Біріккен Араб Әмірліктеріндегі демеушілердің қаражаты есебінен тұрғызылды.

Мешітте классикалық ислам стиліндегі дәстүрлі қазақ оюлары мен безендіру элементтерін қолданылды. Ғимаратта 5 қабат бар. Интерьері де дәстүрлі ислам стилінде орындалған. Ішкі безендірулерінде алтын жалатылған тақтайшалардағы қолмен салынған геометриялық және өсімдік өрнектері қолданылған. Стилбаттың баспалдақтарының қоршаулары және шығаберістер қоңыр түсті қоламен жалатылған металлдан жасалған, витраждар мен терезе жақтаулары қоңыр түсті металлопластиктен қойылған. Ғимараттың есіктері еменнің бағалы түрлерінен жасалған.

Халифа Алтай мешіті Өскемен қаласының діни өмірінің орталығы және діндарлардың кездесіп ғибадат ететін орны ғана емес, сонымен бірге экскурсиялық бағдарламалардағы танымал нүктелердің бірі.






Өскемен қаласындағы музей-этноауыл

Орналасқан жері:	49°55'49.11"N, 82°37'13.94"E, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2010 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	Бұл бірегей кешен энтузиаст өлкетанушылармен ойластырылып, ашылған. Этноауылдың жалпы ауданы – 10 га. Этнографиялық кешен Шығыс Қазақстан этностарының 16 саябақты мекендерінен және бөлек тұрған ұлттық сәулет өнерінің үш нысанынан тұрады.

Кешенде барлығы 44 нысан есептеледі, оның 37-сі этнографиялық. Барлық құрылыстар архивтік материалдар мен кітаптардағы, этнографиялық экспедициялардың күнделіктері мен жазбаларындағы ғылыми мәліметтерге сүйеніп жасалған. Этноауылда барлығы тарихи шындыққа жанасады: үй алды маңдары, ғимараттар, қолданылған маталар, киімдер, тұрмыс заттары. Көптеген экспонаттар – жасы 100-ден асқан шынайы тарихи жәдігерлер. Кешен композициясында орталық орынды үлкен ақ киіз үй алып тұр, ол қаланың көптеген мәдени іс-шараларын өткізетін орын мен өзіндік конференц-зал ретінде қолданылады.

Туристер арасында этноауыл өте үлкен танымалдыққа ие.





Боранбай би кесенесі

Орналасқан жері: 48°49'20.89"N, 80°50'26.64"E, Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Қапанбұлақ станциясынан 8 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезең және авторы: жерлеу 1802 ж., жаңа кесене 2011 ж., сәулетші Смағұл Бөпежанов.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, зиярат орны.

Тарихи деректер, аңыздар: Алғашқы мазардың тұрғызылған нақты уақыты белгісіз. 1850-1870 жылдары жергілікті тұрғындар мазар қабырғаларын құйылған қам кірпіштен көтерген. 1973-1974 жылдары батыр ұрпақтары кесенені силикатты кірпішпен қайта тұрғызды. Қазіргі архитектуралық бейнесін кесене 2011 жылдан бастап ала бастады. Жаңа кесененің авторы – С. Бөпежанов. Кешен көлемі – 40x30 метр. Маңғыстаудағы өзендік тастан жасалған. Кешен бұрыштарында 4 мұнара бар, кіреберіс порталы сыртынан және ішінен араб өрме жазуымен безендірілген. Кіреберіс порталы мен мұнаралардың биіктігі 11 метр. Кесене күмбезінің биіктігі 17 метр., ал диаметрі 10 метр. Кешенде Боранбай батыр, оның жұбайы және ағасы жерленген.

Боранбай Қалқаманұлы (1704-1802 жж.) жоңғар хандығының шабуылдары кезіндегі қазақ әскерінің қолбасшысы болған. Ол өзін тек епті қолбасшы емес, сонымен қатар әділ мемлекеттік қайраткер ретінде көрсетті. Сондықтан уақыт өте келе ол би мәртебесіне ие болды. Боранбай батыр Абылай ханның серіктесі және кеңесшісі болған. Кейінірек ол тұлпарларды жаңылыспай таңдайтын болғандықтан халық оған көріпкелдік қасиетті де қосқан. Аңыздардың бірі бойынша, Қабанбай батырға жоңғарларды жеңген пырағын Боранбай би таңдап берген.

Қазір нысан туристтер мен зиярат етушілер арасында танымалдыққа ие. Наным-сенімдер бойынша, Боранбай батыр дана мен күштілерді қорғап, ержүректілік пен ақыл сыйлайды.





Шығыс Қазақстан облыстық драма театры

Орналасқан жері:	49°56'50.3"N, 82°37'22"E, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Сәтпаев даңғылы, 55.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезең:	2015 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі
Тарихи деректер:	<p>қазіргі орыс театры негізін 1902 жылдан алады. Ол кезде ол Халық үйі деп аталып, 1902 жылдың 26 қазанында ашылған. Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының бұрынғы ғимаратында орналасқан.</p> <p>2000 жылдың ақпанында Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының негізінде қазақ труппасы ашылды.</p> <p>2012 жылы Өскемен қаласында Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының жаңа ғимаратының құрылысы басталды. Бастапқыда бұл ғимаратта тек Қазақ драма театры орналасады деп жобаланған, бірақ соңында ғимарат қазақ және орыс труппаларына ортақ болады деген шешім қабылданды.</p> <p>2015 жылдың 7 сәуірінде Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының ғимараты салтанатты түрде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қатысуымен ашылды.</p> <p>Театр 600 орынға есептелген, оның ішінде репетиция залдары, кіші көрермендер залы бар. Жаңа ғимаратта ыңғайлы гримерлік бөлмелер, жаттығу, балет және музыкалық залдар орналасқан. Ғимарат техниканың ең соңғы үлгілерін қолданылып салынған. Режиссерлер мен актерлердің керемет жарық беру, сахналық және музыкалық құрылғыларын, сонымен қатар дыбыс жазу студиясын қолдануға мүмкіндіктері бар.</p>





Қоңыр әулие үңгірі

Орналасқан жері: 49°6'19.48"N, 78°32'4.88"E, Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Тоқтамыс ауылынан 20 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: Табиғи ландшафт, үңгір.

Нысан мәртебесі: Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген, зиярат орны.


Тарихи деректер, аңыздар: Үңгір Тоқтамыс ауылынан 20 км қашықтықтағы Ақтас тауында орналасқан. Ақтас жотасы ақ әктас жыныстарынан тұрады. Үңгірге кіреберістің тарлығы сонша, адам тек бір қырымен кіре алады. Жарықтың биіктігі екі метрден асады. Үңгірдің жоғарғы жағында екі алаң бар, олардан жолдар ары қарай тарап, кей жерлерінде тарып аяқталады, олардың ұзындығы анықталмаған. Үңгір суатының өлшемдері – 17-18 және 12-15 метр. Көл – терең (5 метрге жетеді), ал ондағы су өзінің тазалығы мен мөлдірлігімен таң қалдырады. Судың суықтығы сондай, оған түскен кезде аяқ-қолдардағы сіңірлер тартылып, сүйектер сырқырауы мүмкін. Дәмінде өте қатты әктас сезіледі. 2017 жылы келушілерді қабылдауға жағдай жасау және киелі жерді танымал ету үшін ылғал ауадан тек берік болатын сағызқарағай ағашынан баспалдақтар жасалды. Суатқа түсу жолында, үңгірдің іші мен сыртында ыңғайлы демалыс орындықтары орнатылды. Аңыздар бойынша бұл суат басында қазақтар қанды шайқастардан кейін жараларын емдеген.



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



25 НЫСАН



Жамбыл облысы 1939 жылы құрылған және Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан. Оған атақты қазақ ақыны Жамбыл Жабаевтың аты берілген. Облыс аумағы 144,2 мың шаршы км құрайды. Аймақ батыс пен шығыста Түркістан және Алматы облыстарымен, солтүстікте Қарағанды облысымен, оңтүстікте Қырғызстанмен шектеседі. Облыста 1,12 млн. адам тұрады. Облыстың әкімшілік орталығы Тараз қаласы болып табылады. Облыстың агроөнеркәсіптік, транзиттік және туристік әлеуеті зор.

Облыстың өндірістік әлеуетін тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу, өңдеу өнеркәсібі, электрмен жабдықтау кәсіпорындары құрайды. Облыс фосфорит және плавикошпат шикізатының бірегей базасы болып табылады, түрлі - түсті металдармен, баритпен, көмірмен, қаптау, өңдеу және техникалық тастармен, құрылыс материалдарымен бай. Облыста жүзден астам алтын кен орындары бар. Газ кен орындары үлкен құндылыққа ие. Сонымен қатар, аймақ жел және күн энергиясының едәуір ресурстық әлеуетіне ие.


Аграрлық сектордағы басым бағыттар ет, сүт, жүн өндіру, құс шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы болып табылады. Облыстың транзиттік әлеуеті 50 темір жол станциясын құрайды, олар бойынша облысты Қазақстанның барлық өңірлерімен, Ресеймен, Қырғызстанмен және Өзбекстанмен байланыстыратын 50 рейс пен 25 темір жол қатынасы бар. «ТРАСЕКА» халықаралық темір жол жобасы мен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізі облыс аумағында халықаралық маңызы бар қуатты көлік торабын қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Облыстың едәуір аумағын Бетпақ-Дала шөлі және Мойынқұм құмдары, оңтүстік батыс, оңтүстік және оңтүстік шығыс шеттерінде Қаратау, Қырғыз және Шу-Іле Алатауы орналасқан. Облыс аумағында үш мемлекеттік табиғи қорық жұмыс істейді: Андасай, Берікқара шатқалы, Қарақоңыз шатқалы. Облыстың климаты құрлықтық. Жануарлар әлемі әртүрлі, мұнда тек омыртқасыздардың 5 мыңнан астам түрі, сүтқоректілердің 50-ден астам түрі, құстардың 150 түрі бар. Өсімдік әлемі 3 мыңнан астам түрден тұрады, оның ішінде Қызыл кітапқа енгізілген аса құнды 50 түрі бар.

Өзінің бірегей табиғи ландшафты және бай тарихи-мәдени мұрасының арқасында Жамбыл облысы үлкен туристік әлеуетке ие. Облыста 1080 ескерткіш тіркелген, оның ішінде 844 археология ескерткіштері. Облыс арқылы бір кездері Ұлы Жібек жолының тармағы өтті: Сайрам – Тараз – Ақшолақ – Ақыртөбе – Құлан – Мерке – Шу Аспара – Қордай, жолы тарих пен мәдениеттің қызықты ескерткіштері орналасқан.

Қазір облыстың туристік фирмалары «Ежелгі Тараз маржаны», «Ұлы Жібек жолы бойынша», «Қар шыңынан құмды барханға дейін» және т. б. түрлі маршруттарды ұсынады. Әрбір бағыт ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдени мұра тізіміне енгізілген Жамбыл облысының 5 тарихи нысанына келуге ұмтылады. Бұл Ақтөбе (Степное), Құлан, Өрнек, Қостөбе, сондай-ақ, Ақыртас қалашықтары. Туристер үшін Қарахан дәуірінің тамаша ескерткіштері де тартымды – бүгінгі күнге дейін белсенді зиярат орны – Айша бибі, Бабаджа қатын және Махмұт Қарахан шах кесенелері. Жамбыл облысында туризмді дамытуға қазақ және орыс драма театрлары, филармония, 6 мұражай, 282 кітапхана, 195 клуб пен мәдениет үйлері өз үлестерін қосуда. Облыс аумағында 17-ден астам санаторий-курорттық және физиотерапиялық сауықтыру орындары бар. Қазір облыста барлық туристік бағыттар белсенді дамуда: тарихи-мәдени, экологиялық, транзиттік және туризмнің белсенді түрлері.







Тәңірқазған Шелль-Ашель тұрағы

Орналасқан жері:	43°17'47.645"N, 70°28'26.681"E, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қызылаут ауылы, ауылдан оңтүстік-шығысқа 10 км, Қаратау қ. солтүстік-шығысына 34 км.
Ескерткіш/нысан түрі:	археологиялық.
Кезеңі:	төменгі палеолит.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Тәңірқазған тұрағы 1968 жылы Х. А. Алпысбаева бастаған археологиялық тобымен анықталды, ол құмдақтармен, доломиттермен, алевролиттермен қабатталған тегіс қыратында орналасқан. Тәңірқазғанның мерзімін мустьерлікке дейінгі кезеңге жатқызады, ал олардың керек-жарақтарын мамандар төрт топқа бөледі: екіжақты және біржақты шапқыш қарулар, шапқыштар, архикалық үлкен жаңқалар, үлкен бұлтықтар мен нуклеустер.

2000 жылы К. М. Байпақовтың басшылығымен Ә. Х. Марғұланның атындағы Археология институтының мамандары тұрақты қайта зерттеді. Қарулардың тұрақта таралуы белгілі шекара шеңберімен шектелген, одан тыс өңделген кремний бұйымдары сирек кездеседі. Тұрақтың ауданы 1 шаршы км-ден артық емес. Сұр балшықтардың жұмсақ жоғарғы қабатында көптеген жәдігерлер табылды.

Тәңірқазған тұрағын мекен етушілер шикізат материалдары ретінде карбон қабатының қара және қара-сұр кремнийлерін пайдаланды. Типологиялық жағынан, тас бұйымдардың Еуразия мен Африканың ежелгі ескерткіштерімен, олдувай мәдениетінің қаруларымен ұқсастықтары бар. Өкінішке орай, Қазақстанның палеолит дәуірі әлі күнге дейін аз зерттелген болып табылады, Тәңірқазған тұрағы секілді бірін саран ескерткіштер Қазақстан аумағындағы ежелгі палеолит қауымдастықтарының өмірі мен тұрмысын толығымен қайта құруға жеткіліксіз. Тәңірқазған тұрағы Қазақстан аумағындағы ең ежелгілердің қатарына кіреді.





Жайсан ғибадатханасы

Орналасқан жері:	43°36'57.485"N, 74°0'42.595"E, Жамбыл облысы, Шу ауданының Жайсан алқабының аумағындағы Кіндіктас жотасының солтүстік батыс бөктеріндегі дала аймағы.
Ескерткіш/нысан түрі:	археологиялық.
Кезеңі және авторы:	VII-XI ғғ.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер:	Жайсан ғибадатханасы түркілердің діни мемориалдарының жиынтығы болып табылады. Ғибадатханада тас плиталардан немесе үлкен тастардан құрастырылған жалғыз, қосарлы, үштік және төртбұрышты қоршаулар анықталған. Қоршаулар солтүстік не оңтүстікке бағдарланған. Жалпы, жиырмадан аса қоршаулар мен бес қорған қазылған. Діни құрылыстары бар жерлеу орындары бабаларының рухтарына мойынсұну және құрбандық шалу үшін қолданылды. Кейбір ескерткіштерде тас мүсіндер мен таңбалы стеллалар орналасқан. Басым түрде еркектерді бейнелейтін қоршаулардың шығыс жағынан орнатылған 39 мүсін бар. Тас мүсіндері беттерімен шығысқа бұрылған. Мүсіндердің нақты портреттік сипаттамалары: қастары мен мұрттарының құлаштап орналасқан кең сызықтары, үлкен миндаль тәрізді көздері, анық көрінетін танаулары анықталған. Аймақта аңға шығуды, түйені және жеке жануарларды (елік, түйе, ешкілерді) бағып жүретін шабандоздарды, адамдарды суреттейтін жартасқа салынған суреттер табылған. Ең ықтималы, жартасқа салынған суреттердің шоғырланған орындары да күнтізбелік циклмен және қоғамдық маңызы бар іс-шаралармен байланысты әдет-ғұрыптар мен жораларды өткізу орны болған. Жартастағы суреттерімен түпкі түркі және қазақ таңбалары да көрші болып келеді. Таңбалар петроглифтермен бірге стелаларға және жартастарға ойып салынған. Ғибадатхананы зерттеуге А. М. Досымбаева үлкен үлес қосты, ол Жайсанды VIII ғасырдың ортасында шығыс түркі таймаларымен белгілі жоралық іс-әрекеттерді жасау үшін құрылған және тағайындалған арнайы салттық аймақ болып табылады деп анықтады. Ескерткіштері бар қорық аумағының жалпы ауданы 77 мың гектардан астам жерді алады.



Нысан аймақтың туристік бағдарламасындағы танымал орын болып табылады.



Тамды ескі қаласының орны

Орналасқан жері: 43°10'52.255"N, 70°25'54.368"E, Жамбыл облысы, Қаратау қаласының батыс аймағында, Тамды өзенінің оң жағалауында.

Ескерткіш/нысан түрі: археологиялық.


Кезеңі: VI-VIII ғғ.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: Тамды ескі қала орны алғаш рет 1941 жылы Г. И. Пацевичтың басшылығымен Жамбыл археологиялық экспедициясымен анықталып, зерттелді; 1947 ж. А. Н. Бернштам мен Ә. Х. Марғұланның басшылығымен ОҚКАЭ-мен зерттелді, 2000 ж. – Ә. Х. Марғұланның атындағы ОҚКАЭ ҚР ҒА К. М. Байпаковтың және Д. А. Лобастың басшылығымен зерттеу жүргізілді. Ескі қала атауын өзі жағалауында орналасқан аттас өзеннен алады. Қаланың бой көтеруі б.з. VI-VIII ғғ. Түрік қағанаты дәуіріне сай келеді, кейінгі ғасырларда қала құлдырап, моңғол мерзімінен кейін өз өмірін тоқтатты. Кейбір жазба көздеріндегі ескі қаланың орны ежелгі Берукент (Паркент) қаласымен байланыстырылады. Тамды – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан орта ғасырлық ескі қала орындарының бірі, бұл Ираннан, Қытайдан, Согдианнан, Византиядан және Парсыдан табылған, сонымен қатар, жергілікті өндірістен шыққан суармалы және суарылмайтын керамикадан жасалған олжалармен расталады.

Ескі қаланың орны жердің төрт бұрышына бағдарланған, ескі жоспары бойынша екі қабатты тікбұрышты төмпешік түрінде болып келеді. Төмпешік мұнара іздері бар үйінді топырақпен қоршалған. Қимасында тақтатастан жасалған қабырға қаланы қоршап тұрған, өзенге келіп қабысатын солтүстік бөлігінде ғана қоршау болмаған. Шахристан да кішігірім үйінді топырақпен қоршалған.

Қазіргі уақытта қорған дуалының оңтүстік бөлігі мен қамал бөлігі бұзылған. Қамалға дәл солай төмен үйінді топырақпен қоршалған шахристан келіп қабысады. Бір кездері ескі қала ежелгі керуен жолында маңызды рөл атқарған, ал қазір белгілі туристік пункттердің бірі болып табылады.





Ежелгі Тараз мұражайы

Орналасқан жері:	42°53'48.930"N, 71°23'40.304"E, Жамбыл облысы, Тараз қ., орталық қала базары.
Ескерткіш/нысан түрі:	археологиялық.
Кезеңі:	V-XIX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер:	

«Тараз» қазақ тілінен аударғанда оның Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ең үлкен сауда орталығы ретіндегі сипаттамасын береді. Қала туралы алғашқы деректер VI ғ. соңындағы византияның тарихи құжат көздерінде кездеседі. Қаланың жоспарлы құрылымы бірнеше тарихи кезеңде қалыптасты.

Ертеректегі құрылыс негізінде ортағасырлық қала бой көтеріп, өзінің ең дамыған XI-XII ғғ. кезінде халық тығыз орналасқан және жақсы бекінген қала болды. Сол уақыттарда бұл тікбұрыш пішінді қамалы бар, сауда дүкендері мен ақсүйектердің, көпестердің, қолөнершілердің тұрғын үйлері, сонымен қатар, рабадтың шығысы мен батысы жағынан келіп қабысатын діни құрылыстары мен қоғамдық ғимараттары бар қала болды. Қалада өзіндік ақша сарайы жұмыс істеді.

Жалпы ауданы шамамен 14-15 га құрады. XII ғ. дейін Тараз Қарахандықтардың экономикалық, мәдени және саяси орталығы болды. Қазба жұмыстарын жүргізу кезінде сазды құбырлардан жасалған тармақталған су құбырлар желісі, сәулет құрылыстарының қалдықтары, жаяу жүргіншілердің жолдары және тас төселген көшелер, көптеген жоғары көркем қолөнер туындылары табылды. Ішкі көрінісінде фреска кескіндемесі анықталған тараз моншасы да ерекше қызығушылық тудырады.

Ескі қаланың аумағында халық арасында Әулие-Ата деп аталатын XI ғасырлық Қарахан кесенесі мен XIII ғасырлық моңғол хандарының наменгері Шамансұрдың кесенесі орналасқан. 1220 жылы Таразды Шыңғысхан басып алып, толығымен бұзды. XIX ғ. басында ежелгі Тараздың орнында Әулие-ата бекінісі дами бастады.






Түймекент ескі қала орны

Орналасқан жері:	43°7'5.452"N, 71°37'27.386"E, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Түймекент ауылының оңтүстік-шығыс шеті, Талас өзенінің оң жағалауы.
Ескерткіш/нысан түрі:	археологиялық.
Кезеңі:	VI-XII ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:	Алғаш рет 1894 жылы ресей шығыстанушысы және түркологы В. В. Бартольд зерттеді. 1986 жылы К. М. Байпаковтың басшылығымен археологиялық экспедициямен зерттеледі. Ежелгі қала орнындағы жаңа қазба жұмыстары тек 2010 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде М. Елеуовтің басшылығымен басталды.

Мамандардың пікірінше, Түймекент ескі қаласының орнында жер шаруашылығымен, мал шаруашылығымен және қолөнермен айналысқан бірнеше жүздеген адам өмір сүрді. Жоспары бойынша қалашықтың ауданы кішігірім: 250x300 метр, тікбұрыш пішінді, бұрыштарымен жердің төңіректеріне бағдарланған. Қаланы қоршап тұрған бекініс қабырғаларының ені 20-25 метр, биіктігі 4-5 метр. Барлық жағынан ол үйінді топырақпен қоршалған, периметрі бойынша диаметрі 12-ден 16 метрге дейін болатын 30 қорғаныс мұнарасы болған. Ауданы 50x35 метр, биіктігі 6 метр болатын қамал бекіністің орталық бөлігінде орналасқан. Ескі қала орнында сығымдалған саздан жасалған және қарапайым өңделмеген кірпіштен жасалған қабырғалары өте сирек кездеседі.



Ежелгі қаланың тармақталған инженерлік желілері, екі метрлік тереңдікте орналасқан екі су құбыры болған, бұл тұрғындардың тіршілігі мен қауіпсіздігін және өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігін көрсетеді. Түймекент Ұлы Жібек жолының керуен жолдарының торабында орналасқан, бұл оның тұрақты гүлденіп, дамуын қамтамасыз етті. Ескі қала орны Қазақстанның мәдени мұрасының ең маңызды ескерткіштерінің бірі болып табылады. Түймекентті зерттеу әлі күнге дейін жалғасып келеді. Халық арасында кездесетін аңыздардың біреуіне сәйкес, Түймекент қаласының негізін қалаған Көкше хан, ол қаланың іргесін қалап, оны өзінің қызы ханшайым Түйменің атымен атаған. Әкесі дүниеден өткеннен кейін дәл сол қызы қаланы жақсы басқарып, оның дамуы мен гүлденуіне көп үлесін қосқан.



Ақыртас сарай кешені

- Орналасқан жері:** 42°57'14.980"N, 71°48'9.367"E, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ақшолақ, станциясынан оңтүстікке қарай 6 км, Қырғыз Алатау баурайында, Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 км.
- Ескерткіш/нысан түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезеңі:** VIII-XII ғғ.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген, ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандарының тізіміне енген.
- Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:** Ақыртас төрт бөліктен тұратын, қызыл құмдақтың ауыр тас блоктарынан салынған, жоспардағы өлшемі 205x185 метр төртбұрышты кешен болып табылады. Сарай кешенінің іргетасы 4 метр тереңдікте қаланған. Кешеннің үш бөлігінде бөлмелері аулаларының айналасында орналасқан, ал төртіншісі құрылыстан бос. Ортасында екі хауыз қазылған алаң бар. Кешеннің құрамына қала сыртындағы үй-жайлар, қамал, тасты алу бойынша карьер, саябақ, сазды карьер, хауыз-су қоймалары кіреді. Төртінші бөлігінің тұрғын бөлмелері де алаңның айналасында топталған. 18 тұрғын үй бөлмесі, екі айван және үш жіңішке бөлмесі бар. Сарайдың қабырғалы блоктары өте жақсы өңделіп, бір қалыпқа келтірілген, қабырғаларының ені 0,5-тен 3,5 метрге дейін жетеді.

Ең басынан құрылыстың мақсаты мен оның қай мәдениетке қатыстылығы туралы әр алуан нұсқалар ұсынылып жатты. 1996 жылы қазба жұмыстары кезінде мешіт табылды, бұл ол қарлұқ қағанының жазғы резиденциясы деген болжам жасауға және ортағасырлық қала Касрибаспен ұқсастыруға мүмкіндік берді. Сарай кешені туралы ең ертеректегі жазбаша куәліктер даостық монах Чан Чуннің күнделігінде кездеседі (1222 жыл). Қазіргі уақытта, кешеннің аумағында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Археология және этнография институты басқарған археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуде. Одан кейін мұражай кешенін құру жоспарлануда. Бүгінгі күні Ақыртас Ұлы даланың ежелгі сәулеткерлерінің және жоғары мәдениетінің ерекше шеберлігінің сөзсіз дәлелі болып қана қоймай, аймақтың туристік маршруттарының белгілі пункті болып табылады. Сонымен қатар, кешен белсенді зиярат орны болып табылады, мұнда зияратқа келушілердің ойынша, адам ағзасының ұйқыдағы қорлары оянып, көптеген аурулары кетіп, экстрасенсорлық қабілеттері дамиды. Ақыртас кешені ЮНЕСКО әлемдік мұралар тізіміне Чанъань-Тянь-Шань дәлізіндегі Ұлы Жібек жолының нысаны ретінде қосылды.





Құлан ескі қала орны

Орналасқан жері:	42°55'19.837"N, 72°44'11.969"E, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы.
Ескерткіш/нысан түрі:	археологиялық.
Кезеңі:	VI-XII ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандарының тізіміне енген.
Тарихи деректер:	<p>Құлан ескі қала орны дәстүрлі түрде қамалдан, шахристаннан және рабадтан тұрды. Ескі қаланың сарай кешені 2246 шаршы метр ауданында орналасқан. Ең басынан ескі қала орны Сульджиб деп аталды, түрік тілінен аударғанда «Ең әдемі қала». Ол қарлұқтар мемлекетінің астанасы және Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда орталығы болды. Құлан VIII ғ. жататындығы туралы ежелгі қытай деректерінде де айтылады.</p>

Араб саяхаттаушыларының сипаттамаларына қарайтын болсақ, Құлан үлкен тараз жолында орналасты және бекініс қабырғасы мен мұнаралары бар бекінген қала болды. Әр түрлі жылдары ескі қала орнын В. В. Бартольд пен А. Н. Бернштамм зерттеген. Келесі зерттеулер К. М. Байпақовтың басшылығымен өткізілді. Қазба жұмыстары кезінде тұрғын үй кварталдарының, шарап жасау орындарының, үй-жайлардың, қабырғалары әдемі безендірілген бес үлкен сарайдың қалдықтары анықталды. Сонымен қатар, бірегей артефактілер табылды: керамикалық ыдыстардың фрагменттері, сазды шамдар, дөңгелек үстелдер – дастархандар, темірден жасалған фрагменттер, құстар мен адамдардың терракоттық кішкене фигуралары, сонымен қатар, ортасында шаршы пішінді саңылауы бар, исламға дейінгі дәуірге жататын ақсүйектердің бастары, және көптеген т.с.с. заттар. Станокты көзе бұйымдар әр түрлі өсімдік, зооморфия және геометриялық оюлармен декорацияланған. Ескі қала жоспары мен архитектурасы бойынша орта ғасырлық басқа қалаларда кең таралған архитектурасы және құрылыс материалдарынан ерекшеленеді. Бұл Құлан қаласын жаңа жергілікті бірегей сәулет бағытының шығу орталығы етеді. Құлан ескі қаласы ЮНЕСКО әлемдік мұралар тізіміне Чанъань-Тянь-Шань дәлізіндегі Ұлы Жібек жолының объектісі ретінде қосылды. Қазір оны зерттеу Елбасының «Қазақстанның қасиетті географиясы» жобасының шеңберінде өткізіледі.





Баласағұн ескі қала орны (Ақтөбе)

Орналасқан жері: 43°13'43.644"N, 74°3'0.446"E, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақсу а. Ауылдан оңтүстік-шығысқа қарай 3 км, Ақсу өзенінің екі жағалауы.

Ескерткіш/нысан түрі: археологиялық.

Кезеңі: VI-XIII ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандарының тізіміне енген.

Тарихи деректер: Баласағұн (Ақтөбе) – Шу өзеніне құятын, Әулиетау және Бозжорғын тау жоталарының арасынан ағып өтетін Ақсу, Қарабалта, Шарғуа, Тоқташ өзендер торабында орналасқан Батыс Түрік қағанатының ең үлкен қалаларының бірі. Орта ғасырлық араб және түркі авторларының ойынша, Баласағұн әкімшілік және экономикалық орталық болып қана қоймай, үлкен мәдени орталық та болды. Ол арқылы қаланың экономикасы мен мәдениетіне үлкен үлесін қосқан Ұлы Жібек жолы өткен. 1974 жылдан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археологтары зерттеп жүрген ескі қала қамалдан, шахристаннан және рабадтан тұрады. Археологиялық қазба жұмыстары әр түрлі бөлмелерден тұратын сарай кешенінің қалдықтарын ашты. Оларда тостаған, қақпақ, дастархан, теген, құман, суармалы және суарылмайтын керамикадан жасалған қыш құмыралар, найзаның ұштары, шойын қазандықтар, адамның мүсіні, әр түрлі кезеңнің тиындары және т.б. табылған. Этникалық қатынаста олар жер шаруашылығымен, мал шаруашылығымен, өнермен және шаруашылықтың басқа да түрлерімен айналысқан әр түрлі тайпалардың бірігуін басынан кешірген. Қаланың негізін түркілер қалаған. Баласағұн қаласының ең дамыған кезі IX ғасыр мен XIII ғасырдың басындағы Қарахан әулетінің басқаруы уақытында болған.

Қамал мен шахристанда су өткізгіш желілер, кәріз құбырлары, монша, қолөнер орталығы, мешіт және басқа да объектілер табылған. 1984 жылы Ақтөбедегі шахристандағы бөлмелердің бірінде IX-XII ғ. Қарахандықтар дәуірінің төрт мыңға жуық тиыны бар көмбе табылған. Көмбенің жалпы салмағы 21 кг құрайды. Бұл көмбе Орталық Азия мен Қазақстан аумағында табылғандардың ішіндегі ең үлкені болып табылады. Баласағұн (Ақтөбедегі ескі қаланың орны) алауыздық феодалдық соғыстардың нәтижесінде құлдырады. Баласағұн ескі қала орны Чанъань-Тянь-Шань дәлізіндегі Ұлы Жібек жолының объектісі ретінде ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандарының тізіміне енді.





Айша Биби кесенесі

Орналасқан жері:	42°50'1.694"N, 71°12'38.110"E, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Айша биби ауылы, ауылдың орталығы.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	XI-XII ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандарының тізіміне, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:	кесене жоспары бойынша шаршы пішінді кірпіштен тұрғызылған құрылыс болып келеді. Қабырғаларының сыртқы контуры бойынша өлшемдері 7,6 метр. Құрылысқа күмбез түріндегі тәж кигізілген. Қабырғаларының тұғырына тас блоктар салынған. Артқысынан басқа үш қабырғалары бірдей жасалған: ортасында аркалары бағаналарға сүйеніп тұратын терең күмбезді қуыстар орналасқан; ғимараттың бұрыштары үстіне қарай жіңішкеретін бағаналармен белгіленген (тұғырындағы диаметрі 86 см). Одан кейін бағаналары астында: «Күз... бұлттар. Жер... керемет» деген парсылардың ақындық нақыл сөздері жазылған эпиграфтық жолағы орналасқан. Кесене пішіні мен нақышы бойынша терракоталық плиталармен тамаша безендірілген. Қасбетін безендіруде сегіз ұшты жұлдыздардың, кірестердің, төртбұрыштардың суреттері бар фигуралық кірпіштер қолданылған.

1897 жылы кесене В. А. Каллаурмен, 1938-1939 жылдары – А. Н. Бернштамның басшылығымен КСРО ҚазҒАФ тарих және мәдениет институтының экспедициясымен, 1953 жылы Қазақстанның ғылым академиясының экспедициясымен зерттелді. XX ғасырдың ортасында ескерткіш жартылай бұзылған күйінде болды. 2002-2004 жылдары объект ауқымды қалпына келтіру жұмыстарынан өтті; күмбезі қалпына келтіріліп, кесене экстерьерінің декоративтік безендірілуі жасалды. Кесене туралы жиырмадан аса аңыз-әңгімелер кездеседі. Олардың біреуіне сүйенетін болсақ, кесене Қарахан империясының Батыс қағанатының басшысы Шах Махмуд Қараханның сүйіктісі Айша бибиге арналған. Айша биби өз сүйіктісімен кездесіп үлгермей, Аса өзенінің жағасында жыланның уынан қаза болады. Бұл керемет кесенені Қарахан Айша биби туралы естелік ретінде тұрғызып, өзін қыздың кесенесі көрінетін жерде жерлеуін айтып кеткен. Кесене халықта ұлы махаббат пен қайғының ескерткіші болып саналады. Ол әлі күнге дейін жұбайлық бақытты және ана болуды аңсайтын әйелдердің зиярат келу орны болып табылады. Той күні кесенеге келіп, Айша биби сұлудың атына Құран бағыштағандар ұзақ және бақытты өмір сүреді делінеді.





Бабаджа Қатын кесенесі

Орналасқан жері: 42°50'2.465"N, 71°12'37.861"E, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Айшабибі а., ауылдың ортасында, Тараз қ.-нан батысқа қарай 20 км.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: XI-XII ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:

Ескерткіш ашық түсті күйдірілген кірпіштен тұрғызылған және 6,8x6,8x5,0 метр өлшемді шаршы пішіні бар. Құрылысқа он алты қабырғалы «жұлдызшалы» барабанда орнатылған он алты қабырғалы күмбез шатыр кигізілген. Бұл өзіндік күмбез Бабаджа хатын кесенесінің ең жарқын және ерекше белгісі және Қазақстан аумағындағы шатырлық күмбезі бар ең көне ескерткіш болып табылады, осыған ұқсас күмбез Қырғызстандағы Манас күмбезінде кездеседі. Бабаджа Қатын кесенесінің сәулеттік композициясы қарапайым және монументальды. Батыстан басқа үш қасбеті қуыстармен және медальондармен әсемделген. Басты қасбеті бүйірлік парапетінің болуымен ерекшеленеді.

Қасбетінің қабырғаларының жазықтықтары жалған аркалы терезелермен және қуыстармен әсемделген. Терезелердің үстінде фигура түрінде салынған, кірпіштен жасалған шеңберлер қаланған. Декоративтік қуыстары мен медальондары П әрпі түрінде жиектеменің ішіне салынған. Жиектеменің үстінде бұрыштары сыртқы қабырғаға бұрылған, қосарланған кірпіштерден қалыптасқан тісті көлденең жолақ өтеді. Мұндай жолақтар күмбезі орналасқан парапеттің және барабанның үстін айналып шығады. Бабаджа Қатын кесенесін мамандар Қарахандықтар мерзіміне жатқызады.

1982 жылдан бастап мемлекет қорғауында. 2002 жылы кесене толығымен реставрацияланған. Әр түрлі уақыттарда ескерткіш бірнеше мәрте тарихшылармен, өнертанушылармен, сәулетшілермен зерттелді. Күмбезі 1979 жылы қалпына келтірілді. Бабаджа Қатын туралы құжаттық мәліметтер табылмады. Ескерткіш Айша бибі кесенесінің жанында орналасқан және аңыз бойынша онда оның бағушысы және тәлімгері Бабаджа Қатын жатыр. Бұл екі құрылыс ұлы ескерткіштер және қасиетті орындар болып табылады. Бүгінгі күні кесенеге әйелдер жұбайлық бақыт пен ұрпақ тілеп келеді.





Қарахан кесенесі

Орналасқан жері:	42°53'55.223"N, 71°23'6.248"E, Жамбыл облысы, Тараз қаласының орталығы, Төле би және Байзақ батыр көшелерінің қиылысы.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	XI-XII ғғ., 1906 ж. қайта құрылған.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:	Ескерткіш ортағасырлық сәулет өнерінің керемет үлгілерінің бірі болып табылады және Қарахандықтар әулетінің негізін қалаушы – Қараханның құрметіне тұрғызылған. Кесене ортағасырлық ескі қаланың аумағында қалыптасқан мәдени-мемориалды бөлігі болып табылады. 1905 жылы толығымен бұзылып, оның орнында Ташкенттің ишан Саид Бақхановтың қаражаттарына жаңа құрылыс салынды.

1979 жылы кесенеге күрделі қайта құру жұмыстары жүргізілді. Жоспары жағынан шаршы пішінді, порталды-күмбезді кесене құлпытас орналасқан орталық залдан және худж деп аталатын үш бұрыштық бөлмелерден тұрады. Төртінші бұрышында кесененің шатырына алып келетін сатысы орналасқан. Мазарға кіру есігі оң жағынан, ал моласының бағыты оңтүстіктен солтүстікке қарай. Әшекейлерінің орналасу сипаты қасбетінің орталық бөлігінде, аркасының жан-жақтарындағы тимпан мен қабырғалары Айша-бibi кесенесінің декорацияларының орналасуын еске түсіреді. Археологиялық қазба жұмыстары көрсеткендей бұл құрылысты әрлеу үшін жоғары шеберлікпен дайындалған фигуралық кірпіштердің 30-ға жуық атауы қолданылды. Кесенеге кірер есікте: «Алладан басқа Құдай жоқ және Мұхаммед оның елшісі» деген жазба тұр.

Қараханның есімімен және ескерткішімен байланысты халықта көптеген аңыздар қалды. Олардың біреуі бойынша, Қарахан, Айша бibi және Бабаджа Қатын кесенелерінің құрылысы бір шебердің ісі. Жас кезінде Қарахан күтпеген арада қайтыс болған Айша бibi сұлуға ғашық болған делінеді. Халық арасында әлі күнге дейін Қарахан тіпті аңдардың патшасы арыстанның өзін бағындырып, оған айтқанының барлығын орындатқан және оны вахана – мінетін жануар еткен, дана және мәртебелі басшы болғаны туралы әңгімелер әлі де кездеседі. Қарахан кесенесі – Қарахандықтардың архитектуралық сәулет дәуірінің керемет үлгісі және зиярат етуге көптеп келетін маңызды салттық нысан болып табылады.





Ерте ислам мешіті және орта ғасырлық Керуен-сарай

Орналасқан жері: 42°53'57.365"N, 71°23'10.597"E, Жамбыл облысы, Тараз қ. орталығы.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: VIII-XII ғғ.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: ислам мешітінің зерттеуі 2005-2008 жылдары Сейітжан Ілиястың басшылығымен «Өлкетану» қоғамдық қорының қаражаттарына жасалды. Мешіт VII-IX ғасырларға жатады және Қарахан кесенесінен алыс емес жерде орналасқан. Қазбалар кезінде несториандық шіркеуден мешіт болып қайта құрылған бірегей құрылыстың фрагменттері табылған. Тарихшы Нершахидың және оның әріптесі Табаридың хабарламалары бойынша бұхар саманидтері Таразды басып алғаннан кейін халиф Исмаил ибн Ахметтың бастауымен IX-X ғасырларда жергілікті халық исламды қабылдайды. Осының нәтижесінде барлық христиандық шіркеулер мен зороастралық ғибадатханалар мешіт болып қайта салынды. Объектің христиандар кезінде кіретін есігі шығыстан және батыстан болған кезде дұрыс шаршы пішінді болды. Сонымен қатар, қазба жұмыстары кезінде көне христиан дініне жататын көптеген жәдігер табылды.

Мұсылмандардың келуімен екі ескі есік сылап тасталынған, ал солтүстік жағынан жаңа есік кесіліп салынған. Ғимараттың батыс бөлігінде қабырғасында михраб – дұғаларын жасауға арналған аркамен көмкерілген қуыс жасадық. Қазір көне ислам мешіті реставрацияланып, «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының шеңберіндегі аймақтың салттық орындарының тізіміне қосылды.

Мешіттің қарама-қарсы жағында VIII-XII ғасырларға жататын керуен-сарай орналасқан. Керуен-сарай аумағында сазды қазандықтар мен кувшиндер, сонымен қатар, қарахандықтар дәуірінің ақшалары, түргеш және қытай ақшалары табылған. Мешітпен бірге құрылыс бірыңғай сәулет кешені болып табылады. Қызметтік түрде керуен-сарай 8 кішігірім бөлмелерден, оның ішінде дәрет алуға арналған залдан тұрады.

Екі объект те аймақ бойынша туристік маршруттар реестріне қосылған және ашық аспандағы мұражай болып табылады.





Шамансур (Дәуітбек) кесенесі

Орналасқан жері: 42°53'56.594"N, 71°23'10.828"E, Жамбыл облысы, Тараз қаласының орталық бөлігі, Қарахан көш, 1.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: XIII ғ.


Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар: Дәуітбек (Шамансура, Дәуітбек) кесенесі моңғол наменгерлерінің бірі Ұлық-Білге-Икбалхан-Дәуітбек құрметіне тұрғызылған. Құрылыс жоспары бойынша күйдірілген кірпіштен жасалған порталды-күмбезді шаршы пішінді құрылыс болып табылады. Кесененің жан-жағындағы екі кішкене мұнаралы төмен және тегіс порталы бар. Күмбез ішкі қуыстарын жауып тұрған кесененің аркалары мен қабырғаларына салынған. Портал күмбезді бөлігіне тығыз жақын орналасқан.

Кесененің ортасында оның 1262 жылы қайтыс болған күнін көрсететін араб тіліндегі жазбасы кесіп жазылған құлпытас орналасқан. Жазбаны 1893 жылы В. В. Бартольд пен 1939 жылы А. М. Беленицкий оқыды, онда: «Қайтыс болғанның қылышы мен қауырсыны болған. Құранның және діндар адамдардың қорғаушысы болған» деген жазу бар. Кесененің өзі Ежелгі Тараз рабадының аумағында орналасқан. Қазіргі түрін құрылыс XIX ғ. соңында алды.

Кесене бірнеше мәрте реставрацияланған және қазіргі күні «Ежелгі Тараз ескерткіштері» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорықтарының аймағына кіреді. Шамансур Қарахан мемлекетіндегі әскердің қолбасшысы болған деп айтылады. Халық аңыздарының бірі бойынша ол Қараханның күйеу баласы болған.

Дәуітбек кесенесі – халық арасында белгілі зиярат ету орны.





Тектұрмас кесенесі

Орналасқан жері:	42°52'38.759"N, 71°25'5.599"E, Жамбыл облысы, Тараз қаласының оңтүстік-шығыс шеті, Талас өзенінің оң жағалауы, Тектұрмас тауының шыңында.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	XIV ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.


Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:

Кесене Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан аттас тауда бой көтерді. Құрылыстың өзі күмбезді төртбұрышты құрылыс болып табылады. Бағыттамалы арка түріндегі мазарға кіру есігі Таразға, батысқа қарай қаратылған. Кесененің бұрыштары пилястралармен аяқталады. Қабырғаларында ғимараттың қабырғалары бойынша бағыттамалы қуыстары, бөренелі арқалықтары бар кесілген ағаш және терезе қуыстары бар. Құрылыстың көне ислам архитектурасына тән күмбездері бар: бұрыштары бойынша төрт кіші және ортасы бойынша бір үлкен.

1930 жылдарда Тектұрмас орта ғасырлық кесенесі толығымен бұзылды, ал материалдары басқа нысандарды салуға кетті. Сондықтан алғашқыда салынған құрылыс сақталмады. XIX ғасырдың соңындағы сақталған фотосуреттер бойынша, археолог А. Итеновтың жүргізген зерттеулерінен кейін «Тектұрмас» қоғамдық қоры ескі кесененің орнына бұрынғы түрінің белгілері сақталған жаңасын тұрғызды. Қайта құрғаннан кейін тарихи ескерткіш 2002 жылы Тараздың 2000 жылдығына қарсы ашылды.

Халық аузындағы аңыздар бойынша Тектұрмас X-XI ғасырларда өмір сүрген, әскери қолбасшы, батыр және ислам дінін таратушы болды. Оның шын есімі – Сұлтанмахмұт Шах, ал Тектұрмас деп оны халық атап кетті. «Тектұрмас» сөзі түркі тілінен сөзбе сөз аударғанда «жай ғана тұрған жоқ», «дамылсыз орын» немесе «қарапайым емес орын» дегенді білдіреді. Кесенемен және Тектұрманың тұлғасымен көптеген аңыздар мен әңгімелер байланысты. Жергілікті халық оны қасиетті және оның аурасы көптеген адамдарға ішкі тепе-теңдікке және тыныштыққа келуге көмектеседі деп санайды. Тектұрмас кесенесі – белгілі зиярат жасау орны.





Шоқай Датқа кесенесі

- Орналасқан жері:** 43°43'47.960"N, 69°55'37.564"E, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудакент ауылының оңтүстік шетіндегі ескі мұсылман зиратының солтүстік бөлігі.
- Ескерткіш/нысан түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезеңі және авторы:** XVIII ғ., Шоқай Датқа.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:** Ескерткіш XIX ғасырда Саудакент қаласында тұрған белгілі тарихи қайраткер – Шоқай Датқаның құрметіне тұрғызылған. «Датқа» дәрежесі Қоқан және Бұхар хандықтарында жоғары әкімшілік лауазымдағы адамдарға тағайындалған. Халық әңгімелеріне сүйенсек, өз мазарын Шоқай өзінің тірі кезінде 1850 жылы тұрғызып, 1860 жылы дүниеден өткен.

Кесененің негізгі қабырғалары шикі кірпіштен қаланған, бірақ күйдірілген кірпішпен қапталған. Ескерткіш 1946 жылы археолог Г. И. Пацевич, 70-80 жылдары ҚазКСР мәдениет министрлігінің және «Қазжобареставрация» институтының экспедицияларымен зерттелген.

Өткен ғасырдың 90 жылдарында кейбір жерлерінде бұзылған қабырғалардың сыртқы қаптамасы, аяқталмаған қалқандары қалпына келтірілді. 2005-2006 жылдары «Казреставрация» АМҚ Жамбыл филиалының мамандары реставрациялық жұмыстарын жүргізді. 2017 жылы да «Казреставрация» бірқатар реставрациялық жұмыстар жүргізді: едендік плиткалары, ішінара ішкі және сыртқы кірпіштері ауыстырылды, кесененің сыртқы кірпіштері толығымен ауыстырылды, ішкі қабырғалары сыланды. 1982 жылдан бастап Шоқай Датқа кесенесі республикалық маңызы бар Қазақ КСР тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне қосылды және мемлекет қорғауына алынды. Кесененің өзі үш төрттік бағаналары мен үстіңгі жағында аяқтаушы кіші мұнаралары бар порталды-центрлік құрылыс болып табылады. Кесене бөлмесінде тас табыт тұр. Кіру қуысы бағыттамалы аркалы тікбұрышты пішінді болып келеді. Кіру қуысының аркасының бүйір жақтары бойынша тереңдетілген декоративтік текшелері орналасқан. Кесене Шу-Талас аймағында қалыптасқан монументалдық діни құрылыстарына тән типті болып келеді.





Қали Жүніс моншасы

Орналасқан жері: 42°53'40.279"N, 71°23'16.170"E, Жамбыл облысы, Тараз қ. Байзақ батыр көш., 38, Қазыбек би көш. қиылысында.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: XIX ғ. соңы – XX ғ. басы.


Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар: Монша Әулие-Ата қаласының тұрғыны – алғашқы меценат Қали Жүніс Маюсуповтың қаражаттарына салынған деп саналады. Әңгімелерге сүйенсек, Қали Жүніс Маюсупов өзінің инабаттылығымен, дархандығымен және кішіпейілділігімен аты шыққан ежелгі Тараздың меценат-көпестерінің бірі болған. Ол бұхар шеберлерінің қолмен жасайтын таңғажайып заттары туралы естіп, дәл сондай моншаны өз қаласында да салмақ болды. Монша құрылысы кезінде шығыс орта ғасырлық моншаларының сәулет композицияларының және жылыту жүйелерінің қағидалары пайдаланылған. Моншаның ішкі көрінісі фреска жазбасымен безендірілген. Жазба нақышы – геометриялық.

Монша бес бөлмеден тұрды, көп күмбезді ғимарат түрінде салынды. Қабырғалары күйдірілген кірпіштен тұрғызылды. Монша кіреберістен, вестибюльден, демалу бөлмесінен, массаж бөлмелерінен, жылыту бөлмелерінен, үш ванна бөлмесінен тұрады, салқын және ыстық суды сақтауға, жылытуға арналған үлкен су резервуарлары бар, есік алдында құдық орналасқан. Күмбздегі қабырғалардың арасындағы бір-біріне параллель орналасқан саңылаулар мен текшелер арқылы желдетіліп, жарық беріледі. Монша еденнен жылыту арқылы жылытылды. Құрылыстың жалпы ауданы 450 шаршы метр. Қабырғаларының биіктігі – 3 метр, қалыңдығы – 0,8 метр. Осы ретте, кейбір бөлмелердің күмбезіне дейінгі биіктігі тіпті шамамен 5-6 метрді құрайды.

Ғимарат алғаш рет 1986 жылы реставрацияланды. 2001 жылы Тараздың мерейтойына қарсы Жамбылдық «Қазреставрация» мамандары ғимаратты қайта қалпына келтіріп, ол қайтадан бұрынғы келбетті күйіне келді. Құрылыстың күмбездері толығымен қалпына келтірілді. Бүгінгі күні бұл бірегей кешен мұражай объектісіне және туристтер үшін өте қызық орынға айналды.





Абдулла Ишан мешіті

Орналасқан жері:	43°53'5.845"N, 70°30'56.311"E, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылы. Ештайбек көш., 7.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1906 ж.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Бүгінгі күні Сатыбалды ишан кесенесіне тек Қазақстаннан ғана емес, бұрынғыдай басқа елдерден де зиярат етуге көптеген адамдар келеді. Сатыбалды ишаннан ұзақ өмір мен денсаулық, даналық пен бастаған іске сәттілік сұрауға болады деп есептеледі. Әулие, әсіресе, бағандар мен шаруаларды жебеп жүреді.





Күлке қажы кесенесі

Орналасқан жері:	50°7'13.883"N, 64°48'49.687"E, Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Құмкешу ауылы зиратында.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	XIX ғ.
Нысан мәртебесі:	Зиярат орны.
Тарихи деректер:	<p>Күлке қажы кесенесі – аймақта танымал және құрметті діни тұлға Күлке қажының қабірінің үстіне салынған кішігірім мазар. Ол Меккеге қажылықты жасаған аймақтың ең ақылды және беделді ақсақалдарының бірі болған.</p> <p>Құрылым осы аймақтардағы дәстүрлі құрылыс материалы – саз-тұз қоспасынан салынған, мұнда сонымен бірге жануарлардың сүйектері мен шоқ талдар майдалап салынған. Өкінішке орай, мұндай заттар төзімділігімен ерекшеленбейді және XX ғасырдың екінші жартысында Күлке қажы кесенесі айтарлықтай жойылды.</p> <p>Бұл объект алғаш рет 1958 жылы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының экспедициясы аясында аймақты зерттеген облыстық атқарушы комитеттің жол құрылысы мен сәулет бөлімінің облыстық өкілі мүсінші Л. П. Белоусовпен сипатталды. Қазіргі сәтте Күлке қажы кесенесі едәуір қираған күйде, бірақ оған зиярат ету жалғасуда.</p>





Ыбырай Алтынсарин атындағы мұражай

- Орналасқан жері:** 49°38'2.148"N, 63°29'14.320"E; Қостанай облысы, Торғай елді мекені.
- Ескерткіш/нысан түрі:** құрылысы және сәулет өнері.
- Кезеңі:** 1864 ж., 1988 ж. толық қайта жөндеуден өтті.
- Нысан мәртебесі:** Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Ыбырай Алтынсарин мұражайы (Торғай қ.) 1988 жылы салтанатты түрде ашылды. Мұражай 1864 жылы ұлы педагог және ағартушы Ы. Алтынсарин негізін қалаған даладағы алғашқы қазақ мектебінің орнында орналасқан.
- Бүгінде бұл ескі іргетасқа жаңа құрылыс материалдарын қолданып тұрғызылған кішірігім бір қабатты ғимарат. XX ғасырдың екінші жартысына қарай уақыт өтуіне байланысты мектептің ескі ғимараты толықтай жойылды. Мектеп кіреберісінде Ыбырай Алтынсариннің шәкіртімен тұрған мүсіндік композициясы орнатылған.
- Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 жж.) – қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы, қазақ педагогі, ағартушы, қоғам қайраткері, ақын, ғалым-этнограф.
- Бүгінгі күні мұражайда мұражай тарихына, Ы. Алтынсарин өмірбаянына, мұсылман мектебіне, Ы. Алтынсариннің педагогтік-ағартушылық қызметіне, мектептің тарихына арналған және құрмет және даңқ залынан тұратын алты зал қызмет жасайды.





Қостанай облыстық орыс драма театры

Орналасқан жері:	53°12'56.322"N, 63°37'46.952"E, Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 191.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	ашылуы 1912-1913 жж., түбегейлі қалпына келтіру жұмыстары 2010 ж. жасалды.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>Қостанай облыстық орыс драма театры алғаш рет 1922 жылы өз есігін ашты. Бастапқыда, театрдың өзінің жеке ғимараты болмады, сондықтан ол бұрынғы «Фурор» жеке кинематографының ғимаратында орналасты. 1922 жылға дейін «халық драма» театры, 1922 жылдан бастап «мемлекеттік драма театры» мәртебесін алды, ал 1937 жылы облыстық театрға айналды.</p> <p>Бірінші қойылым украин тілінде «Бульвальщина» пьесасы болды. Әрі қарай репертуар үнемі кеңейе түсті. Ұлы Отан соғысы кезінде театр жұмысын жалғастырды және көп жағдайда қала тұрғындарына бүкіл ел үшін қиын кезеңде рухты көтеруге көмектесті.</p> <p>Тың игеру уақыты театрдың кәсіби өсуі тұрғысында маңызды кезең болып табылады, себебі жалпы өтеріліс пен энтузиазм мәдениет кеңістігін қоса алғанда, өмірдің барлық салаларына кірікті.</p> <p>Театрдың қазіргі форматы М. Горький атындағы облыстық драма театры мен қуыршақтар театрының бірігуі негізінде 1999 жылы құрылды. Қазіргі таңда театр репертуарында он үш қуыршақ пен жиырмадан астам драмалық қойылымдар бар.</p> <p>Бүгінде Қостанай облыстық орыс драма театры бір-бірімен тығыз байланысты үш ғимаратта орналасқан: ескі бөлік (классикалық стильдегі негізгі екі қабатты ғимарат), үш қабатты жапсырма құрылыс (тігін шеберханасы, киіну бөлмесі, шаштараз, бояну бөлмелері және т.б.), 2010 жылы салынған төрт қабатты құрылыс, (қызметтік бөлмелер, «Театральное» кафесі және т.б.).</p>





Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы

Орналасқан жері: 53°12'48.686"N, 63°38'5.971"E, Қостанай қаласы, Алтынсарин к-сі, 115.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: 1915 ж. құрылды, 1995 ж. – жаңа ғимаратқа көшті.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1915 жылы құрылған және еліміздегі ең көне мұражайлардың бірі. Мұражай ашылғаннан кейін он жылдан соң, оның қоры 1917 жылғы революцияға арналған және Қостанай аумағындағы азаматтық соғыспен байланысты құжаттармен, экспонаттармен толыға түсті.

Бұдан әрі, қор этнографиялық жинақтардың өсуіне байланысты кеңейді. XX ғасырдың 40-шы жылдары мұражай экспозициясы палеонтологиялық, археологиялық және минералогиялық бөліктерден тұрды.

1937 жылы мұражай XIX ғасырда салынған ғимаратта орналасты, онда 1995 жылға дейін тұрақтанды. 1995 жылы мұражай басқа ғимаратқа көшті.

Қазіргі кезде мұражайда 110 мыңнан астам мұрағаттық құжаттарды сақтау бірлігі бар, олардың көпшілігі – тұрақты экспозициялар.

Ерекше маңызды және қызығушылықты археологиялық жинақ (Қостанай облысы археологиялық объектілерге бай), дәстүрлі қазақ қолданбалы өнер жинағы (әсіресе зергерлік бұйымдар) және көркемөнер экспозициясы (кескіндеме, мүсін, графика, нумизматика, геральдика және филателия) тудырады.

Мұражай аймақтың ежелгі тарихына, оның табиғи ресурстарына, аймақтың жаңа және қазіргі тарихына, Қостанай қаласының тарихы мен мәдениетіне, Ұлы Отан соғысы жылдарына, атақты жерлестерге және тағы басқаларға арналған он көрме залын қамтиды.





Амангелді Иманов қабіріне орнатылған ескерткіш

- Орналасқан жері:** 50°10'51.197"N, 65°11'36.233"E, Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді елді мекені.
- Ескерткіш/нысан түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезеңі және авторы:** 1960 ж., мүсінші Х. Наурызбаев.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** Ұлттық батыр Амангелді Имановтың қола мүсіні туған жеріне қайта жерленген жерін белгілейді. Бұған дейін А. Иманов Алакөлге жерленген.
- Амангелді Үдербайұлы Иманов (1873-1919 жж.) – РКП(б) мүшесі, Ресей билігіне қарсы Орта-азиялық көтеріліс басшыларының бірі, Қазақстандағы Кеңестік биліктің құрылуына белсенді қатысушы, азамат соғысы қатысушысы.
- Мүсіндік композицияның авторы – танымал қазақстандық алғашқы мүсінші Х. Наурызбаев. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 4,7 метр, мүсіннің биіктігі – 2,5 метр.
- Мүсінде өз ұлтының батыл, айбынды және адал ұлы Амангелді Иманов туған даласын шолып, көкжиектен аса қарап тұр. Батырдың оң қолы Отанын өз жүрегіне сыйғызардай жайылса, сол қолы қылыш қынабын мықтап ұстап тұр.





Ы. Алтынсарин ескерткіші

- Орналасқан жері:** 53°12'49.781"N, 63°38'11.144"E, Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 118 «А».
- Ескерткіш/нысан түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезеңі және авторы:** 1970 ж., мүсінші Н. А. Щербаков (Мәскеу қ.), сәулетшілері И. А. Покровский, В. Д. Горчинский.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер:** Ескерткіш 1970 жылы Ы. Алтынсариннің ашқан бірінші қазақ мектебінің орнында салынған болатын. Монументалды мүсіндік композиция қызыл граниттен жасалған және үш бөліктен тұрады: бюст, тұғыр және негіз. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 5,2 метр. Тұғыр гранит тақтайшалармен қапталған және стилобат гранит тақтасына сүйенген. Тұғырға қазақ және орыс тілдерінде жазылған ескерткіш тақта орнатылған: «Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 жж.) – ұлы қазақ педогогы, ағартушысы және ғалымы»..
- Көрнекті қазақ педогогы мен ағартушысы оң қолында ашық кітапты ұстап, оны көрерменге бұрып тұр. Ы. Алтынсарин бейнесін мүсінші қарапайым, бірақ керемет етіп келтірген. Күшті, батыл, бірақ мейірімділікке толы адам өзінің тереңдігі мен байыптылығымен ерекше әсер қалдырады. Мүсіндік композицияның өзі Ыбырай Алтынсарин секілді қатаң және монументальды және ол өз халқына шабыт бергені мәңгілік ақиқат.
- 2010 жылы ескерткіш Қостанай қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың ғимаратының басты кіреберісіне көшірілді.





Амангелді Иманов пен Әліби Жангелдинге ескерткіш тас

Орналасқан жері:	50°15'2.603"N, 66°54'24.433"E, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Қозыбаев көшесі, 30.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1973 ж.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Амангелді Иманов пен Әліби Жангелдинге арналған ескерткіш тас Арқалық қаласының көрікті жерлерінің бірі және маңызды тарихи-патриоттық нысан.

Екі қуатты гранит тік плиталар бір-біріне жақын орналасқан және гранит көлденең массивті «жолақпен» өзара байланысқан. Бұл материалдық және мағыналы байланыс XIX-XX ғасырлардың кезеңінде қазақ халқының қазіргі заманғы халқының тағдырын айқындаған екі ұлы батырдың терең идеологиялық және азаматтық бірлігін көрсетуге арналған.

Амангелді Үдербайұлы Иманов (1873-1919 жж.) – қазақ халқының патриархизмге қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушысы және Қазақстандағы кеңестік биліктің құрылуына белсенді қатысушы. 1916 жылғы көтерілістерге дейін Амангелді далада бостандықты құлшына қолдаушы, колониалдық режимнің қарсыласы ретінде танымал болды. 1905-1907 жж. байларға қарсы қарулы күреске қатысты.

Жангелдин Әліби Тоғжанұлы (1884-1953 жж.) – 1916 жылы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерінің көшбасшыларының бірі, азаматтық соғыс батыры. Қазақстан Кеңестерінің Бірінші Құрылтай Съезін ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы Жангелдин Қазақ КСР-нің алғашқы ОСК мүшесі болып сайланды.





Құтан әулие кесенесі

Орналасқан жері:	50°28'29.183"N, 65°45'44.042"E, Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Қарынсалды өзені маңында.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1977 ж., 2008 ж.
Нысан мәртебесі:	Зиярат орны.
Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:	Құтан әулие кесенесі екі бөліктен – күмбездік мазар мен төртбұрышты классикалық дала құлпытасынан тұратын шағын және өте әсем құрылымнан тұрады. 1980 жылға дейін жерлеу алаңы қарапайым тақтаймен белгіленген.

1977 жылы Құтан әулие ұрпақтары (1670-1780 жж.) қарапайым кірпіш мазарын тұрғызды. 2008 жылы оның орнына жаңа кесене салынды.

Жергілікті аңызға сәйкес, Құтан Аталықұлы Найман руынан шыққан және ерекше рухани қасиеттері бар болғандықтан, «әулие» атауына ие болған. Руластары оны даналығы үшін, емдеу дарыны үшін, көріпкелдігі мен сәуегейлігі үшін құрмет тұтты. Құтан әулие сондай-ақ Абылай хан кеңесінің құрамында болған деседі.

Аңыз бойынша Құтан әулие өз денесі жүктелген түйенің тоқтаған орнына жерлеуді тапсырған. Түйе әулиені өз туған жерінен алысқа әкетті. Өлім хабаршысы алғаш рет тізесін бүккен жерде Құтан әулие жерленді.

Құтан әулие кесенесі халық арасында белгілі және құрметті зиярат орны. Қазір кесенеге жақын жерде зиярат етуге алыстан келген жолаушылар үшін шағын үй тұрғызылды. Халық арасында Құтан ата аурудан айықтырады, ақыл айқындығы мен даналық сыйлайды деген наным бар.





Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов атындағы әдеби мұражай

Орналасқан жері:	49°37'56.546"N, 63°29'29.407"E, Қостанай облысы Торғай елді мекені.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1991 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов атындағы мұражай Торғай (Жангелді) мұражай кешенінің бөлігі – Торғай қаласының (Қостанай облысы) басты тарихи-мәдени және демалушы-ағатушылық жері болып табылады. Мұражайдың жалпы ауданы 300 шаршы метрден асады.

Бұл мұражай, мұражай кешенінің басқа да элементтері сияқты (өлкетану, педагогикалық және тарихи) 1991 жылы ашылған. Барлығы мұражайда сегіз экспозициялық залдар бар: олар мұражай мен өлке тарихына, саясаткерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, жазушылар мен ақындар, журналисттер сияқты атақты жерлестеріне, кәдесый залына арналған.

Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов – қазақ халқының саяси егемендігін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосқан танымал кейіпкерлер. XX ғасырдың басында қазақтардың тәуелсіздігі үшін күрескен, Алаш Орда үкіметін құрған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Алаш» партиясының көшбасшысы және идеологиялық шабыттандырушысы болды.

Мұражай қоры олардың жұмыстарын және жеке заттарын қамтиды.





Ыбырай Алтынсарин атындағы мемориалды мұражайы

Орналасқан жері:	53°12'46.048"N, 63°38'10.957"E, Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 118-А.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі және авторы:	1991 ж., жоба сәулетшісі Х. Кучиков.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>Ыбырай Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық мемориалды мұражайы қала мен облыстың маңызды және көрікті жерлерінің бірі. Ұлы қазақ педагог-ағартушысы, Ы. Алтынсарин туғанына 150 жыл құрметіне арналған мұражай өз есігін 1991 жылы айқара ашты. Мұражай Ыбырай Алтынсарин монументі және дарынды балаларға арналған мектеп-интернат жанында орналасқан, бұл өз кезегінде қаланың рухани жүрегін және әйгілі жерлестеріне деген құрметін көрсетеді.</p> <p>Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 жж.) – қазақтың жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы, ағартушы, қоғам қайраткері, ақын, ғалым-этнограф.</p> <p>Мұражай кешені екі бөлімнен құралған: біріншісі – Ы. Алтынсарин 1884 жылы ашқан мемориалдық класс, әкімшілік бөлмелер мен бірінші қазақ мектебінің тура көшірмесі; екіншісі – екі тұрақты экспозициялар: «Ыбырай Алтынсарин – ағартушы-педагог» және «Қазақстан Республикасы халық жазушысы Мария Хәкімжанованың шығармашылық зертханасы». Музей қорында 11 мыңнан астам заттар сақталған. Негізінен бұл облыстың білім беру тарихы, ескі оқулықтар, кітаптар, суреттер, этнографиялық экспонаттар және облыстың тарихы мен мәдениеті, танымал тұлғалар туралы материалдардың мұрағаттық құжаттар жинағы. Қазіргі уақытта Ыбырай Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық мемориалды мұражайы ғылыми-ағартушылық, тарихи-мәдениет салаларындағы мұражайлардың ең ірісі болып табылады және төрт стратегиялық бағытты жүйелі түрде дамытады: педагогика, әдебиет, мәдениет және көркем шығармашылық. Мұражай жақын және алыс шетел азаматтары мен қонақтар арасында әрдайым танымал.</p>





Константин-Еленин кафедралды соборы

Орналасқан жері:	53°13'18.563"N, 63°38'53.477"E, Қостанай қ, Алтынсарин к-сі, 216.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	2002-2005 жж. құрылысы жүргізілді.
Нысан мәртебесі:	діни мекеме, діни – зиярат орны
Тарихи деректер:	<p>Константин-Еленин соборы Қостанай және Руднев епархиясының бас шіркеуі болып табылды. Собор кәсіпкерлердің, келушілердің және мемлекеттік қолдаудың арқасында салынған.</p> <p>Шіркеудің басты кіреберісінің үстіндегі керемет әшекей (Қостанайлық суретші Г. М. Соков) әр кезде саяхаттаушылар мен туристерді таң қалдырады.</p> <p>2003 жылы Мәскеу және бүкіл Ресейдің Аса қасиетті Патриархы Алексей II-нің бұйрығымен шіркеуге Собор мәртебесі берілді.</p> <p>2004 жылы Орал және Гурьев Антоний Архиепископымен собордың салтанатты түрде ашылуы өтті.</p> <p>Собордың жалпы биіктігі 26 метрге жетеді.</p> <p>Собордың жалпы сыйымдылығы 400-450 адам, ал мереке күндері ғибадатхана әлдеқайда көбірек адамдарды қабылдай алады.</p>





I. Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры

Орналасқан жері:	53°13'19.474"N, 63°37'20.237"E, город Костанай, ул. Тауелсиздик, 144.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	театрдың негізі 2000 ж. қаланды, өзінің жеке ғимаратына 2012 ж. көшті.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі.
Тарихи деректер:	<p>2000 жылы Омаров И. атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры салтанатты түрде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен ашылды. Мемлекет басшысының бастамасымен театрға көрнекті мемлекет қайраткері Ілияс Омаровтың есімі берілді.</p> <p>Қазірде театр труппасы 100 адамнан тұрады, театр репертуарында 47 қойылым бар, оның ішінде 10-ы балалар спектаклі.</p> <p>2012 жылы I. Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры өзінің жаңа ғимаратына қоныстанды. Заманға сай әсем ғимарат қаланың және облыстың көрікті жерлерінің біріне айналды, ғимараттың эклектикалық сәулеті классикалық стиль, модерн және ультразаманауи нақыштар элементтерін біріктіреді.</p> <p>Театрда екі зал орналасқан (276 және 50 орындық). Театр ғимараты ең жаңа кәсіптік театрлық құрал-жабдықтармен жабдықталған (дыбыстық, жарықтық, синхронды аударма, өртке қарсы жүйе және т.б.). Ыңғайлы бояну бөлмелері, киіну бөлмелері, репетиция залдары, жаттығу залы мен кафетерийлер ұлттық театр өнерінің дамуының түбегейлі жаңа деңгейін қамтамасыз етеді. Театрда жас актерлерге арналған оқыту студиялары белсенді жұмыс жасайды.</p> <p>Сондай-ақ театр көркі болып табылатын және келуші қонақтарды тәнті қылатын ерекше қысқы бақ орналасқан.</p>





Аймағанбет қажы Спанұлы мешіті

- Орналасқан жері:** 53°11'13.574"N, 63°36'54.839"E, Қостанай қаласы, Маяковский көшесі, 104 А.
- Ескерткіш/нысан түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезеңі:** 2010-2016 жж.
- Нысан мәртебесі:** діни мекеме, діни – зиярат орны
- Тарихи деректер:** Аймағанбет қажы Спанұлы мешіті – аймақтағы ең ірі исламдық рухани мекеме болып табылады. Бір уақытта мешіт 2200 сенушілерді қабылдай алады. Мешіт сенушілердің қайрымдылық қаражаттарына салынған.
- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жаңа мешітке осы аймақта исламды және ислам құндылықтарын дәріптеуге баға жетпес үлес қосқан танымал уағызшы Аймағанбет қажы Спанұлы атауын беру туралы шешім қабылдады.
- Мешіт классикалық ислам стилінде тұрғызылған және өзінің әсемдігімен, талғампаздығымен таң қалдырады. Негізгі күмбез биіктігі – 25 метр, диаметрі – 12 метр, мұнара биіктігі – 40 метр. Орталық айван араб глификасы және нақышты геометриялық оюлары бар көк тастармен безендірілген. Терезелердің үшкіл аркасы мешіттің ішкі бөлігін жарықпен толтырады, бұл ерекше руханилықты тудырады.
- Қызмет көрсету бөлмелері жертөле қабатында орналасқан. 1450 адамға арналған еркектердің намаз залы бірінші қабатта, екінші қабатта – әйелдер залы.
- Мешіт әдемі жасыл алаңмен қоршалған.






Кейкі батыр кесенесі

Орналасқан жері:	50°29'10.676"N, 66°1'31.879"E, Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Тақты елді мекенінің маңында.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	2017 ж.
Нысан мәртебесі:	Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер:	<p>Нұрмағамбет Көкембайұлы – Кейкі батыр (1871-1923 жж.) – 1916 жылғы Торғай көтерілісінің көшбасшысы Амангелді Имановтың досы, халық батыры, тарихи маңызы бар тұлға. Кейкі батыр Орта жүз қыпшақ руынан шыққан. 1923 жылы ол қатал түрде өлтірілді (басы алынған). Батырдың бассыз мүрдесі жер қойнауына тапсырылды.</p> <p>2005 жылы Кейкі батыр қабірінің үстінен жабайы тастардан қарапайым мазар тұрғызылған.</p> <p>2016 жылы мемлекет бастамасымен және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің белсенді қолдауымен бас сүйегінің қалдықтары Ресейден Қазақстанға қайтарылды, бұған дейін бас сүйек қалдықтары Санкт-Петербург Кунсткамера қорында сақталған.</p> <p>2017 жылы батырды қайта жерлеу рәсімдері өтті, тартылған қаражат есебінен жаңа кесене тұрғызылды.</p> <p>Он бес метрлік мавзолей әскери дулыға түрінде жасалды. Негізгі бөлменің мұнара түріндегі әсем пропорциялары үшкіл аркалы айванды толықтырып тұр.</p> <p>Кесене ішінде құлпытас және батырдың кескіні мен үш тілде жазылған жазбасы бар екі ескерткіш тақта орналасқан.</p>




ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ



29

НЫСАН



Қызылорда облысы 1938 жылы құрылған, Республиканың оңтүстігінде орналасқан. Әкімшілік орталығы – Қызылорда қаласы. Облыста жеті әкімшілік аудан бар. Байқоңыр қаласы республикалық бағыныстағы қала болып табылады және ерекше мәртебеге ие. Жалпы ауданы – 226 076 км², халық саны – 750 мың адамнан астам.

Облыс негізінен Арал теңізінен шығысқа қарай Тұран ойпатының шегінде орналасқан. Аумақ құмдар мен сортаңдардың едәуір санының болуымен сипатталады. Климаты күрт континентальды және өте құрғақ, жазы – ұзақ ыстық және құрғақ, қысы – салыстырмалы жылы, қысқа және қары аз.

Ең ірі өзен – Сырдария, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бүкіл облыс арқылы өтетін Сырдария. Ол стратегиялық жағынан облыстың экономика және ауыл шаруашылығы үшін маңызды. Көптеген тұзды көлдері бар, кейбір төменгі жағында емдік балшықтар мен саз балшық бар.


Облыстың маңызды бөлігін құмдар алып отырғандықтан, өсімдіктер өте аз, кейбір жерлерде ол тіптен жоқ. Облыстың флорасы көбінесе таспашөп, жүзгін, бидайықтың түрлі түрлерінен, ақ сексеуіл, жыңғыл, теріскен, бұйырғын және жусаннан тұрады. Сырдария жағалауына сирек тоғайлы ормандары мен бұталары бар шалғынды өсімдіктермен (көбінесе үйеңкі) жабылған сорланған топырақ тән, атырауы мен жағалауларының бойында қамыстың қалың қопасы орналасқан. Фаунасы ұсақ және орта жыртқыштарға бай – түлкі, қарсақ, қасқырлар және т. б., тұяқтылар – ақбөкендер және кеміргіштер мен құстардың алуан түрлері.

Облыс экономикасы мұнай – газ өндіру, энергетикалық, азық-түлік (балық өңдеу) сияқты өнеркәсіп түрлеріне негізделеді. Облыс пайдалы қазбаларға – мұнай, табиғи газ, уран, ванадий, алтын, титан, темір, фосфорит, жанғыш тақтатастар, ас тұзы мен глаубер тұздарына бай.

Ауыл шаруашылығын дамыту саласында өсімдік шаруашылығы (суармалы егіншілік – күріш, бидай, жүгері, бақша шаруашылығы және бағбаншылық), мал шаруашылығы (сүтті - етті жайылымдық, қой шаруашылығы және жылқы шаруашылығы) ең әлеуетті болып табылады. Өзен және көл балық шаруашылығы ерекше маңызды. Дәстүрлі түрде облыс күріш шаруашылығында көш бастап тұр – өңір республикада өндірілетін күріштің 90%-ын өсіруде.

Облыс экономикасындағы маңызды орынды Батыс Қазақстанның кен орындарынан Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен, сондай-ақ Қытайға көгілдір отынға деген едәуір қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбыры алады. Сондай-ақ, облыстың барлық аумағы арқылы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» стратегиялық трафигі өтуде. Жолдың жалпы ұзындығы 8445 км құрайды, оның ішінде 2787 км Қазақстан аумағы арқылы өтеді, ал осы жолдың үштен бірі (811 км) Қызылорда облысы бойынша өтеді.

Облыс аумағында әртүрлі табиғи және тарихи көрікті жерлер бар. Олардың арасында Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы, Қамбаш, Қамыстыбас, Көпек және Теріскен көлдері, Қатын Қамал шатқалы, Қаратау жотасының етегі, Дженд, Сығанақ және Янгикент ежелгі қалаларының қираған үйінділері (X–XIII ғғ.), Артық Ата қалашығы (Артық-төбе, XIII ғ.), Белтам қорғаны (X ғ. соңы), Қорқыт ата мемориалдық кешені, Қалжанхун мешіті мен медресесі, «Байқоңыр» ғарыш кешені Байқоңыр қаласы, Космонавтика мұражайы, Юрий Гагарин және Сергей Королев үйлері, Құдай Анасының иконасына арналған қасиетті-Қазан соборы, Айтбай мешіті, Қызылорда қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайы сияқты өңірдің туризмін дамытуға ықпал ететін басқа да көптеген нысандарды ерекше атап өткен жөн.







Баланды кесенесі 2 (Бұланды 2)

Орналасқан жері:	44°9'46.998"N, 63°23'27.899"E, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Баланды шатқалы, Қуаңдария ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 15 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	сәулет ескерткіші.
Кезеңі:	б.з.б. VI-II ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызды мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер, аңыздар:	Баланды 2 кесенесі Орталық Азияның ең көне күмбезді ғимараты. Кезеңі б.з.б. IV-II ғғ. деп белгіленеді, бұл сенімді түрде оның апасиак мәдениетіне (су сақтары) жатады деуге мүмкіндік береді.

Ескерткішті С. Толстов жетекшілік еткен Хорезмдік этноархеологиялық экспедиция XX ғасырдың 60-жылдарында ашқан болатын. Баланды-II – биіктігі 4,5 метр және диаметрі 16 метр дөңгелек ғимарат. Төменгі бөлігі иі қанған саздан тұрады, ал жоғарғы бөлігі өңделмеген кірпіштен құралған. Төбе шатыры бар кіреберісі оңтүстік жағында орналасқан. Қабырғаларының сыртқы жазықтығы жиырма бес шығыңқы үшбұрышты «күрекшелермен» безендірілген.

Кешеннің діни сипаттамасын сол жерден табылған олжалар растайды: жерлеу рәсіміне арналған заттар, ағаш табыттардың бөліктері және т.б. Мұнда аса маңызды болып табылатыны – күмбезді сәулеті. С. Толстовтың пікірінше, күмбезді жабу техникасын жасауда Сырдария өзенінің маңын мекен еткен сақтар маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Сырдария өзенінің маңын мекен еткен сақтардың күмбезді құрылыстарды салу қағидалары Орта Азия, Таяу Шығыс пен Еуропадағы бұдан кейінгі барлық құрылыс технологияларына үлкен ықпал етті.

«Баланды» атауының этимологиясы өте қызықты. Қазақтарда «бұлаң» сөзі «бұрылыс», «бұралаң» деген мағынаға ие. Түрік тілдері тобында -ты және -ды жалғауы көптік мағынаны береді. Осылайша, «Баланды» атауы – бұл «бұралаңы көп, бұрылысы көп» дегенді білдіреді.





Жетіасар-3 қалашығы (Алтынасар)

Орналасқан жері:	45°11'24.133"N, 63°31'40.213"E, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылы, ауылдан солтүстік-батысқа қарай 12 км, Жетіасар шатқалында, Қуаңдария өзенінің құрғақ арнасында
Ескерткіш/нысанның түрі:	археология.
Кезеңі:	б.з.б. I мыңжылдықтың соңы – VIII ғ. басы
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызды мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер:	<p>Көне қалалардың Жетіасар тобының ең үлкен қоныстарының бірі. Ол Жетіасар шатқалының батыс бөлігінде орналасқан және төрт түрлі уақыттағы қорғандардың жиынтығы болып табылады, яғни барлығы да бір қорған қабырғасының ішінде орналасқан.</p> <p>Алтынасар маңында салынған төрт құрылыстың ішіндегі ең алғашқысы «Кіші үй» болып табылады. Жоспарда оның орталық алаңы биік әрі дөңгелек, екінші алаң анағұрлым төмен деңгейде астыңғы жағында орналасқан. Шамамен б.з.б. VII-VI ғғ. пайда болған (бұл кезең жиі таласқа түседі) «Кіші үй» қалашықтың солтүстік-шығыс бұрышында бой көтерген.</p> <p>Алтынасар кешенінің ең соңында салынған құрылысы бесбұрышты қорған болып табылады, ол тура «Үлкен үйдің» мәдени қабаттарында орын алған. Орын алған?</p> <p>Алтынасар қалашығының төңірегінде түрлі дәуірде салынған елуге жуық қорымдар бар. Жетіасар мәдениетін археологтардың бір тобы көне тохар мен эфталиттерге, енді бір тобы қаңлыларға жатқызады.</p> <p>Алтынасар қалашығының аса маңызды қазба жұмыстары мен оның маңайындағы қорымдар 1980 жылдың екінші жартысы мен 1990 жылдың басында Ленинск қаласымен бірге (қазіргі Байқоңыр) Қызылқұмда артезиан суларының көзін байланыстыратын су таратқышын салу кезінде қорғаныс жұмыстары ретінде салынған болатын.</p>





Шырық-Рабат қалашығы

Орналасқан жері: 44°5'7.969"N, 62°54'58.021"E, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 300 км, Жаңақала ауылынан оңтүстікке қарай 110 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: сәулет ескерткіші, қалашық.

Кезеңі: б.з.б. V-II ғғ. – б.з. IX-XII ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызды мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.

Тарихи деректер: Шырық-Рабат облыс пен мемлекеттің тарихи-мәдени мұраларында ерекше мәртебеге ие. Археологиялық нысан ретінде бұл қалашық сақтар кезеңінің б.з.б. I мыңжылдығының ортасынан бастап, б.з. X-XII ғғ. Ұлы Жібек жолының маңызды кезеңіне дейін бірнеше тарихи дәуірлер бойы өркендеп құлады. Шырық-Рабаттың көптеген мәдени қабаттарының маңыздылығы соншалықты, тіпті тарих ғылымдарында да «шырық-рабаттық мәдениет» деген жеке ұғым пайда болды. Шырық-Рабат қыраттың үстіне салынғандықтан, бұл оның мықтылығына айтарлықтай әсер етті. Қалашықтың ауданы – 850x600 м. Әлі күнге дейін оның күшті фортификациялық жүйесінің қалдықтары сақталып қалған. Төбені ені қырыққа дейін, ал тереңдігі бес метрге дейін жететін жасанды ор қоршап жатты. Ал ордың шыға берісінен сыртқы нығайтқыш дуал құралды. Тіптен қазіргі күні оның биіктігі – үш метр, іргетасынан бастап ені он метрге дейін жетеді. Ордың мұндай ауқымы осы мықты көне қамалдың алғашқы келбеті туралы пікір айтуға мүмкіндік береді.

Төңірегінде сақ патшалары жерленген алты қорған табылды. Жерлеу рәсімінің кезеңі б.з.б. IV-II ғғ. деп беріледі. Жалпы алғанда, сақ дәуірінде-ақ қалашықтың келбеті, ғалымдар тапқан жасанды заттар, егіншілік, суландыру, тауар алмасудың, т.б. дамыған жүйесінің болуы Шырық-Рабат тұрғындарының мәдениеті жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Шырық-Рабат қалашығын С. П. Толстов жетекшілік еткен Хорезмдік археологиялық экспедиция тобы 1946 ж. ашты. 2004-2006 жж. «Мәдени мұралар» атты Мемлекеттік бағдарлама аясында осы таңғажайып археологиялық нысанды зерттеу жұмыстарын Ж. Құрманқұлов бастаған Шырық-Рабат археологиялық экспедициясы жалғастырды. Зерттеу жұмыстары әлі күнге дейін жүргізіліп жатыр.





Жанкент қалашығы (Янгикент)

Орналасқан жері: 45°36'43.369"N, 61°55'22.966"E, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өркендеу ауылы, ауылдан оңтүстік-шығысқа қарай 0,5 км, Сырдария өзенінің сол жағалауында.

Ескерткіш/нысанның түрі: археология.

Кезеңі: V-XV ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.

Тарихи деректер, аңыздар: Жанкент қаласы (Янгикент) шамамен біздің заманымыздың бірінші мыңжылдығының ортасында пайда болды. IX-X ғғ. қала айтарлықтай дамыды, себебі X ғасырдағы жазбаларда қаланың ірі сауда орталығы болғандығын, Хорезмге және Поволжьеге қатынайтын Ұлы Жібек жолының ең жанды бағыттарының бірі болып табылатындығын көреміз. Сауда тек құрлық жолдары арқылы ғана емес, Сырдария өзені арқылы да белсенді түрде дамып отырды. Парсылардың тарихи мұрағаттарында Жанкент қаласы Шахаркент деп аталады. X-XI ғғ. Жанкент оғыз мемлекетінің астанасы болды. Ол жерде жабғудың қыстық ордасы мен әскерінің көп бөлігі, базардар, керуен сарайлар мен шіркеулер орналасты. Түркі тілінен аударғанда, «жан»/«янги» – «жаңа», «кент» сөзі «қоныс», «қамал» дегенді білдіреді. Мүмкін, «жаңа қала» осы өлкеде үлгілі, ерекше қалалардың біріне айналуы керек болған шығар.

Оғыздардың басты ордалары саналатын Жанкент қаласының біржола құлауында мынандай аңыз бар: қаланың соңғы билеушісі Санжар ханға оның күнәлары үшін жіберілген көктің қарғысы туралы айтылады. Аңызға сәйкес, бір күні көктен жыландар түсіп, олар жер бетіндегі тіршілік атаулының барлығын жойып тастайды. Жыланның шабуылынан аман қалғандары Жанкенттен біржола кетті. Археологтардың пікіріне сәйкес, Жанкентте қамал нақты жоспарланған, көше желілері, фортификация, ақсүйектер мен қарапайым халық мекені, сауда алаңдары, т.б. жақсы дамыды. Қазба жұмыстары күйіктас өндірісінің, металл өңдеу және қолөнердің басқа түрлерінің жоғары деңгейде дамығандығын анықтады. XIII ғасырдың басында Жанкентті моңғол әскері Жошы хан басып алады.

Алтын Орда дәуірінде Жанкент жаңадан өркендеу кезеңін бастан кешірді. Ол Жошы ұлысының маңызды орталықтарының біріне айналды. XIV ғ. қала тоқырауға ұшырады, ал XV жүзжылдыққа қарай халық бұл қаладан жаппай көшіп кетті. Алғаш рет Жанкент қаласын XIX ғ. ресейлік археологтармен, содан кейін 1946 және 1963 жж. қала тарихынан толық мәлімет қалдырған С. П. Толстов экспедициясымен зерттеле бастады. 2007 ж. бастап қалашық «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында зерттеліп жатыр.





Жент қалашығы

Орналасқан жері:	44°33'7.909"N, 64°5'21.480"E, Қызылорда облысы, Жалағашауданы, Аққыр ауылы, ауылдан оңтүстікке қарай 30 км, Жаңадария өзенінің оң жақ жағалауында, негізгі арнасынан 2 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	археология.
Кезеңі:	V-XIV ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызды мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне, ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраларының алдын-ала тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер:	Жент (Жаңақала/Джанкала) – аймақтың аса маңызды ортағасырлық мәдени-экономикалық орталықтарының бірі. Араб тілді жазбаларда қаланың атауы IX-X ғғ. бастап айтылады, бірақ бұл қала бұдан да ерте пайда болған сияқты.

XI ғ. Жент селжұқтардың қарауында болғандығы белгілі. Джиханнамның ортағасырлық трактатында (XII ғ.) Арал теңізі Жент теңізі деп белгіленген. Тарихшылардың пікіріне сәйкес, Жент шексіз әскери шабуылдардың астында қалып отырды. XI-XII ғғ. Жент, Жаңакент (Янгикент) және Сырдария өзенінің төменгі жағалауында орналасқан басқа қалалар қыпшақтардың жеріне айналды. Қыпшақтар шайқастың соңында оларды Орта Азияның мұсылмандар әулетіне берді. XIII ғ. Жентті Жошы әскері басып алып, қаланы өзінің ордасына айналдырды. XIV ғ. қарай Жент қаласы тарихи дереккөздерде мүлдем аталмайды. Бірақ археологиялық деректер бойынша моңғолдардан кейін қала аз уақытқа болса да қайта өркендей бастайды, бірақ көп ұзамай біржола құлады. Өзінің даму кезеңінде қаланың 40 га астам жері және сегіз мертлік қорғаныс мұнаралары бар биік бекініс қабырғалары болды.



Жент қаласының орталық көшелері мен тар көшелері бір-біріне перпендикуляр орналасқаны белгілі. Қалада кең үйлері бар қамалдар, үлкен сауда орындары, билеушінің сұсты резиденциясы, бақша-саябақ кешені болды. Жентті кішкене бекіністер мен дамыған суландыру инфрақұрылымы қоршады. Жентте күміс және қола тиындарды құятын тиын сарайы орналасты.



Сығанақ қалашығы (Сунақата)

Орналасқан жері:	44°9'27.000"N, 66°57'41.000"E, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сунақата ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	археология.
Кезеңі:	VI-XIX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызды мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне және ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралардың алдын-ала тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер:	Сығанақ (Сунақата) – мыңжылдан аса тарихы бар ортағасырлық қала, Ұлы Даланың ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы. Аймақтың тарихы мен географиясын сипаттайтын араб-парсы жазба деректерінде Сығанақ қаласының аты X ғ. бастап аталады.

Қаланың іргетасы өте ертеде қаланғаны (дұрысы – V ғ. өзінде-ақ) және X ғ. қарай түрік-оғыз қоластында болғаны белгілі. Орта Азияның солтүстік-шығысындағы тынымсыз жағдайдың әсерінен соғыс жиі болып тұрды. Нәтижесінде Сығанақ XI ғасырда-ақ қыпшақтар мемлекетінің астанасы атанды. Географиялық орны тиімді және Ұлы Жібек жолы қалаға жақын болғандықтан, Сығанақ қаласы маңызды сауда орталығына айналды. XIII ғ. қала моңғол әскерісінің соққысының астында қалып, ақырында құлайды. Алайда бірнеше онжылдықтан кейін қайтадан бой көтеріп, өарқынды түрде дами бастады. Алтын Орда орталықтарының бірі және Шығыс пен Батыс арасында транзиттік бекет бола отырып, Сығанақ тиын жасау құқығына ие болды. XIV ғ. ортасында Сығанақ Жошы ұлысы мен жошылардың (Көк және Ақ Орда) астанасы атанды. XIV-XV ғғ. қала Әмір Темір империясының құрамына енеді. XV ғ. соңында және XVI жүзжылдықта Сығанақ Түркістан (Яссы) мен Сауран қалаларының қатарына қосылып, Қазақ хандығының ірі орталығына айналды. XVII ғасырда Сығанақ қаласын жоңғарлар күлталқан етті.

2004 жылдан бастап Сығанақты «Мәдени мұралар» мемлекеттік бағдарламасы аясында отандық тарихшылар мен археологтар белсенді түрде зерттеле бастайды.






Бегім Ана мұнарасы

Орналасқан жері:	45°45'32.843"N, 61°13'46.700"E,, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қ., қаладан шығысқа қарай 10 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	IX-XI ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Бегім Ана кесене-мұнарасы – өте үлкен сегіз қырлы екі қабатты құрылыс. Мұнара іргетасының ені – 16 м, биіктігі – 10 м, әр қырының ені – 2 м. Бастапқыдан-ақ мұнараның қабырғалары өңделмеген кірпіштен тұрғызылды, кейін сыртынан күйдірілген кірпішпен қапталды, ал іші балшықпен әрленді.

Әлі күнге дейін маңызды болып табылатын, бірақ дәлелденбеген дерек мұнараның нақты не үшін салынғандығы болып табылады. Бір жағынан, пішіні мен көлемін алатын болсақ, бұның қорғаныс нысаны болғандығы анық, ал екінші жағынан мұнара жартылай аңызға айналған Бегім Анаға баспана болған және кейбір фольклорлық сюжеттерде оның жерленген орны болып табылады.

Мұнара жайында көптеген аңыздар мен хикаялар бар. Бегім Ана – Қожа Ахмет Яссауидің жақын серігі, киелі әулие ақсақал Қарабураның қызы, өте сұлу және Ұлы Даланың бетке ұстар келіні абыроймен оғыздардың соңғы ханы Санжарға тұрмысқа шығады. Дегенмен, күйеуі қызғанатындай ешқандай себеп болмағанмен, Санжар көптің көзі түсіп жүрген әйелі жайлы айтылған өтірік әңгімелерге сеніп қалады. Қаһарланып, қызғаныштың салдарынан Санжар хан әйелін ұсқынсыз етуге бұйрық беріп, оның қолдарын шауып, бұрымы мен мұрнын кесіп тастайды. Содан соң оны зынданға қамайды. Киелі Қарабура бұл қайғылы оқиғаны алдын-ала түсінде көріп, хан ордасына келеді. Әділеттілікті талап ете отырып, Қарабура егер қызы күнәсіз болса, Жаратушы оған бұрынғы сұлу келбетін қайтарады да, күнәһарды жазалайтынын айтты. Шынымен де солай болды. Бегім Ана сұлуға айналады. Бірақ күйеуін кешірмейді, одан біржола кетеді. Ал қор болған әке киелі Қарабураның ашуы қаланың үстіне жылан жаудырады. Жыланның көптігінен тіпті күннің көзі де жабылып қалады. Хан мен оның нөкерлері қорыққаннан қаланы тастап, қаша бастайды.






Төлегетай-Қылышты ата кесенесі

Орналасқан жері:	43°45'38.113"N, 67°4'14.668"E, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қыркеңсе ауылынан оңтүстікке қарай 7–8 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	XI-XII ғғ.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Кесене төрт мұнарасы бар ерекше екі күмбезді құрылыстан тұрады. Кесененің биіктігі – 10 м. Басты шыға беріске апаратын саяжолдың бойымен сегіз биік пирамидалы құрылыстар бой көтерген (әр қатарда төрттен). Кесене екі маңызды тұлғаға арналып салынған: Төлегетай баба мен Қылышты ата.

Үзінді деректерге сәйкес, Төлегетай баба – тарихи тұлға, найманның ақсүйектер әулетінен шыққан. Наймандар жерді бөліп алғаннан кейін, Төлегетайдың үлесіне Сырдарияның сол жағалауындағы Өзкент қаласы тиеді. Бұл аймақтарда Төлегетай дана атанып, Қылышты атамен танысады. Олардың достығы, құрметі мен бір-біріне деген сыйластығы ұрпақтарына үлгі боп қалды. Аңыз бойынша, Төлегетай баба тек атақты жауынгер ғана емес, сонымен бірге күшті көріпкелдігімен де танылды. Әсіресе, оның жерасты суларының орналасуын дұрыс таба білу қабілеті ерекше аталады. Қуаң шөлді ландшафтты аймақтардағы сулармен мұндай сакралды байланыстың өзіндік ерекшелігі болды. Оның адамдардың бірлігі, әділеттілік пен біреумен бөлісу қабілеті туралы рухани өсиеттері әлі күнге дейін халық арасында айтылады. Қылышты ата ерекше күшке ие киелі әулие атанды.

Қылышты атаның әкесі – атақты қажы Камаладдин, ал анасы – Қырөзкент қаласының билеушісінің қызы. Қылышты жігіт болғанда, оған көктен аян беріледі – көктен қылыш пен жылқы түседі. Сол кезден бастап Қылышты жылқысы желден де жүйрік, ал қылышы күннің сәулесіндей өткір жеңілмейтін жауынгер атанды.





Асан ата кесенесі

Орналасқан жері: 44°17'17.300"N, 66°32'10.201"E, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бәйгеқұм темір бекеті, бекеттен шығысқа қарай 5 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: XVI ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар:

Кесене атақты Қазақ хандығының негізін қалаушы хандардың бірі Жәнібек ханның кеңесшісі, қазақ жырауы, философы Асан Қайғыға (Асан ата) арнап салынған. Құрылыс қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Бұл ортаазиялық діни ахитектуралардың барлығына тән, биіктігі жеті метрден асатын порталды-күмбезді құрылыс, жоспар бойынша төртбұрышты, қазіргі таңда жартылай бүлінген төрт метрге шығыңқы порталы бар. Кесене төртбұрыш пішінді ірі керамикалық кірпіштен (28x28x6 см) салынған. Үш метр биіктікте қабырғалары тік орналастырылған кірпіштермен қабатталып безендірілген.

Асан ата (Асан қайғы) – тарихи тұлға. Оның даналығы, дарындылығы мен көріпкелдік қасиеттері тірі кезінде-ақ оны ертегі-аңыз ортаға алып келді. Өзінің ақындық шығармаларында және сыни философиялық ойларында Асан ата Жерұйықты іздеумен болды. Жерұйық – тек тыныштық орнаған, мал мен жанға жайлы бейбітшілік пен молшылық мекені. Осындай аңыздық сарындағы философиялық ойларына қарамастан, Асан қайғының адамгершілік ұстанымдары әділдігімен, тұрақтылығымен ерекшеленді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Асан қайғы кесенесін «Қызылорда қалпына келтіру» кәсіпорнының мамандары қайта қалпына келтірілді.





Сараман-Қоса мұнарасы (Сарман Қожа)

Орналасқан жері: 45°15'23.839"N, 61°47'47.976"E, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Кәукей ауылы, ауылдан солтүстік-шығысқа қарай 2 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: IX-XI ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Сараман-Қоса мұнарасы – Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық үлгілердің ең аз кездесетін түрі. Биіктігі 15 метрлік үшқабатты конус тәрізді табаны дөңгелек мұнара тікбұрышты өңделмеген кесектерден құралған. Сыртынан мұнара күйдірілген кірпішпен жылтыратылған. Кіреберісі сынған. Мұнараның құрылысы қайғылы аңызға толы. Шынын айтқанда, бұл – өшпенділіктің, келісе алмаушылықтың және әлеуметтік ескішілдіктің кесірінен қосы алмаған жастардың қайғылы махаббатының символы.

Жергілікті аңыздарға сәйкес, жаркенттік Сараман жігіт – атақты және бай ақсүйектер әулетінің жалғыз ұлы жасауы жоқ Үргеніштің кедей көпесінің қызы Қосаны сүйіп қалады. Сараманның асқақ та күшті әкесі ұлының сөзіне құлақ аспағандықтан, ғашықтар үшін жалғыз шығар жол – қосылып қашу. Қос ғашықтың соңынан жіберілген қызметшілер қыз бен қайғы жұтқан Сараманды өлтіреді. Қызметшілерді жүгіртіп жібергеніне өкінген Сараманның әкесі жігіттің екі досын жібереді. Бірақ олар ғашықтарға көмектесуге үлгермейді.

Қайғыдан қан жұтқан жігіттің әкесі ұлының достарына кейінгі ұрпақтарға үлгі болып қалатындай махаббат пен адалдықтың белгісі ретінде бақытсыз қашқындарға далада мұнара тұрғызуды өтінеді.





Жаңадариядағы Сырлытам кесенесі

Орналасқан жері: 43°56'25.231"N, 62°44'33.691"E, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тағай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 16 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: XII-XIII ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Сырлытам кесенесі (түркі тілінде «жұмбақ үй») – Алтын Орда кезеңіндегі сәулет өнерінен өте жақсы сақталған ескерткіштерінің бірі. Сырлытам бір камералы порталды-күмбезді құрылыс болып табылады. Құрылыс Орта Азияның ортағасырлық үйлеріне сәйкес келеді. Қабырғалары күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Кесенеге екі жол арқылы кіруге болады (оңтүстік және солтүстік). Орталық кіреберісіндегі майоликалық тақтайшалармен безендірілген үлкен сызықты сүйір аркасы ерекше көз тартады.

XX ғасырдың ортасына қарай кесене кішкене қирап қалды, әсіресе, күмбезді бөлігі бұзылды. 2000-жылдары Сырлытам қайтадан жаңғыртылды. Қайта қалпына келіру жұмыстары барысында құрылыс ерітіндісі мен жылтыр қызыл кірпіштің құрамы ерекше қасиеттерге ие екендігі анықталды, қазіргі күні бұл қасиеттердің құпиясы сақталмады. Ақсақалдардың айтуынша, кірпіштердің өте ашық түстері мен сапасы көбінесе кірпіштің қоспасына қосылған түрлі түсті әйнектердің бөлігіне байланысты.

Сонымен бірге, қабырғаларының оюланып әрленуі де ерекше қызығушылық туғызады, мысалға, қасбетті жылтыратудағы оюлы күйдірілген сары балшық.





Іңкәрдариядағы Сырлытам кесенесі

Орналасқан жері: 44°25'53.864"N, 64°48'58.068"E, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Іңкәрдария ауылы, ауылдан оңтүстікке қарай 25 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.


Кезеңі: XIII ғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Іңкәрдариядағы Сырлытам кесенесі – Алтын Орда кезеңіндегі сәулет өнерінен қалған тағы да бір таңғажайып ескерткіш. «Сырлытам» немесе «жұмбақ үй» атауы оның нақты кімге арналғандығы белгісіз дегенді білдіреді. Қазіргі таңда тек жорамалдауға болады. Кесене кішігірім төртбұрышты (қабырғаларының ені 10 м) күмбезді құрылыстан, жақсы сақталған биік порталдан тұрады, күйдірілген саздан істелген тақтайшалармен безендірілген. Қабырғалары мен күмбезі күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Көлемді, бірақ қарапайымдылығымен ерекшеленетін сүйір арка – басты кіреберіс жағы. Қабырғаларында кішігірім ойықшалар, ғанышты әрленім әлі күнге дейін ерекше көркем жазбалардың ізін сақтап келеді. Жалпы алғанда, Іңкәрдариядағы Сырлытамның архитектуралық құрылымы ортаңасырлық ортаазиялық сәулет өнеріне тән болып табылады.

Аймақта мынандай аңыз бар, кесене иесінің есімі Баршын (кесене қабырғаларында мұнда Бану шешек жатқандығы жазылған (Баршын басқа транскрипцияда)) деп аталды. Отандық түркітанушылардың белгілі бір тобының арасында әңгіме аты аңызға айналған Алпамыс батырдың жары туралы айтылады деген пікір бар. Батырдың жары Гүлбаршынмен байланысты танымал эпостың топонимикасы көбіне Сырдария облысына қатысты. Сонымен бірге, «Қорқыт атамның кітабы» эпикалық шығармалар қатарына енетін ерте ортаңасырлық «Бамсы Байрақ пен Бану шешек» атты оғыз эпосы Сырдария аймағында бұдан да ерте Алпамыс батыр туралы көне эпос негізінде құрастырылған. 1960 жылы ескерткішті С. П. Толстов жетекшілік еткен Хорезмдік археологиялық экспедиция ашып зерттеген. 2000-жылдары кесене қайта жаңартылды.






Мұлқалан кесенесі (Молда Қалан)

Орналасқан жері:	44°41'40.740"N, 64°46'31.170"E, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	XVI ғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер, аңыздар:	Кесене қорымның ортасында орналасқан, құрылыс далалық аймаққа тән ортағасырлық мұсылмандық сәулет дәстүрінде бой көтерген. Бұл салыстырмалы түрде кішігірім порталды-күмбезді ғимарат, жалпы биіктігі шамамен он метрдей. Кесене қабырғалары қызылдау кірпіштерден тұрғызылған, сол жағында қасбеті ұзындығы адамның бойынан асып кететін қалай екені белгісіз, жапырылған.

Мұлқалан (Мулькалян) – бұл осы жерлерде танымал болған, әлі күнге дейін халық естен шығармайтын киелі Мехерегланның лақап аты. Аңыздарға сүйенсек, Мехереглан бала кезінен денсаулығы әлсіз, емшілердің ішінде ешкім оны емдегісі келмейтін. Күдер үзген Мехереглан дерттен айығу жолын өзі табуды шешеді. Дертінен айыққан соң, ол өзіне көмек сұрап келген жандардың бәрін емдеуге кіріседі. Осыдан бастап оның ерекше емдеу қасиеті барлық шартарапқа тарайды. Дүниежүзі бойынша оған адамдар емдеуге, ақыл-кеңес сұрауға келеді. Мехереглан басқа жергілікті әулие Мағзұммен таныс болды. Олар тіптен кімнің қайда жерленетіндігі туралы қалжыңдасатын (әрқайсысының көріпкелдік қасиеті шындыққа айналды).

Бүгін Мұлқалан кесенесі (Мулькалян) қажылық жасаудың маңызды нысаны ретінде танылды. Мұнда ауруынан сауыққысы келетін, ісінің оңға басқанын қалайтын адамдар ағылып келе бастады. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығымен айналысатын және су мен суаруға жауапты адамдарға жәрдемдесетінін түсінді.





Айқожа кесенесі

Орналасқан жері: 43°30'53.309"N, 67°32'54.557"E, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бесарық теміржол бекеті, бекеттен оңтүстікке қарай 6 км.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: XVIII–XIX ғғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Айқожа кесенесі Сырдарияның оң жағалауындағы биіктікте орналасқан және ортаазиялық кейінгі ортағасырлық діни архитектураның орталық күмбезді құрылысы типіне жатады. Жалпы алғанда, Айқожа кесенесі мен тағы да бес адам жерленген (әйелі мен төрт көмекшілері) жерлеу кешені болып табылады. Кесененің өзі күйдірілген төртбұрыш пішінді кірпіштен (26x26x5 см) тұрғызылған. Нысанның қабырғаларында екі жарма есігінің орны орналасқан екі негізгі қасбеттен тұрады. Айқожа ишанның дін өкілдеріне жататындығын Меккеге қарай бағытталған қабырғаның батыс бөлігіндегі кішігірім есіктен байқауға болады. Дуана қожа тегінен шыққан Айқожа ишан Жұмаділлаұлы (1773-1857 жж.) – шынайы тарихи тұлға, атақты дін қызметкері, ағартушы және рухани тәлімгер.

Ишан қарапайым және адал өмір сүрді, төрт отбасының бастауы болған он бір баланы тәрбиелеп өсірді. Жергілікті аңыздарға сүйенсек, Айқожа ишан аса күшті және тылсым күштің иесі болды, емшілікпен, көріпкелдікпен айналысты, суды сезіну қабілеті жоғары болатын (бұлақтар мен жерасты суларын іздеу). Ишанның үлкен ұлы Ибадулла әкесінің жерлеу табытын салу үшін бұхарлық шебер Хамитті (Халид) шақыртқан.

2008 жылы Айқожа ишанның 235 жылдығын үлкен аспен атап өтті (еске алу рәсімі), оған 3500 аса адам қатысты, көбінесе Өзбекстаннан, Түркиядан, сондай-ақ Қазақстанның басқа облыстарынан ұрпақтары келді. Бүгінгі таңда ескерткішті қайта жаңғыртты. Алғашында-ақ кесененің сырт көрінісі геометриялық және өсімдік тәрізді оюлармен безендірілгені белгілі. Нысанды қайта жаңарту барысында түпнұсқадағы зері жойылып кетті.





Құттыбайдың кесенесі

Орналасқан жері:	45°36'49.561"N, 61°53'11.580"E, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өркендеу ауылы, ауылдан 5 км жерде.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысының ескерткіші.
Кезеңі:	XIX-XX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер, аңыздар:	Құттыбай кесенесі ортаазиялық кезеңге тән діни орталық күмбезді құрылымнан тұрады. Қабырғалары мен күмбезі күйдірілген кірпіштерден қаланған. Күмбез көлемді және барлық іргетасын жауып тұрады, сондықтан нысан белгілі бір аралықта қазақтың киіз үйіне қатты ұқсайды. Күмбездің ортасында тесік саңылау бар.

Кесенеге кіретін жағы бүйір қасбетінде орналасқан. Кесененің сыртында әшекейлі кірпіш кеңінен қолданылған. Ал ішінде тас табыт бар.

Құттыбай Ақболбыұлы (1807-1900) – Кіші жүз Шектінің (Жаманақ) Әлімұлы Алшын тегінен шыққан. Халық есінде ол күшті және ержүрек жауынгер, шешендігімен, даналығымен ерекшеленетін би болып қалды. Құттыбай хиуа мен қоқандықтардың озбырлық әрекеттерінің алдында қазақтардың құқығын қорғайтыны, өзбектер мен қарақалпақтар арасындағы күрделі даулы мәселелерді шешетіні белгілі. Аңызға сүйенсек, Құттыбайға түсінде үш рет аяқ беріледі, түсінде оған жақсылықтың молшылық пен сәттіліктің әміршісі әулие Қыдыр ата келеді.

Алғаш рет Құттыбай кесенесі 1991 жылы Е. М. Бәйтенов жетекшілік еткен Алматы экспедициясымен зерттелген. 2000-жылдары кесене жартылай қайта жаңартылды. Бүгінгі таңда ол атақты тәуап ететін нысанға айналды. Құттыбай ата адамдарға жақсылық пен сәттілік жібереді.





Марал ишан кесенесі

Орналасқан жері: 45°31'1.106"N, 64°16'26.832"E, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы ауылынан шығысқа қарай 18 км.

Ескеркіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: XIX ғ.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Марал ишанның мазары Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің кішірейтілген түрінің көшірмесіне ұқсайды. Екікамералы төртбұрышты ғимарат өңделмеген кірпіштерден тұрғызылған және күмбезбен жабылған. Орталық алдыңғы жағы оңтүстік-шығысқа қарайтындай етіп бағытталған. Құрылыстың биіктігі алты метрден сәл ұзындау. Кесенеге жақын жерге Марал ишанның ұлы мен немерелері, сондай-ақ ата-бабасы сияқты ислам дінінің уағызшылары да жерленген бес мола бар. Марал ишан Құрманұлы (1769-1841 жж.) – Далалық жердегі және одан тыс атақты ислам дінінің уағызшысы, имам, ағартушы, әділдік үшін күрескер. Оның жоғары адамгершілігі, даналығы, делдалдық өнері, емшілік дарыны мен сәуегейлігі сияқты жеке қасиеттері үшін халық Марал ишанды тірі кезінде-ақ әулие деп есептеді.

Жартылай аңызға айналған сюжеттерге сүйенсек, Марал ишан Қызылжар маңайында (қазір Қостанай облысы) дүниеге келген. Әкесі ерте қайтыс болып, бала жастайынан жетімдік көріп өседі. Жасөспірім шағында және бай отбасында қызмет істеп жүргенде Марал ишан отағасы Құланбай ишанның көңілінен шығады. Жігіттің бойынан ерекше қабілеті мен дарынын байқаған Құланбай оны бұхарлық медресеге оқуға жібереді. Медреседе он жыл оқығаннан кейін Марал ишан керемет рухани білім алып шығады, үйге оралып, Құланбай ишанның қызы Меңлібикеге үйленеді. Соңында Марал ишан Кенесары ханның рухани серіктесі және қоғам қайраткері атанады. Ишанның діншілдігі туралы сол дәуірдегі атақты ақындар көптеген поэмалар мен тарихи әңгімелер құрастырды. Марал ишанның өтініші бойынша оны Арал теңізінің жанына жерлейді. Қазір Марал ишанның жерленген орны маңызды тәуап ететін орталық болып табылады. Қиналып жүрген адамдардың саны күннен күнге артып жатқандықтан, кесенеден алыс емес жерде қонақтарға, яғни қажылыққа бара жатқан адамдарға және намаз оқитындарға арналған бөлмелері бар үй салынған. Марал ишан жерленген орынға бармастан бұрын алдымен оның досы, серіктесі, Бейсембай атаның кесенесі бару керек деп есептейді.





Көтібар батырдың мұнарасы

Орналасқан жері:	44°53'0.852"N, 65°16'37.697"E, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Ақжарма ауылы, ауылдан батысқа қарай 10 км жерде, тастанды ауыл Шіркейлінің зиратында.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	XIX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңыздағы мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер, аңыздар:	Ғимарат XIX ғасырдың екінші жартысында салынған. Далалық аймақтағы діни құрылыстардың үлгісі. Мұнара қуыстан тұрады, өтетін саңылауларымен төрт күмбезі бар. Мұнара өңделмеген кірпіштерден тұрғызылды. Табанының диаметрі төрт метрді құрайды, мұнараның биіктігі – он метр.



Көтібар Бәсендеұлы (1757-1823/1833) – атақты қазақ батыры. Көтібар батыр – патшалық отарлау саясатына қарсы шыққан Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді қатысушысы. Шайқас кезінде Берсүгір тауында қаза табады. Көтібар батырдың Қазақстан тарихында танымал тұлға болса да, ол туралы таңғаларлықтай аз деректер сақталды. Деректердің көбісі жыраулар мен ақындардың фольклорлық шығармаларында кездеседі. Шығармаларда Көтібар батырдың ерлігі суреттеледі. Сондай сюжеттердің бірінде бір хан Беріш тегінен шыққан (Кіші жүз) Көтібар батырдың жауынгер достары мен серігі болған қырық жігіт пен екі батырды тұтқындатады. Хан тұтқындарды дарға асуға бұйырады. Көтібар өзінің жауынгерлерімен бірге бұрынғы өткен оқиғаны еске ханның есіне түсіру үшін хан ордасына келеді. Шайқаста Көтібар сол ханның өмірін аман алып қалған болатын. Сонда хан батырдың кез-келген өтініш орындаймын деп, болашақта оның қарызын қайтаратынына уәде берген. Тұтқындарды босататынына уәде берген хан қонақтарға татулықтың белгісі деп дастарқан жайып, қонақ етіп күтеді. Сол кезде Көтібар батыр уланып қалады. Батыр үйге қайтып бара жатқан жолда қайтыс болады. Батырдың өтініші бойынша денесі Қараш көлінің жанына жерленеді.



Қара сопы кесенесі

Орналасқан жері: 43°51'1.080"N, 67°13'54.509"E, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған ауылы, ауылдан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: XIX ғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Кесене шамамен XIX ғасырдың екінші жартысында аймақтағы ардақты діни қайраткерлердің бірі Қара сопыға арнап салынды. Ескерткіш айтарлықтай үлкен, сонымен бірге пропорционалды орталық күмбезді ғимарат. Сұсты пештағы кесененің жалпы құрылымына үйлесімді салынған. Пештактың мұндай түрі ерте ортағасырдан бастап, ортаазиялық діни архитектураның барлығына тән болып келеді. Тік бұрышты ғимарат (күмбезімен қоса есептегендегі биіктігі – тоғыз метр) екі бөліктен тұрады: кіреберіс тобы және қабірханның орталық бөлмесі. Негізгі бөлігі сегіз қырлы барабанда кішкентай әсем күмбезбен жабылған. Негізгі құрылыс материалы күйдірілген кірпіш болып табылады. Халықта «сопы» деген мағына әлеуметте үлкен құрметке ие діни тұлға дегенді білдіреді, әдетте, адамгершілік қасиеті жоғары, сирек кездесетін рухани қасиеттерімен ерекшеленетін диуана.

Қара сопы бала кезінен қарапайымдылық, даналық, білімге деген құштарлық, ерекше рухани, емшілік қасиеттерге ие болған деп есептейді. Жас жігіт көп жылдарын Бұхарда өткізеді, Айқожа, Марал мен Құлболды ишандармен бірге медреседе оқиды.

Жергілікті жердегі аңыздарға сүйенсек, Қара сопы Айқожа ишанды бала кезінен өсірді, жеке өзі әкесі ретінде оны Бұхар мен Меккеге апарып жүрді. Кейін риза болған Айқожа ишанның баласы Атақожа Қара сопыға арнап осы кесенені тұрғызады. Атауына қарамастан, кесененің өзінде Айқожа ишанның ұлдары Ыбырайымшайық пен Мамырайымшайық жерленген. Қарапайым болғандығы сонша, Қара сопы тірі кезде-ақ өзін жай ғана жерлеуді өтінді. Аңыз бойынша Айқожа ишан ғайтыс болғаннан кейін өзінің ұстазы Қара сопының аяқ жағына жерленгісі келген. Бүгін Қара сопы кесенесі аймақтың маңызды киелі орны болп есептеледі. Оған қажылыққа келетіндердің легі күннен күнге артуда. Халықта әулие оларға дертінен айығуға көмектеседі, күш пен ақыл береді, ұялшақ адамдардың бойына ержүректілік пен қызуқандыларға жақсы мінез ұялатады деп сенген.





Ақтас мешіті

Орналасқан жері: 43°30'55.642"N, 67°32'50.708"E, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бесарық теміржол бекеті, бекеттен оңтүстікке қарай 6 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: 1884 ж.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.


Тарихи деректер, аңыздар:

Бұл ғимарат «Ақтас» деген атпен белгілі және Айқожа ишанның өтініші бойынша осылай аталды. Оның да кесенесі осы мешітке жақын орналасқан. Мешітті белгісіз сәулетші Сырдарияның оң жағалауының биік жеріне тұрғызылған (халықта Самарқандтан шақырылған шебер туралы әңгіме айтылады). Төбешіктің етегінде бұлақ бар, сол бұлақ суының емдік қасиеті бар деп есептеледі.

Мешіт орталық күмбезді құрылыстан тұрады. Табаны төртбұрышты пішінге жақын (19x18,6 м). Құрылыстың жалпы биіктігі – 19,15 м. Құрылыс материалы ретінде күйдірілген кірпіш қолданылған. Ішкі жағының қабырғалары сазбен әрленіп әктелген. Сыртын рәсімдеу жағынан қызықтысы – свастика сарыны анық байқалатын геометриялық паттернді кірпіш қабырғалардағы тар оюлы қабаты. «Ақтас» мешіті – Сырдария жағалауындағы жалғыз күмбезді мешіт. Халық арасында оны ертеден осы өңірдегі ең биік діни құрылыс деп санайды, сондықтан да күмбездің биігіне шығып, Қожа Ахмет Яссауи мен Арыстан бабаның кесенелерін көруге болады дейді. Осы мешіт пайда болғаннан бастап, Меккеге жыл сайын қажылыққа барар алдында адамдардың жиналатын киелі орнына айналды.

Өткен ғасырдың 90-жылдары «Ақтас» мешіті төзімділігімен ерекшеленетін «түркістандық кірпішті» қолдана отырып, қайта жаңартылды.





Қорасан ата кесенесі

Орналасқан жері: 43°45'31.590"N, 66°54'46.760"E, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңаарық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 20 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі мен авторы: XIX ғ. екінші жартысы. Кесенені шамамен 1890-1898 жж. сәулетші А. Бабажанұлы тұрғызған.

Нысан мәртебесі: Жергілікті маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.

Тарихи деректер, аңыздар:

Қорасан ата кесенесінің архитектурасы ерекше. Тік бұрышты ғимарат (ұзындығы 16 м, ені 8 м) көлемі жағынан жақын, бірақ бір-біріне ұқсамайтын, біреуі екіншісінен төмен орналасқан екі күмбезбен жабылған. Құрылыстың жалпы биіктігі – он төрт метр. Әдемі айвандары бар кішкентай пештак алдыңғы жағына ерекше сән береді. Қабырғалары күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Кесенеде Қорасан атаның өзі және оның балалары мен немерелері жерленген. Кесене – айналада жасалған кішігірім кешеннің ортасы. Оның аумағында кішкентай бақ пен емдік суы бар құдық орналасқан. Кесенедегі аңыздарға толы қасиетті Қағбаның кішкентай көшірмесінің маңыздылығы жоғары. Қорасан ата – Қазақстанда және одан тыс жерлерде аса құрметті әулиелердің бірі. Тарихшылардың пікірінше, Қорасан ата (Әбдіжәлел баба) VIII ғ. соңы – IX ғ. басында өмір сүрген және шынайы сенімді адамдардың бойына ұялату мақсатымен Далаға келген ислам дінінің миссионерлерінің бірі болған. Қорасан ата туралы деректердің көбісі Ташкенттің мұрағаттарында сақталған.

Жергілікті жердегі аңызға сүйенсек, Қорасан ата жауынгер, дана және балалар мен жастарды оқуға шақырған ағартушы болған. Ол медреселер салды, адамдарды сауаттылыққа және жазуға үйретті, мәдениеттің таралуына ықпал етті. Қорасан ата озат емші және көріпкел де болған екен.

Бүгінде Қорасан ата кесенесі Қазақстанда және одан тыс жерлерде қажылық нысаны болып саналады.





Қазандық қасиетті бейне Әулие Ананың шіркеуі

Орналасқан жері:	44°50'34.645"N, 65°29'12.793"E, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Жұрба көшесі.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	1855 ж.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сақралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер:	Қазандық қасиетті бейне Әулие Ананың ғибадатханасы – бүгінде Қызылорда қаласында жұмыс істейтін жалғыз православиелік шіркеу. Бастапқыда ол жорыққа арналған шатыр болатын (1855 ж.), кейіннен толыққанды ғибадатханаға айналды. Шіркеудің алып ғимаратының құрылысы 1890 жылы басталып, салынуы бес жылға созылды. 1896 жылы ғибадатхана дәріптеліп, шіркеуге келушілер үшін есігі ашық болды.

Қабырғалары сарғыш түсті күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған. Ғибадатхананың сыртқы көрінісі суреттермен, жазбалармен әшекейленген, бірақ өкінішке орай, осы күнге дейін ештеңе сақталмады.

Ғибадатхана тоғыз әртүрлі көлемді қоңыраулардан тұратын қоңырауханаларымен ерекшеленетін. Ең ірі қоңырауының салмағы 2 мың кг асатын.

XX ғасырдың 30-жылдары ғибадатхана барлық діни мекемелер тәрізді жабылып қалады. Ғимарат арнайы қоныс аударушыларды қабылдау орталығына айналды. Ұлы Отан соғысынан кейін ғибадатхана расытхана болып, содан соң облыстық өлкетану мұражайы атанды. 1982 жылы мұражайға басқа ғимарат бөлініп, ғибадатхана республикалық маңызы бар сәулет ескерткіші мәртебесіне иеленді. Алайда қайта жаңартуға қаржы бөлінбеді де, ғимарат тағы жеті жыл бос тұрды. 1989 жылы ғибадатхана Орыс православиелік шіркеу құзыретіне берілді. Қазіргі уақытта ғибадатханаға ауқымды қайта жаңарту жұмыстары жүргізіліп, Қазақстандағы православиелік ғибадатханаларының ішіндегі ең үлкені және әдемісіне айналды.





Қалжан Ахун медресе-мешіті

Орналасқан жері: 45°4'29.816"N, 64°50'26.963"E, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қалжан Ахун ауылынан батысқа қарай 12 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі және авторы: XIX ғ. соңы

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер: Қалжан Ахун медресесі діни училище болып саналады, төртбұрышты (44x44 м) бірқабатты кең ауласы мен жартылай дөңгелек бас кіреберісі әдемі кірпіш элементтерімен қаланған кейбір «шығыстық» стильдік белгілері бар ғимарат. Медресе жиырма хужра (сынып) бөлмеден және қосымша жеті бөлмеден тұрады. Ауланың орталығында құдық бар.

Медресе Қалжан Ахунның есімімен аталған (Қалжан Ахун Бөлекбайұлы, 1862-1916) – халық құрметтейтін имамның діни жетекшісі.

Бала кезінен жетім қалған ол барлық материалдық қиыншылықтарға қарамастан, үнемі оқыды. Отыз жасына қарай Көкілдаш медресесінің (Бұқара) заң факультетін тәмамдайды да, «Ахун» атағына ие болады (заңдық білімі бар жоғары білімді және шешендік қабілеті бар адам). 1890 жылы Қалжан Ахун Арал жанына Бұқара медресесінде бірге оқыған имамның шақыртуымен келеді. Осында қалуды шешіп, Қалжан Ахун ағартушылық жұмыстармен кеңінен айналыса бастайды, мешіттер ашады, барлық балаларды дініне қарамастан, сауатты жазуға үйретеді.

XX ғ. бірінші жартысында медресе мектеп-интернат ретінде қолданылды, ал 30-жылдары дін мен руханилықтың барлық белгілерінен құтылу барысында ғимарат малдарға арналған аулаға айналды. Ұлы Отан соғысы кезінде онда қайтадан мектеп ашты, бірақ соғыстан кейінгі жылдары медресенің барлық аумағы арнайы қоныс аударушылар үшін баспанаға айналды. Ғимаратта ауқымды жөндеу жұмыстары тек 1998 жылы жергілікті халықтың көмегімен жүргізілді.





Айтбай мешіті

- Орналасқан жері:** 44°50'21.340"N, 65°29'35.956"E, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сәтпаев көшесі, 18.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі және авторы:** 1878 ж. Исхан мен Камал шеберлер.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
- Тарихи деректер:** Айтбай мешіті қазіргі Қызылорда үшін (бұрынғы Перовск) қаланың ең көне сәулет ескерткіші болып саналады. Мешітті атақты бұқаралық көпес Айтбай Балтабаев қаржыландырып, салдыртады.

Мешіт созылған тік бұрышты (22x16 м) болып салынған. Жалпы жоспары екі негізгі бөлмеге бөлінеді: зал және кіреберісі. Қабырғалары күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған, шатыры темір шатырмен жабылған. Алдыңғы жағы әдемі кірпіштермен қаланып безендірілген. Ғимарат далалық және ортаазиялық дәстүрде салынған Сырдария маңы архитектурасының озық үлгісі ретінде саналады. Кеңестік дәуірде ғимарат өзінің мешіттік маңызынан айырылады. 70-жылдары мұнда облыстық өлкетану мұражайының филиалы орналасты. 90-жылдары ғимаратты Қазақстанның республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіштері тізіміне енгізілген және кәсіби қайта жаңғыртушылар оны зерттей бастайды. XX ғасырдың соңында мешітке түбегейлі қайта жаңарту жұмыстары жүргізілді. Діндарлардың қаржысына мұнара орнатылды, алғашында бұл мұнара жоспарланбаған еді. Барлық жұмыстар «Қазақстан қайта жаңарту» кәсіпорны мамандарының пікірін есепке алмай жүргізілді. Сондықтан да Айтбай мешіті мәдени мұраның тарихи ескерткіші ретінде өзінің барлық құндылығын жойды. 2013 жылы ғимарат қайтадан өзгертіледі. Бұл жолы мемлекеттік ұаржыландыру есебінен жаңартылады. «Қазақстан қайта жаңарту» мамандары қатаң түрде бекітілген жоба бойынша бұрынғы кейпін қайта тудыруға тырысты.





Қазалыдағы Ғани Мұратбаев атындағы тарихи-мемориалдық мұражай

- Орналасқан жері:** 45°45'46.926"N, 62°6'6.664E, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қ., Счастнов көшесі, 13.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі және авторы:** ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басы.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.
- Тарихи деректер:**

1968 жылғы 7 қарашада Халық депутаттары кеңесінің Қазалы аудандық атқару комитетінің шешімімен Қазалы қаласында Ғани Мұратбаев атында Революциялық Мемориалды мұражай ашылды. Ұзақ уақыт бойы мұражай облыстық тарихи-өлкетану мұражайының кішкентай филиалы болып саналды. Ғани Мұратбаев (1902-1925) – Қызылорда облысының тумасы, Қазақстандағы комсомолдар қозғалысының негізін салушы және атақты қоғам қайраткері.

Ғани Мұратбаев – Қазақстанның алғашқы жастар бірлестігін құрудың бас бастамашыларының бірі. 1981-1984 жылдары мұражайға толығымен қайта бастау және қайта құру жұмыстары жүргізілді, жалғама жұмыстары жасалды. 1981 жылдан бастап Ғани Мұратбаев мұражайы республикалық маңызы бар жеке мұражай болып құрылады. 1991-1992 жылы Ғани Мұратбаевтың 90-жылдығына орай, мұражайда қайта бастау жұмыстары жасалып, кино залы, сақтау қорлары мен қазандық сияқты кейбір бөлмелер қосылды. 1998 жылы Қазақстанда Ғани Мұратбаев атында қор ашылды. 2007 жылы мұражай Ғани Мұратбаевтың туғанына 105 жыл толуын тойлады.

Экспозициялық залда Ғани Мұратбаевтың жұмыс кабинеті ашылды. 2008 жылы наурыз айынан сәуірге дейін мұражай залдарын қайта бастау жұмыстары жүргізілді. Үлкен көлемді жаңа «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі» залы пайда болды. Бүгінде мұражай топтамасы 5710 жәдігерден тұрады, оның ішінде 1130 жәдігер Ғани Мұратбаевтың өмірі мен жұмыстарына қатысты.






Оқушылар үйінің ғимараты (Роза Бағланова атындағы бұрынғы аудандық мәдениет үйі)

- Орналасқан жері:** 45°51'2.621"N, 62°9'35.068"E, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би ауылы, Әйтеке би көшесі, 1.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі:** 1904 ж.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.
- Тарихи деректер:** Бұл ғимаратта басында әскери шіркеу орналасқан болатын. Қабырғалары күйдірілген кірпіштерден қаланды, шатыры жалпақ темірмен жабылды, күмбездің ұшында өз кезегінде православиелік крест орнатылған.
- 1924 жылы жергілікті тұрғындардың қатысуымен крестті алып тастау туралы шешім қабылданды.
- 1980 жылы нысанды «Қазақстан жобалау қайта құру» институты мамандарымен зерттелді, олар көне діни ескерткішті есепке қою үшін құжаттар дайындады.
- 1992 жылға дейін ғимаратта теміржол клубы орналасты.
- 1992 жылдан бастап 2015 жылға дейін ғимаратта Роза Бағланова атындағы аудандық Мәдениет үйі орналасты.
- Қазіргі уақытта мұнда аудандық оқушылар үйі орналасқан.





Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайы

- Орналасқан жері:** 44°50'35.12"N, 65°29'46.18"E, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., М. Әуезов көшесі, 20.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі және авторы:** ғимарат 1953 ж. салынды, мұражай 1939 жылы құрылды.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайының негізі 1939 жылы қаланды. Алдымен мұражай Перовсктағы Қазан қаласының Құдай ана ескі православиелік шіркеуінде орналасқан болатын. Мұражай қорларының негізі нумизматикалық топтамалардан және көне қарулардың кішкене жинағынан тұрды.
- 1980 жылы мұражай өз ғимаратына ауысып, өз жәдігерлерінің қорын айтарлықтай арттырды. Мұражай қаланың көрнекті архитектурасы болып табылатын 1953 жылғы алып ғимаратта орналасты.
- Бүгінде мұражай қорындағы жәдігерлер саны қырық мыңға дейін жетеді, бес мыңнан астамы тұрақты жәдігер болып табылады. Қазіргі уақытта мұражайда аймақтың тарихи-мәдени дамуының бейнелі көрінісінен хабар беретін он бір зал жұмыс істейді.
- Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайы облыс пен қаланың саяхатшылар міндетті түрде келетін орнына айналды.





Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық музыка-драмалық театры

- Орналасқан жері:** 44°50'33.875"N, 65°30'18.518"E, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 1.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі және авторы:** 1955 ж.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** Қызылордалық музыка-драмалық театры алпыс жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Театр труппасы аймақтың әртүрлі совхоздары мен колхоздарынан жиналған жеке ұжымдардың бірігуі негізінде құрылды. 1955 жылы құрама труппа өзінің алғашқы театр маусымын Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашты. Бұл қойылым өз деңгейінде және жоғары кәсібилігінің арқасында облыста ғана емес, республикада да үлкен табыс әкелді. 1960 жылы театр ресми түрде облыстық театр атанып, Қызылордаға көшеді.
- 1967 жылы театрға Нартай Бекежанов есімі бұйырады. Нартай Бекежанов – ҚазКСРО еңбегі сіңген өнер қайраткері, ақын және композитор.
- Өзінің қазіргі мәртебесін музыка-драмалық театр ұжымы 1997 жылы алады.
- Өзінің даңқты тарихында бұл театр әртістері көптеген марапаттарға ие болды, олардың ішінде ҚазКСРО құрметті атағы да бар, кейін тәуелсіз Қазақстанның марапаттары да қосылды. Ұжым мен оның жеке өкілдері болып саналатын әртістер бірнеше рет түрлі республикалық және халықаралық байқауларда, фестивальдарда жеңімпаз атанды.





А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет орталығының ғимараты

- Орналасқан жері:** 44°50'29.89"N, 65°29'27.93"E, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 21.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі және авторы:** 1959 жыл.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** Бұл нысан посткеңестік кеңістіктегі барлық ғимараттарға тән соғыстан кейінгі алып архитектураның озық үлгісі саналады. Ғимарат кеңдігімен және классикалық еуропалық, стильдік шығыстық үлгілерінің керемет үйлесім тапқан таңғажайып архитектуралық талғамымен ерекшеленеді.
- Өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін ғимаратта Қызылорда қаласының концерттік-эстрадалық бюросы орналасқан болатын. Ал 1972 жылдан бастап мұнда Қызылорда облыстық Мемлекеттік филармониясының негізі қаланды.
- 2009 жылы ескерткіштің құжаты қайта жасалды, 2010 жылы күзет тақтасы қойылды. 2014 жылы А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет орталығының ғимараты толықтай жаңартылды.
- Қазіргі уақытта бұл ғимарат қалалық мәдениет пен тілдерді дамыту бөлімі, облыстық филармония мен алты этномәдени орталықтар орналасқан Мәдениет орталығы болып табылады.





Екі дүркін Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевқа арналған мүсін

Орналасқан жері:	44°50'28.338"N, 65°30'14.548"E, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., орталық алаң, «Қызылорда облысының құрметті азаматтары» аллеясы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі және авторы:	1975 ж., мүсінші А. Пекарев, сәулетшілер А. Борецкий, К. Кульбашева.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер:	Екі дүркін Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев мүсіні – қазіргі Қызылорданың ең көрнекті ескерткіштерінің бірі. «Қызылорда облысының құрметті азаматтары» аллеясында бұл мүсін ерекше орын алады. Ыбырай Жақаев (1891-1981) – Қызылорда елінің мақтанышы.

Жарты ғасырдан бері күріш өсірумен айналысқан ол азабы көп осы кәсіпті жаңа деңгейге шығара алды. Алынған өнімнің көлемі бойынша әлемдік рекорд жасады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ы. Жақаевтың табысы жауларға қарсы тұруға үлкен үлес қоса отырып, жеңіске деген сенімділікті ұялатты. Соғыстан кейінгі жылдары Ы. Жақаев күріш өсірудің жаңа әдісін ойлап тауып мақұлдады. Кейін бұл әдісті бүкіл әлем қолданды, әсіресе күріш мекені болып саналатын Шығыс Азия елдерінде. Қартайған шағында Ыбырай Жақаев өзінің жеке «аграрлық» мектебін ашады, мұнда күріш өсіруші жаңа ұрпаққа әртүрлі әдістерді үйретіп, өз тәжірибесімен бөлісті, жаңа сынақтар жасады, өз жерін сүюді, қадірлеуді үйретті. Отан алдындағы ерекше қызметі үшін Ыбырай Жақаев екі рет мемлекеттің ең жоғары және құрметті марапаттарының бірі Социалистік Еңбек Ері атағын (1949, 1971) алды және Сталиндік сыйақының лауреаты болды. 1975 жылы «Еңбек аллеясында» ризашылығын білдіру үшін халық батырға мүсін орнатады.

Бүгінде бұл орынды да Ыбырай Жақаевтың есімі сияқты қатты құрметтейді. Мұнда жастар, қонақтар, саяхатшылар батырды еске алуға келеді.





Қорқыт ата мемориалдық кешені

Орналасқан жері: 45°36'12.215"N, 63°56'5.125"E, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы ауылынан 18 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі және авторы: 1980 жыл, сәулетші және мүсінші Б. Ибраев.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.

Тарихи деректер, аңыздар: Қорқыт ата мемориалдық кешені Қазақстанның киелі нысандарының ішінде ерекше орын алады. Қорқыт ата – тек қазақтың емес, барлық түрік халықтарының данасы. Ол – бақсы және көріпкел, ақын, композитор, музыкант, қобыздың аңызға айналған жасаушысы, төкпе ақын. Шамамен VIII-IX ғғ. өмір сүрген Қорқыт ата – Орта Азия мен Орталық Азияның көптеген халықтарының мәдениетін қосатын түрлі шығармалардың авторы.

XIX ғасырдың соңында саяхатшы және зерттеуші А. Диваев фототаспаға Қорқыттың жерленген жерін түсіріп алды. Ол бақалшақтардан жасалған қарапайым төрт бұрышты ғимарат. 1980 жылы Қорқыт атаның жерленген орнында ерекше монумент жасалды. Оның архитектуралық бейнесін Бек Ибраев жасап шығарды. Оның үлкен қобыздар түріндегі жел соққанда «әндетіп» тұратын архитектуралық ескерткіші негізгісі болып табылады (авторлары сәулетші Б. А. Ибраев пен физик С. И. Исатаев). Төрт қобыздан тұратын құрылымға бекітілген қырық металл құбыр дала желі соққан сайын қобыздың дауысына салып әндетеді.

1997 жылы кешеннің аумағында қайта қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, кішігірім қонақүй мен өте қызықты символдық кіші архитектуралық пішіндер пайда болды. 2000 жылы кешенді салу жұмысы Қорқыт ата мұражайы мен әкімшілік ғимаратын салумен аяқталды. 2014 жылы еліміздің алғашқы Президенті Н. А. Назарбаевтың бастамасымен көлемді жаңарту жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде кешен саяхатшылардың үлкен тобын қабылдай алатын жаңа сипатқа ие болды.





«Ақмешіт-Сырдария» мешіті

Орналасқан жері: 44°47'11.68"N, 65°31'36.19"E, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Жібек жолы көшесі, Сұлтан Бейбарыс көшесінің қиылысы, 14.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі және авторы: 2008 ж. сәулетші К. Жарылғапұлы.

Нысан мәртебесі: діни-тәуап етуші мекеме.

Тарихи деректер: «Ақмешіт-Сырдария» мешіті Орталық қалалық мешіт болып табылады. Мешіт аумағының жалпы ауданы 5,257 га жерді құрайды. Ғимараттың өзінің ауданы – 3363 шаршы метр. Ғимарат ақ мәрмәрдан салынған және үш көгілдір күмбезбен әшекейленген. Орталық күмбездің биіктігі жиырма бес метрге, ал алдыңғы екі мұнараның биіктігі отыз жеті метрге жетеді. Басқа екі мұнара кішірек, олардың биіктігі жиырма екі метрге жетеді.

Мешіттің сыртқы көрінісі ерекше талғаммен салынғандығын байқатады. Намаз оқуға арналған үлкен залдың сәнін Ираннан әкелінген кілем мен таза шыныдан істелінген аспалы шам келтіріп тұр.

Мешітке 1300 адам оңай сыйып кетеді. Әйелдерге арналған зал 300 орынға есептелген. Сонымен бірге мешіттің ғимаратында дәстүрлі жиындар мен 200 орындық асханаға арналған арнайы бөлме бар.






Мұстафа Шоқай ескерткіші

- Орналасқан жері:** 44°50'7.847"N, 65°30'20.851"E, Қызылорда облысы, Қызылорда қ.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі және авторы:** 2017 ж., мүсінші К. Байғазиев. мүсіндік монумент.
- Нысан мәртебесі:** Қазақтың атақты қоғам және саяси қайраткері, публицист, Біртұтас Түркістанның тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрес идеологы, Түркістан автономиясының басшысы, «Алаш Орда» үкіметінің мүшесі Мұстафа Шоқайға (1890-1941) арналған монумент Қызылорданың «ең жас» көрнекті ескерткіші болып табылады.
- Тарихи деректер:** Монументті (12 м) мүсіндік құрылымның авторы – Көшер Байғазиев. Қоладан жасалған ескерткіш М. Шоқайдың толық көлемді мүсіні болып саналады. Ол таяғына сүйеніп, жайлап адымдап келе жатыр, жоғарыдан кезінде туған жерінде өзі құрғысы келген жаңа әлемге зер салып қарап тұр.





Маңғыстау облысы (бұры – Маңғышлақ) Қазақстанның Оңтүстік-Батысында орналасқан. 1973 жылы негізі қаланды. 1988 жылы облыс қысқартылып, 1990 жылы қайта қалпына келтіріліп, Маңғыстау облысы деген атауға ие болды. Маңғыстау облысының аумағы 165,6 мың шаршы шақырымды құрайды (Қазақстанның жалпы аумағының 6,1% алып жатыр). Қазіргі уақытта облыс тұрғындарының саны 669159 адамға жетті. Облыс орталығы – Ақтау қала-кемежайы (1963 ж. негізі қаланды).

Маңғыстау облысы – жыл сайын 30% мұнай өндірілетін Қазақстанның өнеркәсіптік өлкесі. Мұнда Ақтау–Жетібай–Өзен мұнай құбыры өтеді. Облыс экономикасының негізін мұнай-газ өнеркәсібі құрайды, оның көлемі аймақта өндірілетін өнімнің жалпы өнімділік көлемінің 90%-нан астамын құрайды. Мұнай мен газдың үлкен қоры Маңғыстауды шетелдік және отандық ірі компаниялардың маңызды қаржылық мүддесінің орталығына айналдырды.

Маңғыстау басқа да пайдалы қазбаларға бай, фосфор, минералды және ас тұзының, темір кенінің, уранның мол шоғыры мен сирек кездесетін металдар бар. Өңірдің тағы бір ерекшелігінің бірі: бірден құрылыс материалы ретінде қолдануға дайын әктас-ұлутастарының сирек кездесетін шоғыры болып табылады. Ол тек Қазақстан мен ТМД елдерінде ғана емес, сондай-ақ көптеген алыс шетелдердегі мемлекеттерге шығарылады.


Маңғыстаудың географиялық жер бедері алуан түрлі және Каспий жағалауындағы Каспий маңы ойпатынан бастап оңтүстіктегі Маңғыстау тауының кең-байтақ биік жерлеріне дейін түрленіп отырады. Облыстың ең биік нүктесі – Бесшоқы шыңы, сондай-ақ Үстірт шоқысы, Маңғышлақ пен Кендірлі-Қаясан. Облыс аумағындағы таңғажайып орындардың бірі Қазақстандағы ең терең құрғақ Қарақия ойысы болып табылады.

Үстірт мемлекеттік табиғат қорығының да алатын орны ерекше (1984 жылы негізі қаланды). Қорықтың жалпы ауданы – 223,3 мың га. Қорықтың ұйымының жұмысы Үстірт шоқысының солтүстік шөл даласының табиғат кешенінің табиғи жағдайын, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлемінің эндемикалық сирек кездесетін түрлерінің қатарын сақтап қалуға бағытталған.

Б.з. I мыңжылдығында Маңғыстау аумағы бойынша Хорезмнен Еуропаға, одан әрі Таяу Шығысқа қарай Ұлы Жібек жолы өтті. Үстірт шоқысы арқылы барлық инфрақұрылымы бар керуен жолы жүргізілген. Алайда Халықтың жаппай көшуі мен сансыз шапқыншылықтың белсенді жұмыс істеп тұрған сауда-экономикалық және мәдениет жолына айтарлықтай әсер етті. Ал ортағасырдағы моңғол шапқыншылығы жер бетінен оның белгілерін мүлдем жойып тастады.

Маңғыстау облысы – бұл ашық аспан астында орналасқан айрықша археологиялық қорық. Он бір мыңнан астам тарихи ескерткіштері мемлекеттің қорғауына алынған. Жалпы, Маңғыстаудың барлық жері анық байқалатын сакралды мәнге ие және жаппай қажылық ету мекені болып табылады. Ертеден-ақ Маңғыстау 362 әулиенің, яғни 362 диуананың орны болып саналады. Аңыздарға сүйенсек, өз кезегінде сопы Қожа Ахмет Яссауидің (1103-1166) осы 362 мұрит оқушылары Шопан ата, Шақпақ ата, Қошқар ата, Масат ата, әзірет Сұлтан, Кенті баба және басқалары осы өңірге суфизмді тарату үшін келген. Осы әулиелерге және олардың мәңгілік мекеніне айналған жерге бас ию үшін әлемнің түкпір-түкпірінен көптеген қажылыққа баратын адамдар, қайғырып жүргендер, саяхатшылар ағылып келіп жатады.

Көне қорымдар, кесенелер, ортағасырлық жерасты мешіттері, көне мекендердің қалдықтары ерекше күйге бөлейді және осы өңірге таңғажайып көрініс сыйлайды. Табиғи және тарихи-мәдени көріністің ерекшелігі өңірдегі туризмнің дамуының әлеуетті факторы болып табылады.





Шерқала

Орналасқан жері: 44°15'18"N, 52°00'23"E, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Ақтау қаласынан Солтүстік-Шығысқа қарай 94 км, Шетпе ауылынан 18 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: геоморфологиялық.

Нысан мәртебесі: бірегей табиғи ландшафт.

Тарихи деректер, аңыздар: Шерқала – табиғи нысан, қоршаған жазықтан биіктеу, жалғыз тұрған ерекше пішіндегі әктасты тау. Белгілі бір аралықтан қарағанда, тау үлкен ақ киіз үйді еске түсіреді. Шерқала ұйықтап жатқан үлкен арыстан іспеттес. Қаланың «Шерғала» деген атауы да осыдан пайда болған (түркімен тілінен аударғанда «Арыстан тауы»).

Шерқаланы әртүрлі көлемді шар тәрізді қойтастың жұмырланған минералды түзілісінің ұсақ жыныстары қоршап тұр. Олардың кейбіреуі бүтін, ал кейбірі жел мен температураның ауытқуының әсерінен жарылып кеткен. Жасыл даланың көрінісі, ақбасты тау мен қойтастар жер бетіндегі жұмақ тәрізді.

Шерқала тауы солтүстік жерлерінен Бұқараға дейінгі көне керуен жолында орналасқан. Сондықтан да ортағасырларда осы аймақтың ең биік нүктесі ретінде тауда сауда жолдарын қорғайтын қамал тұрғызылған. Қазіргі күнге дейін қамал қабырғаларының, керуен сарайлардың, күзет бөлімдерінің бөліктері сақталған. Қамал орта ғасырда-ақ өртеніп кеткен, бұдан кейін қалпына келтірілмеді.

«Арыстан тауы» жайлы Әлем тауы туралы ислам дініне дейінгі сюжеттерден бастап тауға бас ию туралы сопылық тәмсілдерге дейін аңыздар көп. Көптеген қажылыққа баратын адамдар ертеректегідей, қазір де киіз үй, Арыстан іспеттес ержүректілік пен күштің символына айналған тауға құлшылық етуге барады.

Қазіргі қажылар мен саяхатшылар іштерінен тілек тілеп, алдарынан кездесетін әрбір бейнесін естерінде сақтауға, тауды айналып өтуге тырысады (сол кезде құпия армандар орындалады деп сенген).





Шопан ата қорымы

Орналасқан жері: 43°32'54.3"N, 53°23'16.1"E, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Сенек ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 25 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: архитектуралық ансамбль.

Кезеңі: X-XIX ғғ.

Нысан мәртебесі: Республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.

Тарихи деректер: Шопан ата қорымы Маңғыстаудан Хорезмге қатынайтын көне керуен жолының бойында орналасқан және Қазақстанның ең көне ескерткіштерінің бірі саналады. Қорымда төрт мыңнан астам әртүрлі кезеңдегі және алуан түрлі үлгідегі молалар бар. Ең ертедегі қабір үстіндегі ғимараттың мерзімі X-XII ғғ. деп белгіленген. Кейінгілері шамамен қазіргі уақытты көрсетеді. Ертеректегі мұсылмандық молалар белтас, пирамида, қарапайым тас қоршаулар түріндегі ескерткіштер болып саналады, пішіні бойынша ең қарапайым нысандарды уақыт өте келе кесенеге айналдырды. Сағанатамдар, сандықтастар, ұштастар, құлпытасы бар қойтастар кеңінен танымал, кешеннің оңтүстік-батыс бөлігінде жерасты мешіті мен Шопан ата моласы, сондай-ақ қабір үстіндегі көне ескерткіштер бар.

Жергілікті фольклорлық шығармаларға сүйенсек, Шопан ата атақты сопы Қожа Ахмет Яссауидің оқушысы болған. Бір күні Қожа Ахмет өзінің оқушы ізбасарларын жинап алады да, киіз үйдің шаңырағынан оқтарын атып шығаруды бұйырады. Оқ ұшып қонған жерде олар суфизм идеясын уағыздауы тиіс. Шопан атаның оғы Маңғышлаққа дейін жетіп, бай малшы Баянның ауылының жанындағы кішкентай таудың үстіне құлайды.

Бай дана кісі болып шығады, жаңадан келген адамның бойынан ерекше қасиетін байқайды да, өз қызын оған әйелдікке береді. Болашақта да күйеу баласының барлық бастамаларына қолдау көрсетіп отырды. Оқ құлап түскен таудың етегінде Шопан ата қылу (жерасты мешіті) салады. Тарихи деректер мен аңыздар Шопан ата мешіті кешенінің мерзімін Дешті-Қыпшақтарға алғаш дін уағыздаушыларының басып кіруі басталған XII ғ. соңы – XIII ғ. басы деп белгілеуге мүмкіндік берді. Алғаш рет Шопан ата қорымы 1952 жылы Малбағар Меңдіқұлов жетекшілік еткен архитектуралық экспедиция тобы зерттеді. 1977-1978 жылдары Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің экспедициясы және 1982 жылы Мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау жөнінен республикалық қоғамның экспедициясы зеттейді.





Қошқар ата қорымы

- Орналасқан жері:** 43°46'43.2"N, 51°04'39.9"E, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшүкір ауылының жа-
нында, Ақтау қаласынан 17 км жерде.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** ансамбль.
- Кезеңі:** IX-XX ғғ.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.
- Тарихи деректер:** Қошқар ата қорымы – Маңғыстаудың көне және көлемді жерлеу кешені. Қорымның атауы бір жағынан әулиенің атына байланысты қойылған, аңыз бойынша ол Қорасаннан осы жер-
ге келген, екінші жағынан мұнда стильді қойлар пішініндегі қойтас құлпытастың көптігінен туған. Жергілікті аңыздарға сүйенсек, Қошқар ата – тақуа адам болған, өмірдің тауқыметінен қашқан. Адамдардан қашықта өмір сүрген ол бұғының етімен тамақтанды.

Қорымның аумағы айтарлықтай кең. Қошқар қойлардың пішінінен басқа, сағанатам түріндегі құлпытастар бар (олардың барлығы кешеннің шығыс бөлігінде көп орналасқан). Ескерткіштің бүйір жағында тамғалар мен араб тілді эпитафиялар ойып салынған. Осы қорымға құлшылық ету тәжірибесі ертеден келе жатыр. Қазіргі уақытта осы нысанға ғылыми және құлшылық етуге деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. Осындай нысандардың шырақшылары мұндай орындарға келер алдында рухани-адамгершілік қасиеттерді сақтау керектігі туралы үнемі айтып келеді.

Құлшылық етушілер мен саяхатшыларға арнап, нысанды қорғау және келушілерге ыңғайлы жағдайды қамтамасыз ету бойынша үлкен шаралар жүргізіледі. Қорымның аумағы әлі де салынып жатыр, қазір ол биік қақпалары бар биік қоршаулармен қоршалған, әкімшілік ғимаратта және күзет үйшігінде түбегейлі жөндеу жұмыстары жүргізілді, маңайы жарықтан-дырылды.





Бекет ата жерасты мешіті

Орналасқан жері:	43°35'50.1"N, 54°04'12.7"E, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Сенек ауылынан сол-түстік-шығысқа қарай 85 км жерде, Оғланды мекенінде.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	XVIII ғ.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Бекет ата жерасты мешітінің қазақстандық діни сакралды нысандар арасында ерекше мәртебеге ие. Әлеуметке ықпалы жағынан бұл мешіт Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Иерусалимдегі Омар ата мешіті сияқты киелі орындармен қатар қоюға болады. Жолы қиын жерде орналасқан, әктасты жартасты түзілістерден ойылып жасалған мешіт құлшылық етушілер үшін ең қасиетті орындардың бірі болып саналады. Кешеннің құрамына құлпытас, тау шыңындағы ақ қабырғалы мешіт, яғни жерасты мешітінің өзі енеді.

Бекет ата (Бекет Мырзағұлұлы) (1750-1813) адай руының ішіндегі мұңал тегінен шыққан. Жас кезінен бастап ұшқыр ойымен, әскер өнерін жетік білуімен ерекшеленді. Құлшылық етуші ретінде Шопан ата қорымына келген жас жауынгердің түсінде аян беріледі. Шопан ата оған алдымен өзі оқуын, ал содан кейін басқаларға үйретуді бұйырады. Хиуада атақты диуана Бақыржан қажыдан көп жылдар бойы сабақ алғаннан кейін Бекет туған еліне оралады. Жас кезінде ол шебер қолбасшы және ержүрек жауынгер ретінде танымал болады. Туған жерінде бейбітшілік пен келісім орнатқысы келген Бекет дін жолына түседі. Диуана болып, төрт жартасты мешіт салады. Бірінші мешіт Құлсарыда – Ақ мешіт, екінші мешіт Бейнеу ауылынан алыс емес жерде борлы жартаста, үшіншісі – Байшатырда, Үстірт шоқысында, және төртіншісі жерасты мешіті Оғланды шатқалында көлемді жартаста ойып салынады. Барлық төрт мешіттің ішінде Оғландыдағы кешен діни және ғылыми орталық болып табылады. Сондай-ақ мұнда әулиенің өзінің моласы орналасқан. Диуана, дәруіш, сәулетші, дана, ұстаз Бекет ата туған жерін қорғаушы және даналар мен әділ жандардың жебеушісі болып саналады.





Қарағашты әулие қорымы

Орналасқан жері:	44°28'17.6"N, 50°53'04.8"E, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 57 км жерде.
Ескерткіш/нысанның түрі:	ансамбль.
Кезеңі:	X-XIX ғғ.
Нысан мәртебесі:	жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер, аңыздар:	Қорымның атауы осы жерге тән емес қарағаштардың тобына байланысты пайда болған. Ең көне ағаштар уақыт өте келе оралып өсіп, таңғажайып пішінге айналды. Қарағаш – бірлесе келе күрделі кескіні бар ерекше семантикаға ие ағаш, оны халық арасында тіпті «киелі ағаш» деп те атады.

Бір жағынан бұл жерлеу кешені – өңір үшін қарапайым пішін, бірақ екінші жағынан алып қарағанда, «Қарағашты әулие» аумағында кесенеден бастап кішкене архитектуралық пішіндегі барлық салттық нысандардың түрлері жиналған. Шамамен 180 ғимарат мемлекет қорғауына алынды. «Қарағашты әулие» кешенінің өзгешелігі – құлпытастардағы оюлы және көркем бейнелердің көптігі. «Стандартты» оюлы құрылымдардан басқа, құлпытастар мұнда жерленген адамның кәсібінен хабар беретін символдық стильде әшекейленген. Мысалы, ол тас кесу құралдары (қашау, қысқаш, зілбалға, т.б.) немесе жауынгерлік құралдар (қылыш, қалқан, дулыға) және басқа да көптеген құралдар болуы мүмкін.

2005 жылы мұнда үлкен көлемде қайта жаңарту жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде көптеген ғимараттарға өзінің алғашқы бейнесі қайтарылды. Ескерткіштермен жұмыстан басқа, жоспар бойынша айтарлықтай маңызды қорым аумағынан су жүргізу жұмыстары жүргізілді. Жалпы «Қарағашты әулиені» жаңарту үшін 82 000 000 теңге қаражат жұмсалды. 2006 жылдан бастап «Қарағашты әулие» қорымы Маңғыстау облысының ТЖД қызметкерлерінің қарамағына бекітілген әлеуметтік жоба жұмыс істейді. Әр көктемде мұнда кешеннің аумағын жинастыру үшін сенбіліктер өткізіледі. Мұндай шаралардың басты мақсаты – осы бірегей ескерткішті сақтап қалып, өңірдің мәдени дамуына өз үлесінді қосу.





Әзірет Сұлтан қорымы мен жерасты мешіті

Орналасқан жері:	44°28'17.2"N, 51°00'44.2"E, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 57 км жерде.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	X-XIX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Әзірет Сұлтан жерасты мешіті Каспий теңізіне жақын жерде, әктасты жартаста орналасқан. Мешіт жануарлар мен өсімдіктер әлемінің бірегей эндемикалық түрі бар арна болып саналады. Бұл орын мешіт болып салынғанға дейін-ақ ерекше болған тәрізді, себебі мұнда тас дәуірінің бірнеше тұрағы табылды, кейінгі дәуірде түрлі пішіндегі діни нысандардың болғаны байқалады. Мешіт тоғыз бөлмеден тұрады, мешіттің жерасты бөлігіне жалпы кешеннің оңтүстік-батысында орналасқан тек жабық тар бөлме арқылы өтуге болады. Орталық галерея оңаша орналасқан бір бөлмеден басқа шамамен барлық бөлмелерді өзара байланыстырады.

Аңыздарға сүйенсек, әзірет Сұлтан – әулие, суда жүзетіндердің қорғаушысы, балықшылардың қамқоршысы және суға батып бара жатқан адамдардың қорғаушысы. Әзірет Сұлтан маңғыстаулық қазақтардың әңгімелерінде – ортаазиялық дәруіш ақын, Қожа Ахмет Яссауидің оқушысы Хәкім атаның (Сүлейме Бақырғани) ұлы. Дінде әзірет Сұлтан сумен байланысты. Теңіз немесе тұщы су мұнда ерекше символдық мәнге ие: бір жағынан, су – аналық стихия, шөл далада құтқарушы; екінші жағынан – теңіздің сұрапыл да талқандаушы күші. Тағы әзірет Сұлтан – жастар мен ынтызар жандардың қорғаушысы. Әзірет Сұлтанға қатысты оқиғалар XII ғасырға тиесілі деп есептеледі. Бірақ мешіттің өзін XVI ғасырда Қайролла деген мүрит салған болатын. Оған түсінде әзірет Сұлтан жерасты мешітін салуды бұйырады екен. 1982 жылы бұл нысан ҚазКСР Министрлері кеңесінің шешімімен мемлекеттік есепке және республикалық мәнде қорғауға алынды. 2003 жылы нысанның барлық аумағында А. Астафьев пен М. Калменовтің жетекшілік етуімен археологиялық апатты-құтқару жұмыстары жүргізілді. 2004 жылы «Маңғыстау қайта жаңарту» кәсіпорнының қызметкерлері М. Нұрқабаетовтың жетекшілігімен жаңарту жұмыстары басталып кетті. Әзірет Сұлтанның жерасты мешіті – көптеген саяхатшылар мен құлшылық етушілер үшін маңызды және киелі орындардың бірі.





Шақпақ ата қорымы мен жерасты мешіті

Орналасқан жері:	44°26'00.7"N, 51°08'20.1"E, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Таушық ауылы, ауылдан солтүстік-шығысқа қарай 45 км, Сарытас мекенінен оңтүстікке қарай 6 км, Шилиқұдық шатқалы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	мешіт – IX-X ғғ., қорым – XIV-XIX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және арихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық саралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Шақпақ ата жерасты мешіті – көшпенділердің тас кесу өнерінің нағыз үлгісі. Наным-сенімдерге сәйкес, VII-VIII ғғ. пайда болған Маңғыстаудың барлық жерасты мешіттері ислам дінін уағыздаушылардың қонысы болды. Мешіт құрамында қорым енетін барлық кешеннің ортасы болып табылады.

Мешіт толықтай үңгірде ойылған. Доспар бойынша крестке ұқсайды, төрт бөлмесі бар. Мешітке кіреберісі арка түрінде, жанында жартаста ойылған діни уағыздаушыларды жерлеуге арналған ойшықтар орналасқан. Кіреберісіндегі кеңістікте көптеген ашық алақан суреті, оюлар, араб тілді эпиграфтар айғыздалып салынған.

Мешіттің етегінде төбешіктің баурайында көне қорым бар. Ең ертедегі қабірлер ортағасыр кезеңіне жатады. Оғыз-қыпшақ дәуірінде пайда болған басқа да кешендердегіндей Шақпақ ата қорымының екі бөлігін бөліп көрсетуге болады: ертедегі – оғыз-түркімен және кейінгі қазақ.

Көптеген жергілікті аңыздар бойынша, Шақпақ ата мешітінің негізін қалаушы атақты әулие Шопан атаның немересі екен. Ол әулие ғана емес, сондай-ақ өзінің халқын басқа шапқыншылардан қорғаушы. Шақпақ ата даналықтан басқа, емшіліктің ерекше күшіне ие болды, сондықтан емделу үшін халық оған көптеп келе бастайды.

Наным-сенімдер бойынша, Шақпақ ата оның шын есімі емес, лақап аты болып келеді екен. Себебі әулие бір қолын екінші қолына тигізгенде, от пайда болатын. Жаулармен шайқасып жүргенде, әулиенің қаруынан үлкен отты ұшқындардың ұшатыны туралы сюжеттер келтірілген.





Қараман ата қорымы мен жерасты мешіті

Орналасқан жері:	43°53'59.5"N, 51°52'27.5"E, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 40 км жерде.
Ескерткіш/нысанның түрі:	ансамбль.
Кезеңі:	XIII-XIX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер, аңыздар:	Қараман ата жерасты мешіті аласа төбешіктің баурайында ойылып салынған және үш негізгі бөлмелерден тұрады. Төбешік аласа болғандықтан, мешіттің барлық бөлмелері төмен болып келген. Мешіттің солтүстік-шығыс бөлігінде үшінші дөңгелек бөлмеде ескі аңыз бойынша Қараман ата қабірі бар.

Қараман ата қорымы – көлемді жерлеу кешені, ертеде жерленген қабірлер орта ғасырға жатады, кейінгілері – XIX ғасыр. Кешен осы өңірге тән діни ғимарат болып саналады. Оның куәсі – жерасты мешіт, ертедегі оғыз-түркімендік құлпытастардың жиынтығы мен қазақтардың XVIII-XIX ғғ. жерлеу ғимараттары.

Аңыз бойынша Қараман ата (Қахарман ата) осы өңірге суфизмді таратуға келген үш жүз уағыздаушылардың бірі болған екен. Қараманның есімі түркімен аңыздарында жиі аталады, мұнда екі ағайынды бауырлардың (олардың біреуі Қараман батыр) Қожа Ахмет Яссауимен ұрысы олардың Маңғыстауға қоныс аударуына әкеледі. Көп ұзамай Қараман қайтыс болады. Осылайша қорым пайда болды, ал содан кейін жерасты мешіті салынды.

Қараман ата бейнесі – уәдеге беріктіктің, ойдың тазалығының символы. Әулиенің қабіріне бас июге келетін көптеген дін уағыздаушылары одан өзінің уәдеде тұруына, дұрыс шешімдер қабылдап, туғандарын қорғау үшін күш беруін өтінеді.





Уәли қорымы

Орналасқан жері:	44°27'47.38"N, 54°15'57.75"E, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сай Өтес теміржол бекеті, бекеттен солтүстік-шығысқа қарай 60 км жерде, № 6 жол айрығынан солтүстік-батысқа қарай 5 км
Ескерткіш/нысанның түрі:	ансамбль.
Кезеңі:	XI-XX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер мен аңыздар:	Уәли қорымы – Маңғыстаудың көне діни-мемориалдық кешенінің бірі. Өте ертедегі салттық құрылыстар IX ғ. жатады, кейінгілері – XX ғ. басы. Жалпы, Уәли қорымы осыған ұқсас кешендермен салыстырғанда, аса үлкен емес (ауданы 2,5 га), бірақ шоғырланған нысандарының көптігімен ерекшеленеді (328 ескерткіш).

Өте ертедегі ғимараттар қорымның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Бұл көбінесе қойтастар мен әктастан жасалған дөңгелек, төртбұрышты, тік бұрышты және доғал қоршаулар. Қорымның шығыс бөлігін адам тәріздес образдарды беретін өңделмеген тас немесе әдемі тақтайшалар түріндегі құлпытастары бар қоршаулар алып жатыр. Осылардың арасында ең көрнектісі болып табылатыны тақтайшада ойып салынған біртүрлі цилиндр бас киім киген адам бейнесінің барельефі. Кешеннің оңтүстігінде кішкентай біркамералы жерасты мешіті салынған. Оның жанында ашық қоршалған кеңістік бар. Олардың жобасы діни салттық рәсімдер орны болып табылатын сияқты.

Уәли қорымының бір құлпытасында мәнерлі жазуда: «...осы ғимаратты салушы қазақтың қарапайым Адай руынан шыққан; мұнда жерленген барлық адамдар да адайлықтар, өкінішке орай, өлімнен ешкім де қашып құтыла алмайды, тіптен бірнеше жыл бойы өлімнен қашқан Қорқыттың өзі де өледі. Құдайға шүкір, өмірден озғандарға біз ескерткіш орнаттық, бұл сарай оларға мәңгілік тұрақ болсын... тірілер малмен байығысы келетін нағандығының кесірінен өздерін алдайды; еңбексүйгіш сіздер алға қараңыздар, сіздердің алақандарыңызда сүйелдер аз ба, сондықтан да мұнда да еңбек белгілері бейнеленген» деп жазылған. Мүмкін, ең алдымен, Уәли қорымы бәр әулетке арналған кішкентай мазар болған шығар. Содан кейін XII-XIII ғғ. соңына қарай жерлеу кеңейе бастаған, қорымның өзі кешірек XVIII-XIX ғғ. құрылады.





Қамысбай қорымы

Орналасқан жері:	44°04'07.8"N, 52°15'28.5"E, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылынан шығысқа қарай 14 км.
Ескерткіш/нысанның түрі:	ансамбль
Кезеңі:	XV-XIX ғғ.
Нысан мәртебесі:	республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер:	Қамысбай діни-жерлеу кешені – Маңғыстау аумағындағы ірі қорымдардың бірі (ауданы 3,9 га, 450 ескерткіш – 60 ірі кесене, сағанатамдар мен 350 астам кішкене архитектуралық пішіндер – құлпытастар, қойтастар, сандықтастар, үштастар). Бұл орын халықтың этникалық шығармаларында ерекше күшке ие. XVII ғасырдан бастап Қамысбай адай-жанай әулетіне арналған мазар болады.

XIX ғасырға қарай Маңғыстаудың осы өңірінде мемориалдық архитектура мамандығына оқытатын таңғаларлық жергілікті тас кесуші шеберлер мен сәулетшілердің мектебі құрылады. Алғаш рет Қамысбай кешені ғылыми түрде 1971 ж. А. Орбадаевтың жетекшілігімен ҚазКСР Мәдениет министрлігінің экспедициясымен зерттеледі. Нәтижесінде қорым тарихи және мәдени ескерткіш ретінде мемлекет қорғауына алынады. Қамысбайға келген алғашқы археологтар мен қайта жаңартушылар тасқашаушылар мен таскесушілердің мұқият істелген жұмысын атап көрсетті. Сондай-ақ ешкімге ұқсамайтын сыртқы және ішкі қабырғаларын сәндеу мәнері. Жазбалардың сипаты айтарлықтай көңілді, ашық түстерді, мәнерлі оюларды, күрделі құрылымдық тәсілдерді қолданғаны қызықты. Халық есінде атақты шеберлердің есімдері сақталып қалыпты. Олардың бірі Қалмұхамбет ұста – ондаған ірі кесенелер мен жүздеген кішкене архитектуралық пішіндерді жасаған біртуар маңғыстаулық шебер. Сондай-ақ ол бірнеше жергілікті шеберлерден тұратын өз мектебін құрды, олардың арасында оның ұлдары да болған.

Қазіргі уақытта қорымды қайта жаңарту жұмыстары жүргізіледі. Аумақ қоршалған және оған күтім жасалады. Құлшылық етушілерге арналған кішкентай үй бар. Осы бірегей ескерткіштің сақталуына қауіп төндіретіні қалай болса солай орналастырылған көптеген жаңа құрылыстар,





Сисен ата қорымы

- Орналасқан жері:** 44°37'15.9"N, 53°34'56.1"E, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сай Өтес бекетінен солтүстікке қарай 30 км, Үстірт шоқысының батыс шыңында.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** ансамбль.
- Кезеңі:** XIII-XIX ғғ.
- Нысан мәртебесі:** республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
- Тарихи деректер:** Қорым Маңғыстаудың мемориалды жерлеу кешендерінің ең киелі орындарының бірі болып саналады. Әдебиеттерде алғаш рет ол 1825-1826 жж. полковник Ф. Бергтің жетекшілік еткен бірінші орыс әскери-шолу экспедициясының есептерінде аталады.

Сисен ата кешенінде діни ғимараттардың барлық танымал архитектуралық үлгілері байқалады. Негізгі жерлеу кешені осы өңірдің көрнекті ислам дінін уағыздаушылардың бірі Сисем ата мазарының айналасында пайда болады. Ол туралы нақты мәліметтер жоқтың қасы, бірақ аздаған аңыздарда оны оғыз-қыпшақ дәуірінде өмір сүрген делінеді.

Сисен ата кешенінде отыз ірі күмбезді кесенелер бар. Оған Маңғыстаудағы адай руының алғашқы қоныс аударуын басқарған батырлар, билер жерленген. Бұл кесенелер хиалық хандарға және басқа жаулап алушыларға қарсы шыққан халық батырлары Төлеп батыр, Қонай батыр, Сүйінқара батырға арналады. Сондай-ақ мұнда адай әулетінен шыққан атақты өкілдері жерленген.

Қорымды салуда басқа да осындай кешеннен ерекшеленетін сәулет өнерінің озық тәсілдері пайдаланған, пішіндерінің әсемдігі, ерекше бөліктер, әрлеудің нәзіктігі, мысалы, әйелдердің қабіріне орнатылған кейбір құлпытастар, «Еркектердің» құлпытастары соғыс белбеуінің, қолөнер құралдарының, кейде соғыс жылқылары мен алуан түрлі қаруларда бедерлі суреттерімен бейнеленеді. Маңғыстаудың басқа қорымдарының ішінде Сисен ата біршама жақсы сақталған.





Ескі Бейнеудегі Бекет ата жерасты мешіті

Орналасқан жері: 45°11'04.4"N, 55°06'31.7"E, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу бекетінен оңтүстік-батысқа қарай 17 км жерде орналасқан.

Ескерткіш/нысанның түрі: ансамбль.

Кезеңі: 1771-1775 жж.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сақралды нысандар тізіміне енгізілген.

Тарихи деректер, аңыздар: Бұл мешіт – хиуалық диуаналардан көп жылдардан бері оқып үйреніп, туған жеріне қайтып келген әулие Бекет ата салған төрт жерасты мешіттерінің бірі.

Бекет ата Мырзағұлұлы XVIII ғасырдың екінші жартысында Атырау облысының қазіргі Құлсары ауылының маңайында өмір сүрген. Аңызға сүйенсек, жас кезінде оның түсінде аян беріледі. Түснде әулие Шопан ата оған батасын беріп, алдымен өзі оқып, содан кейін басқаларға үйретуді бұйырады. Қырық жас шамасында ол диуана атанады, балаларды оқытып, түрлі аурулардан емдеді, адамдардың бойына дінге деген сенім ұялатты және суфизмдік философияны уағыздап жүрді. Бекет ата Батыс Қазақстандағы құрметті әулиелердің бірі болып саналады.

Жерасты мешіті жартасқа ойып салынған, үш бөлмеден тұрады. Мешіттің негізгі бөлмесі жсопарда дөңгелек болып келген. Төбесі жазық күмбез пішінінде. Жалпы сырт көрінісі қазақтың киіз үйіне ұқсайды.

Мұнда жерасты мешітінде шырақшылар қабылдайтын құлшылық етушілерге арналған заманауи инфрақұрылымдық нысандар салынған.





Омар мен Тұр кесенесі

Орналасқан жері: 45°16'21.5"N, 55°26'15.3"E, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу бекетінен 20 км жерде орналасқан.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: 1897-1898 жж., шебер Дүйсенбай мен Өмір Қаражүсіповтер.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Омар мен Тұр кесенесі – ағайынды шеберлер Дүйсенбай, Өмір мен Ордабай Қаражүсіповтер салған ХІХ ғасырдағы далалық архитектураның озық үлігілі ескерткіші. Осы архитектуралық ғимараттың қайталанбас бейнесі далалық сәулет өнерінің Маңғыстауда ғана емес, Қазақстан бойынша озық озық үлгілер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

Кесененің текшелі табаны телпек тәрізді күмбезден тұрады. Кесененің ғимараты құмдақ тақтайшалардан тұрады (көлемі 6,15x6,7 метр, ал биіктігі сегіз метрден асады). Қарапайым болып көрінген кесене алып, сонымен қатар әдемі. Алдыңғы жағының бұрышты үштөрттік бағаналар мен биік орталық қабырғалары, кретін саңылауы бар бөлімі ғимаратқа асылдық қасиет береді. Күмбез бен барабан кесененің бойлық және көлденең білігін цементтейтін төрт сәндік элементтермен байланыстырылған.

Аңыздарға сүйенсек, Омар – адай руынан шыққан атақты өкілі. Қайтыс болған ұлы Турды жоқтай отырып, ол ұлына арнап осы кесенені тұрғызады. Өзі қайтыс болғаннан кейін Омар да сол жерге жерленеді.

Омар мен Тұр кесенесінде төрт қабір бар екендігі белгілі – Адай руының Шонай тармағынан шыққан, 1920 жылы қайтыс болған 68 жастағы Омар Қаратауұлы, Адай руының Шонай тармағынан шыққан, 1918 жылы қайтыс болған Түрекеш Тұрұлы, Адай руының Шонай тармағынан шыққан 60 жастағы Бейнеу Омарұлы және Омардың ұлы Адай руынан шыққан Нұрдың қызы Жамал, 1905-1969 жж.





Т. Г. Шевченко мұражайы мен мемориалдық кешені

Орналасқан жері: 44°30'09.4"N, 50°15'52.4"E, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қ., Т. Г. Шевченко атындағы саябақ, Б.Маяұлы көшесі, 7.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: 1932 ж.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.

Тарихи деректер, аңыздар: Бұл – Маңғыстау аумағында ашылған алғашқы мұражай. Мұражай ғимараты 1853 жылы салынды, ертеректе коменданттың жазда демалатын ордасы болып табылатын. Мұражай кешенінің өзі Новопетровск бекінісінің бұрынғы бау-бақшасының аумағында орналасқан. Негізгі экспозиция коменданттық жазғы үйдің залдарында тұр. Он жылдың сегіз жылдан астамын украиндық танымал ақын, дарынды суретші Т. Г. Шевченко Маңғыстау жерінде айдауда өткізеді. Мұражай экспозицияларының негізгі бөлігі 1850-1857 жылдардағы Т. Г. Шевченко өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беретін материалдардан тұрады. Мұражай-мемориалдық кешен тек украин халқына ғана емес, қазақ халқына да маңызды болып табылатын Тарас Шевченконың жеңілмейтін батыр образын сипаттайды, Т. Г. Шевченко қазақ жерінің сұлулығын жырлаған алғашқы еуропалық суретші болды.

Сондай-ақ Т. Г. Шевченко Новопетровск бекінісінде бірінші ағашты отырғызғаны белгілі. Т. Шевченконың арқасында гарнизондық бақша жасыл саябаққа айналды деген әңгіме айтылады. Ақын Гурьевтен (қазіргі Атырау) өзі әкелген шыбықтан өсіп шыққан қызылталын отырғызды. Форт-Шевченко тұрғындары бір ғасырдан астам уақыт бұл қасиетті ағашты аялап күтті. Қазіргі уақытта да «Тарасовтың қызылталы» деген атпен танымал. Саяхатшылардың қызығушылығын туғызатын нысандардың бірі әлі күнге дейін «Шевченко құдығы» деген атпен белгілі екі құлама шатырдың астындағы көне қима болып табылады.

2017 жылы Тарас Шевченко мұражайы – Украинадан тыс орналасқан ақын мұражайы өзінің 85 жылдығын атап өтті.





Аса қасиетті, мархабатты Құдай ананың шіркеуі

- Орналасқан жері:** 43°39'41.6"N, 51°10'26.6"E, Маңғыстау облысы, Ақтау қ.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі және авторы:** 1996-2000 жж., сәулетші Л. М. Крамаренко.
- Нысан мәртебесі:** құлшылық ететін діни мекеме.
- Тарихи деректер:** 1990 жылы Ақтау қаласында «Истина» православтық қоғам құрылды. Округте ешқандай ғибадатхананың болмағандығын ескере отырып, «Истина» қоғамы қалада үлкен православтық махалла салуды мақсат етеді. Қала билігі бұл идеяны қолдайды. Сөйтіп 1990 жылы Ақтау қалалық кеңесінің атқарушы комитеті ғибадатхана салуға арналған орынды бөліп беру туралы шешім қабылдайды.
- Алғашқы уақытша ғибадатхана екі құрамалы қалқанды солдаттық казармадан жасалды. Ғибадатхананы 7 сәуірде Аса қасиетті мархабатты Құдай ана мейрамында ашады. Ғибадатханаға Құдай ананың есімі беріледі.
- 1996 жылы жаңа ғибадатхананы салу үшін тақта салынды. Халық көп жиналғанда, қала билігінің қатысуымен ғибадат дәріптелді, кресттік жүріспен құрылыс орнын жүріп өтті. Оралдық және Гурьевтік әмірші Антоний Архиепископ ғибадатхананың құрылысын салуды бастауға батасын берді.
- 2000 жылы ғибадатхананың құрылысы аяқталды. Құдай ананың бейнесін мәскеулік икон жазушы шеберлер жасады. 2000 жылдың 3 желтоқсанында Оралдық және Гурьевтік әмірші Антоний Архиепископ халық көп жиналғанда салтанатты түрде жаңа ғибадатхананы дәріптеді.





Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыка-драма театры

Орналасқан жері: 43°38'51.1"N, 51°09'27.5"E, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 8 ықшамаудан

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: 2003 ж.

Нысан мәртебесі: мәдени мекеме.

Тарихи деректер: театр 2003 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен ашылды. Жаңа театрдың премьерасы Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібек» спектаклі болды (режиссері Р. Машурова). 2006 жылы театрға халық әртісі Нұрмұқан Жантөриннің есімі берілді.

Театр көптеген республикалық және халықаралық фестивальдарға қатысып, он төрт бас жүлдеге ие болды. Театр репертуары өте қаныққан және әлемдік классиктер Шекспир, Ж. Мольер, Ф. Эрведен бастап, орыс драматургтары И. Разумовский, А. Володин, А. П. Чехов, Н. Птушкин, А. Вампиловқа дейін, көрші елдердегі С. Ахмад, М. Байджиев, Г. Хугаев, қазақ классиктері М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Кекілбаев, И. Сапарбай, Б. Беделханұлы, Т. Оразымбетовтың қойылымдарын сахнаға шығарған кең диапазонымен ерекшеленеді. Жергілікті автор Сайын Назарбектің «Ақбөбек» туындысы мен Н. Мұқановпен бірге қойылған «Ант» спектаклі – Маңғыстаудың бетке ұстар өзіндік шығармалары. Бұл театр өңірдегі жалғыз кәсіби театр болып табылатындықтан, бес бағытта жұмыс істейді: балалар театры, жасөспірімдер театры, орыс театры, музыка театры, драма театры. Сонымен бірге, көрермендердің өтініші бойынша театрда орыс труппасы ашылды.

Қазіргі уақытта театр ұжымында 51 әртіс жұмыс істейді. Театр репертуарында отыздан астам спектакль бар, олардың арасында әлем классикасы мен халық жазушыларының шығармалары бар. Труппа үнемі гастрольде жүрсе де, барлық республикалардан өзінің тұрақты көрермендерін жинап үлгерді.





«Бекет ата» орталық мешіті

Орналасқан жері:	43°39'38.5"N, 51°09'33.0"E, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	2003 ж.
Нысан мәртебесі:	құлшылық ететін діни мекеме.
Тарихи деректер:	Бекет атаның 250 жылдығына орай, 2000 жылы болашақ мешіт іргетасын салтанатты түрде қалау рәсімі өткізілді. Мешіттің құрылысы жиналған қаражат есебінен іске асырылды.

Бұл мешіт – қала мен облыстағы ең әдемі ескерткіштердің бірі. Қарапайым және пішіні бойынша алып Бекет ата мешіті бірден ерекше әсерге бөлейді. Ғимарат архитектуралық ережелердегі қағидаларға сәйкес салынғанына қарамастан, сәулетшілер қарапайымдылығы мен әдемі пішіндері, ашық түспен жылтырату және көлемді күмбезінің әрленім мен есебінен жергілікті ландшафтпен үйлесім табуын жақсы ойластырды.

Мешіттің жалпы ауданы 2810 м², елу метрлік мұнара әдемі бой көтерген. Мешіт еркектер залында 2000 дейін, ал әйелдер залында 300 дейін келушілерді қабылдай алады. Ішкі қабырғалары Жаратушының 99 есімі жазылған бірегей каллиграфиямен әшекейленген. Басты залда үстінде күмбезі бар михраб орналасқан. Осы жерде дін уағыздаушыларына арналған мінбер бар.

Екінші қабатта кішкентай зал бар, оның үстінде төрт кіші алтын күмбез орналасқан. Әйелдерге арналған залдың үстінде де екі кіші күмбездер орнатылған. Мешіттің кіретін есіктері өзіндік қолөнер туындысы болып саналады. Олар жаңғақ ағашының құнды тақтасынан кесіп алынған және жіңішке нақыштармен әшекейленген.





«Отпан тау» тарихи-мәдени кешені

Орналасқан жері:	44°11'27.9"N, 51°53'17.4"E, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Отпан тау тауы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі және авторы:	2007 ж., Сабыр Адай.
Нысан мәртебесі:	Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер:	«Отпан тау» тарихи-мәдени кешені уақыт пен ұрпақ бірлігін, ата-бабаларды құрмет тұтуды, олардың жастарға арналған өсиеттерін сипаттайды. Кешеннің жасалу идеясы мен тұжырымдамасы өңірдің көрнекті қайраткері, ақын Сабыр Адайға тиесілі. 2004 жылы «Адай» қайырымдылық қоры құрылды, ол жалпы жобаның бас демеушісі және бастамашысы болды. Бұл нысан – Маңғыстаудың барлық тұрғындарының біріккен күш-жігерінің нәтижесі. 2007 ж. тарихи-мәдени кешен салтанатты түрде ашылды. Кешен Отпан таудың шыңына орналасты. Ашық аспан астындағы ескерткіштер тобын құрайды.

Таудың шыңына апаратын соқпақ жол Маңғыстауда құрмет тұтатын ұлы диуаналардың санына тең 362 баспалдақтан тұрады. Негізгі мемориалдық нысандар: Маңғыстаудың өте биік географиялық нүктесі саналатын Отпан тауында орналасқан (теңіз деңгейінен 532 м) Аналарға арналған ескерткіш-стела, Адай ата монументі (37 метр). Бұл ақтасты кесене рубасы Адай ата мен оның екі ұлы Келімберді мен Құдайкеге арналған; ұлы әулие Бекет ата Мырзағұлұлына арналған Ақсарай мұражайы (2010 ж. салынған); «Көк бөрісі» монументі – Ұлы Түрік елінің тотемі; Отты факел – салттық оттарды жағуға арналған діни кеңістік. Ақсарай мұражайы қонақтарға Маңғыстау тарихына арналған тамаша көркем суретті экспозицияны ұсынады.

Барлығы мұражайда 6 зал бар: «Кешенді құру және дамыту залы», «Қазақ мемлекетінің құрылу тарихы», «Маңғыстаудың көне тарихы», «Маңғыстау мен маңғыстаулықтар», «Өнер», «Маңғыстаудағы Ислам діні». «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені өлкенің өзіндік діни және рухани шамшырағына айналды. Міне, бес жылдан астам уақыттан бері мұнда наурыздың 13-нен 14-не қараған түні (Амал – аймақтағы Наурыз мейрамын тойлаудың ең көне дәстүрі) әулеттің ақсақалдарының қатысуымен ата-бабалардың аруағына көрсетілген құрмет ретінде қасиетті Алау жағылады (Тағзым Алауы). Бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша бұл алау эстафета арқылы Адай руының сегіз ұрпағының өкілдеріне беріледі.





Ақтау қаласының жағалауы

Орналасқан жері:	43°38'45.6"N, 51°08'46.9"E, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 ықшамаудан.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	2012-2013 жж.
Нысан мәртебесі:	қалалық ландшафт.
Тарихи деректер:	Ақтау қаласы мен Маңғыстаудың да аса сұлу және замануи көрікті жерлерінің бірі Каспий бойының жағалауы болып табылады. Жағалау маңын көріктендіру Ақтау қаласының 50-жылдығына орай ойластырылды.

Бұл нысан өте ауқымды (жағалау қаланың көп бөлігін алып жатыр), сондықтан да біртіндеп қайта жасалып, толықтырылып отырды. Ескі жағалау жаңартылды, кеңейтілді, Маяк естелік монументі, балбала тас мүсінді пішіндегі «Екі өркешті түйе» ескерткіші және басқа да қызықты нысандар өз алдына көрікті болып саналатын әртүрлі ерекше әрі креативті пішіндермен әшекейлендірілді.

2017 жылы жағалау аумағында ашық аспан астындағы амфитеатр пайда болды. Бірегей мәдени алаң, қала тұрғындары мен қонақтарды өзіне тартатын орталық болып саналады. Шамамен барлық концерттер, фестивальдар мен ұлттық тойлар жағалауда өткізіледі. Жағалауға жыл сайын аққулар ұшып келеді.

Жағалауды өте сирек кездесетін «Жартасты соқпақ жол» бойлай алып жатыр. Ол замануи жүргіншілер жолы, қаланың маржаны және көптеген саяхатшылар үшін міндетті түрде келетін орын болып табылады. Жол салу кезінде жағалау бойындағы жартастар екі жағынан қоршалса да, өздерінің табиғи кейпін жоғалтпайды. Жағалаудағы үңгірлер – бұл өз алдына табиғи мұражай. «Жартасты соқпақ жол» өзінің алғашқы табиғи күйін сақтап қалуға тырысады.





«Иса мен Досан батырлар» ескерткіші

- Орналасқан жері:** 44°28'17.6"N, 50°53'04.8"E, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы
- Кезеңі:** 2010 ж., мүсінші Көшер Байғазиев.
- Нысан мәртебесі:** мүсіндік монумент.
- Тарихи деректер:** «Иса – Досан батырлар» алып мүсіндік құрылым XIX ғасырдың батырлары Иса Тілембайұлы мен Досан Тәжұлына құрмет көрсету белгісі ретінде жасалған. Олар – патшалық саясатқа қарсы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан батырлар. Үнемі айдаудан шаршаған халық патша саясатына қарсы көтеріледі. 1870 жылдың наурыз айында Форт-Александровск қаласынан (Форт-Шевченко) далаға жазалаушы жасақ жіберіледі. Ол далалықтардан жеңіліс табады. Бірақ жаулаушылардың орнына қосымша әскер күштері келеді де, халық көтерілісі қатаң түрде басылады.
- 140 жыл өткеннен кейін халық батырлары Иса мен Досанға ризашылық білдірген ұрпақтары бостандықтың құны қаншадықты жоғары екендігін еске алып отыру үшін «Иса-Досан» ескерткішін орнатады.



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ




17
НЫСАН



Павлодар облысы Қазақстан Республикасының солтүстік-шығыс қиырында орналасқан және 1938 ж. негізі қаланды. Облыстың ауданы 124,800 шаршы км-ге жетеді немесе мемлекеттің 4,6%-ын алып жатыр. Павлодар облысы тұрғындарының саны 759000 адамды құрайды. Облыс аумағында 110 ұлттың өкілдері тұрады. Облыс орталығы – Қазақстанның ірі өзендерінің бірі болып саналатын Ертіс өзенінің жағасында орналасқан Павлодар қаласы. Бастапқыда 1720 ж. қала Ертіс өзенінің желісінде орналасқан орыс әскери бекінісі Коряковский форпосты болып негізі қаланған. 1838 ж. форпост казактардың станицасы атанады. 1861 ж. император Александр II жаңа туылған кіші ұлының құрметіне Павелдің атымен аталып, жаңа қала пайда болады. Кейініректе Павлодар деп атала бастады.

Павлодар облысы – Қазақстанның ірі өнеркәсіптік аймағы. Еліміздің электр энергиясының, көмірдің, ферроқорытпалардың, сазбалшықтың негізгі бөлігін өндіреді. Көмірді өндіру және жерді игеру Павлодар облысының өндірістік күшінің дамуына күшті түрткі берді. Облыстың жер қойнауы тасты және қоңыр көмірге, мыс пен полиметалл кендеріне, ас тұзына, табиғи құрылыс материалдарына бай. Облыста Қазақстанның барлық көмір қорының үштен астам бөлігі шоғырланған, 2,3% молибден, 3,7% мыс қоры, 9,6% алтын, 30,8% флюсті әктас, 32,5% қорама жасауға дайындалған құм.

Облыстың көп бөлігі суарылмайтын егіншілік ауданы деп аталатын далалық аймақта жатыр. Сондықтан 1956 жылдан бастап облыс аумағы тың және тыңайған жерлерді игеру орталықтарының біріне айналды. Облыстың солтүстік шекарасында – оңтүстік орманды дала, Ертіс алабында – алқаптық шабындықтар, өзеннің суы тартылып қалған алқаптарда – қамыс қопасы. Ертістің сол жағалауының оңтүстік бөлігінде – жайылым ретінде қолданылатын сортаң жерлері бар шөлейттер. Облыс аумағында табиғаттың бірегей туындысы болып табылатын шексіз дала арасында Баянауыл орналасқан. Баянауыл – емдік-ауыз су мен минералды сулардың қайнаркөзі, қайың шоқтары бар орманды дала бұрышы, таспа шоққарағай орманы, таулар мен көптеген өзендер. Облыста жағажай, емдік-сауықтыру, құлшылық ету, сондай-ақ туризмнің тарихи-мәдени түрлері дамыған. Тарихи-мәдени ескерткіштерге де бай, бұл – энеолит, қола және ерте темір ғасыры дәуірінің петроглифтері. Б.з.б. VII-III ғғ. мұнда Тасмола шатқалында тас дөңгелектері бар қорғандар қалдырған тасмола мәдениеті дамыды. Тасмола – Қаражар шатқалының ортағасырлық діни кешені. Павлодар облысы Қазақстанның атақты ғылым, мәдениет пен өнер қайраткерлерінің кішкентай Отаны болып табылады. Олар: Қаныш Сәтпаев, Григорий Потанин, Әлкей Марғұлан, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкен Айманов, Жаяу Мұса, Иса Байзақов және т.б. Облыстың ауқымды табиғи-ресурсты әлеуеті рекреациялық ресурстар, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым – Орталық Азия мен Сібір арасын байланыстырушы. Аймаққа кәсіпкерлер мен таяу және алыс шетелдердегі туристердің назарын өзіне аудартады.





Жасыбай батыр моласы

Орналасқан жері: 50°48'02.2"N, 75°37'31.1"E, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 6 км жерде.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: XVIII ғ.

Нысан мәртебесі: жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Жасыбай батыр туралы мәлімет (1716-1741) этнограф Н.Я. Коншиннің еңбектерінде, халық шежіресінде, аңыздарда, ауызша әңгімелерде кездеседі. Жоңғарларға қарсы соғыста даңқты жеңістері үшін Жасыбай батырға «Ер Жасыбай» халық дастаны арналады. Мола өз алдына силикат кірпіштермен бекітілген тасты үймеге ұқсайды. Мола үстіндегі тақтай – бұл аты аңызға айналған батырдың өмірі туралы жазбалар жазылған, қалқандар мен қанжардың, найзаның суреті бар үлкен үйінді. Батырдың жерленген орнымен бір ерекше дәстүр өзара байланысты: құлшылық етушілер өлгендерді жындардан қорғайтын тастар туралы ескі нанымға сәйкес, жанына тастар жинайды.

Халық арасында айтылатын аңыздардың бірі былай дейді: Абылай жоңғарлардың қолына тұтқынға түскенде, оны Олжабайдың жасағы құтқарып алуды ойластырады. Өзінің інісі Жасыбайды ол Шойынкөлдегі асуда жауға қарсы тосқауылға жібереді. Жоңғарлар қақпанға түседі де, оларға Олжабайдың жасағы соққы береді. Соғысқаннан кейін, жауынгерлер демалып отырғанда, кішкене тастың артына жасырынып қалған қарсыластардың бірі Жасыбайға ажал оғын атады. Батырдың жылқысы сол сәтте кенеттен жұлқынып, құламалы соқпақ жолмен тауға қарай шауып келе жатып, иесін ешқашан тастамас үшін тас мүсінге айналып тоқтап қалады. Осылайша Атбасы тауы пайда болды, ал көлді сол кезден бастап Жасыбай деп атай бастады.





Халық композиторы Естайдың моласы

Орналасқан жері: 52°51'58.4"N, 76°18'15.3"E, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Мұткенов атындағы ауылдың оңтүстікке 4 км қашықтықта.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: 1946 ж.

Нысан мәртебесі: республикалық мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш.

Тарихи деректер, аңыздар: Естай Беркімбаев (1868-1946) – танымал композитор, ҚазақКСР Еңбегі сіңген өнер қайраткері (1939), әнші, төкпе ақын, Қазақстан Композиторлар кеңесі алғашқы мүшелерінің бірі (1939). Оның есімі алтын әріптермен қазақ музыка мәдениетінің тарихына жазылған. «Сандуғаш», «Юран», «Дүние-ай», «Жай қоңыр», «Наз қоңыр», «Майда қоңыр», «Еркем», т.б. өлеңдері бай интонациялық нақыштарымен ерекшеленеді.

Бірақ музыкалық дарынының ең биік шыңы болып саналатыны – «Қорлан» деген туындысы. Осы әнмен мынандай бір әңгіме байланысты: жас кезінде Естай ақын он алты жасар Қорлан есімді сұлу қызды көріп, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айрылады. Қыз да өжет балаға ғашық болады. Олар бір-біріне ғашық болады, бірақ маңдайларына бірге болу жазбаған екен. Қорлан – өктем байдың қызына басқа біреу құда түседі, қыз әкесіне қарсылық көрсете алмайды. Естай сонда қызды алып қашып кетпекші болып шешеді. Бірақ бұл туралы қыздың ағайындары біліп қойып, олардың арманы орындалмай қалады. Қорлан мен Естай бір-бірінен мәңгілікке айрылады. Жігіттің қолында махаббаттарының куәсі болып Қорлан сыйға тартқан күміс сақина қалады.

Естай ақын Қорланды өмір бойы сүйіп өтеді, сақинаны да жанынан бір елі тастамайды. Халық композиторының моласында күмбезді кірпішті ескерткіш орнатылады. Ақ пен сары кірпіш түстерінің кереғарлығы аспанға ұмтылған қырлы күмбезді құрылыстың архитектурасын күшейтеді. Кірпіштің нәзік қалануы ескерткіштің сәндік құрылымын ерекшелеп көрсетеді. Кесененің беттік қырында қуысында атақты ақынның барельефті суреті, сондай-ақ төменгі жағында эпитафия мен лираның, домбыраның суреті мен оюлы мотивтер орналасты.





Г. Н. Потанин атындағы облыстық тарих-өлкетану мұражайының ғимараты

Орналасқан жері:	52°16'41.4"N, 76° 56' 22.6"E, Павлодар облысы, Павлодар қ., Ленин көшесі, 149.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	1896 ж., сәулетші П. Батов, мұражай 1942 ж. ашылды
Нысан мәртебесі:	республикалық мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш.
Тарихи деректер, аңыздар:	<p>Ғимарат 1896 ж. сәулетші П. Батовтың жобасы бойынша бірінші гильдияның атақты көпесі әрі қаланың құрметті азаматы А. И. Деровтың ақшасына сауда орындарын ашу үшін арнайы салынды. Бұл – ұзындығы мен көлемі бойынша қаланың ең үлкен көпестік бөлігінің бірі саналатын ғимарат. Ғимаратты сібірлік модерннің немесе «орыстық емес стильдің» барлық қағидаларын ескере отырып, дөрекі түрде, өзіндік сырт көрінісі мен барельеф салынды. Терезелердің, балкондардың, есіктер мен жоғарғы жақтауларының жиектелуі ерекше назар аудартады. Қабырғалары шығыңқы және дөңгелек резетке түрінде әдемі жиектелген.</p> <p>Бұл стиль XIX ғ. соңы – XX ғ. басында қарқынды түрде дамыған Батыс Сібірдің ағаш сәулет өнеріне тән. Бүгінде сауда үйінің ғимаратында Г. Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарих-өлкетану мұражайы орналасқан. Мұражайдың 1942 ж. негізі қаланды. 1959 ж. оған саяхатшы, Орта Азия зерттеушісі, Павлодар облысының тумасы Г. Н. Потаниннің есімі беріледі. Мұражайдың негізін қалаушы суретші, өлкетанушы Д. П. Багаев болды.</p> <p>Мұражай экспозициясы 9 залда көрсетіледі: табиғат, археология, этнография, XV–XIX ғғ. Ертіс маңы тарихының залы, XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Ертіс маңымәдениеті мен экономикасының даму тарихының залы, азаматтық соғыс пен революция залы, Ұлы Отан соғысы залы, Павлодар облысының тарихы мен қазіргі дамуы залы.</p>





А. П. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театры

- Орналасқан жері:** 52°16'36.7"N, 76°56'19.3"E, Павлодар облысы, Павлодар қ., Ленин көшесі, 166.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі:** XIX ғ. 90-жылдардағы ғимарат, театр 1945 ж. ашылды, 1982 ж. ғимарат драма театрына ауысты.
- Нысан мәртебесі:** мәдениет мекемесі.
- Тарихи деректер:** Ғимарат өзара тас қақпалармен байланыстырылған екі корпуста тұрады. Бастапқыдан-ақ ғимарат павлодарлық көпестер Иван Суриков пен ағайынды Баландиндердің дүкені болып салынды. 1920 ж. ғимаратта «Ударник», ал 1969 ж. бастап «Пионер» кинотеатры орналасты. Театр 1945 жылы 6 қарашада ашылды. 1982 ж. ғимарат Чехов атындағы драма театрына берілді. Көпес Баландиндердің екі қайтара салынған үйі 1925 ж. қызыл әскерлер клубына беріледі. Қазіргі уақытта онда театрдың негізгі корпусы орналасқан.
- Театр үлкен залда 404 орынға және кіші залда 112 орынға есептелген. 2005 ж. театр Халықаралық театр қорының (Швейцария) «Іскер және шығармашылық тәжірибедегі жоғары сапасы үшін» Алтын медалімен марапатталды, оның есімі Еуропаның мәдениет және бизнестің жетекші нысандарының энциклопедиялық сөздігіне енгізілген. 2013 ж. театр Халықаралық театр фестивалінде лауреат атанды. 70 жыл бойы белсенді, қызықты және өнімді жұмыстарының арқасында шамамен 10 млн. көрермен қатысқан 500 аса пьеса қойылып, 30 астам қойылымдар ойнатылды.





Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыка-драма театры

Орналасқан жері: 52°15'59.0"N, 76°58'14.0"E, Павлодар облысы, Павлодар қ., Ломов көшесі, 140.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі: ғимарат 1968 ж. салынды, театр 1990 ж. ашылды.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: Ж. Аймауытов атындағы Павлодар облыстық музыка-драма театрының ашылу салтанаты М. Әуезовтің атақты «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясының қойылымымен 1990 ж. желтоқсан айында өтті. Қойылымның авторы – Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қайраткері Е. Тапенов. Жазушы, ақын, аудармашы, ғалым-педагог, ұлттың рузани әлеуетіне үлкен үлес қосқан Жүсіпбек Аймауытовтың есімі тек театрға ғана емес, сондай-ақ көптеген Ұзақстан қалаларындағы көшелерге де берілді.

Театрдың ғимараты 1968 ж. салынды, ол бұрынғы Metallургтер мәдениет сарайы болатын. Қазір театрда 482 орынды бельэтажы бар үлкен залдан және 110 орынды кіші залдан тұрады. Театр «Әпке», «Малайсары Тархан», «Эльпида» қойылымдарын, Штраустың «Жарғанат», Имри Кальманның «Сильва» опереттасын қояды.





Иверск-Серафимов соборы

- Орналасқан жері:** 51°43'26.0"N, 75°17'23.2"E, Павлодар облысы, Екібастұз қ., М. Әуезов көшесі, 160.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі:** 1992-1999 жж., сәулетші А. А. Ковязин.
- Нысан мәртебесі:** діни құлшылық ететін мекеме.
- Тарихи деректер:** Екібастұздың негізгі православ шіркеуі Серафим Саровскийдің және Иверск Құдай ана ико­насының құрметіне салынды.
- Ғибадатхана үшқабатты, әр қабатында 700 м² бөлмелерден тұрады. Ғимаратта мәңгілікті бейнелейтін 8 күмбез бар. Сәулетшінің ойы бойынша бес орталық күмбездің негізгісі Құтқарушыны, ал қалған төртеуі апостол-евангелистерді бейнелейді. Ортасында тұратын ғибадатхананың күмбездері барлық Әлем Жаратушының еркінде деген мағынаны білдіреді. Қоңыраухана Мәскеуде құйылған 9 қоңыраудан тұрады. Салмағы 1024 кг ең үлкен қоңырау «Азан шақыру» деп аталады.
- Ғибадатхананы салуға христиандар да, мұсылмандар да қатысты. Олардың есімдері ғибадатхананың бас кіреберіс жағындағы мемориалды тақтада жазылған. Собордың жоғарғы ғибадатханасын дәріптеу салтанатына Астана мен Алматының архиепископы Алексей қатысты.





Бұқар жырау ескерткіші

Орналасқан жері:	50°47'34.4"N, 75°42'11.5"E, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Қ.Сәтпаев көшесі.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	1993 ж.
Нысан мәртебесі:	мүсіндік монумент.
Тарихи деректер:	Ақын, ойшыл, мемлекет қайраткері Бұқар жырауға арналған ескерткіш Баянауыл ауылының орталығында туғанына 325 жыл толуына орай салынды. Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) – атақты қазақ ақыны, жырау, қазақ суырыпсалма ақындық шығармашылықтың көрнекті өкілі. Бұқар жырау беделді саяси тұлға және Абылай ханның бас кеңесшісі болған. Бұқар жырау поэзиясына тән ерекшеліктердің бірі – өмірге философиялық тұрғыдан қарауға ұмтылу.

Бұқар жырау сөздері өтімді қазақ халқының Төле, Қазыбек, Әйтеке билерімен бірге 1710 жылы Қарақұм қазақтың үш жүздерінің билері қатысқан съезде мақұлданған Қазақстан тарихындағы алғашқы «Жеті Жарғы» заңдар жинағын жасауға қатысты.

Халықтың ұғымы бойынша қазақ жыраулары, оның ішінде Бұқар Қалқаманұлы өткіртілді, шешен ақын ғана емес, сонымен бірге сакралды білім иелері болды.





Сұлтанмахмұт Торайғыров кесенесі

- Орналасқан жері:** 50°52'23.3"N, 75°40'41.0"E, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Торайғыр ауылынан шығысқа ақарй 3 км жерде.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі:** 1910 ж. жерленді, 1993 ж. кесене болды, сәулетші М. Еңсібаев.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш.
- Тарихи деректер:** Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1910) – ақын және жазушы, XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. 1958 ж. оның моласында ескерткіш орнатылып, металл қоршау жасалды. 1975 ж. алдыңғы жағында барельефі бар жаңа ескерткіш қойылды. 1993 жылы қазақ ақыны мен жазушысының туғанына 100 жыл толуына орай, моланың үстінен кесене тұрғызылды.

Кесене өз алдына әктас кесектерінен Батыс Қазақстанның діни мемориалды дәстүрінде жасалған құрылыс болып саналады. Әктастың табиғи түсі мазарға ерекше киелілік қасиет береді. Жоспарда төртбұрышты құрылысқа күмбез құрылады. Кесене қабырғаларындағы сәндік элементтер оның өзгешелігін айқындай түседі. Фризда «Сұлтанмахмұт» есімі ойып жазылған. Кесененің бейнелік құрылымы төртқұлақ үлгісі бойынша төрттік бұрышындағы үшбұрыш көлеммен аяқталады. Ғимараттың екі жағынан да бір қатарда үштастар тұр. Кесененің айналасындағы аумақ үзілген граниттен жасалған тақтайшалар төселген және қоршалған. Қазіргі уақытта ақын моласы – белсенді түрде құлшылық ететін орындардың бірі.





Екібастұз мешіті

Орналасқан жері: 51°42'46.9"N, 75°18'34.0"E, Павлодар облысы, Екібастұз қ., Естай Беркімбаев көшесі, 165/56.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі және авторы: 1998 ж., сәулетші Ж. Хайдаров.

Нысан мәртебесі: жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш, діни-құлшылық ететін мекеме.

Тарихи деректер: Мешіт арабтардың күмбезі стилінде салынды, 1000 келушілерге есептелген. Жоспарда мешіттің тікбұрышты кескіндері бар. Мешіттің үлкен залында таза шыныдан жасалған, салмағы 280 кг аспалы шам бар. Мешіт ғимаратының жанына азаншының мұсылмандарды намазға шақыруы үшін жасалған, биіктігі 50 м мұнара тәрізді минарет тұрғызылды.

Қазақстанның Бас мүфтиі Рәтбек қажы Нысанбайұлы қатысқан екібастұздық мешіттің салтанатты түрде ашылу рәсімі 1998 жылы қыркүйек айында өткізілді. Қала сәулетшісі Жеңіс Хайдаровтың жобасы бойынша салынған мешіт қаланың көрнекті және республикадағы ең әдемі ғимаратына айналды.





Мәшһүр Жүсіп Көпеев мешіті

Орналасқан жері: 52°17'12.1"N, 76°57'46.8"E, Павлодар облысы, Павлодар қ., Қайырбаев көшесі, 107.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі және авторы: 2001 ж., сәулетшілер Т. Әбілда мен М. Қабдуалиев.

Нысан мәртебесі: жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш, діни-құлшылық ететін мекеме.

Тарихи деректер: Мешітке атақты шығыстанушы ғалым, ақын, ойшыл, тарихшы, этнограф, халық ауыз әдебиетін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің құрметіне (1858-1931) аталды. Мешіттің архитектуралық ансамблі 6 га аумақты алып жатыр. Пішіні бойынша ғимарат сегізбұрышты жұлдызды бейнелейді. Мешіттің күмбезі шақырақ түрінде жасалған және аспан түсті түске боялған. Соңғысы тәңірлік көзқарасқа қатысты және Аспанды бейнелейді. Мұнараларының биіктігі 63 м. құрайды, ал айшықтары бар күмбездерінің биіктігі – 54 м. Мешіт пен мұнаралар кірпіштен, ал күмбезі метал құрылымдардан тұрғызылған. Мешіттің негізгі залының сәнін таза шыныдан ташкенттік шеберлер жасаған таңғажайып «Зумрад» аспалы шамы келтіріп тұр. Сәулетшілердің ойынша, мешіт өзінің пішіні бейбітшілік пен жақсылық үшін ашылған кеңқұлашты жүректі еске түсіреді.

Мешіттің бірінші қабатында медресе сыныптар, 300 орынға есептелген әйелдерге арналған дұға оқитын зал, неке қию залы, қосалқы үй-жайы бар 300 орынға есептелген асхана, сондай-ақ дәрет алу бөлмесі, киім ілуге арналған бөлме орналасқан. Екінші қабатында 1200 орындық балконы бар дұға оқитын зал, кітапхана, ислам мәдениетінің мұражайы, бейнезал, холдар мен қызметтік бөлмелер бар.

Мәшһүр Жүсіп атындағы Павлодар мешіті өзіндік архитектурасы бар тек Павлодар қаласының ғана емес, Қазақстанның да бірегей құрылыстарының бірі болып табылады.





Мәшһүр Жүсіп Көпеев кесенесі

- Орналасқан жері:** 51°08'14.9"N, 74° 56' 22.1"E, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Жаңажол ауылынан солтүстік-батысқа қарай 18 км жерде, Ескелді қонысында.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала және сәулет құрылысы.
- Кезеңі және авторы:** 1931 ж. жерленген, жаңа кесене 2006 ж. тұрғызылды, авторы Б. Ибрагимов.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858-1931) – ақын, этнограф, ағартушы, қазақ халқының көрнекті өкілдерінің бірі, Баянауыл ауданының тумасы. Оның өмірі жергілікті тұрғындар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын көптеген аңыздарға толы. Халық арасында Жүсіп Көпеевтің көріп-келдік қасиетке ие болғандығы және өлетін күнін алдын-ала білгендігі туралы аңыз айтылады: өлер алдында бір жыл бұрын ол барлық жақындары мен туғандарын жинап алып, өзінің мазарының құрылысы мен жобасы туралы өтінішін айтты. Осылайша, ақынның өтініші бойынша оның денесін жерге көмген жоқ. Ол денесінің 20 жылдан кейін бұзылмаған күйінде сақталатындығы айтты. XX ғасырдың 50-жылдары ескі мазарды бұзған кезде сәуегейдің денесі шындығында да бұзылмағандығын анықталды.
- Бастапқыда жерлеу орнында ақынның табытына бас ию үшін адамдар құлшылық ететін бөлме тұрған. Басқа мазар өткен ғасырдың 70-жылдары қайта салынды. 2006 ж. жаңа кесене кешені тұрғызылып ашылды. Мұсылмандық салт бойынша есік шығыс жағында болу керектігіне қарамастан, М. Ж. Көпеевтің өтініші бойынша кесенеге кіреберіс есік солтүстік жағынан орнатылды. Кейінгі құрылыста көне түркі мен ислам дәстүрі бір-бірімен үйлесім тапқан. Биік жерде орналасқан құрылыста 73 басқыштан тұратын баспалдақ бар. Ол ақын, сәуегейдің өмір сүрген жылдарын бейнелейді. Кесененің артында бірегей жәдігерлер жиналған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұражайы орналасқан.

Кешен құлшылық ететін орын ғана емес, сондай-ақ атақты туристік нысан болып табылады.





Исабек ишан хәзіреттің кесене кешені

Орналасқан жері:	52°15'22.1"N, 74°55'32.0"E, Павлодар облысы, Екібастұз ауданы, Қылдыкөл шатқалы.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала және сәулет құрылысы.
Кезеңі:	1871 ж. жерленген, жаңа кесене 2011 ж. салынды
Нысан мәртебесі:	жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
Тарихи деректер, аңыздар:	<p>Исабек ишан хәзірет – ислам дінін алғашқы таратушылардың бірі, философ, ағартушы және ұстаз Мәшһүр Жүсіптің ұрпағы, халық арасында «әулие» атанған халық емшісі. Ол дін қызметкерлеріне, далалық діншілдік қауымына, ауылдық мектептердің ұйымдастырушыларына, балаларды тәрбиелеушілерге жататын қожа тегінен шыққан (Мұхаммед пайғамбардың ізін басушы – Әбу-Бәкір, Омар, Осман мен Әзірет Әлінің ұрпағы). Аңызға сүйенсек, осы аймаққа олар XIX ғ. соңында келіп қоныстанған.</p> <p>Архитектуралық ансамбльдің өзі арнайы Маңғыстау облысынан әкелінген ақ тастан қаланған екі кесене мен мешіттен тұрады. Кешен құрамына құлшылық етуге арналған бөлме де енеді. Үш күмбезді мазарға Исабек ишан хәзірет, оның ұлы Нұрмұхамет пен ағасы Мұхаммед Нияз жерленген. Бір күмбезді кесене әулие Исабек ишанның ұрпағы Жандарбек қожа жерленген орында тұрғызылды. Бір кесененің биіктігі 9 м., екіншісінің биіктігі 7 м құрайды.</p> <p>Мешіт әулиелердің дәни энергетикасын сақтау үшін Исабек ишан мен Жандарбек қожаның бұрынғы мазарының демонтаж жасалған материалдарынан тұрғызылған. Кешеннің қақпалары XVIII ғасырдың ортасында Исабек ишан оқыған бұқара стилінде жасалған. Кесілген қақпаларда шежіре бейнеленген.</p> <p>Исабек ишан хәзірет кесенесіне құлшылық ету дәстүрі тіпті кеңестік дәуірде де тоқтамаған.</p>





Қасиетті собор

Орналасқан жері: 52°17'45.2"N, 76°55'40.0"E, Павлодар облысы, Павлодар қ., С. Торайғыров көшесі, 1.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі және авторы: 1999 ж., сәулетші Г. Гальченко.

Нысан мәртебесі: жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш, діни-құлшылық ететін мекеме.

Тарихи деректер: Собор 1999 ж. салынды. Соборды салуға Мәскеу Кремлі соборларының бірі негіз болды. Ғибадатхананың аркалары мен күмбездері қызыл кірпіштен тұрғызылған. Оның жеті құпия мен жеті әлемді бейнелейтін жеті күмбезі бар. Күмбезді мұнарада Үш әулиенің символы саналатын үш күмбез орналасқан. Собор күмбездері алтын түстес металмен көмкерілген және титан нитридi жалатылған.

Ғибадатхананың шатыры арнайы технология бойынша мырышпен және полимерлі қабатпен қапталған темірден, Новосибирск қаласында жасалған. Собордың үстінде тұрған алтын жалатылған бас крест жерден 51 м биіктікте бой көтерген. Періште шенінің көлемі бойынша ғибадатханада 9 қоңырау бар. Ең үлкен қоңыраудың салмағы 1024 кг тартады, ең кішкентайы – 4 кг. Ғибадатхананың мәнерлі күмбездері мен аркалары, биікке қондырылған алтын кресттің бастары, бірегей мұнаралар, қоңыраухана қаланың көрнекті нысандарының біріне айналдырды.

Собор үшінші мыңжылдықтың құрметіне негізі қаланған саябақпен қоршалған. Саябақта сондай-ақ Әулие Николайдың атындағы кішкентай шіркеу орналасқан, онда құдыретті күштің бөлшектері бар таңғажайып икона сақталған.





Ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш

Орналасқан жері: 52°18'26.6"N, 76°55'30.0"E, Павлодар облысы, Павлодар қ., ескі мұсылмандық Пахомов бейіті.

Ескерткіш/нысанның түрі: қала және сәулет құрылысы.

Кезеңі және авторы: 2012 ж., жоба авторы М. Әбілқасымов.

Нысан мәртебесі: жергілікті мәндегі мәдени және тарихи ескерткіш, монумент.

Тарихи деректер: монумент 1931-1933 жж. ашаршылықтың құрбандарына арнап салынған. 1932-1933 жж. Қазақстанда болған ашаршылық – бұл «кулактарды топ ретінде жоюдың», ұжымдастыру, орталық билеушілердің сауда жоспарын арттыру, сондай-ақ қазақтардан малдарын тартып алу ресми саясаты ықпалынан туындаған жалпыодақтық әлеуміттік қасіреттің бөлігі.

Мамандар қазақ халқы ашаршылық нәтижесінде көп шығынға ұшырағандығын айтады. Ашаршылық пен соған байланысты туындаған аурулардан, сонымен бірге өлім көп болғандықтан, қазақтар 2 миллион 400 мың адамынан айрылды, яғни сол жылдардағы қазақтардың жалпы санының 49%. Бұл оқиғалар жалпыұлттық трагедия болып саналады.

Күнәсіз қырылған құрбандар әлі күнге дейін халық санасында сақталып келеді. Павлодарлық ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш автордың ойы бойынша құрылымдық жағынан өз алдына қабырғалары шығып, басында кішкентай баласы жылап тұрған қайтыс болған әйелді бейнелейді. Құрылымның фоны шайқалған шаңырақты көрсетеді. Осы жерде шаңырақтың негізінде автор өмірдің жалғасын бейнелейтін кішкентай ағашты орналастырды. Бетон құрылысты қаладан шыға беріс жердегі ескі мұсылман бейітінің жанына орнатты.

Мұрағаттардағы деректер бойынша ұлы жұт жылдарында Павлодар облысында ашаршылықтан 300 астам адам қайтыс болған.





Қоңыр әулие үңгірі

- Орналасқан жері:** 50°48'31.1"N, 75°30'35.6"E, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** геоморфологиялық.
- Нысан мәртебесі:** Республикалық мәндегі Мемлекеттік табиғи қорықтар қоры нысандарының тізіміне, Қазақстанның жалпыұлттық сакралды нысандар тізіміне енгізілген.
- Тарихи деректер, аңыздар:** Қоңыр әулие немесе Әулиетас үңгірі («Киелі тас») бұрыннан киелі, құлшылық жасайтын орын болып есептеледі. Қоңыр әулие үңгіріне көтерілетін жол ұзындығы 110 метр баспалдақтардан тұрады, әр көтерілген 10-15 метр сайын демалуға арналған алаң да бар. Үңгірдің жалпы ұзындығы шамамен 30 м, ол екі камерадан тұрады. Мамандар үңгірді сыртқы табиғат әсерінен жер қабатының тектоникалық тақтайшаларының қозғалуынан пайда болған деп санайды.
- Осы үңгір туралы ең қызықты жазба деректердің бірі XIX ғасырда этнограф Н. Я. Коншиннің «Павлодардан Қарқаралыға дейін» деген еңбегінде кездеседі. Онда автор осы киелі нысандағы құлшылық ету дәстүрі туралы айтады. Үңгірге қатысты аңыздар мен наным-сенімдер өте көп. Сондай аңыздардың бірінде дүниежүзілік су басу кезінде осы жерде бір Қоңыр деген көріпкел өмір сүрген. Оның Қыран мен Құлан деген екі ағасы болады. Су басу кезінде Жаратушы жанының тазалығы мен жақсы істері үшін оларға Жаңа кемеде Баянауыл тауларынан бірақ шығарған орынды иеленуге мүмкіндік берді.





Достық үйі

Орналасқан жері:	Павлодар қ., 1 Май көш., 35/1
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет
Кезеңі:	2008 ж.
Нысан мәртебесі:	мәдениет мекемесі
Тарихи деректер:	<p>2008 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. А. Назарбаевтың қатысуымен Павлодарлық Достық үйінің ашылуы өтті. Оны соғу идеясы Павлодар облысындағы Қазақстан халықтар Ассамблеясына тиесілі.</p> <p>Достық үйі төрт қабатты және ауданы 5 800 шаршы метр. Мұнда Қазақстан халықтар Ассамблеясының облыстық хатшылығы, 24 облыстық этномәдени бірлестіктердің кеңселері, Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі, медиация орталығы және басқалар орналасқан.</p> <p>2010 жылы 300 орынға есептелген Достық үйінің концерттік залының ашылу салтанатты өтті. Ол заманауи акустикалық, дыбыстық және жарықтық құрылғылармен жабдықталған.</p> <p>Павлодарлық Достық үйінде этномәдени бірлестіктер үнемі толықтырып тұратын мұражай қоры бар. Мұнда ұлттық киімдер, ұлттық тұрмыстық заттар, халықтық қолөнер бұйымдары, сирек кездесетін фотосуреттер мен жазбалар ұсынылған.</p> <p>Достық үйі – ресми мемлекеттік іс-шаралар, мәдени форумдар, жиналыстар, кездесулер, конференциялар мен концерттерді өткізу орны.</p>



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



18
НЫСАН




Солтүстік Қазақстан облысы 1936 жылы құрылған және Батыс-Сібір жазығының оңтүстік бөлігін және ішінара Қазақ ұсақ шоқысын ала, Республиканың солтүстігінде орналасқан. Облыстың жалпы ауданы 97 990 ш. км. құрайды. 2018 жылғы 1 қыркүйектегі халық саны 555892 адамды құрады. Облыс аумағы солтүстігінде Ресей Федерациясының Қорған, Түмен және Омбы облыстарымен, оңтүстігінде – Қазақстан Республикасының Ақмола облысымен, батысында – Қостанай және шығысында – Қазақстан Республикасының Павлодар облыстарымен шектеседі. Әкімшілік орталығы – Петропавл қаласы Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан. Петропавл 1752 жылы Ресей мемлекетінің Новошым қорғаныс желісінің әскери бекінісі ретінде құрылған және ресми түрде 1807 жылы қала болып жарияланды. Қазір Петропавл – ірі әкімшілік, өнеркәсіптік және сауда орталығы.


Облыста пайдалы қазбалардың көптеген түрлері анықталды. 286 кен орны барланған. Олардың ішінде 34 – металдың кенашылымы, 2 – бейметалл, 217 – құрылыс және технологиялық шикізат және 33 – жер асты сулары, оның ішінде 6 минералдық. Облыс аумағы Солтүстік Қазақстан уран-кен, алмазды және қалайы-сирек метал провинциясының бір бөлігі болып табылады. Мұнда Қазақстан Республикасының теңгерімінде минералдық шикізаттың елеулі қорлары анықталды: қалайы бойынша – 65%, цирконий – 36,6%, уран – 19%, титан – 5%, вольфрам – 1,1%. Облыста алтын, күміс, техникалық және зергерлік алмас, қалайы, титан, түсті және сирек металдар, қоңыр көмірдің бірқатар маңызды кен орындары мен кенашылымдары бар.

Солтүстік Қазақстан облысының ең ірі кәсіпорындары машина жасау және металл өңдеу сегментінде шоғырланған. Олар «Шағын литражды қозғалтқыштар зауыты» ЖШС, «Мунаймаш» АҚ, «ЗИКСТО» АҚ, «Петропавл зауыты» АҚ, «С. М. Киров атындағы зауыт» АҚ, «Петропавл жөндеу-механикалық зауыты» АҚ, «Дизель» ЖШС. Кәсіпорындар жылжымалы электр станциялары, ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, сорғылар, қозғалтқыштар, газ бен электр энергиясының шығынын есептегіштер, тамақ өнеркәсібіне арналған жабдықтар шығарады. Жеңіл өнеркәсіп Солтүстік Қазақстан облысының «Динамо-Север» АҚ, «Жастар» АҚ, «Етік жасау фабрикасы», «Былғары зауыты» АҚ, «Қой терісі фабрикасы» ЖШС сияқты мекемелерінен тұрады.

Облыстың тамақ өнеркәсібі «BEST LTD» ЖШС, «Колос» АҚ, «Молпродукт» ЖШС кәсіпорындарымен және басқа да көптеген кәсіпорындармен ұсынылған. Солтүстік Қазақстан облысының көптеген фирмалары мен компаниялары көкөніс өсірумен және дәнді дақылдарды өсірумен айналысады, олардың арасында бидай, күздік қара бидай, тары, бұйра зығыр, күнбағыс басым. Солтүстік Қазақстан облысының мал шаруашылығымен айналысатын ұйымдары сүт пен ет өндіреді, сондай-ақ қой шаруашылығы мен құс шаруашылығын дамытады.

Облыс табиғи ресурстарға және тарихи-мәдени мұраның маңызды нысандарына бай. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар арасында республикалық және жергілікті маңызы бар 6 табиғи қаумалдар бар. Бұлар Согров, Смирнов, Мамлют, Ақжан, Ақсуат, Орлиногор және 4 мемлекеттік табиғат ескерткіштері Қарағайлы орман, Күміс қарағайлы орман, Жаңажол, Бүркіттау шоғыры және Қайнар көз. Өңір тарихи-танымдық, экологиялық, агротуризм, аңшылық, балық аулау және басқа да көптеген түрлер басым болып табылатын әртүрлі демалыс бағдарламасын дамытуға ұмтылады.







Ботай қонысы

- Орналасқан жері:** 53°11'57.750"N, 67°39'22.277"E, Солтүстік қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Никольское ауылының оңтүстік-шығысына қарай 1,5 шақырым.
- Ескерткіш/нысан түрі:** археология.
- Кезеңі:** энеолит дәуірі (б.з.б. 4-3 мың.).
- Нысан мәртебесі:** Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізбесіне және Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** ескерткіш 1980 жылы ашылған және археолог В. Зайберттің басшылығымен зерттелген. Қоныстың жалпы алаңы 15 га құрайды. Қоныста 60000 мыңнан астам сүйек пен тастан жасалған бұйымдар, тас балталар мен пышақтар, жебе мен найзалардың ұштары, сүйектен жасалған инелер, балшық ыдыстарының фрагменттері және т.б. табылған. Зерттеу барысында ғалымдар ботайлықтардың тұрғын үйлерін салу процесін қайта құрды.

Қабырғалардың ені 80-120 см, биіктігі 60-тан 100 см-ге дейін. Тұрғын үйлердің жанында арнайы шұңқырлар қазылды, олардан қабырғалар мен еденді сылауға арналған балшық алған. Қабырға периметрлері бойынша бөренеден шатырлармен қаптап, ортасында түтін шығаратын тетік жасалды. Бөренелер арасындағы саңылауларды балшықпен сылап, үстін шым және жануарлар терісімен жапқан. Үй-жайдың ішіндегі биіктігі 250-320 см болды. Тұрғын үйдің ортасында еденде ошақ болған. Қазаншұңқырлардың қабырғаларында шаруашылық және діни қажеттіліктерге арналған көптеген тауашалар жасалды.

Мамандардың пікірінше, қазіргі уақытта Ботай қазіргі таңда белгілі жылқыларды қолға үйретудің ең ерте орталығы болып табылады және мамандармен Еуразиялық жылқы өсірушілерінің ежелгі қонысының бірі ретінде бағаланады. Табылған артефактілер ботайлықтардың күнделікті өмірінде жылқы үй жануары ретінде болғанын көрсетеді. Қоныстың шаруашылық аймағында қымызхана табылды: алауы және қымыз сақтауға арналған шұңқырлары бар қазаншұңқыр және қымызханаға жапсарласқан сауын биелері мен құлындарды ұстаған ағаш қоршаулардың іздері бар. Сондай-ақ, қоныста ет сақтауға арналған «шұңқыр-консервілер» табылды. Ботай қонысындағы археологиялық қазбалар жалғасуда.






«Абылай хан резиденциясы» мұражайлық кешені

Орналасқан жері:	54°52'26.422"N, 69°7'3.695"E, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы, Кәрім Сүтішев көш., 16.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі және авторы:	Абылай хан үйі 1765 жылы салынған, 2008 жылы резиденция ашылды.
Нысан мәртебесі:	Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер:	<p>мұражай қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері – Абылай ханға арналған. Мұрағаттық құжаттарға сәйкес, 1765 жылы қала маңайында Абылай ханға арналып ағаш үй салынған. 1829 жылы хан резиденциясы болған екі қабатты тас құрылыс салынды. Резиденцияны салу фактісі туралы жазбаша куәліктер қазіргі заманғы мұражай кешенінде сақтаулы. Мұражай аумағында тағы бірнеше ескі ғимараттар бар: кеңсе, қонақ үйі және хан моншасы. Мұражай кешені 1982 жылдан бастап мемлекет қорғайтын аймақ болып табылады.</p>

2008 жылы реставрацияланғаннан кейін «Абылай хан резиденциясы» мұражайлық кешені ашылды, ресми ашылу салтанатына Қазақстанның Президенті Н. Ә. Назарбаев қатысқан. Қазіргі таңда мұражайлық кешенді «Ат үстіндегі Абылай хан» мүсіндік композициясы ашып тұр (2007), оның авторлары мүсінші Қ. Қ. Сатыбалдин, сәулетшілер С. К. Баймағамбетов және В. В. Затай. Мұражай экспозициясы 4 залда ұсынылған.

Бірінші залда Абылай ханның балалық шағы мен жастық шағы туралы баяндайтын материалдар ұсынылған. Екінші залда дәстүрлі қазақ стилінде орындалған Абылай ханның апартаменттері қойылған. Үшінші залда орталық экспонат – Абылай хан мүсінін, ерлер мен әйел хан киімдерін, тұрмыс заттары мен қаруларын көруге болады. Төртінші зал Абылай ханның көрнекті мемлекет қайраткері, саясатшы, дипломат және қолбасшы ретіндегі тұлғасын ашатын материалдармен қамтылған. Мұражайда екі тілде: мемлекеттік және орыс тілдерінде экскурсиялар өткізіледі.





Әулие апостолдар Петр мен Павел соборы

Орналасқан жері:	54°52'49.307"N, 69°6'39.308"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Коминтерн көшесі, 97.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1803 ж.
Нысан мәртебесі:	діни мекеме, діни-қажылық.
Тарихи деректер:	<p>собор қаланың көне сәулет құрылысының бірі болып табылады және төбеде орналасқан. Әуелде ағаш шіркеу іргесі 1803 жылы қаланды. 1812 жылы оны бұзды және жаңа тас үш престолды шіркеу салды. Әуелде ағаш шіркеудің іргесі 1803 жылы қаланды. 1812 жылы оны бұзды және жаңа тас үш престолды шіркеу салды. Әулие апостолдар Петр мен Павелдің құрметіне салынған бас престол, солтүстігіндегісі — әулие ғажайып жасаушы Николайдың құрметіне және оңтүстігіндегісі — Аса қасиетті Құдай ана құрметіне.</p> <p>Кеңес уақытында шіркеу қатты қауіпке ұшырап, ішінара бұзылды. 1938 жылы храм басылды, ал оның мүлкі тоналды. 1947 жылы шіркеуде діндарлардың күшімен жөндеу жұмыстары жүргізілді.</p> <p>1952 жылы шіркеу толық қалпына келтірілді.</p> <p>1995 жылы қоңырауларды қалпына келтіру басталды. Олардың ең үлкенінің салмағы 1200 кг, тілі 60 кг және Нижний Тагилда құйылған, 1997 жылы орнатылды.</p> <p>2006 жылдан 2011 жылға дейін ғибадатханада күрделі жөндеу жүргізілді. Қазір келушілер қаражатына салынған шойын торы бар тас қоршаулы шіркеу.</p> <p>2012 ж. Петропавлға Алматыдан Петр мен Павел апостолдарының қуаттар кемесі жеткізілді. Ғибадатхана қазіргі таңда да жұмыс істеп тұр, қауым мүшелері көптеп келетін үлкен діни мерекелерде аса ауқымды қызмет атқарып келеді.</p>





Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық кешені

Орналасқан жері:	53°6'10.710"N, 68°4'0.883"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Қарасай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі және авторы:	жерленуі – XVII ғ., мемориалдық кешен – 1999 ж.
Нысан мәртебесі:	Кешеннің сәулетшілері Б. Ибраев және С. Ағытаев
Тарихи деректер:	Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

ескерткіш Қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен атақты батырлар – Қарасай мен Ағынтайдың құрметіне салынған. Сәулет тұрғысынан кешен көне түркі дәстүрін жалғастырып және басты белдігі бойынша Меккеге қарай бағытталып салынған. Конус тәрізді мұнаралардың биіктігі 16 м. Мұнаралардың арасында барлық кешенді бірыңғай бейнеге біріктіретін, биіктігі 12 м болатын мешіт орналасқан. Барлық композициялық элементтер шеңбердің «ішіне сызылған» (қоршау құрылысының диаметрі 27 м). Жоба бойынша құрылыс өлшемі 19×13,5 м құрайды. Кесененің алдында құрбандық салтына арналған алаң салынған. Кешеннің жанында көптеген жауынгерлер жерленген. Граниттен салынған іргетас үстіндегі алаң бұрыштарында батырлардың жауынгерлік айбынының нышандары ретінде қола қаптамасы бар металдан жасалған кескіннің біріктірілген найзалары орнатылған. Мемориал ортасында, кесенелер арасында қос батырдың ерліктері қабырғаға қашап жазылған пинотека залы бар. Кесенеге кіру есігі металдан жасалған, олардың беттерінде Құран сүрелері ойылып жазылған.

Ішкі көріністерін өңдеу барысында керамикалық кірпіш, Күрті және Қордай граниттері пайдаланған. Құлпытастар жылтыратылған қызыл Қордай граниттен орындалған. Әр құлпытастың жанында шырақ орналасқан, келушілер оны жағып, аруақтардан көмек берулерін сұрай алады. Кешен алдындағы алаң табиғи тас тақтатасымен төселген, осында демалыс үшін қойылған орындықтар, сонымен қатар шойын құймасы технологиясы бойынша орындалған тіреулеріндегі шырақтар бар. Кесенелер белсенді қажылық орны болып табылады. Адамдар аты аңызға айналған батырлар күш пен батылдық береді деп сенеді.





Сырымбет мекені

Орналасқан жері:	53°26'49.099"N, 68°0'8.456"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Сырымбет ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым жерде.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	XIX ғасыр.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер:	

Уәлихановтардың мекені XIX ғасырдың ағаш сәулет ескерткіші болып табылады. 1824 жылы император Александр және Батыс Сібір генерал-губернаторы Петр Капцевичтің жар-лығымен Кіші жүз ханы Уәлидің жесірі, қазақтың көрнекті ғалымы, тарихшы, этнограф, фольклоршы, саяхатшы және ағартушы Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғанымға арналып салынды.

Үй-жай кешеніне ағаш дуалмен қоршалған тұрғын үй, мешіт, медресе, шаруашылық құрылыстар, монша кіреді. Үй-жайдың жалпы ауданы шамамен 4030 ш. м. Уақыт өте келе үй-жай иесіз қалып, 1985 жылы толығымен қалпына келтірілді.

Шоқан Уәлихановтың балалық және жастық шағы осы қоныста өтті. Бір кездері үй-жай өңірдің дала халқы үшін мәдениет және ағарту орталықтарының бірі болды.

1993 жылдан бастап кешен Шоқан Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық мұражайының құрамына енгізілді. Қазір кешенде 8400-ден астам экспонаттар бар, олардың ішінде шежіре тармақ, піл сүйегінен жасалған түпнұсқа сандық, қолжазбалар, кітаптар мен құжаттар бар.

«Сырымбет» мекенінде Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметіне арналған әдеби оқулар, дәрістер жүйелі түрде өтіп тұрады. Мекен өңірдің танымал туристік бағыттарының бірі болып табылады.





Облыстық бейнелеу өнері мұражайы (Көпес Юзefовичтің бұрынғы үйі)

Орналасқан жері:	54°52'0.847"N, 69°8'52.739"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, 314 Атқыштар дивизиясы көшесі, 83.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет ескерткіші.
Кезеңі:	ғимарат 1909 ж., мұражай 1985 ж.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	ғимарат көпес және орман өнеркәсібі иесі Г. А. Юзefовичке тиесілі революцияға дейінгі ағаштан үй салу өнерінің ескерткіші болып табылады.

Ескерткіш кірпіштен салынған іргетасы мен қабырғасының сыртқа шығып тұрған төменгі бөлігі бар ағаш үй болып саналады. Өзіндік көлемдік-жайғасымдық композициясы оған жалғасқан Т-тәрізді бір қабатты құрылысы бар екі қабатты кесіндіден тұрады. Соңғысы көшеге шығатын басты қасбет болып табылады. Қасбет тамбурының үстінде шатырұшпен аяқталатын шатыр сияқты күмбез орнатылған. Шатырдың безендірілуі, терезенің жақтау маңдайшасының өрнектелуі мен қасбеттегі белбеулер бірыңғай стильде жасалған, осыны мамандар «модерн» стилінің құрылымына жатқызады. Әр жылдары ғимаратта балалар үйі, жас қылмыскерлерге арналған колония, емхана, педагогикалық училище, жұмысшы жастар мектебі және тағы басқалар орналасқан болатын. 1985 жылдан бастап мұражай бірлестігі, ал 1989 ж. қазіргі уақытқа дейін – Солтүстік Қазақстан бейнелеу өнері мұражайы.

Бүгінде мұражай экспонаттары топтамасы 5000 сақтау бірлігінен асады, бірнеше зал жұмыс істейді: мүсін, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, әдеби және графикалық. Соңғысы В. Фаворский, А. Остроумова-Лебедева, В. Антощенко-Оленев, Е. Сидоркин, А. Баранова, М. Кисамединова, Т. Ордабеков, П. Реченский, Н. Никогосян, Ю. Сегаль, С. Балдано, М. Раппорт, Л. Леонтьев, В. Крылов, Ж. Шәрденев, И. Стадничук және басқа да талантты авторлардың шығармаларымен көрінеді. Мұражайдың ерекше дәулеті – өлкедегі танымал әдебиетшілердің қолжазбасы, фотосуреттері, жеке заттары мен хаттары: С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, И. Шухов, П. Ершов және М. Жұмабаев.





Аса қасиетті Иса жүрегі храмы

Орналасқан жері:	54°51'41.339"N, 69°8'29.861"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 43.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1911-1912 жылдар.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, діни мекеме, діни-қажылық.
Тарихи деректер:	<p>Петропавл қаласына Католик келісінің тарихы осы ғибадатхана құрылысына көп уақыт бұрын басталды. Шіркеу бастапқыда Вознесенский даңғылында (Қазіргі Қазақстан Конституциясы көшесі) ағаш құрылыста орналасқан. Жексенбі күндері католиктер балаларының сауатын ашу үшін жексенбілік мектеп жұмыс істеді.</p> <p>Жаңа ғибадатхана шамамен 1911-1912 жж. салынған, бірақ ғимарат өз мақсатына сай пайдаланылмаған. Петропавл қаласының Аса қасиетті Иса жүрегі храмы сәулет өнері тұрғысынан XIX ғасыр соңындағы әдеттегі поляк костелы болып табылады. Тас құрылымның қатаң және берік пішіні бар. Пішіні сәндеу элементтерінсіз. Храмға ерекше сәулеттік қосымша ғимараттың пластикасын айтарлықтай байытатын лоджия. Ғибадатхана аумағы абаттандырылған.</p> <p>Қазан төңкерісі жылдарында ғибадатхана партия қызметкерлеріне арналған тұрғын үй ретінде пайдаланылды. 1924 жылы костелден күмбез алынды. 1956 жылы ғибадатхананың ғимараты «Заря» балабақшасы ретінде пайдаланылды. 1999 жылғы сәуірде храм ғимараты «Әулие Үштік» рим католик приходына берілді. 1999-2001 жылдары костелде қайта құру жұмыстары жүргізілді.</p> <p>Жаңартылған храмның екінші рет дәріптелуі 2002 жылы орын алды. Облыс католиктері – поляктардың, литвалықтар мен немістердің қазіргі ұрпақтары өздерінің дәстүрлі нанымдарын қайта жаңғырту мүмкіндігіне ие болды.</p>





Ботаникалық бақ

Орналасқан жері:	54°51'55.674"N, 69°10'4.231"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Медведев көшесі, 41.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1912 ж.
Нысан мәртебесі:	қала шегіндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.
Тарихи деректер:	<p>ботаникалық бақ қызметінің негізгі түрі сирек кездесетін өсімдіктер дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, оқу, шолу экскурсияларын жүргізу, келушілерге өсімдіктерді көрсету, сондай-ақ оларды ботаникалық бейіндегі басқа мекемелермен алмасуды жүзеге асыру болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақ болып табылады.</p>

Бақ 1912 жылы жергілікті ет-консерві комбинатының басты пияз бен лавр жапырағына қажеттілігін қанағаттандыру үшін өндірістік мақсатта құрылған. Бірінші лавр ағаштары Петербургтен жеткізілді. Бүгін Петропавл ботаникалық бағы оранжерея, қысқы бақ, гүл бағы, шағын-дендрарий, суда жүзетін құстарға арналған тоған, виварий, зообұрыш, құстардың экзотикалық түрлері бар вольерлер, экзотикалық балық түрлері бар акваәлемнен тұрады. Қысқы бақтың көрікті жері – 1795 жылы отырғызылған құрма пальмасы, сондай-ақ жапондық сакура. Ботаникалық бақ қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орны ғана емес, сонымен қатар ірі ғылыми-зерттеу мекемесі.





Солтүстік Қазақстан облысының тарихи-өлкетану мұражайы

Орналасқан жері:	54°51'53.881"N, 69°8'11.810"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 48
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	XIX ғ. соңындағы ғимарат, мұражай 1924 ж. ашылды.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	Мұражай 19 ғасырдың соңында салынған сәулет өнерінің ескерткіштері болып есептелетін бірнеше ғимараттарда орналасқан.

Мұражайдың басты ғимараты бастапқыда Петропавлдық коммерсант Т. А. Аркелге тиесілі және провинциялық көпестік қаланың тарихи жоспарлануының үлгісі болып табылады. Ғимараттың сәулеттік келбетін мамандар эклектикаға жатқызады және қызыл кірпіштен салынған.

Мұражай кешеніне сондай-ақ бұрын көпес Стреловтар (ерлі-зайыптылар М. Ф. Стрелов және М. Ф. Стрелова) отбасына тиесілі болған дүкеннің ғимараттары мен қойма үй-жайлары кіреді. Бүгінгі таңда мұражай алаңы 2400 шаршы метрді құрайды, ал ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі аймақ тарихының әртүрлі кезеңдеріне арналып, 13 залға орналасқан экспозиция 350000-нан астам экспонаттан тұрады.

Мұражайдың інжу-маржандары арасында ежелгі әлемге арналған бөлімде тарихи жануарлардың сүйектері, қола дәуірінің керамикасы, түркі мүсіндері, көшпенді-қазақ халқының көне тұрмыстық заттары және т. б. ерекше құнды. Барлық артефактілер Солтүстік Қазақстан облысы аумағында табылды. Мұражай экспозициясында «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан», «Қазақстан – Ресей қарым-қатынасы» және «Тәуелсіздік кезеңіндегі Солтүстік Қазақстан Облысы» атты үш залда ұсынылған Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің дамуына арналған бөлім ерекше орын алады. Мұражай қызметкерлері қазақ және орыс тілдерінде шолу және тақырыптық экскурсиялар өткізеді.





Жазушы Иван Петрович Шуховтың мұражай-үйі

Орналасқан жері:	54°40'26.170"N, 67°8'13.441"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Пресновка а., Гоголь көшесі, 5.
Ескерткіш/нысанның түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1942 ж.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, кеңес жазушысы И. Шухов (1906-1977) атындағы әдеби-мемориалдық мұражайы оның 1942 жылы салынған үйінде 1981 жылы қаланды.

Ескерткіш ауданы 117,1 шаршы метр болатын мансардасы бар бір қабатты құрылыс болып табылады. Мұражайдың жалпы экспозициясы төрт залдан тұрады және И. П. Шуховтың әдеби мұрасы, көркем шығармашылығы, мемлекеттік қызметі және өмірлік жолы негізінде құрылған. Бірінші зал 1752 жылы қорғаныс бекінісі және Преснов станицасы ретінде негізделген Пресновка ауылының тарихына арналған. Екінші зал Кеңес өкіметінің қалыптасуы кезіндегі өлкенің тарихын баяндайды. Үшінші залда Ұлы Отан соғысы жылдары көрсетілген. Төртінші зал өлкеде тың және тыңайған жерлерді игеруге арналған.

Мұражайда жазушының жұмыс кабинеті қайта жасалынды. Экспонаттардың жалпы саны 3867 бірлікті құрайды, олардың негізінде – фотоматериалдар, газеттер, хаттар, И. П. Шуховтың жеке кітапханасынан алынған кітаптар, жеке заттары бар. Жыл сайын музей қызметкерлері жергілікті ақындар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Шухов оқуларын өткізеді. 2006 ж. мекен аумағында жазушыға ескерткіш орнатылған. И. П. Шуховтың ең танымал шығармалары «Табысты жер», жолжазба очерктер «Американың күндері мен түндері», «Югославиялық күнделік», «Туған ел және жат жер» жинақтары, «Преснов жазбалары» топтамалары, оған: «Ашық алаңдағы шөп», «Жылтылдаған сағым», «Котур-Таганың соңғы әні», «Нысананы таңдау», «Қыз бұрымы туралы әңгіме» және т.б. повестері кірді.





С. Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театры

Орналасқан жері: 54°52'48.403"N, 69°9'3.888"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Жабаев көшесі, 195 үй.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: ғимарат 1956 ж. салынды, театр 2000 ж. қаланды.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: бұрынғы энергетиктер Мәдениет сарайының ғимараты – шеңбер ішінде бес бұрышты жұлдыздары бар медальондар сақталған сыртқы келбетте социалистік реализмнің жарқын өкілі. Қасбеті антикалық стильде діңмаңдайша түрінде жасалған, екі жақты шатырдың фронтонында салынған күні жазылған. Ғимараттың қабырғаларында қабырғаның бір бөлігі болып табылатын пилястр – колонналар сақталған. Бірінші қабатта үлкен киноконцерт залы, ал екінші қабатта әкімшілік бөлмелер орналасқан. Вестибюльден шыққан салтанатты саты екі қанатқа таралып, ыңғайлы байланыс ретінде қызмет етеді.

2000 жылдары ғимарат ауқымды қалпына келтіру жұмыстарына ұшырады, одан соң С. Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театры орналасты. Жас театр өзінің шығармашылық жолын қазақтың көрнекті ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлихановқа арналған Сәбит Мұқановтың шығармасы бойынша «Аққан жұлдыз» спектаклінің тұсаукерінен бастады.

Театр репертуарында елуден астам қойылым бар: Ч. Айтматовтың «Шыңғысханның ақ бұлт», М. Әуезовтың «Еңлік-Кебегі», М. Байджиевтің «Қылмыстық оқиғасы», М. Жұмабаевтың «Батыр Баяны», С. Жүнісовтың «Қысылғаннан қыз болдық», Д. Исабековтың «Жаужүрегі», Ғ. Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш - Баян Сұлуы», А. Оразбекованың «Бір түп алма ағашы», С. Сматаев пен Т. Теменовтың «Көгілдір такси», М. Хасеновтың «Пай-пай, жас жұбайлар-айы», сондай-ақ шетелдік драматургтердің шығармалары бойынша спектакльдер – С. Ваннустың «Ұлы мәртебелім!», К. Гольдонидің «Екі мырзаның құлы», М. Задорнованың «Күйеуіңізді сатыңызшы», А. Кирияның «Аймақ» және т.б.





Құлсары батыр кесенесі

- Орналасқан жері:** 53°49'23.448"N, 68°25'18.646"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Бұлақ селосы.
- Ескерткіш/нысанның түрі:** қала құрылысы және сәулет.
- Кезеңі:** жерленген уақыты 1776 ж., жаңа кесенесі 1958 ж.
- Нысан мәртебесі:** жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
- Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:** 1958 ж. атақты Құлсары батыр (1715-1776) ұрпақтарымен ескерткіш тас және темір қоршау орнатылған.
- 2011 жылы терезелер түріндегі аркасы бар күмбез тәрізді кірпіштен тұратын заманауи мазар орнатылды. Кірпіштер Батыс Қазақстаннан әкелінген. Тарихи құжаттарға сәйкес Құлсары батыр Абылай ханның жақын досы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, халықта әулиелігімен белгілі болған.
- Халық аңызында Құлсары өзінің жақында қайтыс болатынын болжай отырып: «Мен өлгенде, мені түйенің үстінде ақ киізге салып көтерсін. Ол тоқтаған жерді қазсаңдар, тас табасыздар, ол менің қабірімде тұратын болсын...» - деп сұраған екен. Бұл өсиет орындалды. Батыр көптеген құбылыстарды болжай алатын, науқастарды емдейтін.
- Құлсары батырдың жерленген жері әр түрлі аурудан арылу үшін келетін қажылық етушілердің үнемі назарында.





Жазушы Сәбит Мұқановтың мұражай-үйі

Орналасқан жері:	54°29'37.990"N, 66°38'8.743"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Сәбит селосы.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1959 ж.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	<p>Музей-үй белгілі қазақ жазушысы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығына арналған. Ескерткіш жалпы ауданы 180 шаршы метр бір қабатты ағаш құрылым болып табылады. Мұражай-үйге іргелес алаң 2472.7 ш. м. құрайды.</p> <p>Музейдің ғимаратын 1959 жылы Сәбит Мұқановтың өзі мен оның немере ағасы Ш. Мұстафин Благовещенка ауылындағы бұрынғы ауыл көпесінің ағаштан салынған үйінен құрастырып, салған.</p> <p>1990 жылы жазушының мемориалдық мұражайы ашылды, мұражайдың экспозициясы жазушы өмірінің негізгі кезеңдерін көрсетеді және оған қазақ халқының тұрмысы бойынша жалпы экспозиция кіреді. Белмелерде жазушының жеке заттары, қолжазбалар мен кітаптар орналастырылған. Қорларда С. Мұқановтың әдеби шығармашылығына қатысты бірегей құжаттар сақталуда.</p> <p>Ғимараттың алдында жазушының мүсіні орнатылған. Жазушының ең танымал шығармалары «Жарық махаббат», «Өмір мектебі», «Балуан Шолақ», «Сырдария», «Дала толқындары», «Ботагөз» және т.б. Драматург ретінде опералары мен либреттосы белгілі «Жеңіс күндері», «Ариана оюы», «Сәкен Сейфуллин» және т.б. С. Мұқановтың мұражай-үйі өңірдің танымал туристік нысандарының бірі.</p>





Н. Погодин атындағы облыстық драма театры

Орналасқан жері: 54°52'22.894"N, 69°7'24.946"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 1 үй.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: театр 1906 ж., жаңа ғимарат 1972 ж. ашылды.

Нысан мәртебесі: мәдениет мекемесі.

Тарихи деректер: Петропавл театрының тарихы 1906 жылы ресми ашылғанға дейін көп уақыт бұрын басталды. Мұрағат құжаттарына сәйкес театр өз қызметін 1886-1887 жж. қысқы маусымда А. Островский және Н. Соловьеваның «Бақытты күн» пьесасы бойынша қайырымдылық спектаклінен бастады.

Театрдың алғашқы кірпіш ғимараты 1906 жылы қалалықтардың қаржысына салынған. Бұл ғимарат әлі күнге дейін сақталған және төбеде декоративтік парапеттермен, қабырғалармен және бағаналармен аяқталатын тік пилондармен әшекейленген.

Бір кездері шулы биік көрермендер залы екі деңгейде жарықтандырылған, ал оған апаратын металл қоршауы бар кең екі белдеулі баспалдақ бай ою-өрнекпен безендірілген.

1934 жылы Петропавл афишасында алғаш рет «Правда» газетінің тұрақты тілшісі белгілі драматург Николай Федорович Погодиннің есімі пайда болды, оның есімі кейіннен 1962 жылы Петропавл театрына берілген. Сол кезде оның «Мой друг» спектаклі қойылып, ұзақ жылдар бойы өзгермеген аншлаппен жүрді.

1972 жылы театр жаңа заманауи ғимаратқа көшті. Театр сахнасында құрылған күннен бастап әлемдік классика, заманауи әдебиет және қазақ драматургиясының шығармалары бойынша 15 мыңға жуық спектакль қойылды.

Қазіргі репертуарлық афишада 25 спектакль: В. Шалаеваның «Мағжанның соты», А. Островскийдің «Найзағайы», Р. Отарбаеваның «Сұлтан Бейбарысы», Г. Горинаның «Геростратты ұмытуы», Э. Портердің «Полианнасы», О. Жанайдарованың «Жұты» және т.б. бар.





Театр алаңындағы ескерткіштер кешені


Орналасқан жері:	54°52'23.084"N, 69°7'28.351"E, Солтүстік қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Театр алаңы.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1979 ж.
Нысан мәртебесі:	жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер:	бүгінде Н. Погодина атындағы орыс драма театры алдындағы алаңдағы ескерткіштер кешені: Даңқ мемориалды кешені, Азаматтық соғыс құрбандарына арналған обелиск, 314 атқыштар дивизиясының мемориалдық белгісі және Гулаг құрбандары мен тұтқындарына арналған обелисктерден тұрады. Даңқ мемориалдық кешені 1919 жылы ақ гвардияшылар атқан партия қызметкерлерінің жерленген жерінде пайда болды.

Кейінірек осы жерде 1919-1921 жж. азаматтық соғыс құрбандарының құрметіне обелиск орнатылды. 1979 ж. авторлары мүсінші В. А. Федоров және сәулетші М. Е. Константинов болып табылатын «Мәңгілік алау» Даңқ мемориалдық кешені салынған. Мемориал «Мәңгілік алау» айналасында орналасқан биіктігі 16 м 3 пилоннан тұратын мүсіндік-сәулет композициясын білдіреді.

Екі пилонда орыс және қазақ тілдерінде «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан солтүстікқазақстандықтар мәңгі есімізде» деген жазу бар.

1985 жылы алаңда 1941 жылы Петропавл қаласында құрылған 314 атқыштар дивизиясының мемориалдық белгісі ашылды.

Петропавлдың театр алаңы ірі мәдени іс-шараларды өткізу орны және қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орны болып табылады.





Ғабит Мүсіреповтің мұражай-үйі

Орналасқан жері: 53°6'10.710"N, 66°29'8.074"E, Солтүстік қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Жаңажол селосы.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: 1992 ж.

Нысан мәртебесі: жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Тарихи деректер: мұражай Жаңажол ауылының тумасы, белгілі қазақ жазушысы, мемлекеттік және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мүсірепов Ғабит Махмұтұлына (1902-1985) арналған.


Мемориалдық мұражай 1992 жылы ашылды және жалпы ауданы 278 шаршы метр болатын мансардасы бар бір қабатты құрылыста орналасқан.

Экспозициялық ауданы 95,3 ш. м., қалған ауданды қонақ үй алып тұр.

Мұражай екі залдан тұрады: әдеби-мемориалдық және этнографиялық. Мұражайда 419-ға жуық экспонат сақталуда, оның ішінде жазушының жеке заттары, құжаттары, фотосуреттері, қазақ тұрмысының заттары және т. б. бар. Мұражай келушілермен жұмыстың түрлі түрлерін ұсынады: экскурсиялар, дәрістер, семинарлар, әдеби оқулар және белгілі жазушының шығармашылық жолы туралы көрмелер.

Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығы Отанға деген үлкен сүйіспеншілікке, қазақ халқын мақтап жырлаумен толы. Автордың ең танымал туындылары «Оянған өлке», «Жат қолында», «Ұлпан» және т.б. болып табылады. Жазушының еңбектері көптеген жоғары мемлекеттік марапаттармен белгіленген.





Қарасай және Ағынтай батырлардың ескерткіші

Орналасқан жері:	54°52'21.871"N, 69°7'26.436"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Театр алаңы, Н. Погодин атындағы орыс драма театрының алды.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі және авторы:	1999 ж., мүсінші Б. С. Досжанов, сәулетшілер Ю. Дворников, С. Фазылов.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізбесіне енген, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:	ескерткіш белгілі қазақ батырлары Қарасай мен Ағынтайға арналған гранит тұғырындағы қола мүсін композициясы болып табылады.

Мүсін тобы алдымен сазбен орындалды, содан кейін қоладан құйылды. Ескерткіш Театр алаңында орналасқан және қала тұрғындары мен қонақтары үшін өзіндік бағдар болып табылады.

Ескерткіштің ресми ашылу рәсімі 1999 жылы 22 маусымда ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен өтті.

Батырлар – жоңғар соғысының қаһармандары. Мүсіндер иін тіресе орналасқан, батырлар бір қолдарында найза, ал екіншісінде қалқан ұстап тұр. Бұл көркем бейнелердің монолиттілігі аңызға айналған екі батырдың өмірдегі достығы мен ынтымақтастығын білдіреді. Батырлардың достығы мен өзара сыйластығы көп жағдайда халық арасында аты аңызға айналған сюжет болды, олардың қабірлері өлгеннен кейін де бір-біріне жақын орналасқан, қазір бірыңғай мемориалдық кешенге біріктірілген.

Қарасай мен Ағынтай батырлардың жауынгерлік ерліктері туралы халық батырлардың күші, төзімділігі мен батылдығы туралы көптеген аңыздар мен хикаялар шығарды. Халық арасында әлі күнге дейін кез-келген жауды талқандай алатын Ағынтай батырдың күші туралы дақпырт әңгіме бар. Сол себепті халық оны «Ағынтай жұдырығы» деп атаған, ал Қарасай батыр қылышымен және жылдамдығымен танымал болған.






«Қызыл-Жар» мұсылмандар мешіті

Орналасқан жері:	54°52'6.006"N, 69°7'41.542"E, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мир және К. Сүтішев көшелерінің қиылысы.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	2005 ж.
Нысан мәртебесі:	діни мекеме, діни-қажылық.
Тарихи деректер:	<p>Ғимарат бір қабатты жапсарлас салынған тікбұрышты екі қабатты ғимараттан тұрады. Мешіттің үш қабатты кірпіш ғимараты сегіз бұрышты жұлдызға ұқсайды. Ғимараттың негізгі көлемі ашық-көк түсті бір үлкен және төрт кіші жартылай сфералық күмбезді ұштастырады.</p> <p>Мешіттің бас күмбезінің биіктігі 28 м, екі мұнарасының әрқайсысының биіктігі 43 м. Мешіттің жалпы ауданы 500 ш. м. Кешен құрамына 250 келушіге арналған асхана, неке қию залы, 200 адамға арналған еске алу залы, кітапхана, оқу сабақтарына арналған екі бөлме, жалпы алаңы 1499 шаршы метр мешітпен бірге дәрет алу рәсіміне арналған екі бөлме кіреді.</p> <p>Негізгі залды Түркиядан әкелінген диаметрі 5 м болатын керемет хрусталь аспалы шамы безендіріп тұр. Жаңа мешіттің айналасындағы ландшафт жасыл аймақпен қоршалған.</p> <p>Мешіт Сауд Арабиясының қаржылай қолдауымен Солтүстік Қазақстан мұсылмандарының қаражатына салынған.</p>





Түркістан облысы Қазақстанның оңтүстігінде Тұран ойпаты мен Тянь-Шань Батыс сілемдерінің шығыс бөлігі шегінде орналасқан. Өңірдің жалпы ауданы 116280 ш. км. құрайды. Облыс 1932 жылы құрылды, әкімшілік орталығы – Шымкент қаласы. Соңғы уақытқа дейін облыс «Оңтүстік Қазақстан» деп танылған, ал 2018 жылдан бастап «Түркістан облысы» деп өзгертілді. Қазір аймақтың әкімшілік орталығы Түркістан қаласы болып табылады. Ол жанданған керуен жолдарының қиылысында пайда болды және Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі болып табылады. Бұл жерде бүкіл Орталық Азияның ең қастерлі мұсылман ғибадатханаларының бірі-Қожа Ахмет Яссауи кесенесі орналасқан.

Аймақ аумағының едәуір бөлігі әлсіз адырлы жазықтық болып табылады. Облыстың оңтүстігінде «Мырзашөл», солтүстігінде – Бетпақ Дала шөлі орналасқан. Аймақтың орталық бөлігін Қаратау тау жотасы, оңтүстік-шығыста – Талас Алатауының батыс шеті қиып өтеді. Сырдария өңірінің ең ірі өзендері – Келес, Құрықкелес, Арыс, Бөген және Шу өзені. Аймақ шығысында Жамбыл, солтүстігінде Қарағанды, батысында Қызылорда облыстарымен және оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шектеседі.


Азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп, фармацевтика, машина жасау, құрылыс индустриясы, энергетика, туризм және логистика өңір экономикасының басым салалары болып табылады. Аймақ пайдалы қазбаларға бай – барит, көмір, темір және полиметалл кендері, бентонитті балшық, вермикулит, тальк, әктас, гранит, мәрмәр, гипс, кварц құмдары. Уран қоры бойынша облыс республикада бірінші орында.

Түркістан облысы - мақтаны, былғары шикізатын, өсімдік майын, жемістерді, көкөністерді, жүзімді, бақша және макарон өнімдерін ірі өндіруші және жеткізуші. Облыстың ішкі және халықаралық саудада үлкен логистикалық әлеуеті бар.

Аймақтың үлкен туристік әлеуеті бар. Түркістан қаласы мен Отырар ауданы, «Ақсу-Жабағылы» және «Қаратау» қорықтары, «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі және Сарыағаш ауданының емдеу-сауықтыру орталықтары ерекше маңызға ие.

Түркістан облысында 1278 тарих және мәдениет ескерткіштері орналасқан. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Арыстан баб, Домалақ Ана кесенесі, сондай-ақ, Қазығұрт ауданындағы «Кеме қалған» ескерткіші, «Отырар» және «Сауран» ежелгі қалашықтары және басқа да көптеген тарихи объектілер белгілі. Аймақтың інжу – маржаны саналатын сұлу орындары – «Ақсу-Жабағылы», «Сайрамсу», «Өгем», «Біркөлік», «Қырыккыз», Бәйдібек ауданындағы «Ақмешіт» үңгірі, Түлкібас ауданындағы «Жылауық үңгірі», Төлеби ауданындағы «Біркөлік» шатқалы сияқты және т. б. бірегей табиғи нысандар.

Сарыағаш сауықтыру-курорттық аймағы, Кентау қаласының минералды-термалды сулары, Ордабасы ауданының термалды көздері шипажайлық-курорттық емдеудің орталықтары Қазақстанда да, одан тыс жерлерде де кеңінен танымал болып табылады.





Күлтөбе қалашығы

- Орналасқан жері:** 43°17'36.100"N, 68°16'15.272"E, Түркістан облысы, Түркістан қ., Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен шығысқа қарай 350 м.
- Ескерткіш/нысан түрі:** археологиялық.
- Кезеңі:** б.з. 1-мыңжылдықтың ортасы – XIV ғ.
- Нысан мәртебесі:** Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
- Тарихи деректер:** Күлтөбе қалашығы – Ежелгі Қазақстанның бірегей ескерткіштерінің бірі. Қалашық Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен 350 м қашықтықта орналасқан. Қазір ескерткіш – сопақша пішінді, ауқымды төбешік (аумағы 150x120 м) болып келеді. Топографиялық белгілері бойынша мамандар оны «алаңқайлы төбе» үлгісіндегі ескерткішке жатқызады.
- Күлтөбе қалашығы бекініс қабырғасымен қоршалған және Яссы (Түркістан) қаласының шығыс шекараларының қорғаныс жүйесінің маңызды элементі болып табылды. Қалашықтың цитаделінде өзінің функционалдық мақсаты бойынша әртүрлі үй-жайлардан – табынушылық, сарай және тұрғын үй-жайлардан тұратын қамалдық имаратының қираған үйіндісі табылды.
- Қалашықтың аумағында 2017 жылдан бастап Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының күшімен жүйелі археологиялық зерттеулер жүргізілуде. Қазіргі уақытта археологиялық қазба жұмыстары үстінде уақытша жабу салынды және объектіні консервациялау және мұражайландыру бойынша жұмыстардың белгілі бір мөлшері жүргізілді.
- Болашақта Күлтөбе қалашығы ашық аспан астындағы бірегей мұражай болмақ.





Арыстан Баб кесенесі

Орналасқан жері:	42°51'5.954"N, 68°16'5.214"E, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	жерлеуі – XII ғ., XX ғ. басындағы құрылыс, қайта құру – 1971-1972 ж.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:	<p>ескерткіш XII ғасырда өмір сүрген ортағасырлық белгілі діни көріпкел Арыстан Баб бейітінің үстінде тұрғызылған қабір және мешіт. Әулие зиратының үстінен тұрғызылған ерте кесенелердің бірі болып саналады, құрылысы – XIV-XV ғғ., сол құрылыстан кесілген айван тізбектері қалған. Бұл құрылыс кейіннен жер сілкінісі әсерінен қирап қалды. XVIII ғасырда көне мазардың орнында жер сілкінісінен кейін екі кесілген ағаш тізбекке тірелген айванмен салынған екі күмбезді құрылыс орнатылды. XVIII ғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909 жылы қайта салынды.</p> <p>1971 жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан апаттық жағдайға ұшыраған мешіт құлатылып, қайта орнатылды. Қазіргі заманғы құрылыс алебастр ерітіндісінде күйдірілген кірпіштен қабырғаның сырт жағына салынды. Құрылыстың көлемі 35x12 м құрайды. Құрылыстың ұзартылған басты қасбеті екі минаретпен қапталданған және мүсінді кірпіш қалаумен әшекейленген. Қабір мен мешітті үлкен күмбезді дәлізі байланыстырады. Қабір – гурхананың өзі екі бірдей биік сфералық күмбезбен жабылған. Бір үй-жайда Арыстан баб кесенесі, екіншісінде – оның шәкірттері мен ізбасарлары Хермет-Азыра, Қарға-Баб, Лашын-Баб. Кесененің жанында кең зират орналасқан.</p> <p>Арыстан Баб туралы көптеген аңыздар мен ел аузындағы әңгімелер сақталған. Бір нұсқаға сәйкес, Арыстан Баб үш жүз жыл, басқалары бойынша – алты жүз, тіпті тоғыз жүз жыл өмір сүрген екен. Ол аманатты (сенім символын) өзінің шәкірті Ахмед Яссауиға берді деп есептеледі. Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады. Кесененің жанында шипалы суы бар керемет құдық орналасқан, оның ішінде қасиетті Арыстан Бабқа ғибадат ету іс-шараларының бір бөлігі болып табылатын салт – су ішу.</p>





Қылует жерасты мешіті

Орналасқан жері: 43°17'45.956"N, 68°16'14.830"E, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 70, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 150 метр қашықтықта.

Ескерткіш/нысан түрі: қала құрылысы және сәулет.

Кезеңі: XII ғ.

Нысан мәртебесі: республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізбесіне енген.

Тарихи деректер: Қожа Ахмет Ясауидің жерасты мешіті немесе қылуеті – сопылық діни құрылыстардың бірі болып табылады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 150 м. қашықтықта орналасқан қылует жартылай жерасты кең ауқымды құрылыс болып келеді, мінәжат жасауға, тәулік бойы қажылық етуге келушілерге және діни рәсімдерге арналған бөлмелерден тұрады. Жерасты мешітінде Ясауидің сопылық мектебінің ізбасарлары Аллахтың ұлылығын мадақтайтын 40 күндік зікір оқыған.

XX ғасырдың 40-шы жылдарының басында қылует Түркістан май зауытының құрылысына арналған кірпіштерге бөлшектелді. Құрылысты қайта құруда 1941 жылы салынған оның макеті негіз ретінде алынды. Түпнұсқалық құрылыстан тек XII ғ. Белгіленген – Ғар ғана қалды. Оның көлемі 1,5x1,5 м және тереңдігі 4 м. Қабырғасы мен күмбезі шаршы кірпіштен қаланған. Еденнен 1,6 м биіктіктегі күмбез көне «балқы» жүйесімен өрілген. Қабырғаларында шырағдан қойылатын шағын қуыстар бар. Саз еденге қамыс ши тоқыма төселген. Ғар баспалдақ арқылы намаз оқитын залмен жалғасады, ол жағы 5 м болатын жартылай жертөлелік шаршы бөлме. Қабырғалары кірпіштен жасалған, «васса» типтес арқалық салып жабылған. Жабынның орташа арқалығына сегіз қырлы ағаш бағана арқылы ұсталып тұр.

Батыс қабырғада шағын қуыс – михраб бар. Ғибадат залына кіру есігі тік төртбұрышты пішінді кең ортақ залдан өтеді. Жабын арқалықтары көптеген ағаш бағаналарға сүйеніп тұр. төбесінде желдеткіш шаңырағы бар. Үй-жайдың орта бөлігі саз балшықпен сыланған ағаш күмбезбен жабылған. Қабырғалардың бойында қажылардың демалуына арналған аласа суфтар орналасқан. Жер асты мешітінің бағаналары оның интерьерін безендіріп тұр. Мамандар олардың оюын ерекше «түркістан нақышына» жатқызады. Осы бағаналардың бір бөлігі қазіргі уақытта Ташкент өнер мұражайында көрсетіледі.





Шілдеhana (Чилляhana)

Орналасқан жері:	43°17'52.314"N, 68°16'12.904"E, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 70, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен солтүстік-батысқа қарай 22 метр.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	XII-XIV ғғ.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіші.
Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:	ескерткіш Түркістан қорымы аумағында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен солтүстік-батысқа қарай 22 м қашықтықта орналасқан. Мамандардың пікірінше, «шілдеhana» сөзінің түбірі парсының «челел» қырық деген сөзінен, ал «hana» сөзі тұрақ деген маған береді. Сәйкесінше, «чилляhana» - қырық күн тұратын үй екендігін білдіреді.

Хазіретті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өсиеті бойынша: «Кімде-кім 40 күні мен түнін шынайы ықылас-ниетімен Алла разылығы үшін құлшылық-ғибадат жасап өткізсе, Алла тағала оның жүрегінен тіліне қарай даналықтың бұлағын ағызады». Шілдеhana Құдайға оңаша, жеке құлшылық жасайтын ғұрыптық құрылыстар болған. Бұл ғимаратты Әмір Темірдің бұйрығы бойынша Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салу кезінде қабірден алынған мүрделерді апарып қою үшін салынған-мыс деп, сағана қатарына жатқызатын ел аузындағы әңгімелер бар.

Ескерткіштің өзі тік төрт бұрышты болып, жартылай жер астына салынған құрылыс болып табылады. 1980 жылы ескерткішті консервациялау және ішінара қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Шілдеhana – қызықты сәулет нысаны және көптеген қажылыққа келушілер мен туристер арасында өте танымал.





Қожа Ахмет Яссауи кесенесі

Орналасқан жері:	43°17'51.461"N, 68°16'16.849"E, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, қаланың оңтүстік-шығыс бөлігі.
Ескерткіш/нысан түрі:	қала құрылысы және сәулет.
Кезеңі:	1385-1405 жж. салынған.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіші, ЮНЕСКО әлемдік мұралар тізбесіне,
Тарихи деректер, мифтер мен аңыздар:	Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.

Кесене атақты көне түркі ақыны және суфизм уағызшысы Қожа Ахмет Яссауи құрметіне салынған монументалды ғимарат болып табылады. Ескерткіш ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енген. Тікбұрышты ғимараттың көлемі порталдар мен күмбезді қоса алғанда 46,5x65,5 м. құрайды. Басты қасбеті шет-шетінде мұнаралар орналасқан сәулетті аркамен безендірілген. Аркалық портал өлшемі 37,5 м. Басты күмбездің биіктігі 44 м, диаметрі 22 м. Мемориалдық кешенде мешіт, медресе, кітапхана, екі сарай залы, қабірхана, тұрғын бөлмелер, асхана, «қазандық» ретінде танымал орталық зал, құдық бар. Қасбетіндегі жазбада Құранның 59, 60, 61, 62 және 63 сүрелерінің мәтіндері сақталған. Солтүстік порталдың бет жағында арканың сол және оң жағында жұлдызға ұқсайтын бес сегізбұрышты өрнек орналасқан. Үлгі екі рет қайталанатын Пайғамбар атынан тұрады.

Ғимарат қаптамасында және жабдық заттарында құрылысқа қатысқан шеберлердің, мозайкашы шеберлер Хасан Ширази қажы мен шамада Абд ал-Ваххаб Ширази, көркем қола металлопластика бойынша шеберлер – Изз ад-дин ибн Тадж ад-дин Исфакани, Абдал-Азиз ибн Шараф ад-дин ибн Тебризи, Абдал-Азиз ибн Шараф ад-дин ибн Тебризи есімдері жазылған жазулар сақталған. Құрылыстың бастамашысы ортаазиялық қолбасшы-жаулап алушы, Әмір Темірлан (Тимур). Кесенемен көптеген аңыздар әңгімелер байланысты. Солардың бірі бойынша, кесененің кірпіштері бие сүтінің қоспасымен дайындалған, бұл оны бүгінгі күнге дейін сақтауға мүмкіндік береді, ал құрылыс барысында кірпіштер жасалынатын Сауран қаласынан Түркістанға дейін жұмысшылар қойылып, кірпіштерді қолдан қолға беріп отырды. Тағы бір аңыз бойынша қабырғалар тұрғызылғаннан кейін, алып көк бұқа келіп оны негізіне дейін сындырып тастайды. Сонда Әмір Темір дұға етеді, түсінде әулие келіп алдымен Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы, әрі жол салушысы – әулие Арыстан Бабқа арнап, кесене салу керектігін айтады. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ортағасырлық сәулет өнерінің бірегей үлгісі ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияның барлық мұсылмандары құрмет тұтатын нысан. Қажылық етуге келушілер жыл санап артып келуде.





Сауран қалашығы

Орналасқан жері:	43°31'7.086"N, 67°46'22.278"E, Түркістан облысы, Түркістан қ. мәслихаты аумағы, Сауран ауылынан солтүстік батысқа 9 км.
Ескерткіш/нысан түрі:	археологиялық.
Кезеңі:	XIII-XVIII ғғ.
Нысан мәртебесі:	Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіші, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізбесіне енген.
